



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



*Қазақ хандығының атақты билеушісі Жәнібекұлы Қасым ханның
Сарайшықта жерленгеніне 500 жылдығына арналған*

*«Қасым хан және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігі тарихында»
Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары*



*Атырау - Сарайшық
13-15 қазан 2021 жыл*

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Қ45

Жауапты редактор

Ә.Қ. Мұқтар - тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры

Редакциялық алқа

Ұ.Т. Ахметова - тарих ғылымдарының докторы, профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Н.Ә. Атығаев - тарих ғылымдарының кандидаты, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК аға ғылыми қызметкері

М.С. Қасенов - тарих ғылымдарының кандидаты, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК аға ғылыми қызметкері

Э.Ж. Имашев - PhD доктор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК әдіскері

А. Тұрарұлы – археолог, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директор орынбасары

Ж.К. Диярова – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғылым-хатшысы

А.Ж. Жұмабаев – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғылыми қызметкері

«ҚАСЫМ ХАН ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫНДА»:
Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы (қазан-қараша, 2021 жыл) / Жалпы ред. басқ. Ә.Қ.Мұқтар. - Атырау-Сарайшық, 2021. - 202 б.

ISBN 978-601-06-8077-7

Жинақ Қазақ хандығының атақты билеушісі Жәнібекұлы Қасым ханның Сарайшықта жерленгеніне 500 жылдығына арналған «Қасым хан және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігі тарихында» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдарынан құралған. Материалдар жинағында Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу, даму кезеңдері тарихын жаңаша саралау, тарихымыздағы тұлғалар ролін, соның ішінде Қасым хан Жәнібекұлының қоғамдық-саяси қызметін зерделеу, Қазақ хандығы дәуіріндегі Сарайшық тәрізді қалалардың ролін жаңа деректермен толықтыру, ол арқылы ел астанасы деңгейіне жеткен қалалардың әлемдік орнын анықтау, оларды өзара байланыста зерттеу, Сарайшықта жерленген «Хан моласы» орнында археологиялық қазба жұмыстары нәтижелерін насихаттау, тарихи ескерткіштерді реставрация, консервация, қорғау және тіркеу мәселелерін және олардың болашақта туризм орталығына айналдыру мәселелеріне баса назар аударылады. Басылым тарихшыларға, мектеп мұғалімдеріне, өлкетанушыларға, студенттерге, оқушыларға және ғылыми көпшілікке арналған.

Ескерту: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты шығарушы жақ жауап бермейді.



УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Қ45

© «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, 2021

АЛҒЫСӨЗ

Құрметті конференцияға қатысушылар, әріптестер!

Президент Қ.Тоқаевтың бастамасымен Ұлық Ұлыс – Алтын Орданың 750 жылдығына дайындық және оны мерекелеу жөніндегі іс-шаралар аясында ауқымды шаралар әзірленді. Қазіргі уақытта мемлекеттік деңгейде республиканың барлық өңірлерін қамтитын іс-шаралар өткізілуде. Өйткені, Алтын Орда мұрасы – қазақтың мұрасы.

Бүгінгі конференцияның басты мақсаты да – біздің тарихымыздың тереңде жатқанын насихаттау. Қазір біз өз тарихымызды жалтақсыз зерттеп, рухани мұрамыздың тамырын терең тануға кірістік. Алтын Орда мұрагерлерінің бірі Қазақ Хандығын ерекше күшейткен тұлға – Қасым хан. Қазақтың жерін түгендеп, шекараны бекіткен, астананы Сарайшыққа көшіріп, қазақтың алғашқы заңдар жинағын дүниеге әкелген реформатор тұлғаны қалай әспеттесекте жарасады. Биыл Қасым ханның дүниеден өтіп, Сарайшықта жерленгеніне 500 жыл.

2020 жылы «Сарайшық» музей-қорығы Нұр-Сұлтан қаласында Қасым ханның туғанына 575 жыл толуын атап өту мақсатында тарихшы ғалымдар, қоғам қайраткерлері, парламент депутаттарының басын қосып дөңгелек үстел өткізді. Осылайша ел назарын Сарайшыққа аударды. Алқалы жиын қорытындысымен Сарайшық музей қорығы ғалымдары «Хан моласын» зерттеуді қолға алып, қазба жұмыстарын жүргізе бастады. Бұл жұмыстар Қасым ханның жерленген жерін анықтауға бағыттталып отыр. Ғылыми-зерттеу жұмыстары ел зиялыларының, қоғамның қолдауына ие болды.

Қазаққа астана болған – ортағасырлық Сарайшық 1982 жылдан бастап республикалық қорғау тізіміне алынған тарихи-мәдени ескерткіш. Дегенмен ортағасырлық қала орны еліміз тәуелсіздік алғанан соң шынайы түрде зерделене бастады. 1999 жылы 3 қыркүйекте «Хан Ордалы Сарайшық» музей қорығы ашылды. 2018 жылы республикалық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорыққа айналды. Музей қорықтың басты мақсаты бірегей тарихи ескерткішті сақтау, насихаттау және туризм аймағына айналдыру болып отыр.

Қазіргі таңда тарихи ескерткіш орнында жүргізілген археологиялық зерттеулер қайта қалпына келтіріліп, табылған жәдігерлер көпшіліктің назарына ұсынылған. Сарайшық жәдігерлері еліміздегі музейлер экспозициясынан тиісті орнын алған.

Бүгінде Сарайшық музей қорығы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізетін ғылыми орталыққа айналды. Оның ұйымдастыруымен облысымызда халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді. Ғылыми басқосулар арқылы Ұлық Ұлыстық Сарайшық тарихын саралаған ғалымдар жиналып, ортағасырлық қаланың зерделенетін тұстарын талқылады. Олардың қатарында Қасым ханның қоғамдық-саяси қызметі де бар. Олай болса конференция келелі мәселелерге жауап бермек.

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОТАРШЫЛДЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ АСТАРЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТШЫЛДЫҚ ИДЕЯСЫ

Абдрасилов Берікбай

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи- мәдени қорық музейі

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында Қазақ даласына ұлт зиялыларының бір топ легінің қалыптасуы тарихи заңдылық еді. Бұл заңдылықтың алғышарттары мен себептерін, қажеттіліктерін былайша жинақтап көрсетуімізге болады. Бұл біріншіден, Еуропалық өркениеттен артта қалған таза аграрлық елді индустриялы елге айналдыру үшін қажет болды.

Қазақ хандығы, әсіресе Тәуке, Есім, Қасым хандар тұсындағы Қазақ елінің беделі, ішкі саяси тәртібі, мемлекеттік жүйесі, экономикасы, әскери құрылысы кемелденген, басқа елдермен, Ресеймен де терезесі тең тұрған мемлекет нәліктен отаршылдық күйге түсті деген сауал тастасақ, ол алдымен, Еуропалық өркениет көшінен қол үзу болатын. Ондағы ғылыми-техникалық төңкерістің нәтижелерін, ілім мен білімді, техника дамуы мен соғыс құралдарын игере алмауымыздың бір көрінісі.

Сондықтан, да ештен кеш жақсы дегендей, XIX ғасырдағы қазақ ағартушылары елді батыстық, оның ішінде Еуропалық өркениетке қарай бұру маңызды қадамдардың бір болуы тиіс еді. Ол үшін «Ресей Еуропаға ашылған терезе» екендігі де тарихи шындық. Олай болса, қазақ даласында еуропаша білім алған зиялылар тобы құрылуы тиіс еді. Әрине, Шоқан, Ыбырай, Абай сынды бірлі жарым емес, ел дамуының келешегінің жоспарларын бір ауыздан мақұлдайтын тұтас зиялы топ өкілдері құрылуы тиіс болды. Тарихқа көз салсақ, IX-XII ғасырларда түркі даласында, қазіргі қазақ даласының оңтүстік өңірінде араб-мұсылмандық ренессанс дәуірінде бір топ ойшылдар легі қалыптасып, халқымызды өркениетке, ғылым мен білімге қарай бағыттағандығы белгілі. Сондықтан, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының идеяларының алғышарты XIX ғасыр соңында дүниеге келген, білімге бет бұрған қазақ жастары болатын. Олар жастайынан алғыр, білімге құмар, орыс және басқа да тілдерді еркін меңгерген, өздерінің интеллектуалды қабілетін көрсете білетін тұлғалар еді.

Екіншіден, қазақ даласында ағарту жұмыстарын, яғни, жаппай білім алуды өркендету заңдылығынан туғындаған тәрізді. XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында білім беру біздің елімізде мүлде іске асырылған жоқ деп айтуға болмайды. Бірнеше медреселер, мектептер, тіпті, кәсіптік білім беру орындары да болды. Дегенмен, мәселе, жаппай сауаттандыру қажеттігінде еді. Оның үстіне білім беру үдерісін, зайырлы бағытқа бұрып, қазіргі академиялық ғылымдарды да оқытуға маңыз беру керек болды. Ол үшін білім беру жүйесін Ресейдің үлгісі бойынша таңдау мүмкіндігі табылды. Бірақ, әрине, христиан діні сабақтары мен орыс тілі пәндерін күштеп оқыту арқылы емес, ең бастысы еуропалық білімге деген терезені ашу болды.

XX ғасырдың орта шенінде өмір сүрген, халқының қиын жағдайын өз көзімен көрген Ш. Уәлихановтың өзі «Ең алдымен білім керек» деп кесіп айтқан болатын [1].

Үшіншіден, 200 жыл бойғы Ресейдің отаршылдық саясатынан ажырап, тәуелсіз мемлекет болу үшін білікті де, білімді саяси қайраткерлерді қазақ даласы өздігінен-ақ сұранып тұрған еді. 150 жылға жуық Ресей отаршылдығымен күрестің әр түрлі формалары болды. XIX ғасырға назар аударсақ, оның бір бағыты идеологиялық күрес, бірақ, пессимистік сарындағы зар заман ақындарының туындыларынан анық байқалатын қазақ рухының жойылып бара жатқандығы туралы сарындар.

Келесі бір бағыты таза ағартушылық арқылы: Ыбырай, Шоқан сынды ойшылдардың идеологиясы. Шоқанның Патша үкіметіне өз халқының тағдыры туралы баяндағандығы тарихтан белгілі.

Келесі бір бағыт, төңкерістік, жауынгерлік, яғни, соғыс пен бүлік шығару арқылы. Сырым, Махамбет, Амангелді батырлардың ұлт-азаттық көтерілістері түркілік жауынгерлік рухтың әлі де сабақтасып келе жатқандығының куәсі іспетті.

Ендеше, XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары орта ғасырлық соғыс қаруларымен жасақталған әскермен, тәуелсіздікке қол жеткізе алмайтындығын терең түйсінді. Бұндай көтерілістерді ұйымдастыру қазақ халқын Ресей армиясының қол астын салып беріп, қырып тастау екендігін олар жіті пайымдады. Дегенмен, бұл кезеңде де жасырын, астыртын, партизандық көтерілістер кездесіп тұрды. Бірақ қазақ зиялылары халықты сақтап қалу үшін, мәселені бейбіт, конституциялық жолмен шешуге талпынды. Шындығында, халқы емес, өздері ғана өз идеяларының құрбандары болды.

Төртіншіден, бірнеше жылдарға созылған елдегі алуыздық, руаралық қақтығыс, болыстыққа, хандық пен билікке талас, Ресей патшалығымен ауыз жаласу т.б. ел ішіндегі бейберекетсіздіктерді алдымен жойып алып, ауызбіршілік идеясын ұсыну қажет болды. Сондықтан, да XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары, кейбірі ғалымдар, кейбірі саяси қайраткерлер, кейбірі заңгерлер, кейбірі шет елдермен байланыс орнататын елдің беделді азаматтарынан құралды. Демек, ел ішіндегі ұлттық тәртіпті орнату үшін, олар ағарту жұмыстарын жүргізіп, халықтың рухын оятып, ұлттық идеяны халықтың санасына сіңіріп, отаршылдықпен бірігіп күресу идеясын ашық және жабық түрде де насихаттаумен айналысты.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының дүниеге келуінің тарихи қажеттіліктері осылар болумен қатар, бұл олардың тағдыр тағайындаған міндеттері де болғандығы рас.

Ербол Тілешов: «Алаш қозғалысының – қазақтың Жаңғыру дәуірі болғандығын, оның «елім» деген, «жұртым» деген азаматтардың басын қосқандығымен де дәлелдеуге болады. Алаш қозғалысының қазақ ренессансы болғандығына бұл құбылыстың мәнінен бейхабар адам ғана келіспейді. Алаш қозғалысын Ренессанс ету – біздің қалауымыз бен еркіміз емес [2].

XX ғасыр басындағы Қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы күрес мәселесінде ұлтшылдық идеясын басты назарға қойды. Бізге жеткен тарихи мәліметтер көп емес, мүмкін олар өздерінің оңаша, жасырын бас қосуларында тәуелсіздікке қол жеткізудің тұжырымдамасын, жаңа пакеттерін жасап шығарған да болар.

Отаршылдыққа қарсы күрес бұл зиялылардың жастайынан көріп өскен қасіреті екендігі даусыз. Бірақ олар найза мен шоқпар алып, Ресей отаршылдығына қарсы төңкеріс жасауға асықпады. Ол үшін Ресейдегі, әлемдегі болып жатқан оқиғаларды, бүкіл қазақ даласының әлеуметтік жағдайын, психологиялық климатын зерттеп алу қажет болды. Ол үшін білім алу керек екендігі түсінікті жайт. Қазақ зиялылары әр жерде, білім алса да, бірін-бірі танып, іштей күш біріктіре білді, олар сатқындарды емес, мүдделестер мен ұлт жанашырларын топтастырды. Отаршылдыққа қарсы күресуге өздерінің мақсат мүдделерін арнағандармен және өмір бойы күресуге бет бұрғандармен бірікті.

Бірақ қалай күресу керек деген сауал оларды үнемі мазалады. Себебі, ол дәуір де Ресей үшін де аумалы-төкпелі, әр түрлі саяси оқиғалардың қиылысқан тұсы болатын. Дегенмен, 1905-1907 жылдардағы төңкерістер қазақ зиялыларын ойлантты және одан әрі шыңдай түсті. Олардың көкейінде бастапқыда: «Кімдермен одақтас болу керек?» деген сауал да тұрған сыңайлы: елге реформалар жүргізуді қалайтын көтерілісші шаруалармен бе, әлде елді түбегейлі өзгерістерге жетелейтін революцияшыл коммунистік идеологиямен қарулған большевиктік партиялармен бе, әлде шет елдік буржуазиялық мемлекеттермен бе, әлде іштей қазақ халқын бөлек топтастыру қажет пе?...

Бұған тарихшылардың кейбірі мынадай тоқтам бойынша жауап берді: «Қазақстандағы революциялық қозғалыс Ресейдегі бірінші халықтық революцияның құрамдас бөлігі» болды, екіншіден, бүкіл империя көлеміндегідей «мұнда да бұл қозғалыстың гигеомоны большевиктік партия бастаған орыс пролетарияты» еді және үшіншіден, «революциялық қозғалыстың даму барысында қазақ еңбекшілерінің орыс жұмысшыларымен және қоныс аударған шаруалармен интернационалдық ынтымақтастығы нығайды»[3].

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы Ресейдегі большевиктер партиясы бастаған пролетарлық қозғалыспен де байланыс орнатты, бірақ ұлттық таптық сипатты жоғары қоймады немесе оған көңіл аудармады.

1905-1907 жылдардағы революцияға байланысты С.Брайнин мен Ш.Шафиро былай деп тұжырымдады: «Қазақ бұқарасының ұлттық-революциялық қозғалысы жалпыресейлік қозғалыспен тікелей өте тығыз байланыста дамыды, 1905 жылдың қуатты ықпалында болды, большевиктер партиясы басқарған жұмысшы қозғалысының аясында қалыптасып, жетілді... Бұл ықпал біз әлі мүлдем зерттеп білмеген жолдар арқылы бұқараға жетіп, оны революцияландырған болатын» [4]. Шындығында, 1905 жылғы төңкерістің Қазақ жерін де қамтуы, біріншіден, олардың ауыр халі мен отаршылдық күйіне байланысты болғандықтан, қазақтар олармен де бірлесе қимылдау қамында қолды. Дегенмен, шаруалар алдымен, өздерінің жағдайы туралы толғанса,

екіншіден, азаттық аңсау рухы да болғандығы жасырын емес еді. Патша үкіметінің монархиялық саяса екі елдің шаруалары мен жұмысшыларын біріктірді. Дегенмен, бұл екеуін ортақ бір арнаға толықтай түйістіруге де болмайды. Себебе, Ресейдегі шаруалар толқуында қазақ елінің азаттығы туралы ниет те жоқ екендігі түсінікті жайт.

Бірақ Патша үкіметінің Қазақ халқына тәуелсіздік алып бермейтіндігі белгілі болған шақта, монархия мен деспотияны әлсірету, ойланту үшін уақытша болса да күш бііктіру қажет еді. Тіпті көтерілісшілер жеңілістапқан жағдайда да, шаруалар өздерінің сәл де болса жағдайларын жақсартуға үміт артқан сынайлы. Бірақ бұл жерде, орыс шаруалары мен қазақ шаруалары арасында қақтығыстардың да болуы мүмкін емес еді.

Себебі, отаршыл үкімет пен орыс шаруалары бір субектілер емес, екеуі бір халық болғанмен, мүдде айырмашылықтары бар. Осыны қазақ халқының көтерілісшілері де түйсінді.

Сондықтан, қазақ зиялылары бұл тұста таптық күресті мақсат ете қоймаған сияқты. Себебі, олар Ресей қоғамындағы әліптің артын бағумен болған сынайлы. Олар Ресейде қалыптасып келе жатқан большевистік рухты да түсінді, сонымен қатар, буржуазиялық төңкерістерде де блотжай алған жоқ деп айта алаймыз. Себебі, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көпшілігі ауқатты отбасынан шыққандар. Бірақ большевизмге де қарсы идеологиялық күрес жүргізуге болайтын кезекті еді. Кей сәтерде оларды қолдап отырды, Кеңес үкіметі орнаған тұста да, оған қарсы шыққан жоқ, тек елдің азаттығы идеясынан олар айырылмады. Қазақ зиялылары қай кезе, қандай діуір, қандай қоғам болмасын елдің тәуелсіздігін аңсады және оған жетудің жолдарын қарастырды.

Мәселен, I және II Мемлекеттік Думаға сайланғандар Ресей патшалығы тарапынан үміт күткенмен, оны қолдап отырды деп айта алмаймыз. Бейбіт жолмен бітте-бірте тәуелсіздікке қол жеткізудің қадамдарын жасап отырды. Олар мүдделері бір болғандықтар, большевик-меньшевиктерге, монархия мен буржуазияға бөлінбеді. Әрине, азаттық жолында пікір қайшылықтары болды. Бірақ олар бір-біріне деген достық қарым-қатынасын сақтап, өзара бірлікте болу идеясын қолдады, барлығы да Алаш ұраны туы астына бірікті. Қазақ съездерінде талқыланған мәселелердің негізгі де Жер, Ел, Қоғам дамуы; ағартушылық еді. Ұлттық идеяны жүзеге асырудың алғышарты ұлттық сана, ұлттық сананың нығаюы бірлік екендігі түсінікті жайт.

«Қазақ ССР тарихының» көп томдығында: «Еңбекші бұқараны революциялық күрестен қайткен күнде де аулақтауға тырысып, феодалдық – бай жоғарғы топ пен мұсылман дін басылары «петиция» науқанын ұйымдастырды. 1905 жылы 25 июльде Қоянды жәрмеңкесінде (Қарқаралы қаласының жанында) байлардың съезі болып, онда патшаға петиция әзірленді».

Қазақ зиялылары ру аралық тартыс пен билікке таласқан халқымыздың өткен тарихының қателігін қайталамау үшін, билік орындарына еркін сайлауға түсіп, бір-біріне қолдау көрсетті, билікке талас болған жоқ. Себебі, тап күресі мәселесімен олар келісе қоймады.

Г.Сафаро өз еңбегінде: «1917 жылғы революцияға дейін Түркістандағы жағдайды есепке алған ешқандай да революциялық идеология, орыс жұртының арасында революциялық қозғалыста бірлікке ұмтылушылықты аңғартатын кішкене де ыңғай, ешқандай да бұқараны революциялық ұйымдастыру, ешқандай да революциялық дәстүр болған емес, Қанаудағы ұлттар мен қоныс аударып келген орыс жұртының арасында ұлттық теңсіздіктен бастау алатын өзара түсініспеушіліктің қалың қабырғасы тұрды» деп жазды [5]. Қазақ зиялыларының ең басты сіңірген еңбегі мынада: олар бүкілресейлік даму кезеңінің басталуын дер кезінде аңғарды, қазақ қоғамын ілгері бастырудың амалдарын іздестірумен айналысып, бұл үшін бірінші орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси бостандықтарды пайдаланды, халықты патриархаттық-рулық мешеуліктен арылтуға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогрестің, мемлекеттік тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылды. Мұның қиын күрес, күрделі тартыстар мен ізденістер жолы болтаны күмәнсіз. Бұл қазақ зиялылары жүргізген ұлтшылдық идеяның негізгі бағдарлары еді. Сонымен ұлтшылдық идея дегеніміз не деген сауалға қысқаша тоқталып өтуді жөн көрдік. Қазіргі таңдағы отандық ғалымдардың көпшілігі осы ұлтшылдық идея деген сөзді қолданудан бас тартып, оның орнына ұлттық идея деген тіркесті қолданып жүр. Ал кейбірі, бұл екеуі туыстас ұғым десе, кейбірі екеуінің ара жігін ажыратады: Ұлтшылдық шовинистік деген жуықтайты, ұлттық отандық, ұлтжандылық деген ұғымдармен парапар дейді. Бірақ біз үшін мәселе онда емес, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларына шовинист деп кәна тағып, ұлттық идеяларына қарсы шыққандығы анық еді. Осыған байланысты, мәселе атауда емес, ең бастыс ұлттық идея туралы болып отыр. Ұлттық идеяны зерттеушілер, оған әр түрлі түсініктемелер береді: «Анығында, ұлттық идея дегеніміз – тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, бүгінгінің талабын тарихта кеткен қателіктерден арыла отырып қанағаттандыру, келешекке халық тарихының философиясы арқылы үңілу» Философ Б. Нұржанов ұлттық идеяға мифтік символдарды, тарихи сананы, тіл мен дәстүрді, ұлттық мемлекетті және т.б. жатқызуға болатындығын көрсетеді [6].

А. Сейдімбековтің пікірінше: «Қазақ идеясы, яғни, сол мәндегі қазақстандық немесе ұлттық идея өзара шендескен екі бастаудан нәр алуға тиіс. Біріншісі – қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, шапағат, парасат, жарасым, бақыт туралы арман-аңсары (идеалы). Яғни, кең мағынасында, ондай идеалдың мәдениет пен өнер, тіл мен діл, салт пен дәстүр түріндегі өмірлік көріністері. Екіншісі – бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіп отырған ахуал» Ғ.Есім ұлттық идеяны жалпы концептуалды ұғым ретінде байыптап, сезімдік аспектіде ұғынылатын, шабыт пен қуаттылыққа үндейтін тұғыр ретінде байыптайды: «...ұлттың жаңғыруы – Қазақ Ренессансы, Қазақ елінің мәңгілігі» [7]. Ұлттық идея жөніндегі Дәуренбек Әубәкірдің пікіріне сүйенсек, ол ұлттық құндылықтар мен ұғымдарды жіктеп, оларды топтап көрсетіп, ұлттық идеяның күрделірек құрылым ретінде байыптағандығын аңғарамыз: «өркениетті даму тағаны – нарық, индустрия,

ғылым, техника, инновациялық жаңғырған тәсіл, айла, технология, кластер, байыпты-орнықты даму мәдениеті; адами-ізгілік тағаны – рух, тіл, дін, жан-тән тазалығы, тіл, білім, тәрбие, өнер, әдет-ғұрып, Ата Заң мәдениеті; саяси-идеологиялық тағаны – ұлттық мемлекет, егемендік, тәуелсіздік, идеология парасаты, ұлтаралық, дінаралық татулыққа кепілдік, бәсекелестік, ұпай, түгендеу, халықаралық саясат жүргізу мәдениеті»[8].

Х. Әбжановтың пікірсайыстар алаңындағы ұстанымын байыптасақ, ол өзіндік ойын былайша түйіндейді: «Нысаналы пайым мен тұжырымдамалар ұлттық идея қызметін атқарады. XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары ұлттық идеяны анықтаудың тамаша үлгісін көрсете алды. Бастапқыда оның мәнін, мақсат-міндеттерін «Оян, қазақ» формуласымен дәйектесе, империя күйрей бастағанда «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясын дүниеге әкелді. Түптеп келгенде, 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы – «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясының салтанаты» М. Таңжаров пен Б.М. Аташ XX ғасыр басындағы ұлттық идеяны былайша тиянақтап береді: «Түп қазықтық пафос: Оян, қазақ – нәтижесі: Қазақ автономиясының идеалы – бүгінгі таңдағы көрінісі: Қазақстан тәуелсіздігі» деп, оның ой тұжырымының логикалық тізбегін айқындасақ, алғашқысы – қозғаушы ұлттық рухтың нышаны, ал «Қазақ автономиясы идеалы» – ұлттық идеяның тарихи сабақтастығының айшықты көрінісі, тәуелсіздік – нәтиже, мүмкіндіктің шындыққа айналған реалды мақсаты іспетті. Яғни, бұл идея – тәуелсіздік рухының идеясының эволюциясы тәрізді» [9]. Осы тұста, XX ғасыр басында да ұлттық идея арнайы тұжырымдама, теориялық-әдіснамалық негіздері құрылған тұтас жүйе болмаса да, негізгі бағдарлары айқын болғандығын көтуімізге болады. Мәселен, М. Дулатов өзінің «Қазағым менің, елім менің» деген мақаласында «Ресейге тәуелді қазақ халқының «ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кекті тудырады», «чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып алып, ойына не келсе, соны істейді». «Енді олар біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға ауыз салуда. Жер ауып келген мыңдаған мұжықтар қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып алуда. Чиновниктерді арқаланған олар «сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мүлкін тартып алып кетуде», -деп түсініктеме берген болатын [10]. Демек, оның ұлтшылдық идеясы, қазақ халқының басқалармен де тең құқықтығын сақтау, өзге ұлттар тарапынан қысымшылықтың болмауы, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары ұлттық идеяны халықтың бойынша сiңiруде де идеологиялық жұмыстар атқарды. Ол үшін БАҚ құралдары мен ұлттық рухта жазылған әдеби шығармалар мен өлеңдерді жазу және оны халыққа тарату басты мақсат етіп қойылды.

1907 жылы 27 наурызда Санкт-Петербургда Шахмарждан Қосшығұлов, Ибрагимов Абдурашидтің басшылығымен тұңғыш қазақ тіліндегі жарық көретін «Серке» газеті татардың «Улфат» атты газетінің жанынан баспадан шығарылды. 1907 жылы 9 маусымда ол Патшаның жарлығымен жабылып қалды. Шығарылған газеттің саны мен онда жарияланған мақалалар жөнінде

мағлұматтар жоқтың қасы. Дегенмен, бұл газет алғашқы қазақ газеті ретінде ұлттық мәселелерді көтеретін, азаттық рухын жырлайтын, діни бірлестікті қалайтын теерң мақсаттарды көздеген болса керек.

Онда М. Дулатовтың «Жастарға» деген өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы жарияланды. 1909 жылы оның «Оян, Қазақ» деп аталатын кітабы Уфада жарыққа шыққанмен, өзі осы еңбегі үшін қудалауға ұшырап кітап көпшілікке еркін таратылмай қалды. Дегенмен, оның ұлттық идеясы, «Оян, Қазақ» ұранынан бастау алады. Халқымыз ел шетіне жау келсе, «Аттан» деп шабатын болса, М. Дулатов оларды әуелі оятып алуды мақсат етеді. Өлең жолдарындағы ұлтшылдық идея поэзия тілімен көркемделген және қысқаша мынадай мазмұнды қамтиды: «Көзінді аш! Оян қазақ! Көтер басты! Өткізбей қараңғыда бекер жасты, Жер кепті, дін нашарлап, хал харам боп, Қазағым енді жату жарамасты. Найзаменен түртсе де, Жатырмын, қазақ, оянбай. Мұнша қалың ұйқыны Бердің бізге, ой, Алла-ай!... Қараңғыда жетектеп. Терең судан өтер ме, Мың қойды серке бастамай?» [11]. Өлеңнің соңғы жолдарынан газеттің неліктен «Серке» деп аталғандығын ұғынуға болады. Бұл өлең де ұлттық идеологияның бір көрінісі ретінде патша үкіметіне үрей туғызды, бұл қазақтардың азаттық рухын оятатын туынды деп түсініп, М. Дулатовты қудалауға ұшыратты.

XX ғасыр басында қазақ зиялылары, әсіресе, ақындар мен жазушылар өздерінің азаттық идеясын көркемдік түрде халыққа жеткізіп отырды.

Ұлтшылдық идеяның әдебиеттегі көрінісін Ө. Әбдиманұлы былайша сипаттаған еді: «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі үшінші бағытты біз, ұлт-азаттық бағыт деп атады. Осы атау бізге орынды көрінеді. Өткен ғасырдың бас кезінде отаршылдық езгінің қыспағында қазақ халқы ауыр қоғамдық дағдарысқа ұшырады. Міне, осы тұста, қазақ зиялыларының өзгеше бір тобы отаршылдық құрсауынан шығудың жолын іздеп, жүйеге түскен бағдарламалық іс-әрекетке көшті. Бұл қазақ халқының ғасырдан астам азапты тарихындағы нұрлы сәулеге бет бұрған кезеңі еді» [12].

Шындығында, азаттық үшін күрестің өзі әртарапты және әріқилы болып келеді. Осы орайда, әдебиет саласы өз қиялы мен өз шығармашылығымен ғана емес, сол заманның талабы мен халқының зары мен мұңын да көркемдік тілмен жеткізіп отыруды мақсат етті.

«Міржақып шығармашылығын зерттеген ғалым М. Әпсембетовтың деректері бойынша романға негізінен Көкшетау даласында болған оқиға себеп болған. 1908 жылы Міржақыптың ізіне түскен патша тыңшыларынан бой тасалау үшін, торғайды тастап, Көкшетауға келеді. Ккшетауда Саумал көл деген жерде ауыл мектебінде мұғалім болып істеп жүрген кезінде, ол Жамал атты Қазақ қызының тауқыметті тағдырына куә болады. Бақытсыз Жамал романындағы оқиға осылайша өмірден алынған еді», -деп пайымдалған пікірлер осының айғағы.

А. Байтұрсынов өзінің «Қарқаралы қаласына» өлеңін айдауға кетіп бара жатқанда жазған екен: «Бар қаймағын қуып біттің, Кім қалады елінде, Доңыздармен сиыспасын бірге тұрып бұл Елде» деген жорлдар тек өзінің жеке

басының ғана мұңы емес, Қазақ елінің «қаймағын», яғни, зиялыларына жасалған шабуыл екендігін паш етукі еді. 1907 жылы Қарқаралы абақтысында 6 жыл отырып, тағы да айдалып бара жатқанда, А. Байтұрсынов былай деп толғаған екен: «Қош сау бол, Қарқаралы жуылмаған, Айдай бер қалса адамың қуылмаған». Немесе, 1905-1907 жылдардағы заман туралы, өздерінің қан төгу емес, мақсаттары ұлттық азаттық екендігін, тым болмаса, өз үндеремізді білдіруіміз керек екендігін ол былайша толғаған екен: «Бапйқасақ, жезде, Бауыздар кезде, Үн шығу бар емес пе? Үндемей өлсек, Сүйекпен көмсек, Кейінгілер демес пе?!Лақ құрлы бақырмай, Өлген екен апырмай!»

Оның 1909 жылы жазылған «Анама хат» деген толғауында да сол дәуірдің өмір шындығы мен өзінің ел азаттығы үшін күресуін міндетке айналдырға өмір сүру мәнері туралы былайша толғайды: «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам... Адамнан туып, адам ісін етпей, Ұялмай не бетіммен көрге барам?!».

Сондай-ақ ұлттық идея жаршысы болған М. Сералин де 1900 жылы «Топжарған», 1903 жылы «Гүлкәшима» атты поэмаларын жариялап, онда да ұлттық идея туралы жырлайды, халқына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, астартын иделогтар секілді қызмет етеді.

Ал Мәшһүр Жүсіп 1907 жылы жарық көрген үш кітабы, атап айтқанда, «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» үшін қудаланады. Бұл кітаптарда да ұлттық идея көріністері анық байқалады, көптеген мәселелер астарлап жеткізіледі. Өйткені, өнердің, бір ерекшелігі – шындықты тура айтпай, астарлап жеткізіп, образды түрде бейнелеп, халыққа жеткізу мәнерін пайдалана алатындығында.

Ол 1905 жылы «дала уәлаяты» газетінде «Қанды жексенбі», «Сарыарқа кімдікі» атты өлеңдерін жариялаған үшін қудалауға ұшыраған екен [12]. М. Қалтайұлының 1910 жылы жарияланған «Қазақтың айнасы», 1910 жылы шыққан «Біраз ғибрат сөз» атты туындысында, 1911 жылғы «Насихат казахия» т.б. шығармаларында да негізгі тақырыптың өзегі – ұлттық идея болатын.

Әдебиеттер тізімі

1. Уәлиханов Ш. Шығ. жинағы.- 1 Т.-А., 1961.- 99 -100 б.
2. Тілешов Е. Алаштың жолы // Алаш-таным (213 б.).
3. Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін 5 томдық. 3 том. Алматы, 1982. – 416 – 417 – 2 б.
4. Брайнин С, Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. Под ред. Н.Н.Ванаг Алма-Ата – Москва, 1935.
5. Сафаров Г. Колониальная революция опыт Туркестана. М., 1921.С.54б.
6. Нуржанов Б. О национальной идее. К постановке проблемы // ҚАЗҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. - Алматы, 2009. - №1 (32). 142-145с.,142 с.
7. Есім Ғ. Қазақ Ренессансы. Алматы, Қазақ университеті, 2006.- 98 б.
8. Дәуренбек Ә. Жаһандану және ұлттық идея (ұштағанды философиялық тұғырнама// Тіл және қоғам. -2005. -№2. -Б.54., 54 б.

9. Таңжаров М., Аташ Б. Қазақ спортындағы ұлттық идея. – Алматы. Сагауидтинов, 2013.-185 б. – 22 б.
10. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 21 б.
11. Дулатов М. Оян, Қазақ өлеңі. <https://surak.baribar.kz/286115/>
12. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Оқулық.- Алматы, 2012. - 408 б.

ТӘУЕКЕЛ ХАН

Арыстанбаева Гүлмира Бәйгенжеқызы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі

Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен қазақ халқы Қазақ хандығын 1465 жылы құрған. Қазақ хандығы бір мезетте пайда болған жоқ, оның тамыры ғасыр қатпарларында жатыр. Біздің мемлекетіміздің тарихы осыдан 2,5 мың жыл бұрын өмір сүрген сақ қоғамынан бастау алады. Далалық аймақта мемлекеттіліктің қалыптасуында тарихи үрдістің жалпы заңдылықтарымен қатар, тек ғана көшпелі қоғамға тін ерекшеліктер де көрініс тапты. Көшпелі тұрмыстың ерекшелігінде Ұлы даланың кез-келген көшпелі қоғамында негізгі мал шаруашылығынан бастап жер өңдеу, қалалар мен қоныстар және т.б мәдени шаруашылықтың бірнеше түрлері болды. Негізінде таза көшпелі қоғам болған емес, ол үнемі жартылай көшпелі және жартылай отырықшы сипатта өтті. Сондықтанда ғылыми әдебиеттердегі қолданылып жүрген көшпелі қоғам көшпелі мемлекет деген ұғымдардағы «көшпелі» сөзі шартты мағынаға ие.

Көптеген ғасырлар бойы көшпелі мемлекеттілік дәстүрі қалыптасты. Ол саяси басқаруда, шаруашылық пен рухани мідени өмірде, өнеге мен тәртіп нормаларынан орын алды. Көшпелі мемлекеттіліктің негізгі ерекшелігі көпшілік жағдайда ру-тайпалық жүйемен тығыз байланысты. Ру-тайпалық жүйе қоғамдық және мемлекеттілік дамудың негізгі үрдісіне айналды [1,10 бет]. Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан жерінде XIV-XV ғғ. болған әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестерден туған заңды құбылыс. Өндіргіш күштердің дамуы, көшпелі ақсүйектердің экономикалық қуатының артуы, феодалдық топтардың тәуелсіздікке ұмтылуы, осы негізде Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан арасындағы тартыстың өршуі, әлеуметтік қайшылықтардың үдеуі XV ғ. II жартысында бұл мемлекеттердің құлдырап ыдырауына апарып соқтырды.

Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы дала демократиясына негізделген монархияға негізделген. Мемлекет басшысы - хандар саяси билік жүргізетін. Олар төре тұқымынан шыққан сұлтандар арасындағы таңдау негізінде сайланатын. Бүгінгі мақаламызға арқау болатын хан Тәуекел хан болмақ [2, 436 б].

XVI ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың ұлы ханы. Тарихи деректерде Тәуекел хан есімі Таваккул, Тевеккел, Тевкел, Тауке, Тукай үлгіде

белгілейді. Туылған жылы белгісіз. Билік басына келген уақытын дәл айту қиын. Тарихшылар шамамен 1583 жылы немесе 1585 ж. хан болған деп санайды. Дүниеден 1598 жылдың күзінде қайтқан. Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдіктің немересі, Шығай ханның он екі ұлының бірі, Сейтқұл сұлтаннан, Ондан сұлтаннан кейінгі үшінші ұлы. Анасы - шағатайлық Яхшым Бегім. Тәуекел ханның балалары да туралы нақты мәлімет жоқ. 1594 жылы қазақ елшісінен орыс тұтқынында тұрған Орах Мұхаммед Тәуекел ханның балалары туралы сұрағанда үлкен ұлы ханзада Қожаұсейін 10 жаста, екінші ханзада 8 жаста, үшіншісі 4 жаста деп ауап берген екен. Бір баласының есімі Мұрат XVI ғасырдың аяғындағы оқиғаларға байланысты аталады.

1582 жылы әкесі Шығай хан қайтыс болғаннан кейін таққа Тәуекел (1583-1598жж.) отырды. Билікке келу Тәуекелге оңай соққан жоқ. Хан дәрежесіне көтеріліп, басқаларға өзін хан етіп мойындату үшін талай күрестерді басынан өткерді. 1583 жылы Тәуекел деректерде сұлтан атағымен кездеседі. 1583 жылы Тәуекел сұлтанмен Абдаллахтың арасы суып, Тәуекел Дешті Қыпшаққа Қыпшаққа қарай үдере көшеді [3,47-51 бб].

Көп ұзамай Тәуекел Қазақ хандығы мен Моғолстанның Шағатай ұрпақтары арасындағы одақтастық қатынастарды жолға қояды. Осыған орай Шах-Махмуд Шорастың Моғолстанда, атап айтқанда Шалыш пен Турфандағы саяси істеріне Тәуекелдің қатысуы туралы, онда Тәуекел ханның бұл иелік тағына кім отыруы жөніндегі мәселені шешуінің маңызы ерекше. Осындай қиын саяси жағдайға қарамастан Тәуекел хан 1586 жылдан бастап Сыр өңіріндегі қалалар үшін күрес бастады. Алайда бұл жорығы сәтсіз аяқталды. Ол өзінің хан атағына шынайы түрде 1586-1594 жж. аралығында жүргізген ұзақ та табанды саяси күрес жағдайында қол жеткізді. Содан кейінгі кезеңдегі Москвамен қатынас жасау кезінде ол нағыз хан ретінде әрекет етті.

Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы жаулары көбейді. Сондықтан 1594-1595 жж. Тәуекел өз дұшпандарына қарсы күресу үшін Ресеймен әскери одақ орнатуға ұмтылады. Алайда толып жатқан себептерге байланысты бұл одақ жасалмады. Ал қазақ халқына көрші мемлекеттер тарапынан шабуыл жасау барған сайын жиілей түсті: батысы мен солтүстік батысынан - башқұрттардың, қалмақтар мен ноғайлардың, шығыстан жоңғарлардың, оңтүстіктен - Хиуа, Бұхара Қоқан хандықтарының құрсауында қалды. Әсіресе, шығыстан, Балқаштың арғы жағынан жоңғарлар Орталық Қазақстан мен Жетісуға жылжи бастады. XVI ғасырдың II жартысында олардың қазақ хандығына қарсы соғыс қимылдары кең көлемде жүргізілді. Тәуекел хан қазақ хандығының сыртқы саясатын нығайту барысында орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынастарды жандандырды. Қазақ ханы сыртқы саясатта өзін қолдайтын одақтастар іздеді. 1594 жылы Тәуекел хан Ресейге достық келісім жасасу үшін Құлмұхаммед басқарған қазақ хандығының тұңғыш ресми елшілігін жіберді. Тәуекел ханның мұндағы мақсаты Ресей мемлекетінің көмегімен Абдоллаға қарсы күресті жандандыру, Сібір ханы Көшімге қарсы одақ құру және 1588 жылы орыс әскерлері ұстап әкеткен өзінің немере інісі, Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммедті тұтқыннан босату

болды. Оның жанында қазақтың әйгілі тарихшысы Қадырғали Жалайыр бар еді. 1595 жылы елшіге орыс патшасының жауап грамотасы тапсырылды. Онда орыс патшасы Тәуекел ханға Қазақ хандығын «өзінің қоластына алатынын және оқ ататын қару» жіберетінін уәде етті. Сонымен бірге мынадай талап қойды: «біздің патшалық қоластымызда болғандықтан және біздің патшалық әміріміз бойынша Бұхара патшасымен және бізге опасыздық жасаған Сібір патшасы Көшіммен соғысып, біздің ұлы мәртебелі патшамызға жол салатын боласыздар» [3,47-51 бб]. Орыс мемлекеті Қазақ хандығымен әскери одақ құрудан бас тартқанымен, Тәуекел хан орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынасты үзген жоқ. 1595 жылы Мәскеуден орыс елшісі Вельямин Степанов Қазақ хандығына келді. Нәтижесінде екі мемлекет арасында сауда байланыстары жанданды. Бұл кезде ойраттардың бір бөлігі Тәуекел ханға тәуелді болды. Сондықтан ол өзінің Мәскеуге жолдаған грамотасында өзін «қазақтар мен қалмақтардың» патшасы деп атады. Тәуеуел хан Бұхар ханы Абдолламен жасаған шартты бұзып, қазақ және өзбек билеушілері арасындағы жаугершілік басталды. Абдолла ханмен одақтан Тәуекел ханның бас тартуының себебі, біріншіден, Абдолла әуелдегі Түркістаннан төрт қала беруі туралы уәдесінен бас тартады. екіншіден, біздің ойымызша, басты себеп - Абдолла тәуеуел ханның беделінен, батырлығымен батылдығынан қорқа бастайды, яғни Тәуекел ханнан өзінің бақталасы ретінде қауіп төнгенін сезді. Өйткені кезінде бүкіл Мауараннахрды Тәуекелдің көмегімен Шайбани мемлекетінің қоластына біріктірген болатын. Тәуекел ханда Жошы ұрпағы болғандықтан, бүкіл Орта Азияны билеуіне толық құқығы болды. Тәуекел сыртқы саясатында халықтың оңтүстігіндегі қалаларда билікті нығайтуға күш салады. Ендігі жерде ол Сыр бойындағы қалалар үшін Абдолламен күресті бастайды. 1586 жылы Ташкентті алуға әрекет жасайды. Абдолланың негізгі күштері Мауараннахрдың солтүстігінде шоғырланды. Бұны білген Тәуекел хан Мауараннахрдың оңтүстік аймақтарына шабуыл жасайды. Оның шабуылы Түркістан, Ташкент, Самарханд қалаларына қауіп төндіреді. Бірақ Тәуекел ханның Ташкент алуға жасалған алғашқы жорығы сәтсіз аяқталды. 1597 жылы Бұхара хандығында ішкі тартыс, ырың-жырың басталды, онда ықпалды адамдардың қолдауымен Абдолланың ұлы Абд ал-Мумин әкесіне қарсы шықты. Осы қырқысты пайдаланып, Тәуекел Ташкент қаласының түбінде Абдолла ханның әскерін талқандады. 1598 жылы Орта Азияда шайбанилық II Абдолла, көп ұзамай сол жылдың жаз айларында бірінде оның ұлы, әрі мұрагері Абд аль-Мумин хан өлтіріліп, билікке үміткерлер арасында күрес басталып кетеді. II Абдолланың белгілі әмірлерінің бірі, әрі оның жақтасы Абд ал-Муминді өлтіруге қатысқан Абд ул-Уаси би деген әмір Тәуекел ханға хабар жіберткізіп, оны қолдайтынын білдіреді де, Орта Азияны бағындыруды үгіттейді. Осыған байланысты Тәуекел хан тез арада 100 мыңдық әскер жинап, аумақты жаулауға аттанып кетеді. Тәуекел хан көп қиындықсыз аз уақыт ішінде Орта Азияның Ташкент, Түркістан, Ахси, Андижан, Самархан сияқты ірі қалалар мен өңірлерін басып алады. Самарханда 20 мыңдық әскермен інісі Есім сұлтанды қалдырады да, өзі 90 мың әскерді басқарып шайбанилер әулетінің астанасы Бұхараға бет алады [3,47-51 бб].

Тәуекел хан қаланы қоршап алады, бұхаралықтар қала бекінісін нығайтып, жан аямай соғысуға бел буады. Он бір күн бойы алма-кезек ұрыстар болып тұрады да, он екінші күні Бұхара әскері қаладан шығып қазақтарға шабуыл жасайды. Таң атқаннан күн батқанға дейін шайқас болып, нәтижесінде қазақ әскерлері шегінуге мәжбүр болады. Мұндай хабарды естіген Есім сұлтан ашуланып ағасына мынадай сипатта хабар жібереді: «Соншама әскермен азғантай ғана Бұхара әскерінен жеңіліп, шегіну деген ұят және өте қатты ұят нәрсе, Егер хан Самарханға келсе, бұл жақта да Бұхара жақтағыдай самархандықтардың бізге бағынбауы мүмкін. Хан шегініс тоқтатып, кері оралсын, мен оған өзім қосыламын». Тәуекел хан інісінің кеңесін құп алады да, қайтадан Бұхараға бет алады. Көп ұзамай оған Есім сұлтан қосылады. Бұхараға да Балхтан көмекке күш келіп жетеді. Екі жақ арасындағы шайқастар қайта жалғасып, бір айдай уақытқа созылады. Соғысушы екі жақ түпкілікті жеңіске жете алмайды. Осындай бір сәтте Тәуекел хан әскерді өзі бастап ұрысқа түседі. Қарсыластар жағынан көп әскер шығынға ұшырап, бұхаралықтардың ең беделді және танымал адамдары қаза табады. Осы шайқаста Тәуекел ханның өзі де ауыр жарақат алады. Хан жараланған кейін қазақ әскерлері Ташкенке оралады. Ал көп ұзамай Тәуекел хан қайтыс болады. 1598 жылы Тәуекел хан қаза тапқаннан кейін билік Есім ханның қолына көшті. Тәуекел хан Орта Азияға жасаған жорығында тек қару күшіне үміт артқан жоқ, ондағы белгілі бір әлеуметтік-топтарға сүйенді. Бірақ Тәуекел хан мен Есім сұлтанның жасаған жорықтары алдына қойған саяси міндеттерін орындай алмады. Мауараннахр қазақ хандарының қоластына көшпей қалды. Алайда Түркістанмен қатар Ташкент пен Ферғана белгілі бір уақытта Қазақ хандығының құрамына кірді. XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында Қазақстан территориясындағы ерекше кезең, қазақ мемлекеттілігінің, көршілес елдермен белсенді әскери-саяси, сауда және мәдени қатынастар дамыды.

Тәуекел хан – қазақ халқының этностық аумағы қалыптасуының аяқталу кезеңінде билікте болып, осы үдерісті соңына дейін жеткізген тарихи тұлға. XV-XVI ғасырлардағы қазақ хандарының сыртқы саясатының басты мақсаты – қазақ жерлерін біріктіру болғаны белгілі. Тәуекел өзіне дейін билікте болған билеушілердің қазақ жерлерін біріктіру жолында жүргізген саясатын одан әрі жемісті жалғастырып, өзінен кейін тақ мұрагері болған туған інісі Есім ханға қазіргі кездегі Қазақ елінің аумағындай үлкен аймақты мұраға қалдырады.[4]

Әдебиеттер тізімі

1. Нәбиев М.Ә. Н 13 Қазақ хандары. Зерттеу // М.Ә.Нәбиев «Мир печати» баспасы. - Көкшетау, 2016 - 224б.
2. «Қазақ энциклопедиясы». Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003.-720 бет.
3. Сандыбаева А. Тәуекел Шығайбайұлы // «Қазақ хандары». Энциклопедиялық анықтамалық жинақ. Алматы: «Қазығұрт баспасы».-2015ж.- 224б.

ҚАСЫМ ХАННЫҢ ӨМІРБАЯНЫНЫҢ КӨЛЕҢКЕЛІ ТҰСТАРЫ МЕН ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Атығаев Нұрлан Әділбекұлы – т.ғ.к, қауым. профессор

Екі жарым ғасырдан астам уақыт Еуразия даласында салтанат құрған қазақ халқының ұлттық мемлекеті – Қазақ хандығы тарихында өсіп өркендеу дәуірі де, құлдырап күйреу кезеңі де болды. Қазақ мемлекеттігінің бір шарықтау кезеңі XVI ғасырдың басына тұс келіп, Жәнібекұлы Қасым ханның есімімен тығыз байланыста болды.

Коммунистік идеология адамдардың тұрмысы мен рухани өміріне тығыз араласып тұрған кеңес өкіметі дәуірінде, біз «халықтың емес, билеушілердің тарихын жазатын» шетел тарихшыларын айыптан, тарихта жеке адамдардың орнын өз деңгейінде ашып көрсете алмадық.

Бүгінгі күні аласапыран заманда қазақ мемлекетін сақтап қалған, қазақтың жерін жиып, атағын асқақтатқан хандар мен сұлтандарға, билер мен батырларға тиісті тарихи бағасын беріп жатқанда, қазақ мемлекеті мен қазақ халқының тарихындағы ең ірі тұлғалардың бірі – Қасым ханға өзіне тиісті адал баға беру біздің ұрпақтық парызымыз.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері осы уақытқа дейін Қасым ханның тарихи қызметіне арналған бірталай ғылыми жұмыстар жарық көрді. Ғалымдар әсіресе ұлы билеушінің саяси қызметіне үлкен назар аударып, осыған арналған бірнеше зерттеулер жариялады. Сонымен қатар Қасым ханға арналған зерттеулердің бірталай болғанына қарамастан, оның өмірбаяның көлеңкелі тұстары мен даулы мәселелері де әлі аз емес. Баяндамамызда тарихнамамызда аса назар аударылмағын осы мәселелерге назар аударғымыз келеді.

1. Қасым ханның дүниеге келген жері. Ең алдымен біздің тарихшыларымыздың жұмыстарында Қасым ханның туған жылы туралы жазылады да, оның туған жері туралы мүлдем айталмайды.

Негізі Қасым ханның аты көп деректерде кездеседі. Ол туралы Орта Азия, Иран, Түркияда жазылған тарихи шығармаларда айталады, А.И. Исин анықтағандай, Ресей архив құжаттарында оның қазасы туралы мәлімет сақталған. Алайда ешқандай ортағасырлық тарихи шығармаларда оның дүниеге келген жері туралы нақты мәліметтер жоқ. Соған қарамай жазба деректердегі жанама ақпараттарға сүйеніп бұл туралы кейбір жорамалдар жасауға болады.

Белгілі ортағасырлық тарихшы Масуд ибн Усман Кухистанидің «Тарих-и Абу-л-Хайр-хани» шығармасының мәліметтеріне қарағанда XV ғасырдың 20-40 жылдары қазіргі Қазақстанның басым бөлігі «Көшпелі өзбектер мемлекетін» құрған Шибан ұпағы Әбілқайыр хан қоластында болған, алайда 1446 жылға дейін оның билігі Сырдария аумағына тарамаған [15, 159 б.; 6, 58 б.]. Масуд ибн Усман Кухистани бұл жерлер осы уақытқа кімнің иелігінде болғанын хабарламайды. Осыған назар аударған К.А. Пищулина Сырдария мен Қаратау

аумағы бұл кезеңде Орыс хан ұрпақтарын қолында болған деп санайды. Зерттеуші 1446 жылдан кейін де Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал жағалауына Әбілқайырдың билігі жүрген туралы мәлімет жоқ деп көрсетеді [18, 255 б.]. Осындай пікірді басқа мамандар да ұстанады [11, 152 б.; 24, 252 б.].

Ортағасырлық деректерден XIV - XV ғасырдың бірінші ширегінде Сырдария алқабы Ақ Орда (кей деректерде Көк Орда) билеушілерінің атадан балаға мұра ретінде өтіп тұрған жерлер болғанын білеміз. Жәнібек ханның әкесі Барақ ханның осы алқабтың басты қаласы Сығнақтың жайлауы заң бойынша өз иелігі екенін айтқаны Хафиз Аbru мен Абд ар-Разақ Самарқанди жазбаларынан белгілі [14, 165 б.; 19, 197 б.]. Н. Кенжеахмет Керей мен Жәнібектің аттары 1453 жылы қытайдың «Мин шилу» дерегінде айтылады деп жазады. Бұл деректе Мин патшалығына осы жылы 121 мемлекет пен иеліктерден елшіліктер келгені туралы мәліметтер келтірілген. Өз елшілерен жібергендердің ішінде «Тохума» (Тұқмак) жерінің ханы «Бұлахайдан» (Әбілқайырдан) кейін «Сайлан» (Сайрам) жерінің әкімі Гэлайтань (Керей сұлтан?) мен «Асыбе» (Өзбек) жерінің ханы «Джанибе» (Жәнібек) аталады [13, 106-109 бб.]. Егер Н. Кенжеахметтің бұл пікірі дұрыс болса, онда Түркістанның шетінде, Моғұлстанмен көршілес орналасқан Сайрам қаласы мен оның төңірегі 1453 жылға дейін Керей мен Жәнібектің қол астында болған деген жорамал жасауға болады.

Қазақ хандарына арнайы зерттеу арнаған Т.И. Сұлтанов Қасым Жәнібекұлы 1445 жылы дүниеге келген деген пікір айтады [11, 363 б.; 20, 164 б.]. Зерттеуші бұл пікірді XVI ғасырда өмір сүрген белгілі тарихшы Мырза Мұхаммад Хайдар Дуғлаттың (Дулат) «Тарих-и Рашиди» атты шығармасындағы мәліметтерге сүйеніп айтқан. Шығармада 1513 жылы Қасым ханның жасы жетпіске тақағаны туралы мәлімет келтірілген [15, 225 б.]. Егер Қасым хан 1445 жылы дүниеге келсе, онда ол Сырдария аумағында туған деген жорамал жасауға болады.

2. Қасым ханның билікке келуі мәселесі.

Ғылыми әдебиетте көп жағдайда Қасым сұлтанның Қазақ хандығына билікке келуі оның Бұрындық ханмен күресте жеңіп шығуының нәтижесі деген пікір басым. Осы пікірді алғаш белгілі кеңес тарихшысы А.П. Чулошников айтқан еді. Ол «екі беделді топтың күресі басында бейбіт болғанмен, соңында екі қарсыласты қантөгіс шайқастарға әкеліп, бірін толық жетістікке жеткізіп, екіншісін аман қалу үшін туған даласынан шетке қашуға мәжбүр етті ... тасталқан болып жеңілген Бұрындық Дештен қуылды», – деп жазған еді [27, 113 б.].

XX ғасырдың басында айтқан А.П. Чулошниковтың осы пікірін кезінде М. Тынышпаев қатты сынға алып, Қасым мен Бұрындық хандар арасындағы қантөгіс шайқастар туралы ешбір деректе айтылмағанын жазған еді [23, 56 б.]. Алайда қазақ тарихшысының осы әділ сыны кейінгі зерттеушілер тарапынан көп жағдайда назарға алынбай, Керей мен Жәнібек хандарының ұрпақтары арасында тақ үшін қанды күрес болды деп жазылып жүр. Мысалы, В.П. Юдин «Керей мен Жәнібек өлгеннен кейін олардың ұлдарының арасында күрес

болғаны белгілі», – деп жазған [МИКХ, 1969: 387]. Осы пікірде өзбек шығыстанушысы У. Хуршут да қайталайды [Хуршут, 1982: 43]. Кейбір қазақ тарихшылардың жұмыстарында Бұрындық пен Қасым басқарған топтар арасындағы күрес туралы пікір кездеседі [12, 14 б.; 28, 15 б.].

М.П. Вяткин, М.Қ. Әбусейітова Бұрындық ханның әлсіздігін көрсету үшін еңбектерінде одан әскери күші жағынан Қасым сұлтан ғана емес, оның ағасы Жаныш сұлтан да асып түсті деп жазған [9, 81 б.; 1, 81 б.].

Алайда бұл пікірлермен келісуге болмайды. Біріншіден, Бұрындық ханның елу мың әскері туралы мәліметтер оның билікке келген алғашқы жылдарына ғана қатысты [15, 21, 103 бб.]. Кейін оның едәуір үлкен әскері болғаны деректерде жазылған. Мәселен, Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани Бұрындық хан қазақ ұлыстарына әскер жинау туралы бұйрық жіберген кезде, сол уақытта төрт жүз мың жауынгерлер жиналатын деп көрсетеді [25, 92-93 б.]. Екіншіден, деректер Бұрындық пен Жәнібек ханның балалары арасындағы қарым-қатынас бейбіт болғанынан көрсетеді. Сөзсіз, әр адам тәрізді Бұрындық ханның жеке басында да кемшіліктер болған. Мысалы, Камал ад-Дин Бинаидың «Шайбани-наме» шығармасында Мұхаммед Шейбаниден жеңілгеннен кейін Жәнібектің ұлы Махмұд сұлтан Бұрындық ханның кемшіліктері туралы сөз қозғағаны айтылады [15, 106 б.]. Бұл кемшіліктер Бұрындық пен Жәнібек ұрпақтарының өзара сыйластығына кедергі болды, бірақ олардың қантөгіс теке-тіреске әкелмеді. Сонымен бірге Бұрындық пен Қасымның арасындағы жас айырмашылықты ескермеуге болмайды. Бұрындықтың жасы Қасымнан үлкен болған, ал Қасым үлкендерге құрмет көрсетуді талап ететін дала дәстүрін қатаң ұстанған [20, 166 б.].

Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидидегі» мына бір мәліметіне назар аударған жөн: «Қасым хан хан атағын алғанға дейін де оның күші ондай болды, тіпті ешкім Бұрындық ханды есіне алмады. Алайда, ол Бұрындық ханның қасында болғысы келмеді, өйткені егер ол қасында бола тұра оған лайықты құрмет көрсетпесе, онда [Бұрындық] оған қысым көрсететін еді, ал оны жақтырмауы оған құрмет білдіруге мүмкіндік бермеді. Сондықтан Қасым хан одан аулақ болды. Бұрындық Сарайшықта болған. Қасым хан одан аулақ болуды қалап, Моғұлстан шекарасына кетті» [16, 324 б.].

Мырза Мұхаммед Хайдардың бұл мәліметінен көрініп тұрғандай, Қасым сұлтан қарт билеушімен қарым-қатынасты бұзып, таққа таласуға бармады.

Қадырғали-бек Қосымұлының «Жылнамалар жинағы» шығармасында келтірген мәліметтер Жәнібек пен Бұрындықтың ұрпақтары арасында тығыз отбасылық байланыстар болғанын көрсетеді. Жәнібек ханның немересі, Жәдік-сұлтанның ұлы, болашақ қазақ ханы Шығайдың әйелі Бұрындық ханның Дадам-ханым атты қызы болса, Шығайдың ұлы Ондан-сұлтан Бұрындық ханның немересіне үйленген [7, 164 б.]. Бұл некелік қатынастар Бұрындық ханның Самарқандқа кеткеннен кейін орнаған еді.

Осы деректер Бұрындық пен Жәнібектің балаларының арасында болған «қантөгіс шайқастар» туралы пікірдің жаңсақ екенін көрсетеді. Мұндай

мәліметтер дереккөздерде кездеспейді. Бұрындық ханның биліктен айрылуының басты себебі оның Шибан әулеті мемлекетінің күрестегі сәтсіздіктер болды. Биліктің Орыс ханның бір ұрпағынан екіншісіне ауысуы бейбіт жолмен өтті.

3. Қасым ханның Қызылбас (Сефеві әулеті) мемлекетімен қарым-қатынасы.

Қасым хан билік құрған кезеңде Қазақ хандығы қазіргі Иран мен Әзербайжан жерінде құрылған Қызылбас (Сефеві әулеті) мемлекетімен соғысты. Бұл мәселе соңғы кезеңге дейін отандық тарихнамада мүлдем қарастырылған жоқ. Ал ондай мәліметтер Қызылбас мемлекетінде жазылған бірнеше ортағасырлық тарихи шығармаларда кездесетіні анықталды [4, 74-81].

Сондай дереккөздердің бірі «Алам ара-и Сефеві» атты авторы белгісіз шығарма. Бұл шығарма мәліметтеріне қарағанда, Қызылбас (Сефеві әулеті) мемлекетін құрушы Исмаил шах пен оның одақтасы Әмір Темір ұрпағы Захир ад-Дин Бабырдан ойсырай жеңілген соң, хижраның 919 жылы (1513/14 жж.) өзбек билеушілері Шибан әулетінің сыйлы сұлтандарының бірі Жәнібек сұлтан Қазақ хандығына жіберді. Жәнібек сұлтанды қазақтың бас ханы Қасым үлкен құрметпен қарсы алады. Өзбек сұлтаны одан Исмаил шахпен күресу үшін көмек сұрады.

Өзінің Түркістандағы иелігіне қауіп төніп тұрғандықтан, □Қасым хан Шибан ұрпақтарының ұсынысын қабылдады. Оның бұйрығы бойынша үлкен әскер жасақталып, Мавараннахрға өзбектерге көмекке аттанады. Әскерді басқару Қасым ханның ұлы Әбілқайыр ханға жүктеледі.

Қазақтың қалың қолына өзбек билеушісі Ұбайдаллах-хан әскері қосылады. Қазақ-өзбек бірлескен әскерінің жалпы санын автор 160 мың адам деп көрсетеді. Әскер санының асыра айтылуы да әбден мүмкін. Бірақ сол кез үшін үлкен әскер жиналғаны анық. Бұл әскер Жейхуннан (Әмудариядан) өтіп, Қызылбас мемлекеті әскерімен шайқасып, жеңіліс табады. Осы шайқаста Әбілқайыр ханда қаза табады.

Шайқастан соң Ұбайдаллах хан басқарған Шибан ұрпақтары Нақшбандийа тариқатының көрнекті өкілі Абд ар-Рахим қожаның араласуымен Исмаил-шахпен бейбіт келісімге келді [3, 114-121 бб.].

Қазақ хандығы мен Қызылбас (Сефевид) мемлекетінің қарым-қатынастары туралы тарихи деректердегі осындай мәлімет кездеседі.

4. Қасым ханның ұстанған тариқаты.

Қасым ханның өз ата-бабалары тәрізді ислам дінінің сунниттік ханафиттік мазхабын ұстағаны ешқандай дау тудырмайды. Алайда бұл кезеңде Орталық Азияда сопылақ үш тариқат – Қожа Ахмет Йасауи негізін салған Яссауия тариқаты, бұхаралық Баха-ад Дин Нақшбанди негізін салған нақшбандийа тариқаты және хорезмдік Нәжім-ад Дин Кубра негізін салған кубравийа тариқаттары – кең тарағаны белгілі. Қасым ханның осы үш тариқаттың қайсысын ұстанғанына көп назар аударылмайды.

Бұл сұраққа жауапты Мұхаммед Талибтың «Матлаб ат-талибин шығармасы береді. Онда 1512 жылы Захир ад-Дин Бабыр мен оны қолдаған

Исмаил-шах жеңіске жеткенде олардан қашқан Джуйбари шейхтарының бір өкілі Қожа Ислам (Ишан-и келан) «Қазақстанға» қашып, Қасым ханды паналағаны айтылады. Шығарма авторы Қасым ханның Қожа Исламның арғы бабасы Шейх Абу Бакр Садтың (970 ж. қайтыс болған) муридi болған дейді. Шейх Абу Бакр Садтың ұрпағы келгенін естіп, ол өзі Қожа Исламның алдынан шығып, құрметпен қарсы алды дейді Мұхаммед Талиб [2, 263-264 бб.; 22, 205-206 бб.]. Ал Джуйбари шейхтарының, оның ішінде Шейх Абу Бакр Садта, Нақшбандийа тариқатына (ходжаган-нақшбандийа, силсилат ал-хваджаган) жатқаны белгілі [8, 6-7]. Осыдан Қасым хан сопылық Нақшбандийа тариқатының жолын ұстанғанын көреміз.

3. Жандарбек Қасым ханның қателігі оның нақшбандийа ағымын қазақ даласына әкелуімен, таратылуымен байланысты деп жазады [Жандарбек, 2006: 228] Алайда бұл пікірмен келісе ала алмаймыз. Қасым ханның 500 жылдам астам уақыт қайтыс болған адамның мүридi саналғаны¹, сопылық ілімнің бұл тармағы қазақ даласына ерте келгенін көрсетеді. Қожа Ислам қайтар кезде онымен Шибан ұрпағы Ұбайдаллах ханға қызын ұзатып тұрып, Қасым ханның «Сіз біздің пірлеріміздің баласыз» дегені де осыны дәлелдей түседі [8, 6-7 бб.].

Нақшбандийа тариқаты сол кезеңде Орталық Азия аумағында ең көп тараған тариқат екенін деректерден көруге болады. Өзбек хандарының көбі сопылық ілімнің осы бағытын ұстанған. Мысалы, Мұхаммед Шейбаниден кейін өзбектерді билеген Ұбайдаллах хан Ахмад Джуйбаридың мүридi болған [8, 7 б.]. Тағы бір деректе Мұхаммед Шейбанидің өзіне XV ғасыр соңында Нақшбандийа шейхы «Багау-л-Хакк-ва-д-Дин» 366 атты шейхтарды исламды тарату үшін көмекке жібергені айтылады [21, 759 б.].

Қасым ханның атасы Барақ ханмен тығыз байланыста болған ноғайлардың билеушілері Едіге-би ұрпақтары мен Джуйбари шейхтары арасында туыстық қатынастар болғаны туралы да мәліметтер бар [21, 759-760 бб.].

Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» шығармасындағы мәліметіне қарағанда моғұлдардың бірнеше хандары (Уайс-хан, Сұлтан Махмуд-хан) Нақшбандийа шейхтарын муршид санаған. Мырза Мұхаммед Хайдардың өзі осы тариқаттың мүшесі болған [5].

Сонымен қатар, Қасым ханнан кейінгі кейбір қазақ хандары да Нақшбандийа тариқатының шейхтарын өздерінің муршидтары ретінде мойындаған. Мысалы, жазба деректерге сәйкес, Шығай хан мен оның балалары Тәуекел мен Есім осы тариқатты ұстанған. Кейін Тәуекел хан Йасауийа шейхтарының біріне мүрид болғаны да белгілі [Жандарбек, 2006: 229]. Деректер осы кезеңде Нақшбандийа мен Йасауийа жолдарын ұстағандардың арасында тату қатынас болғанын көрсетеді. Мысалы, Мырза Мұхаммед ХайдарНақшбандийа тариқатында болса, оның ғасы Моғұлстан ұлысбекы Сайид Мухаммад мырза Дуғлат Йасауийа тариқатында болған [5].

Сөзімізді қорытындалай келе, қазақ хандары ішіндегі ең ірі де бірегей тұлға Қасым ханның өмірі мен тарихи қызметін зерттеу әлі жалғасын табу

¹ Н. Нұртазинаның жұмысында Қасым ханның ұстазы XVI ғ. өмір сүрген Қожа Сад деп қате көрсетіледі [17, 252 б.]. Бұл Қожа Сад Қожа Исламның баласы, оның қызметі XVI ғ. екінші жартысына тұс келді.

керек дегіміз келеді. Ұлы тұлғаның тек саяси қызметі ғана зерттелмеу керек, оның адами бейнесін де қалыптастыру маңызды тарихи мәселе болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Абусейтова М. Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы, 1998. – 268 с.
2. Абусейтова М. Х., Баранова Ю. Г. Письменные памятники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии XIII-XVIII вв.: (биобиблиографические обзоры). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с. + вкл. 4 с. – (Казахстанские востоковедные исследования).
3. Атыгаев Н.А. Участие казахов в борьбе узбеков с Сефевидским (Кызылбашским) государством в первой половине XVI в. // Отан тарихы. 2002, № 2. - С. 114-121
4. Атыгаев Н.А. Казахское ханство в потоке истории. – Алматы: «Издательство Елтаным», 2015. – 384 с
5. Атыгаев Н.А. Исламизация могулов (по сведениям «Тарих-и Рашиди» Мирза Мухаммад Хайдара) / Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 2(10), 2017. / <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/683>
6. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – Москва, 1965. – 195 с.
7. Березин И. Библиотека восточных историков. Сборник летописей. Татарский текст с русским предисловием. Т. II. Ч. I. – Казань: Типография Губернского Правления, 1854. Т. II. Ч. 1. – 174 с.
8. Вяткин В.Л. Шейхи Джуйбари. 1. Ходжа Ислам / В.Л. Вяткин // Сборник «Икд-ал-джуман» В.В. Бартольд. – Ташкент, 1927. – С.3-19.
9. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. Том первый. С древнейших времен до 1870 г. – Москва, 1941. – 368 с.
10. Жандарбек З. Иасауи жолы және Қазақ қауымы. «Ел-Шежіре». – Алматы. 2006. – 256 б.
11. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 2. – Алматы: «Атамұра», 1997. – 624 с., ил.
12. Кәрібаев Б.Б. XV ғ. соңы - XVI ғ. I ширегіндегі Қазақ хандығының Мауреннахр мемлекеттерімен саяси қарым-қатынасы. Канд. дисс. автореф. – Алматы, 1996. – 24 б.
13. Кенжеахмет Н. Керей мен Жәнібек хандар Мин Шилу (Мин патшалығының нақты хроникалық жазбалары) деректемелерінде / 2015 жылдың 17-18 наурызында Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына арналған Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында өткен «Қазақ хандығы – Мәңгілік ел идеясы: тарихи тағдыры мен тағылымы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Шымкент, 2015. – 508 б.
14. Материалы по истории Казахстана и Центральной Азии. Выпуск 1. Составитель и ответственный редактор Ж.М. Тулибаева. – Астана: Национальный центр археологии и источниковедения, 2011. – 276 с.

15. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Изд-во Академии Наук КазССР, 1969. – 652 с.
16. Мухаммад Хайдар Дулати. «Тарих-и Рашиди». Перевод с персидского языка А. Урунбаева, Р. П. Джалиловой, Л. М. Епифановой, 2-е издание дополненное. – Алматы: Санат, 1999. – 656 с.
17. Нуртазина Н.Д. Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции. (VIII-нач.XIX вв.) – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 354 с.
18. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – 288 с.
19. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений собранные В. Г. Тизенгаузеном и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. – Москва-Ленинград, 1941. – 308 с.
20. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с.
21. Трепавлов В. В. История Ногайской Орды. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Квадрига, 2020. – 1040 с.
22. Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории Казахстана XIII–XIX. – Астана. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2006. – 256 с.
23. Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А. С. и Байгалиев Б. – Алма-Ата, 1993, – 224 с.
24. Ускенбай К.З. Восточный Дашт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи / Ред. И.М. Миргалеев. – Казань: Изд-во «Фэн» АН РТ, 2013. – 289 с.
25. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. Под редакцией А.К. Арендса. – Москва: Восточная литература, 1976. – 106 с.
26. Хуршут Э.У. «Тарих-и Кипчак-хани» – важный источник по истории Средней Азии и Северного Афганистана XVI-XVII вв. Диссертация. – Ташкент, 1982.
27. Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. – Оренбург, 1924. – 294 с.
28. Шамшиденова Ф.М. Сібір жылнамалары бойынша XVI-XVII ғғ. Қазақстан тарихының проблемалары. Канд. дисс. автореф. – Алматы, 1997. – 26 б.

СУЛТАН КАРАТАЙ

Ахмет Аккали

доктор исторических наук

Атырауский университет имени Х.Досмухамедова (Казахстан)

История любого народа – это всегда в первую очередь интересные личности. Не является исключением в этом отношении и история казахского народа, богатая именами политических лидеров, батыров, деятелей культуры. Одним из таких является султан Каратай, сын хана Младшего жуза Нуралы, судьба которого сравнима с судьбой лидера французской Фронды принца Конде. Всю свою жизнь борющийся за ханскую власть, он не был официально признан в этом качестве российскими властями. Возможно, в этом причина того, что этот человек часто остается теперь за пределами страниц наших учебников.

Однако его фактическое влияние среди родов Младшего жуза в начале XIX века было исключительно велико. Каратай был вторым сыном хана Нуралы, внуком знаменитого Абулхаира. Его матерью была калмычка Рысс л[1]. Еще при жизни отца он уже управлял родами племенного объединения лбайулы. К концу XVIII века известный личной храбростью и сильным характером Каратай стал наиболее авторитетной фигурой среди султанов дома Абулхаира. В 1797г. батыром Срымом Датовым был убит хан Есим. По логике вещей именно Каратаю предстояло занять его место, тем более что ханская власть нуждалась к укреплению. С просьбой об избрании Каратая к Оренбургскому военному губернатору О.А. Игельstromу обратились султаны, бии и батыры из Младшего жуза [2]. Однако случилось иначе. Царские власти меньше всего хотели возрождения казахской государственности в степи, поэтому новым ханом стал его дядя Айшуак [3]. По оценке современников, это была «величайшая ошибка, имевшая долготлетние последствия». Исследователь Л.Мейер описывает Айшуака на момент избрания ханом, как старого, слабого, почти совершенно глухого, без энергии и воли человека [4].

Каратай не примирился с этим назначением. Он разъезжал по аулам и агитировал за выборы нового хана. Влияние Каратая распространилось почти на всех казахов, кочевавших по берегу Урала, от реки Илек до Гурьева, по Эмбе и Сагызу [5]. Однако поначалу недовольство Каратая назначением ханом Айшуака не выражалось в открытых выступлениях против местной царской администрации. Даже, наоборот, стремясь заручиться ее поддержкой, Каратай выдавал беглецов, просил построить дом вблизи Урала, «где будет заниматься хлебопашеством и сенокосением». Однако это не помогло. Новый удар по самолюбию султана последовал в 1805 г. После смерти хана Айшуака, Оренбургский губернатор князь Г.С. Волконский вновь обошел Каратая, предпочтя ему сына Айшуака Жанторе. Интересной была процедура его избрания. Понимая, что большинство влиятельных родоправителей может пойти вслед за Каратаем, Г.С.Волконский, по существу, спешно инсценировал

этот древний ритуал. Для этого под Оренбургом были собраны жившие здесь байгуши, «отдавшие голоса» за Жанторе. Эти «выборы» постарались скрыть от Каратая, который, однако, узнал всю правду, приехав для этого в Оренбург. Для примирения сторон Г.С.Волконский пригласил Каратая и Жанторе к себе на обед, где предложил султану выпить за здоровье русского императора Александра и нового хана Младшего жуза Жанторе. Султан ответил, что пьет за здоровье государя, но не за здоровье нового хана, который, по его мнению, будет хорошим ханом в сундуке, но не в степи.

Это было объявлением войны, в которой союзником Каратая был другой дядя Жанторе – председатель ханского совета султан Урман. Каратай вел в степи усиленную агитацию против Жанторе. На его сторону вскоре перешли многие из влиятельных старшин племенного объединения жетыру. Авторитет хана, а вместе с ним и царских властей, в степи упал до минимума. В 1806 г. съезд старшин Младшего жуза на реке Хобде упразднил хана Жанторе, передав этот титул и власть Каратаю [6].

Однако официальный Оренбург не признал эти выборы. Тогда Каратай решил добиться признания силой. В течение лета 1806 г. он собрал войско из нескольких тысяч джигитов, с которым захватывал караванные пути. В том же году он остановил караван, шедший из Хивы в Оренбург [7]. Князь Волконский пытался захватить Каратая хитростью, заманив его на укрепленную линию, но это ему не удалось. Был захвачен лишь брат Каратая Узбек-Али. В ответ по призыву Каратая отряды казахов произвели набеги по всей Нижнеуральской линии. Летом 1807 г. ряд султанов, старшин и биев из племен байулы и жетыру послали Волконскому письмо с просьбой утвердить Каратая ханом, но согласия вновь не последовало [8]. Зато Каратай добился освобождения брата и захватил ещё один караван, на этот раз бухарский [9].

Тогда движение Каратая было решено подавить силой. В 1807 г. в степь отправился отряд из 1067 человек с 3-мя орудиями, под командованием генерал-майора Герценберга и уральского атамана Бородина [10]. Когда отряд дошел до Уила, Каратай освободил караван и откочевал в глубь степи. Вскоре он возобновил набеги, пытаясь привлечь к себе и некоторую часть Букеевской орды путем нападения на ставку хана Букея в 1808 г. Волнения перекинулись на Средний жуз. В 1809 г. в степь отправился новый отряд под командованием Бородина, дошедший до Эмбы, но не добившийся результатов [11]. Зато, как пишет Мейер, на обратном пути этот отряд «грабил и опустошал ужасно». Набеги сторонников Каратая ещё более усилились, наконец 2 ноября 1809 г. Каратай и Урман напали на ставку Жанторе и убили его [12].

Это убийство, по видимому, оттолкнуло от Каратая часть сторонников. Некоторые из них, в том числе султан Урман, были арестованы [13]. Позже этот союзник Каратая умрет, находясь под арестом в Петербурге. Сам Каратай в 1810 г. удалился в Хиву, где пробыл до 1812 г. Младшим жузом в этот период управлял ханский совет. Лишь в 1812 г. новым ханом, одобренным Оренбургом, стал другой сын Айшуака – Сергазы (Ширгазы). Большинство потомков Абулхайра в тот период по-прежнему поддерживало Каратая [14].

Однако Г.С.Волконский решил пышно отпраздновать избрание сразу двух новых ханов – во Внутренней орде Букея и в Зауральской орде Сергазы. Празднование обошлось казне в огромную по тем временам сумму – 20 тысяч рублей. Султан Каратай так прокомментировал это событие: «Князь только даром тратит деньги государя. Он делает ханов, из которых (Букей) будет жить постоянно в России, а другой (Сергазы) никуда не годится» [15].

Набеги вновь обойденного вниманием Каратая возобновились. Военные экспедиции Донскова в 1812 г, и Епанешникова в 1814 г. привели к разгрому преданных Каратаю аулов, но его самого захватить так и не смогли [16]. Тогда Г.С.Волконский решил поладить миром. В 1814 г. состоялось его свидание с Каратаем в Оренбурге, на котором непризнанный хан подписал особое обязательство оставаться верным России и получил от князя подарки [17]. Однако от мысли о ханском столе Каратай не отказался.

Чтобы как-то заменить ему ханскую власть в Младшем жузе и в месте с тем отдалить от казахских аулов, Г.С.Волконский предложил Каратаю стать ханом туркмен [18]. Здесь ханский стол освободился после смерти в 1815 г. хана Пирали. Однако Каратай не был обыкновенным честолюбцем. Более того, проявив благородство, он настоял, чтобы власть над туркменами была передана детям умершего.

На Сырдарье в этот период все более усиливается влияние внука хивинского хана Каипа, султана Арынгазы. Именно он и Каратай, а не официальный хан Зауральской орды Сергазы, стали настоящими лидерами Младшего жуза [19]. Не признавая над собой ханскую власть, они не хотят дальше обострять отношения с Оренбургом. Поэтому Арынгазы предложил свои услуги царскому правительству в деле сопровождения торговых караванов из России в Бухару. Тоже самое сделал Каратай по отношению к караванам в Хиву. Это позволило активизировать заглохшую было торговлю.

Однако в 1816 г. под Оренбургом происходит прямое вооруженное столкновение между ханом Сергазы, поддерживаемым русским военным отрядом и отрядами Каратая и Арынгазы [20]. Каратай призвал всех казахов в возрасте с 7-ми до 70 лет восстать против Сергазы. Только в 1817 г. нововму оренбургскому губернатору П.К. Эссену удалось примирить Каратая и Сергазы [21]. В конце своей жизни усталый Каратай отказывается от борьбы, тем более что исчезла сама ее причина. В 1824 г. ханская власть в Младшем жузе была упразднена. Каратай стал султаном – правителем Западной части Зауральской орды, в которой проживали казахи племен байулы и жетыру [22]. В 20-х годах XIX в. (1819-1825 г.г.) род табын, стесненный в своих кочевьях учреждением Ново-Илецкой линии, превратился в центр широкого движения казахов против царских властей [23]. Это движение возглавил старшина рода табын Жоламан Тленшин. К подавлению движения власти привлекли наиболее авторитетного из султанов-правителей в те годы – Каратая [24]. В 1825 г. он принял участие в походе казачьего отряда из 500 человек под командованием подполковника Щапов [25]. Через год Каратай умирает, на два года пережив ту самую ханскую власть, за обладание которой он всю жизнь боролся.

Список литературы

- 1.Ерофеева В.И. Казахские ханы XVIII-середины XIX в. // Восток, 1997 №3, -С 23.
2. Государственный архив Оренбургской области (далее ГАОО) Ф 6.Оп.10. Д 12. Л 12.
- 3.Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 г.г.)-Кзыл-Орда: Общество изучения Казахстана, 1926. – С.13.
4. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб, 1868. - С.23.
5. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 г.г.)-Кзыл-Орда: Общество изучения Казахстана, 1926. – С.64.
6. Государственный Архив Оренбургской области (далее ГАОО). Ф 6. Оп 10. Д 297. Л 120-123.
7. Юдин П. Султан Каратай // Тургайская областная ведомость – Оренбург, 1894 №39.
8. ГАОО Ф 6. Оп10. Д 243 а. Л 16-17.
9. Труды Оренбургской ученой архивной комиссии (под редакцией К.С. Шукшанцева). Вып VI. Оренбург, 1900. -СС 62-63.
10. ГАОО Ф 6. Оп 10. Д 651. Л 16-18.
11. Там же Ф 6. Оп 10. Д 297. Л 167-169.
12. Там же Ф 6. Оп 1. Д 3. Л 15.
13. Там же Ф 6. Оп 1. Д 716. Л 259.
- 14.Там же Ф 6. Оп 10. Д 297. Л 45.
15. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб, 1868. - С.23.
- 16.ГАОО Ф 6. Оп 18. Д 14 а. Л 269-270.
17. Там же Ф 6. Оп 3. Д 4474. Л 7.
18. Центральный Государственный архив Республики Казахстана (далее ЦГА РК) Ф 4. Оп 1. Д 237. Л151-152.
19. ГАОО Ф 6. Оп 10. Д 297. Л 564-565.
20. Там же Ф 6. Оп 10. Д 2335. Л 20.
- 21.Там же Ф 6. Оп 10. Д 1558 ЛЛ 23-24.
22. ЦГА РК Ф 4. Оп 1. Д 274 . Л 74-75.
23. ГАОО Ф 6. Оп 10. Д 3188. Л 34.
24. Там же Ф 6. Оп 10. Д 3188. Л 23-24
25. Там же Ф 6. Оп 10. Д 3188. Л 34.

ОТЫРАРДАН ТАБЫЛҒАН ТУДЫҢ БАСЫ

Байсариева Гүлжанат

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі

Отырар мемлекеттік археологиялық қорығының Шәуілдірдегі музей ғимаратының көрме залында аса сирек зат қойылған. Бұл қоладан құйып жасаған ту сабының басына киілетін шошақтың жоғары бөлігі. Оны атақты ғалым Кемел Ақышев басқарған археологиялық кешенді экспедицияның Отырардың үстінгі қабаттарын қазған кезде тапқан [Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981, с. 169, рис. 92] және ту басы Отырарға арналған кітапта жарияланған (Сур. 1). Аталған ту басы бөлігі Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейінде сақтаулы тұр.


Ту басы бөлігінің фрагменті конус іспетті пластина үлгісінде. Төменгі сынған жағы ені 11 см болып жоғары қарай қырлары екі рет томпайып сыртқа иіліп барып басы сүйірлене түседі. Фрагменттің биіктігі 13 см. Ортасы арқа үлгісіндей жасалып оның ішінде араб әрпіндегі жазу болғаны анық (Сур. 2). Алғашқы зерттеушілер ондағы жазу оқылмайды деп көрсеткен болатын. Археолог М. Қожа Петербург (бұрынғы Ленинград) қаласындағы Эрмитажда жұмыс жасайтын белгілі ғалым А.А. Ивановқа Отырардан табылған ту бөлігінде сақталған жазуларды ажыратып беруді өтінгенде шығыстанушы жазудың шағын ғана жұрнағы сақталғанын бірақ ең жоғары бөлігінде «икбаль» - «бақыт» сөзі ғана жобалап оқылатынын көрсеткен болатын. Осыған қарап шығыстанушы бұл діни тудың басы болмаса керек деп жазған екен өз хатында.

Ту мемлекеттің бір нышаны, биліктің атрибуты екені белгілі. Ортағасырда ту, байрақтар - хандар мен сұлтандардың, әскербасылардың белгісі болды. Қазақ даласында ту ұстаған аттылардың суреттері Түркі қағанаты құрылғаннан (6 ғасырдан) бастап кең тарай бастайды. Байырғы түркілердің алғашқы басшысында бөрі бейнелі ту болғаны жазба деректерде айтылады. Жамбыл Жабаевтың көрсетуінше деп жазады академик Ә.Марғұлан осындай бөрібасты тулар шапыраштыдан шыққан Сұрашы мен Бұғыбай батырларында да болған екен. Ұлы ақынның жырлауынша:

«Ақ найзаның басына
Желекті ту байладым».

Бөрібасты тулар қазақта ХІХ ғ. дейін сақталғанын бір айғағы, жаңғырығы ретінде әйгілі Сүйінбай Аронұлы жырының мына жолдар:

«Бөрілі басы – ұраным,
Бөрілі – менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым».
[6, 308-309 бб.]



Сурет 1. Ту басы бөлігінің фрагментінің сызбасы. К. Ақышев, К.Байпақов, Л.Ерзаковичтердің 1981 ж. кітабынан алынды.



Сурет 2. Ту басы бөлігінің фрагментінің суреті.

Алайда қазақ даласына ислам діні тараған соң көнетүркілік үлгідегі тулар күрт азая түскен. Қазақ жеріндегі ең ескі ту басы деп Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде тұрған ту басын айтуға болады. Бұл ту басының ұзындығы бір метр шамасында. Бұл ту басы діни ғимарат – ханака туы. Шығыстанушы А.А. Иванов пікірі бойынша Отырардағы ту басы бөлігі діни ту бөлігі емес. Онда Отырардан табылған ту басы бөлігі әскери тудың элементі болуы ғажап емес. Қазақ хандарының тулары мен байрақары туралы шығыс

деректерінде бірнеше мәрте айтылады. Парсы тіліндегі Алам-ара-йи Шах Исмаил шығармасында қазақ билеушісі Қасым ханның баласы Әбілқайырдың иран патшасымен болған ұрыста өз туының қасында болғаны айтылады [2, 5-13 бб.]. 1634-1641 жылдары жазылған «Бахр ал-асрар» атты шығарма авторы Махмуда ибн Вали қазақтарда тоғыз жалау мен ту болғанын жазылады [7, 331 б.]. XVII ғ. авторы Шах Махмуд Чорастың еңбегінен Хақназар басқарған қазақ әскерінде «Жошы ұрпақтарының жеті байрағы мен туы» туралы хабар кездеседі [7, 380 б.]. Орынбор экспедиция басшысы И. Кирилловтың 1734 ж. 1 мамырдағы құжатында Орта жүз ханының туы - «ханское знамя» аталады [4, 108 б.].

Қазақ даласында болып 1809 жылы қазақтар туралы алғаш монографиялық еңбек жазған орыс зерттеушісі Я.П.Гавердовский (1770/73-1812) өз шығармасында ту туралы құнды ақпарлар берген. Онда қазақтың әр бір руының ерекше түсті жалауы болғаны, соғыс барысында ту қасындағылар ерлікпен соғысқаны, ал одан көз жазып қалғанда сарбаздар жеңілдік деп санап тарқап кету жағдайлар болатынын, әскери қақтығыста туды ұстап отырғанның ерлігі мен басқару өнері арқасында саны көп қарсыластарын жеңу мүмкіншілігі зор екенін жазады. Сұлтан не рубасы үйінің қасына туды тіктеп көтеріп қойса соғыс белгісі ретінде қаруы бар барлық ауылдастары, одақтастары түгел жиналатынын көрсетеді. Соғыс алдында әскербасымен қатар ту ұсташы сайланады екен. Осы ақпарлар тудың аса маңызды рөл атқарғанын, ол сарбаздарды рухтандырушы, біріктіруші болған көрсетіп тұр [3, 433-434 бб.]. Қазақ тулары туралы біртоп ақпарлар Әнуарбек Жұмабековтың мақаласында жинақталған [8].

Отырардан табылған ту басы фрагменті кейінгі ортағасырлық археологиялық қабатынан табылғанынын және жасалу ерекшелігін ескере отырып кейінгі 16-17 ғасырларда жатқызуға болады. Кемел Ақышевтың басшылығымен жүргізілген археологиялық зерттеулер Отырарда бүкіл қалалық өрт болғанын анықтады. Үлкен өрт іздерін қалашықтың II қабат деңгейіндегі барлық қазба орындарынан байқалған. Стратиграфиялық және нумизматикалық деректер бұл өрттің XVII ғ. аяғында болғандығын көрсетіп тұр. Н.С. Лыкошин жергілікті халық Отырарда тіршіліктің тоқтауын қалмақ шапқыншылығы кезіндегі өртке байланысты деп санайтынын жазған болатын. Ол жазып алған аңызда мынадай ақпар бар: «Ескі Ташкентті басып алған соң, Аляку Отырар жеріне келеді. Отырарлықтар бір жарым жылдай ерлікпен қарсылық көрсетті. Ешбір нәтиже шығара алмаған Аляку күзге таман Ескі Ташкентке кері шегінеді де қыс бойы көп әскермен Дариядан Шыршыққа (Иіржардан Шыназға) дейін арық қазады. Көп су таситын көктем кезінде арықтың басын ашып, Шыршық арқылы Отырар жеріне су жібереді де әскерімен Отырарға бет алады. Су тасқынынан аман қалғандардың бір бөлігін Аляку өлтіреді, одан қалғандарын тұтқынға айдап әкетеді» [5].

Жазба деректер Қазақстанның оңтүстігі 1681-1682 жж. Галдан бастаған жоңғарлардың шапқыншылығына ұшырағанын көрсетті. Отырардан табылған ту басы бөлігі қаланың жауға ерлікпен қарсыласқанын бір айғағы болса керек.

Ол қаланы басқарған не қазақ сұлтанының не әскербасының туының бізге жеткен бір бөлігі деп болжам айтуға негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар. – Алма-Ата: Наука, 1981.
2. Атыгаев Н.А., Джандосова З.А. Поход Абу-л-Хайра, сына Касим-хана, против Сефевидов // Отан тарихы. 2014. № 2. С.5-13.
3. ИКРИ. Т.5. – Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.5. Алматы, 2007. С. 433-434.
4. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1961.
5. Қожа М.Б. Ортағасырлық Отырар тарихы. Алматы, 2017.
6. Марғұлан Ә. Шығармалары. 13 том. Алматы, 2012. 308-309 бб.
7. Материалы по истории казахских ханств XV - XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских источников / сост. С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1969.
8. <https://e-history.kz/kz/news/show/2135/>

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНІҢ ЖЕРЛЕУ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елеуов Мадияр

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, т.ғ.д., профессор
(Қазақстан, Алматы қ.)**

Есен Сырым

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, PhD докторант
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.)**

Сарыарқа даласы Қазақстан аумағындағы Алтын Орда тарихына қатысты тарихи ескерткіштердің шоғыры жөнінде аса маңызды саналатын тарихи-мәдени кеңістіктердің бірі. Халқы Ұлы дала деп аңыз тарататын бұл тарихи өлкенің ескіден қалған естеліктері мен ескерткіштері жетерлік.

Ұсынылып отырған мақалада Сарыарқаның солтүстік аумақтарын қамтитын Ертіс, Есіл мен Нұра өзендері аңғарларында орналасқан Жошы Ұлысы кезеңіне жататын ортағасырлық жерлеу ескерткіштерінің қысқаша зерттелу тарихы мен авторлардың әр жылдарда жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының қортындылары берілген.

Өңірдегі Жошы Ұлысы заманындағы тарихи ескерткіштері жайлы ғылыми негіздегі мәліметтер Г.Ф. Миллердің, П.С. Палластың, Н.П. Рычковтың, И.В.Шангинаның еңбектерінде және қолжазбаларында бар. Ұлытаудың отағасырлық тарихи ескерткіштеріне қатысты бірқатар қызықты мәліметтерді

академик Қ. И. Сәтпаевтың мақалаларынан да кездестіруге болады. Сонымен қатар 1946 жылы құрылып, Ә.Х. Марғұлан басшылық жасаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жүргізген жұмыстарының маңызы өте жоғары. Аталған экспедицияның нәтижелі жұмыстары барысында өңірдің ортағасырлық тарихы мен архитектуралық ескерткіштерінде кең көлемді зерттеулер жүргізіле бастады. 1946 жылы архитектор Г.Г. Герасимовтың басқаруымен Алаша, Жошы хан кесенелерінде қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды [1]. Экспедиция жұмысының алғашқы нәтижелері 1946 жылдың өзінде Ә.Х. Марғұланның «Орталық Қазақстандағы археологиялық зерттеулер» атты мақаласында жарық көрді [2].

Сарыарқаның шығыс бөлігін камтитын Ертіс өзенінің алқабында бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілген. Алтын Орда кезеңіне жататын алғашқы деректер XVII ғасырға жатады. 1616 жылмен мерзімделетін мұрағат құжатында қазіргі Павлодардың оңтүстік жағында орналасқан Тұзды (Ямыш) өзені аумағындағы «тас мешіттер» шатқалы туралы айтылады [3]. 1654 ж. дәл осы өңірде болған орыс елшісі Ф. Байков жоңғарлар Қабал-Ғасұн деп атайтын күйдірілген кірпіштен салынған құрылыс туралы жазады [4]. Қазақ даласының әртүрлі аудандарындағы «мешіттердің» олардың ішінде Қабал-Ғасұн да бар орналасуы Ремезовтың картасында тіркелген.

Солтүстік Ертіс бойындағы көне архитектуралық құрылыстарды ғылыми түрде тіркеу ісі XVIII ғасырда Г.Ф. Миллердің экспедициясы кезінде жасалады. Суретші И. Люрсениус бастаған қызметкерлер Қалбасун мұнарасының қираған орнында болып, сипаттамасын жасаған [5]. Кеңестік кезеңге дейінгі деректерде Ертіс өзенінің сол жақ алқабында Қалбасун мұнарасынан басқа күйдірілген кірпіштен салынған басқа да құрылыстар туралы ақпараттар кездеседі [6].

Аймақтың ортағасырлық ескерткіштерін археологиялық тұрғыдан мақсатты зерттеу өткен ғасырдың 50-60-шы жылдары қарқын алады. Көпшілік ескерткіштер қимақ-қыпшақ дәуірінің мұралары ретінде есепке алынған. Бірқатар Алтын Орда кезеңінің ескерткіштері де қоса зерттелген. 90-шы жылдардың соңындағы зерттеу нысандары көбіне жалғыз жерлеу кешендері және кездейсоқ табылымдар болып келеді.

1960-1961 жж. Ф.Х. Арсланова Ертіс өзенінің сол жақ алқабында Павлодардан 110 шақырым солтүстікке қарай 28 қорғаннан тұратын Жданов қорымында зерттеу жүргізген. Зерттелген жерлеу орындары қыпшақтарға тиесілі X-XII ғғ. жататын ескерткіш нысаны ретінде мерзімделеді [7].

Сарыарқа тарихын зерттеуші М.К. Қадырбаев Тасмола IV қорымындағы жерлеу орындарын зерттей отырып, табылған тиындар бойынша XIV ғасырдың ортасы және екінші жартысына тиесілі ескерткіш деп мерзімдеп, оны да ортағасырлық қыпшақтардың мәдениетімен байланыстырды [8]. М.К. Қадырбаев қазба жұмыстарын жүргізген Ақсу қаласы маңындағы Ақмола қорымындағы ортағасырлық жерлеу топтамасы да алтынордалық кезеңге жатады [9].

80-ші жылдардың аяғынан Ертістің солтүстік аумақтарында, Шідерті өзенінің алқабында павлодарлық археолог В.К. Мерц зерттеу жүргізіп келеді.

Зерттелген ортағасырлық нысандардың ішінде қазба авторы XIII ғ. аяғы – XIV ғасырмен мерзімдеген Шідерті 3 тұрағының жанындағы қорған [10] және X-XIV ғғ. жатқызылған Шідерті 18 қорымындағы 2 қорғандағы жерлеу орындары бар [11].

2003 жылдан бастап Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты және Павлодар қаласының жоғарғы оқу орындары бірлесіп XIII-XV ескерткіштерін мақсатты зерттеулер жүргізе бастайды. Сілеті өзенінің бойында барлау жұмыстары кезінде күйдірілген кірпіштен салынған кесенелердің қалдықтары, Сілеті шағын ауданы ескерткіштерінің ішінде Мортқық шатқалының кесенесі, Ақмола және Павлодар облыстарының шекарасындағы Изобильный және Қызылоба ауылдарының арасындағы Байнияз және Қызылоба шатқалдарында орналасқан қоныс және кесене қалдықтары анықталып, зерттеле бастады. Күйдірілген кірпіштен салынған тағы бір кесененің қалдықтары Павлодар облысы Ақтоғай ауданындағы Жантай шатқалында Жалаулы көлінің маңында табылған.

2003-2005 жж. Павлодар облысы Май ауданында Ертіс өзенінің сол жақ жағалауындағы Қалбасун мұнарасы археологиялық кешенінде археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында алтынордалық кезеңнің екі ғұрыптық-мемориалдық құрылысының қалдықтары анықталып, зерттелді [12]. Табылған архитектуралық зер элементтері бұл ескерткішті XIV ғ. екінші жартысы – XV ғасырмен мерзімдеуге мүмкіндік береді.

Екінші нысан ормен қоршалған ортағасырлық кесененің құландысы. Ескерткіш XIV-XV ғғ. сағаналық жерлеу орындарына өте ұқсас келеді. Құрылыс қалдықтары Жайық қалашығының қорымындағы жерлеу орындарының материалдарында кездеседі [13].

2007 жылдан Әуликөлде «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қазба барысында бірнеше мыңдаған артефактілерден тұратын топтамалар жинақталған. Табылымдар арасында саны жағынан қыш кесектер мен бұйымдарды ерекшелеп айтуға болады. Ыдыс бөліктерінде өрнектері аз, толқынды көлденең сызықтар түрінде ыдыстың жоғарғы және орта жағы өрнектелді [14]. Бұған ұқсас қыш ыдыстар Қазақстанның далалық аймақтарында, Сарайшық және Жайық қалашық кешендерінде табылған [15]. Бұл ескерткіштегі зерттеу жалпы Ертіс алқабының ортағасырлық көшпелілерінің жерлеу ғұрпы, өнері және архитектурасы жайлы жаңа деректер шоғырын құрайды деуге болады. Мұнда ерте мұсылмандық үйінді оба үлгісіндегі жерлеулер және шикі кірпіштен өрілген қоршаулар түріндегі жерлеу орындары да кездеседі. Әшекей заттардың, қару-жарақтың, тұрмыстық заттардың және ат әбзелдерінің қызықты топтамалары жинақталды.

Соңғы уақыттардағы жаңа археологиялық зерттеулер Есіл мен Нұра өзені алқаптарында жүргізілуде. Қарастырылып отырған дәуірдің маңызды ескерткіші – Нұр-Сұлтан қаласының оңтүстік шет жағында, Есіл өзенінің сол жақ жағалауындағы Бұзықты көлінің шығысында орналасқан Бозоқ қорымы болып табылады [16].

Бұл ескерткіш туралы алғашқы мәліметтер 1816 жылғы орыс экспедициясының мүшесі И.П. Шангиннің жазбаларында кездеседі. Ескерткішке қатысты Ақмола облыстық музейінің директоры Л.Ф. Семеновтың қарағандығы туралы мәліметтер бар. Алғашқы картографиялық ізденістер Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы, ал толыққанды зерттеулер 1998 жылы К.А. Ақышевтің, М.К. Хабдулинаның жетекшілігімен жүргізілген [17].

VIII ғасырдан XVI ғасырға дейінгі ауқымды кезеңмен мерзімделетін қалашықты қоса алғандағы нысандағы жұмыстар 20 жылдан астам уақыт жүргізіліп келді. Қазба жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде жеркепе түріндегі тұрғын үй, күйдірілген және шикі кірпіштен салынған кесене, кірпіш күйдіретін пештер, сонымен қатар 60-тан астам жерлеу орындары анықталған. Ескерткіш аумағында XIII- XV ғғ жататын бірнеше жерлеу орындары анықталып, ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Нұра-Есілдің ғұрыптық-мемориалдық ескерткіштерінің бірі Қорғалжын ауылына жақын орналасқан белгілі Ботағай кесенесі болып табылады. Ескерткіш туралы алғашқы жазба мәліметтер XVIII ғасырдың ортасынан бастап кездеседі. П.И. Рычков Орынбор экспедициясының кеңсе қызметінде жүріп, зерттеушілердің жазбаларына сүйене отырып аталған ескерткіш жайлы: «Татағай, Қорғалжын көліне құятын Нұра өзені бойындағы Қырғыз Қайсақ Орта Ордасындағы ұлы қала қалдықтары, сол өзен сағасынан отыз верст қашықтықта. Сипаттары бойынша бұл қала он верст көлемінде болған және мұнда қамал тәріздес төртбұрышты құрылыстар көрініп тұр, олар үш сажен аумаққа дейін таралған. Бұл жерде бір мешіт бар және де құлап қалған тас қамалдар өте көп. Қырғыздар мұнда ертеректе Ноғайлар тұрды деп айтады» деген ақпарат берген.

Ескерткіш туралы 1816 жылы И.П. Шангин: «Ол кірпіштен салынған; оның ішкі қабырғалары әк (алебастр сияқты) сылақпен сыланған бағаналар бар, олар төрт бұрышты қарағай сырықтармен байланыстырылған, көлденең екі бұрыштама берік болуы үшін күйдірілген және қамыспен қапталған» деп жазады. Ескерткішке қатысты Ш. Уәлихановтың, А. Шахматовтың, топограф Козловтың да деректері бар [18]. Ескерткіш аумағында ғылыми зерттеу жұмыстары 1974 жылы академик Ә.Х. Марғұланның жетекшілігімен жүргізілді. Нәтижесінде кесене құрылысы аршылып, өсімдік түріндегі өрнегі бар қаптама кірпіштер, геометриялық өрнегі бар тақталардың сынықтары және сұлтан таңбасы бар күйдірілген кірпіштің сынығы табылған [19].

2000 жылы Бытығай кесенесінің іргесіндегі қосымша құрылыстарды анықтау мақсатында М. Елеуовтың жетекшілігімен қазба жұмыстары жүргізіліп шаруашылық алаңы мен бірнеше жерлеу орындарының қалдығын анықтаған [20].

2007 жылы архитектор М. Сембиннің жетекшілігімен кесене құрылысы заманауи құрылыс материалдарымен толықтай қалпына келтірілген [21].

2009 - 2010 жылдары Есіл археологиялық экспедициясының жұмыстары барысында Қорғалжын ауылынан 20 шақырым жердегі Жәнібек-Шалқар

көлінің жағасындағы кесененің қираған үйінділері зерттелді. Зерттеу барысында порталды-күмбезді кесененің іргесі мен қабырғалары ашылған [22]. 2020 жылғы археологиялық зерттеулер барысында кесенеің жерлеу орындары зерттеліп, нысанның XV ғасырға тиесілі екендігі нақтыланды [23]. Ескерткіште жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстарының барысында салтанатты порталы бар күмбезді құрылыс болғандығы және қасбеті мен жақтау дөдегелеріне өсімдік тектес өрнегі бар сырлы қаптамалармен қапталған еңселі ғимарат екендігі анықталып отыр.

Жалпы Ертіс, Есіл мен Нұра аңғарларында орналасқан ортағасырлық жерлеу ескерткіштеріне қатысты бірқатар зерттеулер жүргізіліп, өңірдің осы кезеңге қатысты жерлеу дәстүрі мен архитектуралық ерекшеліктері жайлы қорытындылар жасауға мүмкіндік беретін деректер қорын қалыптастырды деуге болады. Алайда далалық өңірлердегі отағасырлық құрылыс өнері мен материалдық мәдениет құндылықтарын жіті түсіну үшін аталған тарихи нысандар мен зерттеу нәтижелері әлі де болса аздық етеді. Сонымен қоса пәнаралық зерттеу әдістерін кеңінен пайдалана отырып, анағұрлым кең ауқымды қорытындылар жасаудың маңыздылығы артып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Герасимов Г.Г., Памятники архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. - Алма-Ата, 1957.
2. Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 г.). // Известия АН КазССР. Серия историческая, 1948. – № 49. Вып. 4. – С. 119-145.
3. Кашляк В. Н. Храмы Семипалатинска: прошлое и настоящее: хронология событий.–Семипалатинск,2004.–610 с.
4. Демидова Н.Ф., Мясников В.С. Первые русские дипломаты в Китае. – Москва, 1966. – 157 с.
5. Радлов В.В. Сибирские древности. Материалы по археологии России. – Спб., 1894. – Т.1. –146 с.
6. Коншин Н.К. О памятниках старины в Семипалатинской области// Записки Семипалатинского п/о Западно-Сибирского отделения ИРГО.– Семипалатинск,1903. – Вып.1. – С.9-15.
7. Арсланова Ф.Х. Средневековый могильник из Прииртышья // Сб. Министерства высшего и среднего специального образования Казахской ССР. История, философия, экономика.– Алма-Ата, 1963. – С. 278-293.
8. Кадырбаев М.К., Бурнашева Р.З. Погребение кыпчака первой половины XIV века из могильника Тасмола// По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата,1970. – С.42-53.
9. Кадырбаев М. К. Полевой дневник II-го (трассового) отряда Центрально-Казахстанской археологической экспедиции. 26.06.-18.09.1960 г. Опись II,д.149, л. 1-13. Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана.

10. Мерц В.К., Тишкин А.А. Погребение монгольского времени на берегу р. Шидерты в Казахстане//Сохранение и изучение культурного наследия Алтая. – Барнаул, 2000. – Вып. XI. – С. 238-242.
11. Мерц В.К., Красноперова О.Н. Памятники Шидертинского археологического комплекса//Наследие академика А.Х. Маргулана. – Экибастуз, 2004. – С.153-163.
12. Смагулов Т.Н. Исследования на местонахождении «Колбасунской башни»//Новые исследования по археологии Казахстана. – Алматы, 2004. – С.215-220
13. Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А. Некрополь Уральского городища//Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – Вып.1. – Уральск, 2002. – С.168-184.
14. Конкашпаев Г.К. Некоторые сведения о пребывании ойратов на территории Казахстана//Проблемы этногенеза калмыков. – Элиста, 1984. – С. 112-118
15. Смагулов Т.Н., Жанисов А.Т. Из истории и археологии Акколь Жайильмы//Проблемы сохранения и изучения культурного и природного наследия Прииртышья. Мат. конференции. – Том 1. – Павлодар, 2008. – С.247-263.
16. Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Керамика Сарайчика. – Алматы, 2008. – С.33-53.
17. Акишев К.А. Городище Бозок: семантика планиграфии и функции // Бозок в панораме средневековых культур Евразии: Материалы научно-полевого семинара. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2008. – С. 13–19.
18. Акишев К.А., Хабдулина М.К. Древности Астаны: городище Бозок. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2011. – 260 с.
19. Шангин И.П. Извлечение из описания экспедиции, бывшей в Киргиз-Кайсацкой степи в 1816 году // Сибирский вестник. – 1820. – Ч. XI.; Семенов Л.Ф. Материалы к характеристике памятников материальной культуры Акмолинского округа // Вестник Центрального музея Казакстана. – Алма-Ата, 1930. – № 1. – С. 77–87. ЦГА РК, ф. 338, оп. 1, д. 714.; Рычков П.И. Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное Коллежским Советникомъ и Императорской Академіи Наукъ Корреспондентомъ Петромъ Рычковымъ. Часть первая и вторая. — СПб.: при Императорской Академіи Наукъ, 1762. – 595 с.
20. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1950. – 122 с.: ил.
21. Сарыарқа мен Шу–Талас, Келес өңірлерінің ортағасырлық қалалары, мекендері және керуен жолдары (аралық). Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. – Астана, 2000.–52 бет // А.Х. Марғұлан ат. Археология институтының архиві – Опись 2.– Дело №2558.

22. Семби М.К. Мавзолей Ботагай – памятник средневековой казахской архитектуры // Бұланты шайқасы: зерттеулер тарихы. Ұлытау, 2015. – 150-153.

23. Хабдулина М.К., Кожамжаров К.Т., Ярыгин С.А., Калдыбаев М.С., Сакенов С.К., Свиридов А.Н. Культурные памятники Тенгиз-Коргалжинской впадины. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. 2011. – 208 с., илл. (каз., рус.яз.).

24. Археологические исследования могильника Жанибек шалкар (Коргалжынский район, Акмолинская область). / Отчет. А.Е. Касеналин и др. Нур-Султан. – 145.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ МЕТОДИКИ ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ

**Ерназаров Ж.Т. – кандидат исторических наук, доцент кафедры
истории и права Западно-Казахстанского инновационно-технологического
университета**

Этноархеология, как научное направление, начало развиваться в англо-американской археологии в 50-60-е годы XX века как одна из методик археологии. В западной науке метод этноархеологии использовалось для «полной реконструкции социокультурных явлений» и основной задачей стало изучение закономерностей и механизмов превращения этнографической культуры в археологическую и «познание этих закономерностей и механизмов резко увеличивало возможности обратного действия - воссоздавать на археологических материалах «живой» социокультурный облик древнего населения» [1]. По мнению американских ученых, этноархеология, как сфера науки, прорабатывает не только методику, но и теорию культуры, общества и их динамику развития и «призвана выявлять не только общие закономерности развития древних обществ, но и их особенности» [2].

В советской исторической науке большая работа по систематизации и структурированию этноархеологии проведено в трудах В.А. Шнирельмана, который позиционирует её как научно-исследовательское направление, с одной стороны, сложившееся на стыке археологии и этнографии и как субдисциплину существующее как в археологии, так и в этнографии. С другой стороны, акцентирует внимание на методической проблематике, как направление стремящейся к расширению и разработке новых методов исследования, включающих в себе изучение процессов археологизации культуры, этнографическое осмысление археологических находок и археологической культуры, различные пути археолого-этнографических аналогий, внедрение анализа и синтеза функциональных связей с целью воссоздания археологического бытия и др. [3].

Формулируя предметную область и виды этноархеологических работ В.А. Шнирельман определил следующее: «Этноархеология (Ethnoarcheologie,

Ethnoarcheology, Ethnoarcheologie; синонимы - археологическая этнография, археология действия, живая археология) - направление исследования, появившееся на стыке археологии и этнографии и широко распространившееся в 60-70-е годы. Объектом исследования этноархеологии служит материальная культура современных народов, а предметом - специфика отражения в ней особенностей поведения людей и их социальных взаимоотношений. Для этого проводятся этнографические наблюдения и раскопки поселков и стоянок, сравнительно недавно оставленных людьми, причем данные, полученные от информаторов, сопоставляются с материалами таких раскопок. Тем самым вскрываются взаимосвязи между материальной культурой и ее остатками, с одной стороны, и живой социальной действительностью, с другой. На этой основе строятся гипотетические модели, способные служить археологам, изучающим древние памятники, для постановки исследовательских задач и выработки соответствующей стратегии поиска. Так решается одна из задач, стоящих перед этноархеологией, - совершенствование процедуры первобытно-исторических реконструкции. Другими задачами этноархеологии, по мнению некоторых авторов, является корректировка картины, полученной путем опроса информаторов, а так же изучение активной роли материальной культуры в жизни общества. Этноархеологи изучают хозяйственную, социальную, символическую и других функций материальной культуры, характер ее пространственного распространения и влияющих на него факторов, особенности материального производства на всех его этапах, процесса «умирания» материальной культуры после ее выхода из употребления и т.д.» [4].

В.А. Шнирельман акцентирует внимание на том, что в этноархеологии «ищут пути совершенствования процедуры исторических реконструкций, стремясь глубже понять органичность связи между культурными остатками и функционирующими культурными системами» [5].

А.В. Кениг предлагает определять этноархеологию как «метод экспериментального моделирования, проводимый на "живой" этнографической культуре» [6].

В современной российской исторической науке утвердилось мнение о том, что «этноархеология трансформируется из метода исследования (как способа познания материальной культуры через традиционные методики источниковедческого анализа археологии и этнографии) к исследовательскому направлению с широкой предметной сферой - от древней ископаемой материальной культуры до современной материальной культуры (археологии самих себя), от него - к самостоятельной дисциплине, генетически связанной с археологией, этнографией посредством источника, а в широком смысле с историей в целом - со всеми структурными компонентами научной дисциплины - объектом, предметом науки, познавательными установками, теорией, методами исследования, понятийным аппаратом и т.п.» [7].

Разночтения в дефиниций этноархеологии в специальной литературе, связано со стадиями возникновения и развития этноархеологических знаний. В

начале этноархеология воспринималось как направление археологии или как субдисциплина методического характера. В последствии утвердилось представление об этноархеологических исследованиях как о традиционно этнологических исследованиях.

Этноархеологическое направление формируется на стыке археологии и этнографии путем интеграции этих отраслей наук. И взаимное наложение некоторых исследовательских задач археологии и этнографии, тематик и объектов исследования естественный процесс. Таким образом, объектом этноархеологии являются социокультурная система со сложной структурой и связями, реконструируемый путем интеграции археологического и этнографического познания.

Значительный вклад в историографию этноархеологических исследований [8], в определение исследовательского объекта и предмета этноархеологии принадлежит доктору исторических наук, профессору Н.А. Томилову: «Предмет этноархеологии в общем виде составляют свойства социокультурных явлений отражать историческую действительность и исторические процессы, а также свойства сопряжения этих явлений в одну систему, которые позволяют конструировать или реконструировать социокультурные системы прошлого, их внутренние функциональные связи и взаимоотношения с другими системами. В таком объемном и несколько длинноватом виде определения этноархеологии, ее исследовательского объекта и предмета этноархеологии приводятся нами впервые, хотя и ранее были попытки обозначить содержание этих дефиниций, но в менее полном виде» или «пока только относительно предмета этноархеологии мы можем предложить такой более краткий вариант определения: это свойства социокультурных систем и процессов отражать историческую действительность» [9].

В России методолого-теоретические разработки в вопросах интеграции археологических и этнографических исследований активно прорабатывались совместными усилиями этноархеологов Омского научного центра Сибирского отделения Российской академии наук и Омского государственного университета с конца 1970-х годов в рамках исследования проблемы многокомпонентных социокультурных этнографо-археологических комплексов [10].

В настоящее время в этноархеологии расширилась проблематика исследований, пополнились многообразными видами и методами работ.

На наш взгляд, актуальными вопросами этноархеологии, которые требуют дальнейшего изучения являются:

- дальнейшее проработка методологии археолого-этнографического познания свойств социокультурных систем и процессов;
- изучение структуру методологии и теории конструирования этносоциокультурных систем и истории моделей прошлого;
- изучения историографических аспектов проблемы интеграции археологии и этнографии;

- этноархеологическое источниковедение и систематизация совокупности археологических и этнографических данных в области исторической информации;
- методика конструирования и реконструкции моделей прошлого и эмпирические исследования методами этноархеологии социумов и культур разных исторических эпох и их динамики;
- совершенствование методик реконструкции древних культур и обществ;
- изучение проблем по генезису и динамике общества и культуры человечества разных хронологических периодов на основе сопряжения археологического и этнографического видения;
- проработка методов использования прямых и косвенных аналогий для археологов в этнографии;
- проработка методов поиска этнографами следов традиционных культур предков современных народов в археологических материалах;
- изучение вопросов интеграции теории и методики археологических и этнографических исследований;
- исследование проблем этнической интерпретации археологических комплексов;
- изучения социокультурных процессов в древности;
- исследование проблем культуры и социума;
- изучение природно-средовых и социально-экономических процессов;
- дальнейшее изучение хозяйственно-культурных типов с позиции этноархеологии;
- изучение явлений материальной, соционормативной и духовной культуры;
- исследование аспектов реконструкции семейных и общественных отношений на основе археологических материалов;
- изучение вопросов интеграции археологических и этнографических исследований;
- изучение методов внедрения этноархеологического познания;
- внедрение, интерпретацию и исследование этнографического материала в сфере археологии, пути археолого-этнографических аналогий;
- изучение вопросов этнографического осмысления археологических находок и археологических культур;
- изучение вопросов внедрения системного подхода, анализа и синтеза функциональных связей с целью воссоздания археологического бытия, изучением процессов «археологизации живой культуры»;
- вопросы выявления аналогов в культурных явлениях для изучения процессов культурогенеза и этногенеза;
- вопросы привлечения этнографических данных о социуме и социальных отношениях в области социальной археологии;
- вопросы интерпретации археологических материалов и артефактов сконструированных из археологических находок, либо искусственно сконструированные предметы, вещи, инструменты или явления в этнографии;

На этом перечень актуальных вопросов этноархеологии не исчерпывается, а пополняется и расширяется. Представляется, что пополнение актуальных вопросов этноархеологических исследований связана с получением новых знаний, с переосмыслением результатов прошлых исследований, с использованием этноархеологических знаний в смежных дисциплинах, а также совершенствованием методик в изучении социокультурных проблем. Как отметил Н.А. Томилов «следует еще раз отметить, что вплоть до настоящего времени в такого рода исследованиях чаще всего проявляется одностороннее обращение археологов к этнографическим материалам и этнографов к данным археологии лишь для поисков параллелей» [11].

Таким образом, культура и социум являясь общим объектами изучения для археологии и этнографии, служат главным фактором интеграции археологических и этнографических исследований и способствуют переходу на качественно новый этап этноархеологического познания генезиса и динамики социокультурных явлений и систем [12].

Использованные литературы

1. Шнирельман В.А. Этноархеология - 70-е годы // Советская этнография. - 1984. - № 2. - С. 112.; Глушков И.Г. Керамика как археологический источник (методика технологической диагностики лепной посуды). - Новосибирск, 1995. - С. 1.
2. Кениг А.В. За создание отечественной этноархеологии // Методика комплексных исследований культур и народов Западной Сибири. - Томск, 1995. - С. 83.
3. Кениг А.В. За создание отечественной этноархеологии. - С. 83-84; Шнирельман В.А. Этноархеология - 70-е годы // Советская этнография. - 1984. - № 2. - С. 100-113; Горелик А.Ф. (Рец.). *Ethnoarchaeological Approaches to Mobile Campsites. Hunter-Catherer and Pastoralist Case Studies/ Ed. Gamble C. Boismier W. Ann Arbor, Michigan, 1991. 420 p.; 130 fig.* // Российская археология. - 1995. - № 1. - С. 238-242 и др.
4. Шнирельман В.А. Этноархеология // Этнография и смежные дисциплины, этнографические субдисциплины, школы и направления. Методы. - М., 1988. - С. 95.
5. Шнирельман В.А. Этноархеология - 70-е годы // Советская этнография. - 1984. - № 2. - С. 112-113.
6. Кениг А.В. Этноархеология как метод реконструкции образа жизни // Интеграция археологических и этнографических исследований. Омск, 1995. Ч.1. С.23.
7. Мельникова О.М. Заметки о содержании этноархеологии // Интеграция археологических и этнографических исследований. - Омск; Санкт-Петербург, 1998. - Ч. II. - С. 17.
8. Томилов Н.А. Проблема этнографо-археологических комплексов в исследованиях омских этноархеологов. - С. 6; Томилов Н.А. Проблемы интеграции археологических и этнографических исследований (из опыта

омских ученых) // Интеграция археологических и этнографических исследований. - Омск-Уфа, 1997. - С. 155-156; Томилов Н.А. Этнографо-археологические комплексы народов Западной Сибири: программа и опыт экспериментального этапа // Сибирь в панораме тысячелетий. - Новосибирск, 1998. - Т. 2. - С. 464-466.; Томилов Н.А. Этноархеология и изучение этнографо-археологических комплексов // Тезисы докладов Международной конференции, посвященной 100-летию со дня рождения профессора В.И. Равдоникаса. - СПб., 1994. - С. 83-85; Томилов Н.А. Этнографо-археологические комплексы: проблемы изучения социокультурных систем // Археологические микрорайоны Западной Сибири. - Омск, 1994. - С. 145; Томилов Н.А. Этноархеология и этнографо-археологические комплексы (проблемы изучения социокультурных систем и этнической истории Сибири) // Аборигены Сибири: проблемы изучения исчезающих языков и культур. - Новосибирск, 1995. - С. 244; Томилов Н.А. Этноархеологическое направление в омской науке // История и культура Сибири. - Омск, 1996. - С. 111-112; Томилов Н.А. Этноархеология и этнографо-археологический комплекс // Этнографо-археологические комплексы: Проблемы культуры и социума. - Новосибирск, 1996. - Т. 1. - С. 10-11; и др.

9. Томилов Н.А. Проблема этнографо-археологических комплексов в исследованиях омских этноархеологов. // Этнографическое обозрение, 1998, №1, С. 6.

10. Томилов Н.А. Этноархеологическое направление в омской исторической науке // История и культура Сибири. - Омск, 1996. - С. 110-115.; Томилов Н.А. Проблема этнографо-археологических комплексов в исследованиях омских этноархеологов // Этнографическое обозрение. 1998. 1. С.3-14.; Томилов Н.А. Этноархеология: новое направление Российской науки. Вестник Омского университета, 1999, Вып. 2. С. 5-9.

11. Томилов Н.А. Этноархеология: новое направление Российской науки. Вестник Омского университета, 1999, Вып. 2. С. 5-9.

12. Томилов Н.А. Этноархеология: новое направление Российской науки. Вестник Омского университета, 1999, Вып. 2. С. 5-9.

Е.И. АГЕЕВА- ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚЫШ БҰЙЫМДАРЫН ЗЕРТТЕУШІСІ

**Жумабаев Амангелді -магистр, ғылыми қызметкер
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК**

Жоба ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитетінің ғылыми жобасы аясында дайындалды. Жоба ІРН BR10164208

Қазба жұмыстары кезінде табылған қыш ыдыстар археологиялық дерек ретінде адамзат қоғамының әр түрлі кырлары жөнінде мол ақпарат береді. Қыш арқылы қоғамның әлеуметтік-экономикалық, отбасылық, этномәдени қарым-

катынастары жөнінде мәліметтерге қол жеткізе аламыз. Қыш ыдыс қоғамда орын алған түрлі өзгерістердің ықпалына тез түседі де, сол өзгерістерді заттық тұрғыда бейнелей алады. Ежелден осы күнге дейін келе жатқан және өте кең көлемді тараған өнердің бірі қыштан әртүрлі күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар жасау болып табылады. Қыш өнері балшықтан басқа аса көп шикі заттарды талап етпейді, өндіріске қолайлы әрі тиімді.

Сарайшықтың қыш бұйымдар кешенінде, әлбетте пішіндері әртүрлі сырланбаған қызыл балшықты қыш ыдыстардың саны басым, олардан соң - сырланған қызыл балшықты және кашиндік балшықтан жасалған асханалық ыдыстар, сондай-ақ, шет өңірлерден тасымалданған үлгілер кездеседі. Сәулеттік өрнек те бұл кешеннің ажырамас бөлігін құрайды. Қазіргі таңда зерттеушілер тарапынан әр жылдары Сарайшықтың қыш бұйымдарын жүйеге келтіру мақсатында ғылыми есептер, мақалалар, еңбектер жарияланған (Афанасьев, 1977; Самашев, Кузнецова, 2000, 2004; Самашев, Кузнецова, Плахов, 2008, 264 б.).

Ортағасырлық Сарайшық қаласына іргелі археологиялық зерттеулер кеңестік заманда басталды. Кеңестік кезеңде 1937 жылы қыркүйек айында Сарайшықта кәсіби археолог Николай Константинович Арзютов 14 күндей жұмыс жасаған. Н.К. Арзютов 1937 жылғы Сарайшық қазбасынан табылған 40-қа жуық жәдігерлердің тізімдемесін жасаған (Арзютов, 1949, 9 п.). Тізімдемедегі жәдігерлерге тоқталсақ: мойны жоқ құмыра, шеттері сынған мескей, сфероконусты ыдыс, саздан жасалған тиын жинағыш сауыт, саз балшықтан жасалған шам, саздан жасалған құмыра қақпақтарының сынықтары, шырақтар, араб тілінде алтын жалатылған жазуы бар сырлы ыдыстың бір бөлігі, сырлы ыдыстан жасалған қайықтың сынығы, ірі көлемді тұтқасы бар құмыраның мойны т.б.

Мақалада археолог, тарих ғылымдарының кандидаты Евгения Агееваның (1916-1964 жж.) «Керамика Сарайчик» атты есеп беру жұмысындағы Орғасырлық Сарайшық қаласынан табылған қыш өнері бұйымдарының зерттелуі туралы қамтылады. Аталған есеп 2019 жылы Алматы қаласында Ә.Марғұлан атындағы Археология институтында болған ғылыми-зерттеу іс-сапары барысында кездесіп, фотосуретке түсірілді. Бір айтатын кететін жәйт, бүгінге дейін, жарияланбай мұрағатта сақталған есеп Ә.Х. Марғұланның 1950 жылғы Сарайшықта жүргізген қазбаларының нәтижесінде табылған қыш бұйымдар коллекциясын талдауға арналған (Агеева, 1952, 47-65 пп.).

Агеева Евгения Ивановна (2(19).10(9).1916, Семей қаласы - 1964, Алматы қаласы) - археолог, ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты (1954). 1941 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) мемлекеттік университетін бітірген. Қазақстан мен Қырғызстанның байырғы өркениеттерін зерттеген бес Археологиялық экспедициялар жұмысына, Александр Натанович Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан Археологиялық экспедицияның жұмыстарына қатысқан, кейіннен осы экспедицияны басқарған. Баба Ата кала жұртында нәтижелі қазба жұмыстарын жүргізген. Отырар, т.б. көне қалалар мөдениетін, Сырдария мен Қаратаудағы қыш ыдыстар ерекшеліктерін зерттеген. Оңтүстік Қазақстан

жерінен бірнеше ежелгі қала орындарын анықтаған. 40 шақты ғылыми және ғылымдық-танымдық еңбектердің авторы (Отырар энциклопедиясы, 2005).

Е.И. Агеева «Керамика Сарайчик» атты қолжазбасында Сарайшықта №1,2,3,4,5 қазба орындарында археологиялық жұмыстар жүргізілгені, қазба барысында табылған сырлы және сырланбаған қыш бұйымдарға талдау жасаған (Агеева, 1952, 48 п.).



Әлкей Марғұлан мектеп оқушыларымен. 1950 ж.

Сурет 1. Археолог Әлкей Марғұлан бастаған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарайшықта. 1950 жыл. Суретте Ә. Марғұлан, А.Максимова, Е. Агеева. (Сарайшық – бабалар мұрасы, 2015, 224 б.)

Есепте алдымен сырлы қыш бұйымдарға тоқталған. №1 кестеде тұрғандай: ең көп табылғаны - жартылай фаянсты бедерлі өрнегі бар сырлы

ыдыс - 212 дана; қара сырлы өрнегі бар мөлдір түсті ыдыс - 87 дана; жасыл түсті тегіс келген сырлы ыдыс - 37 дана; кобальт өрнекті ақ түсті сырлы ыдыс - 4 дана; ішкі беті көгілдір сырлы ыдыс - 42 дана; т.б. Сырлы қыш бұйымдар - №1 қазбадан - 56 дана, №3 қазбадан - 255 дана; №4 қазбадан - 34 дана; №5 қазбадан - 151 дана; Барлығы - 496 дана.

| Наименование групп. | Раскоп №1 | Раскоп №2 | Раскоп №3 | Раскоп №4 | Раскоп №5 | Всего |
|---|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|------------|
| Полуфаянс с рельевным орнаментом | 34 | - | 98 | 24 | 56 | 212 |
| Бирюзовая с черным кистевым рисунком | - | - | 42 | - | 45 | 87 |
| Зеленая гладкая | 15 | - | 11 | 3 | 3 | 32 |
| Зеленая с подглазурн. прорезн. орн. | 4 | - | 18 | - | 12 | 34 |
| Белая с рисунком кобальтом | - | - | 4 | - | - | 4 |
| Двусторонняя синяя | - | - | 11 | - | - | 11 |
| Внутренняя бирюзов. | - | - | 35 | 3 | 4 | 42 |
| Внутренняя цвета электрик. | - | - | 7 | - | - | 7 |
| Фисташковая двуст. | - | - | 1 | 2 | 1 | 4 |
| Полуфаянс с кистевым рисунком. | 3 | - | 10 | 2 | - | 15 |
| Желто-белая с подглаз. прорез. рисун.и зеленой и корич. расцветкой. | - | - | 8 | - | - | 8 |
| Серое тесто, орнамент | - | - | 3 | - | - | 3 |

| | | | | | | |
|-----------------------------------|-----------|---|------------|-----------|------------|------------|
| штампом, расцветка глазурью | | | | | | |
| Прочая. | - | - | 7 | - | 30 | 37 |
| Всего | 56 | - | 255 | 34 | 151 | 496 |

Кесте.1 Сырлы қыш бұйымдар (Агеева, 1952, 48 п.).

Келесі №2 кестеде көрсетілген, Сырланбаған қыш бұйымдарға келсек, жалпы есепте 341 жәдігер есепке алынған. Оның ішінде: кесе тәріздес - 51 дана, тік бұрышты тұтқасы бар ыдыстар -55 дана, тостаған тәріздес ыдыстар - 15 дана, қазандар - 20 дана, хұмдар - 15 дана, құмғандар - 5 дана, қыш ыдыстың бүйірлері - 108 дана т.б.

| Наименование групп. | Раскоп №1 | Раскоп №2 | Раскоп №3 | Раскоп №4 | Раскоп №5 | Всего |
|--|------------|-----------|-----------|-----------|-----------|------------|
| Кесообразные | 26 | - | 17 | 4 | 4 | 51 |
| Кувшины с вертик. угловным ручками. | 29 | 1 | 12 | 5 | 8 | 55 |
| Котлообразные | 9 | - | 4 | - | 7 | 20 |
| Крышкообразные | 14 | - | 1 | - | - | 15 |
| Хумы | 2 | - | 11 | 1 | - | 14 |
| Кумганы | - | - | 2 | - | 3 | 5 |
| Большие чашеобразные | - | - | 2 | 3 | 2 | 7 |
| Кувшины с вертик. полосчатым лощением | 4 | - | - | - | - | 4 |
| Кувшины с гориз. рифлением горловин. | 3 | - | - | - | 1 | 4 |
| Вертик ручки | 19 | 1 | 5 | - | 7 | 32 |
| Боковины | 53 | 3 | 18 | 3 | 31 | 108 |
| Сосуды с красным ангобом | 3 | - | 4 | - | - | 7 |
| Прочие | 7 | 1 | 5 | 1 | 5 | 19 |
| Всего | 169 | 6 | 81 | 17 | 68 | 341 |

Кесте.2 Сырланбаған қыш бұйымдар (Агеева, 1952, 49 п.).

Жоғарыда көрсетілгендей, сырлы қыш бұйымдардың негізгі бөлігі жартылай фаянсты бедерлі өрнегі бар сырлы ыдыс болып табылады. Ғалым қазба жұмыстары кезінде табылған осы типтегі барлық ыдыстар Алтын Орда керамикалық шеберлігінің тарихын зерттеу үшін ерекше қызығушылық тудырғанын айта келе, Сарайшықтан табылған осы формадағы ыдыстардың сипаттамаларына тоқталған. Мысал ретінде зерттеуші есепте ең жақсы сақталған екі жәдігерге: шағын көзе және кесе тәрізді ыдыстарға толық түсініктеме береді.

Есепте Сарайшық қаласынан табылған сырлы қыш бұйымдарды төмендегіше хронологиялық топтарға бөлген. Алғашқысы, бірінші топ жасыл түсті тегіс келген және өсімдік, геометриялық бедерлі ою өрнегі бар сырлы ыдыстардан тұрады. Алғашқы топ Еділ, Закавказье маңы, Орта Азия аумағында XII ғасырда пайда болады, бірақ аталған өндіріс XIII ғасырға жатады.

Екінші топ 13-14 ғасырларға тиісті жартылай фаянсты бедерлі өрнегі бар сырлы ыдыстан құралады. Бұл ыдыстардың Еділ бойындағы және Кавказдағы Алтын орда қалаларының қазбаларындағы материалдарға, дәлірек айтсақ, Сарай Берке, Укектен қазба материалдарымен ұқсастықтарға ие. Сондай-ақ, Н.Калинин Татарстанның Орталық музейінің Алтын Орда қыш бұйымдары коллекцияларын сұрыптап, ыдыстарды осы түрге жатқызады, Папа-Афанасопуло да аталған пікірді қолдап, Самарқанд мұражайынан №А-46-618 және Белореченская бекетінен табылған тостаған Сарайшықтан табылған тостағандарға жақын болғанын келтіреді. Ең соңғы үшінші топты 14-15 ғасырларға жатқызады.

Сырланбаған ыдыс-аяқтардың арасында араб жазуы жетекші орын алатын бай ою-өрнектері бар сұр қыштан жасалған құмыра тәрізді ыдыстар ерекше орын алған.

Есепте Сарайшықта табылған сырланбаған қыш ыдыстардың уақытын анықтау қиынырақ екендігі, өйткені ыдыстың бұл түрі ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан өте тұрақты түрлерімен сипатталғанын айтады. Бұл көбінесе үй ыдыстары. Шығу тегі жағынан жергілікті тұрғындарда татарлар пайда болғанға дейін қыш бұйымдарды жасаудың түрлері мен тәсілдері болған, бірақ қыш бұйымдардың алғашқы түрлері (бөлшектері айқын бөлінген құмыралар, сақина негізі жоқ кеселер, кішкене көзе тәрізді ыдыстар және басқалары) біздің заманымыздың 11-12 ғасырларына жатады. Шамамен барлық сырланбаған керамика 13-15 ғасырларға тән. Қыш бұйымдарды егжей-тегжейлі талдауды үлкен аумақта қазба жұмыстарын ұйымдастырғаннан кейін жасауға болатынын келтірген.



Сурет.2 Қазба барысында табылған керамика сынықтары. 1950 жыл.
(Сарайшық – бабалар мұрасы, 2015, 224 б.)

Сарайшық қаласынан табылған барлық сырланбаған қыш бұйымдардың ұқсастықтарды ең алдымен Еділ бойы мен ішінара Закавказьедегі қазба жұмыстарының материалдарынан кездеседі.

Ғалым Орта Азияны (Хорезм, Үргеніш, Отырар) Оңтүстік Ресей даласымен байланыстыратын керуен жолында Сарайшықтың орналасуы оның материалдық мәдениетінің ерекшелігін тудырғанын, Сарайшық негізгі өткізу пункттерінің бірі болғанын, бұл сауда жолы (мұнда Жайық өзені арқылы көпір салынды, мұнда жылқылардан түйелерге ауыстырылды) моңғол жаулап алудан бұрын осы аймақта жүргенін, Сарайшық қаласындағы өте ертедегі қабаттарды ашу болашақ жұмыстардың ісі екенін жазады. Қаланың бұлай орналасуы оның Орта Азия мен Еділ бойындағы мәдениетті сіңіруіне әкелді. Үргеніш пен Хорезм қыш өнерінің Сарайшықтың сырлы қыш бұйымдарымен ұқсастықтары, моңғолдардың қолөнерші -қыш бұйымдар жасаушыларға қатысты арнайы саясатымен түсіндіріледі. Алтын Орда қалаларының керамикалық қолөнеріндегі осы Үргеніш шеберлерінің ролін А.Ю. Якубовский "Берке сарайының қолөнер өнеркәсібі" мақаласында егжей-тегжейлі талдағанында келтіреді (Якубовский, 1931).

Есепте Сарайшық қаласында моңғолдар келгенге дейін халықтардың өмір сүргендігі және Еділ бойындағы халықтармен тығыз байланысты және олармен ортақ тарихи, экономикалық және мәдени өмір сүргені туралы қорытынды жасаған.

Қорытындылай келгенде, Сарайшықтағы қыш бұйымдардың салыстырмалы сараптамасы көрсеткендей мұндағы қыш бұйым өндірісіне транзиттік керуендер арқылы келіп отырған ыдыстар мен тасымал бұйымдарының да ықпалы болған. Сарайшықтың Жошы ұлысындағы басқа қалалармен сауда-саттық байланысының жиі болғандығы, әрине байқалып тұрады. Қыш бұйымдар туралы жинақталған мәліметтер империяның полиэтникалық құрамына байланысты мәселелерді қарастыру барысында кәдеге жарайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Агеева Е.И. Керамика Сарайчика //Отчет об археологических исследованиях за 1950-1952 гг. ҚР БҒМ Археология институтының архиві, 2 тізімдеме, 241 іс. 47-65 пп.
2. Арзютов Н. Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. на месте развалин золотоордынского города Сарайчик // Известия АН КазССР. Серии археологическая, Алма-ата, 1949. Вып.2
3. Афанасьев В.К. Опись Сарайчиковский керамики, сданной краеведом В.К. Афанасьевым в областной историко-краеведческий музей Гурьева. Дата сбора: 1958-1976 гг. Гурьев, 1977// ҚР БҒМ Археология институтының архиві, 2 тізімдеме, 1484 іс.
4. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005
5. Самашев З., Кузнецова О.В. Поливная керамика Сарайчика // Известия МОН РК, НАН РК. Серия общественных наук. 2000. №1
6. Самашев З., Кузнецова О.В. Новые данные о керамике Сарайчика // Известия МОН РК, НАН РК. Серия общественных наук. 2004. №1
7. Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. - Алматы, 2008. - 264 б.
8. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев // Ғыл. Ред. Ж.К.Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.
9. Якубовский, К вопросу о ремесленной промышленности Сарая Берке, ИГАИМК, VIII. Вып. 2-3, 1931 г.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КЕРУЕН ЖОЛДАРЫ: АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ИСЛАМДАНУ ҮДЕРІСІ

Жүнісханов Айдын Сенғалиұлы
«Назарбаев Университеті» ДББҰ Оқытушы ассистенті, Археология және этнология магистрі

Жоба ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитетінің ғылыми жобасы аясында дайындалды. Жоба ИРН BR10164208

Моңғол шапқыншылығы нәтижесінде Шығысында Зайсан көлімен, батысында Шығыс Еуропаның біраз бөлігіне дейін созылып жатқан жаңа мемлекет құрылады [Шамильоглу, 2016, с. 665.]. Тарихи деректерде бұл алып территория «Жошы Ұлысы» ал орыс деректерінде «Алтын Орда» деген атаумен қалады. Бұл мемлекет қазақ, өзбек, татар, ноғай және т.б. көшпелі халықтардың ұлттық және діни бірегейліктерінің қалыптасу үдерісінде маңызды рөл ойнады [Кусаинов, 2020, с. 111-112]. Бүгінгі таңда Алтын Орда тарихын зерттеуші мамандар осы кезеңге қатысты көптеген соны мәліметтерді ғылыми айналымға енгізуде. Бұндай зерттеулер, әлбетте сол уақытта Еуразия даласында жүрген саяси, этномәдени және әлеуметтік-экономикалық үдерістерді зерттеуге, олардың барысы мен нәтижесін бағамдауға мүмкіндіктер беретіндігі сөзсіз.

Осы ретте Алтын орда кезеңін зерттеуде кенжелеп дамып келе жатқан бағыттардың бірі, археологиялық деректер негізінде Шыңғысханның Жошыдан тараған ұрпақтары құрған мемлекетте исламдану үдерісінің тарихи динамикасын зерттеу ісі.

Бүгінгі таңда Алтын Орда тарихында ислам дінінің алтын орны туралы ғалымдар арасында түрлі көзқарастар қалыптасып отыр. Бір топ зерттеуші мамандар Алтын орданың әлсіреп ыдырауының басты себебі мұсылманшылық дәстүрдің мемлекет ішінде кең етек алуымен түсіндіреді. Келесі бір топ мамандар бұл уақыт моңғол шапқыншылығы нәтижесінде құлдыраған Орта Азия мұсылманшылық дәстүрінің қайта жандану дәуірі деп бағамдайды. Ұсынылып отырған мақалада біздің мақсатымыз Алтын Орда мемлекетінде ислам дінінің орының анықтау, екі түрлі көзқарастағы мамандардың арасындағы пікір-таласқа араласып, өзіндік пікірлерді көрсету емес. Біздің мақсат нақты археологиялық деректер негізінде Алтын Орда мемлекетінің исламдану үдерісінде керуен жолдарының рөлін көрсету.

Алтын Орда мемлекетінің исламдану үдерісінің басы Жошының ұлы Беркенің мұсылманшылықты қабылдануымен басталады. Тарихи деректерде хан тағына отырған Берке ағасының салдырған Сарайшық қаласына барғанда Бұқарадан келген көптеген керуендердің біріндегі екі жақсы кісіні бір аулақ жерге шақыртып мұсылмандықтың шарттары мен тарихын сұрағандығы жазылады. Әлгі екі жанның мұсылманшылықты жақсы баян қылуы нәтижесінде Берке хан шын жүрегімен мұсылманшылықты қабылдағандығы жазылады. Беркенің соңғына інісі Тоқай-темірде мұсылманшылықты

қабылдаған [Әбілғазы, 1991, 115 б.]. Тағы басқа Алтын орда дәуірі туралы мұсылман деректерінде Беркенің исламды Сейфуддин Бахарзидің уағыз-насихаты нәтижесінде қабылдағандығы жазылады [Бартольд, 1993, с. 134]. Беркенің исламды қабылдауы оның өзге дін өкілдерімен ара-қатынасының нашарлауына себеп болғандығын Әбілғазы өзінің шежіресінде жазады. Бірақ, тарихи деректерде Берке мұсылман бола тұра өзінің әскерін 1258 жылы Құлағудың Бағдат қаласына басып алуына көмектесу үшін жібергендігі туралы мәліметтер кездеседі. Рашид ад-Дин Беркенің мұсылмандардың қалаларын қиратып, мұсылман басшыларының үйлерін қиратқандығын, досы мен жауын ажыратпай, туысқандарымен кеңеспей халифты тақтан тайдырғандығын жазады [Рашид ад-Дин, 1946.]. Беркенің мұсылман бола тұра бұндай қадамдарға баруы саяси мүдде тұрғысынан жасалған қадамдардан болғандығы айтылады.

Жошы ұлысының толыққанды мұсылмандануы Өзбек ханның исламды мемлекеттік дін етіп жариялауымен басталады деуге әбден болады. Әбілғазы өзінің шежіресінде *«Өзбек хан елдің ұлыс-ұлысын исламға кіргізді, халықтың дәулеті артты. Одан соң барша Жошы елі өзбек елі атанды»* - деп жазады [Әбілғазы, 1991, 116 б.]. Өзбек хан билікке келісімен өз ұлысында исламдану үдерісін тез әрі қысқа уақыт ішінде жүргізуге тырысты. Билік құрған екі жылдан кейін Мысыр сұлтаны Мәлік ән Нәсирге жазған хатында Өзбек өзінің ұлысында көпірлердің аз қалғандығын айтады. Парсы жылнамашысы Муин ад-Дин Натанзи: *«Өзбек хан тұсында Дешти Қыпшақ «Аллаға табынған елге айналды»,* – деп жазады.

Өзбек ханның мұсылманшылықты қабылдауы туралы XIV ғасырмен мерзімделетін Өтеміс қажының түрік тілінде жазылған «Шыңғыс-наме» еңбегіне сәйкес Баба Шашты Түкті Өзіз бастаған әулиелердің көрсеткен кереметтерін өз көздерімен көрген Өзбек бастаған барша халық мұсылман болған екен. Өтеміс қажының бұл еңбегі Жошы ұлысы аумағында реисламизация үдерісінде сопылық ілім мен сопылардың ерекше рөлін айшықтап береді.

Тарихи деректер негізінде Алтын Орданның исламдану үдерісі Девин Деуис пен Әшірбек Муминовтың редакциясымен шыққан *«Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии: Наследие Исхак Баба в нарративной и генеалогической традициях. Открытие пути для ислама: рассказ об Исхак Бабе, XIV-XIX вв»* еңбегінде біршама жақсы баяндалып жазылған.

Сондай-ақ, нумизматикалық материалдар негізінде де Жошы ұлысының исламдану үдерісі біршама жақсы қарастырылған десек те болады.

Жошы ұлысында ислам дінінің таралу мәселесі археологиялық тұрғыдан Г.А. Федоров-Давыдов [1966], Е.А. Халиков [1986], В.А. Иванов, В.А. Кригер [1988], А.А. Бисембаев [2006], Д.В. Васильев [2007] және т.б. археологтар тарапынан зерттелінді. Дегенмен, керуен жолдары мен керуен сарайлары арқылы ислам дінінің таралуына қатысты археологиялық аспектіде қарастырылған еңбектер аз десек болады.

Ұсынылып отырған мақала деңгейінде Алтын Орданың ислам дінінің таралуының тарихи динамикасын керуен сарайларының материалдары негізінде қарастыруды мақсат етіп отырмыз. Мақалада негізінен Үстірт арқылы Сарайшыққа дейінгі керуен жолдары мен керуен сарайлары қарастырылатын болады.

Алтын Орда тарихын зерттеуші мамандар Мәуереннахр, Хорезм, Бұлғар және Мысыр сияқты тарихи-географиялық аймақтарды Жошы ұлысының исламдануына импульс берген басты өңірлер ретінде қарастырады [Петров, Ускембай, 2010, с. 11.]. А.Ю. Якубовский Алтын Орданың көшпелі қоғамының әсіресе саяси элитасының мұсылманшылық дәстүрді қабылдауына зор ықпал еткен аймақ Хорезм болды деп жазады. Ол кісінің пікірі бойынша Хорезмнен Алтын Орданың Сарайшық, Сарай Берке сияқты ірі саяси орталықтарына көпестер мен қолөнершілер ғана емес, дін таратушы миссионерлер келіп ислам дінінің кең етек жаюына ықпал еткен.

Хорезмнен Маңғыстау мен Үстіртті басып өтетін керуен жолдары б.д.д. VI ғасырдың басынан белгілі. Археологиялық зерттеулер Сырдария мен Амудария жағасынан Еділге дейінгі және одан ары кететін жолдар болғандығын көрсетеді. Тарихи деректерде б.д. I ғасырында Каспий теңізінің жағасындағы халықтарға Үндістан мен Бабылдан түйеге артылған тауарлар туралы жазылады. Сондай-ақ, қытай деректерінде оңтүстік Орал аймағын б.д. V ғасырында мекендеген ғұндардың Орталық Азияда қалған өздерінің руластарымен сауда-саттық қарым-қатынастарын ұстанатындығы жазылады [Астафьев, 2010, с. 3-4]. Саяси мүдде тұрғысынан ерекше рөл ойнаған қытайдың жібек матасын Византияға жеткізу үшін Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы ашылып, ол осы Арал мен Каспий теңізі аралығындағы Үстірт пен Маңғыстау жері арқылы өткенге ұқсайды. Себебі, Византияға жібек Сасанитті Иран арқылы жеткізілетін. Сасаниттер салық ретінде жібектің біраз бөлігін өздеріне алып қалып отыратын. Осы себепті Византия жібекті Иранды айналып өтетін жол іздеуге және осы бағыттағы саяси жақтас іздеуге мәжбүр болды. Жібектің Қытайдан Византияға дейінгі қауіпсіздігіне жауапты болған түркілерде сауда жолдарының кеңейуіне мүдделі болады. Осы сауда-саттыққа негізделген саяси одақтың нәтижесінде Ұлы Жібек жолының солтүстік бағыты қалыптасып, тауарлар енді Үстірт, солтүстік Каспийді айналу арқылы Кавказға ары қарай Византия астанасы Константинопольға жеткізілген.

Керуен жолдарының қалыптасуына Каспий теңізінің ойнаған рөлі орасан зор болғанға ұқсайды. Маңғыстау түбегі Ұлы Жібек жолы сияқты алпауыт керуен жолының бір бөлшегіне айналды. Құрлық арқылы жеткізілген тауарлар Каспийдің жағасында желкенді кемелерге тиеліп жөнелтілетін. Б.д. X-XII ғасырларда Каспий теңізінің жағалауында Қарақабак, Жезді және Сайаралық сияқты кемежай қалалар өмір сүрді [Астафьев 2010].

Геоморфологиялық зерттеулер Каспий теңізінің деңгейі үнемі көтеріліп, түсіп отырғандығын көрсетеді. Б.д. XIII ғасырының аяғында Каспий теңізінің деңгейі көтеріліп құрлықтық біраз бөлігін су басады. Осы кезден бастап Үстірт пен Маңғыстауда жаңа керуен жолдары қалыптаса бастайды. Ендігі кезекте

негізгі керуен жолдары Үстірт арқылы өтетін болады. Үргеніштен шыққан тауарлар Жайық өзені арқылы Сарайшыққа жеткізіліп, Сарайшықтан ары қарай Сарай Берке, Сарай Бату сияқты қалаларға жөнелтілетін болған.

Каспий теңізінің деңгейінің көтерілуі Алтын Ордада исламдану үдерісінің қарқынды басталуымен қатар келеді. Осы кезден бастап Үстірттегі керуен жолдарының бойына керуен сарайлар салына бастайды. Керуен сарайлар аралары бір-екі күнді құрайтын бұлақтардың, құдықтардың және су жинауға арналған сардобалардың қасына салынған. Бұл туралы біз XVIII ғасырдағы тарихшы-өлкетанушы П.И. Рычковтың *«Топография Оренбургская, то есть описание Оренбургской губернии»* еңбегінен біле аламыз. Бұл жол *«Ескі Ноғай жолы»* атауымен XIX ғасырда да керуен жолы ретінде қызмет атқарып тұрды [Зиливинская, 2017, с. 176.].

Үстіртте Алтын Орда дәуірінде қызмет жасап тұрған әзірге 8 керуен-сарай белгілі. Олардың бесеуі Қарақалпақстанда орналасқан. Бұлар: Үшқұдық, Әжігелді, Белеулі, Қосбұлақ және Шұрық. Үстірттің Қазақстандық бөлігінде әзірге үш керуен сарайының орны белгілі. Бірінші керуен сарай Шұрықтан 46,5 шақырым қашықтықта орналасқан Күйше құдығы. Бұл жерде ескі керуен сарайының орны байқалады. Керуен сарайдың қабырғалары күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Қабырға кірпіштері кейінірек тұрғызылған молаларды қалауға алынған. Керуен сарайдың көлемі 25x25 м болған. Екінші керуен сарай Күйше құдығынан 36 шақырым жерде Тұрыш құдығының маңында. Бұл жерден 17 км қашықтықта Бесқұдық немесе Белдеулі деп аталатын құдықтардың маңында керуен сарайдың орны анықталды. Керуен сарайдың маңындағы бес құдықтың екеуі бітеліп қалған, қалған үшеуінде су әлі бар. Белдеуліде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде көлемі 27x24 м болатын төртбұрышты құрылыс анықталды. Қабырғалары әктастан қаланған. Зерттеу нәтижесінде михрабы бар мешіттің қалдықтары анықталды. Үшінші соңғы керуен сарайы бұл Қосқұдық. Керуен сарай жоспарда төрт бұрышты келген. Төрт бұрышында мұнараларының іздері сақталған. Қарақалпақстан мен Үстірттің Қазақстандық бөлігінде зерттелген керуен сарайларға ортақ дүние оларда шаруашылық бөлмелерінен бөлек мешіттердің болуы. Ал Белеулі керуен сарайынан тіптен медресенің орны табылған [Зеливанская, 2017 и Астафьев 2010].

Алтын орда дәуірінде қызмет жасаған керуен сарайларда құлшылық үйлерінен тек мешіттің болуы Жошы ұлысы территориясында исламдану үдерісінің табиғатын түсінуге мүмкіндік береді. Әбілғазының шежіресі мен араб тарихшысы Ибн Касирдің *«Бидая уа ан-нихая»* еңбегінде Берке хан мұсылманшылыққа бет бұрғаннан соң өзге дін өкілдерінен бет бұрғандығы жазылады [История Казахстана в арабских источниках. I том, с. 204-205].

Біздің ойымызша көпдінді және өзге діндарларға құрметпен қарайтын Жошы ұлысының хандары мұсылманшылыққа өткеннен кейін, Моңғол империясының орталығына бағына бермей дербес саясат жүргізуді қолға алғандай. Себебі, Үстірт бойындағы керуен сарайларда тек қана мешіттердің болуы, Жошы ұрпақтарының өз аттарынан мұсылманшылық дәстүрде

тиындарды басып шығаруы және Берке ханның арап түбегіндегі мұсылман династияларымен Құлағуға қарсы саяси одаққа бірігуі осы ойларымызды растайтындай.

Бұл бағытта әлі де болса тарихи-археологиялық материалдарға негізделген кешенді зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру керек деген ойдамыз. Жошы ұлысының исламдану үдерісі отандық тарих және археология ғылымында әлі де толыққанды зерттелмеген тақырыптардың бірі.

Әдебиеттер тізімі

1. Астафьев А.Е. Пути торговых сообщений эпохи средневековья на территории Арало-Каспийского водораздела. Актау қ., 2010. 146 с.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана-тілі. 1991. 208 бет.
3. Бартольд В.В.Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993.- 192 с.
4. Бисембаев А.А. К вопросу о исламизации средневекового населения Западного Казахстана [археологический аспект] // Материалы международной научной конференции «Арал-каспийский регион в истории и культуре Евразии» 25-27 мая. 2006 года. Часть 1. Актобе: «ПринтА», 2006. С. 54 – 56.
5. Васильев Д.В. Ислам в Золотой Орде. Историко-археологическое исследование / Астрахань: Астраханский университет, 2007. – 170 с.
6. ДиУис Девин, Муминов А.К. [отв. ред.] Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии. Том 1. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 640 с
7. Кусаинов О.Ж ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ИСЛАМИЗАЦИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ // «Проблемы изучения истории Золотой Орды: выявление и интерпретация исторических источников». Сбор. матер. науч.-практической конференции. – Петропавловск: СКУ им. М.Козыбаева, Республика Казахстан, 2020. С. 111-115.
8. Зиливинская Э.Д. Караван-сарай в Золотой Орде // Золотоордынская цивилизация. 2017. № 10. С. 168–187.
9. Иванов В.А., Кригер В.А. Курганы кыпчакского времени на Южном Урале. М.: «Наука», 1988. 89 с
10. Халикова Е.А. Мусульманские некрополи Волжской Болгарии X - нач. XIII вв. Казань: изд-во КГУ, 1986. 159 с.
11. Фёдоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. Археологические памятники. М.: изд-во МГУ, 1966. 274 с.
12. Петров П.Н., Ускенбай К.З. Вопросы исламизации улуса Джучидов и вероисповедание хана Токты [690/1291 – 712/1312–1313 гг.] // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – № 1. – Уральск, 2010. – С. 10–54.
13. Шамильоглу Ю. Изменение климата в Центральной Евразии и Золотой Орде // Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. – 968 с. + 28 с. цв. вкл.

14. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. III / Пер. с перс. А. К. Арендса; ред. А. А. Ромаскевич, Е. Э. Бертельс, А. Ю. Якубовский. М.; Л., 1946.

15. Рычков П.И. Топография Оренбургская, то есть описание Оренбургской губернии. Спб.: Императорская Академия наук, 1762. - 331 с.

16. История Казахстана в арабских источниках. I том. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечение из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем // под ред. Кумеков Б.Е., Муминов А.К. Алматы. 2005. Издательство ТОО «Дайк-Пресс».

XVIII ҒАСЫРДЫҢ I-ШІ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ЕЛШІЛІК БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ)

Жусупов Руслан Батырханұлы

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

XVIII ғасырдың I-ші ширегіне дейінгі қазақ-орыс қатынасы барысында алмасқан елшілік байланыстар арнайы толыққанды зерттеуді талап етеді. Отандық ғылымның аясында қарастырылып отырған уақыт аралығында Ресейге бағытталған қазақ елшілігінің басталуына қатысты біршама пікірлер қалыптасты. Осы кезеңдегі екіжақты елшілік қатынастардың мәселелерін арнайы өз еңбегінде зерттеген бірегей автор В.Я. Басин болды. Ол өзінің еңбегінде Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың қандай дәрежеде болғанын әлі толық білмейтіндігімізді көрсете отырып, осы тақырыпты қозғаған ең бірінші Г.Ф. Миллер және одан кейін оның дәлдікке жанаспайтын тұжырымын революцияға дейінгі барлық зерттеушілер еш тексерместен қолданғандығын айтады. Яғни, зерттеуші 1717-1718 жылдардағы қазақ билеушілерінің жоңғарларға қарсы Ресейден көмек сұрау мақсатындағы нұсқаулықты меңзейді, онда Тәуке, Қайып және Әбілқайыр хандар қазақ жүздерінің саяси көсемдері ретінде аталған еді [1, 29 б.]. Оның пікірі бойынша «...первое казахское посольство во главе с Тайкомуром добралось в Россию лишь сентябре 1715 г.» [2, 68 б.]. Зерттеуші Н.С. Лапиннің көзқарасы бойынша В.Я. Басин өзінің жорамалын негіздеу кезінде ол 1715 жылдың шілде айында қазақтың аға ханы Қайыптың орыс патшасы I Петрге жазған хатынан бастағандығын көрсетеді. Бірақ қазақ елшілігінің Ресейге жеткен мерзімі көрсетілгендіктен, бұл жерде белгілі тарихшы В.Я. Басин Қайып ханның басшылығымен жеткізілген Әбілқайырдың хатын меңзегендігін толық сеніммен айтуға болады. Десекте, 1716 жылы наурыз айында Қазан қаласына жеткізілген хатты зерттеуші Н.С. Лапин негізге ала отырып, арнайы осы тақырыпқа байланысты ғылыми мақала жазған болатын. Оның көзқарасын келтіре кетсек: «Содержание ханского письма позволяет предположить, что возобновление посольских контактов необходимо отнести к несколько более раннему времени. Во-первых, письмо Каипа стало ответом на «лист» русского

царя, полученный ранее казахским ханом. Во-вторых, царское послание Каипу доставлено подданным самого казахского хана, неким Чюрой, который, вероятно, был гонцом Каипа, выполняя определенные посольские функции» [3, 48 б.]. Сол себепті зерттеуші «бұл Қайып ханның орыс патшасына жауап хаты болғандықтан, елшілік байланыстардың жаңа кезеңін 1715 жылдың жазынан бастау дұрыс емес» - деп есептейді. Сондай-ақ Қайып ханның хабаршысы Шора (Чюра), Тайқоңыр (Тойгунур) басқарған елшіліктен бұрын жіберілгендіктен Н.С. Лапин сол кезеңдегі хабаршылардың қозғалыс жылдамдығын ескере отырып, қазақ-орыс байланыстардың басталуы және сәйкесінше елшілік қатынастардың жаңаруы 1714 жылдың екінші жартысына дейінгі уақытқа тиесілі екендігін алға тартады.

Десекте, қазақ-орыс қатынастары XVII ғасырдың аяғынан - 1714 жылға дейін үзілгендігі жөнінде кесіп айту қиын. Мәселен, 1712 жылы Қайып ханның туған бауыры Абылай сұлтан [4, 90 б.] мен Тәуке ханның үлкен ұлы Болат сұлтанның [4, 91 б.] Сібір губернаторы М. П. Гагаринге жазған хаттарында екі тараптың бір-бірімен елшілік алмасқандығы тіркелген. Тіпті 1702 жылы Ямышево көліне (Ертіс аймағына) қарай Қазақ хандығының тарапынан арнайы елшілік жіберу жоспарланған болатын [3, 68 б.]. Сондықтан XVIII ғасырдың II онжылдығының ортасында Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы қарым-қатынастың барысындағы елшілік қатынастың жаңғыруы басталды деген тұжырым жасау әлі де болса ерте.

XVIII ғасырдың алғашқы екі онжылдығында Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы қарым-қатынастың қалыптасу барысына көптеген факторлар әсер етті. Ең басты факторлардың бірі – Жоңғар хандығы еді. Цеван-Рабданның XVIII ғасырдың бірінші онжылдығында жүргізген сыртқы және ішкі саясатындағы үрдістер хандықтың орталық билігін нығайтуды көздегенін аңғаруға болады. Жалпы, 1635-1758 жылдар аралығында өмір сүрген Жоңғарияның тарихындағы XVIII ғасырдың алғашқы үш онжылдығы ең қуатты хандыққа айналған кезеңі болды. Ал, XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғысының себептері көп жылдардан бері жалғасқан саяси үрдістердің нәтижесі еді. Қазақ-жоңғар қатынастарында үлкен рөл ойнайтын территориялық даулар олардың арасындағы соғыстардың жалғыз себебі болмағандығын атап өткен жөн. Сонымен қатар, жоңғарлық феодалдық топтарының Қазақ хандығына тиесілі сауда жолдары мен сауда орталықтарына бақылау орнатуға деген ұмтылысы маңызды болғандығын көруге болады.

Бұдан бөлек, дәл осы кезде, яғни XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығы мен Ресейдің арасындағы қарым-қатынастың барысына әсер етуші келесі маңызды факторлардың бірі - Ресейдің Сібір бағытындағы отарлау саясатынан екі елдің арасындағы бұрыннан өз жалғасын тапқан шекаралық мәселелер, яғни қазақтармен көршілес әскери-этникалық бірлестіктер (еділ қалмақтары, башқұрттар) арасындағы қарым-қатынас әлі де болса, бірізділікке түскен жоқ еді.

Қазақ хандығы мен Ресейдің қатынасына әсер еткен келесі маңызды факторлардың бірі – XVIII ғасырдың басында-ақ Ресей Орта Азия елдеріне

тиесілі, яғни Батыс Еуропа мен Шығыс елдерінің арасындағы сауда байланыстарының дамуына ықпал еткен аса ірі халықаралық қатынас жолдарына өз бақылауын орнатуды мақсат тұтуы еді.

Бұған қоса, XVIII ғасырдың басындағы бірлескен орыс-жоңғар байланысы қазақ-орыс қатынасының қалыптасуына әсерін тигізген өзіндік себептері болды. Зерттеуші И.Я. Златкин Жоңғар хандығы Цеван-Рабданның Ресей және Қытай бағытындағы ұстанған саясатын былайша түсіндіреді: «...в первые 12-15 лет своего правления стремился главным образом к тому, чтобы убедить правительства России и Китая в своем миролюбии, в желании избежать споров и конфликтов» [5, 222 б.]. Ол Жоңғар хандығының бейбітшілікке негізделген саясатын орыс-жоңғар қатынасын әлсіретуші себептердің бірі ретінде болған қырғыздарды Енисей алқабынан Ыстықкөл аймағына көшірудің негізінде түсіндіреді [5, 218 б.]. Осы кезде екі империя (Қытай мен Ресей) бір уақытта Орталық Азия аймағына өздерінің геосаяси экспансиясын бастағандықтан, олардың арасында саяси бақталастық орнады. Бірақ XVIII ғасырдың басында Ресей еуропалық бағытта саяси басымдылыққа ие болуға ұмтылғандықтан, Қытайға қарағанда бұл аймақтағы әскери әлсіздігін ескерген Ресей үшін Қытай империясына қарсы салмақ ретінде тәуелсіз жоңғар мемлекетінің болуы тиімді болды. Мәселен, XVIII ғасырдың басында-ақ Жоңғар хандығының қонысында орыстың темір ұстасы Зеленовскийдің қару-жарақ ісін бастауы, Ресейдің сыртқы саясаттағы ұстанымының бір дәлелі ретінде келтіруге болады [5, 219 б.]. Десекте Ресей мен Жоңғар хандығы бір-бірлеріне ұмтымды саясатты қалыптастыру жолында саяси іс-әрекеттерді жасауға кіріскенімен, олардың арасындағы қатынас бастапқыда бірқалыпты болған жоқ. Мәселен, XVIII ғасырдың басында Ресей отарлауының жаңа толқыны басталып, орыстар Енисейдің, Тобылдың және Ертістің жоғарғы ағысына қарай ұмтылды [5, 217 б.]. Оның нәтижесінде 1700-1703 жылдары Ресей мен Жоңғарияға тәуелді Енисей қырғыздарының арасында шекаралық қақтығыстар орын алған еді. Бұл аралықта Жоңғар хандығының тарапынан шабуылға тап болған Қазақ хандығының билеушілері орыс-жоңғар байланысының уақытша суыған кезінде Ресеймен қарым-қатынасты жақсартуға талпыныс жасайды. Ресеймен жақындасу мүмкіндігі туған кезде Тәуке хан патша әкімшілігімен кейбір даулы мәселелерді шешу үшін елшілік жасақтауды қайта қолға алады. Көршілес Ресеймен оңтайлы байланысты қалыптастыру бағытындағы көзқарасты ұстанған Тәуке ханның бастамасын, оған жақын қазақ билеушілері Кілдей мен Қайып сұлтандар қолдады. Осы мақсатта 1702 жылы Тәуке ханның Ямышево көлі бағытындағы жоспарланған қазақ елшілігі орыс-жоңғар және қазақ-жоңғар арасында қалыптасқан саяси үрдіске байланысты, әсіресе, Еділ қалмақтарының арасындағы толқулардың салдарынан, оның бұл әрекеті сәтсіз аяқталады. Себебі, бұл кезде қалмақтардың бір бөлігі Жоңғарияға қоныс аударды, бұл қазақ даласынан Ресей мемлекетіне өту жолында кедергі жасады [2, 68 б.]. Десекте, Қазақ хандығы мен Жоңғарияның екі арадағы қатынасты реттеу мақсатында, 1703 жылдың 25 сәуірінде Жоңғар хандығының билеушісі Цеван-Рабданның ордасына Тәуке хан мен Қайып сұлтан жіберген

елші Бөкей, осы кезде қонтайшының ордасында болған Ресей елшілігі П.Гордеевке «прислан де он в посланцах х контайше ис Казачьей орды от Тифти-хана и Каип-салтана для мирного договору, чтоб контайша съехатца с Тифти-ханом и Каип-солтаном и на договоре мирность положить», - деген мәлімдеме берді [6, 65 б.]. Бұл кезде Қазақ хандығы көршілес мемлекеттердің арасында қалыптасқан кез келген мәселені бітімгершілік жолмен шешуге тырысқандығын көрсетеді.

Жалпы, XVII ғасырдың аяғы - XVIII ғасырдың екінші онжылдығының ортасына қарай Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы қиын болды. Қазақтарға батыстан - еділ қалмақтары мен жайық казактары, солтүстіктен - Сібір казактары, сондай-ақ бұл кезде ең бастысы шығыстан - Жоңғар хандығының тарапынан бағытталған әскери қауіп сейілмеген еді. Жоңғар хандығы Енисей қырғыздарын күштеп көшірудің негізінде Ресеймен екі арадағы қатынасты оңтайландыра білді. Өйткені, 1704 жылдың ортасынан – 1710 жылдарға дейін Сібірдің оңтүстік аймағында орыс-жоңғар қақтығыстары бәсеңдеген еді [7, 240-551 бб.]. Осы аралықта, яғни 1706 жылы жоңғарлар Ұлы жүзге шабуыл жасап зор шығынға ұшыратқан болатын. Сондай-ақ 1708-1709 жылдары да қазақтар жоңғар шапқыншылығына тап болып, Ташкент аумағына дейін шегінеді [8, 44 б.]. Бұл кезде, яғни 1705-1709 жылдары Тәуке хан жоңғар шапқыншылығына жауап ретінде ел арасында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізгенімен [8, 46 б.], қазақ әскерлерінің бір бөлігі 1707 жылы күзде басталған башқұрттардың Ресейге қарсы ұлт-азаттық күресіне қатысқан еді. Мәселен, 1707 жылы қазақтардың жақсы қаруланған шағын жасақтары орыстардың Үй өзенінің сағасындағы (Усть-Уйск) қонысы мен Утяцк елді-мекеніне шабуылдап, тұтқындарды қолға түсіріп, тез арада шегініп кетеді [7, 311 б.]. Осы жылдың желтоқсанында башқұрт тарханы Алдар Исекеев бастаған орыс әскерлерімен болған Ноғай жолы аумағындағы Жүректау (Юрактау) тауы маңындағы шайқасқа қазақтардың тарапынан Әбілқайыр сұлтан қатысты [4, 99 б.]. Тіпті 1708 жылы Тәуке хан 20 мың әскерді бастап, Уфа қаласына дейін барған [9, 250 б.]. Орыс-башқұрттар өзара қақтығыстарынан кейін, екі тарап бір шешімге келу мақсатында келіссөздер жүргізеді. Бұл келіссөздердің барысына қазақтар да араласады. Осы мақсатта Қазақ хандығының Ресеймен шекаралас Кіші жүзде хандық билікті тізгіндеген Қайып-Мұхаммед-Баһадүр-хан Қазан әкімшілігіне елшілік аттандыруды көздеген болуы керек. Оны 1709 жылы жазылған өзінің хатынан көруге болады. Онда ол «...Сей, которой к вам приехал сын мой и что слов и старших, которые с ним приехали, буде ослушны учинитесь, отнюдь прощения не будет» - дейді [9, 265 б.]. Оның хатын башқұрт тарханы Алдар Исекеев өзінің хатымен бірге қосып, оларға Қазан губернаторы П.М. Апраксиннің тарапынан жіберілген темниковтық мырза Құлбарыс Бигинин арқылы табыстайды. Қазақ-башқұрт тарапынан елшіліктің жіберілмеуіне, біріншіден, дәл осы кездегі орыстың зұлым тонаушыларының кесірінен баруға мүмкіндіктің жоқтығы, екіншіден, келісімге сәйкес орыстың тарапынан тұтқындардың босатылмауы сияқты себептер әсер етті [10, 119 б.]. Ал, Кіші жүз ханы Қайып өз хатында: «Казан был Шигалея хана юрт, а Уфа

была Гаряя хана юрт, оба мусюльманские юрты были, и вы иноверцы из мусюльманского юрта пойдите вон и вы мусюльманскую веру веруйте, а буде в мусюльманскую веру не пойдете, давайте нам дани. А буде чего на себя не примете, дайте поля и скажите место и силы себе соберите, мы в то место будем готовы», - деп жазған еді [9, 265 б.]. Сонымен, башқұрт көтерілісі кезінде қазақтар мен қарақалпақтардың жасақтары көтерілісшілерге қосылып, Сібір хандығын қалпына келтіруді жоспарлап, олардың талаптарын Қарақалпақ қонысында өмір сүрген Көшім хан ұрпақтарының мұрагерлік құқығымен негіздеген еді.

Қазақ хандығының көршілес елдерімен қарулы қақтығыстардың өрши түсуінен, яғни сырттан төнген агрессияға қарсы ұйымдасқан бірқатар әскери-саяси орталықтар құру арқылы тойтарыс беру қажеттілігін талап етті [9, 264-265 бб.]. Дегенменде XVIII ғасырдың бірінші онжылдығында Қазақ хандығы Жоңғария тарапынан бірнеше рет шабуылға тап болғандықтан, қазақ билеушілері үшін ең бірінші кезекте шешуге тиісті мәселе болса керек. Өйткені, оның нәтижесінде 1710 жылы күз айларында Арал теңізі өңіріндегі Қарақұмда қазақ хандары, сұлтандары, билері мен батырлары бас қосқан кеңес өтеді [8, 46 б.].

Бұл кезде башқұрттардың бір бөлігі Ресей үкіметімен бітімге отырады, оның нәтижесінде башқұрттардың Ресейге бағыталған әскери жорықтары саябырсыды. 1708 жылы Сібір губернаторлығына тағайындалған М.П. Гагарин, башқұрттардың толқуларына байланысты Сібірге келуге мүмкіндігі болмайды. Тек 1711 жылдың орта кезінде Сібірге келген М. П. Гагарин башқұрттарға қолдау көрсеткен қазақ билеушілерімен арадағы қатынасты жақсартуға ұмтылады. Бұл туралы Қайып ханның (1710 жылғы жалпықазақ кеңесінде Орта жүздің хандық билігін тізгіндеген) туған бауыры Абылай сұлтанның 1712 жылы Сібір губернаторы М. П. Гагаринге Бекболат пен Сұлтан-Мамет бастаған елшілері арқылы жіберген хатынан көруге болады. Онда хан: «Великого государя белого царя послы присланы были, в доброе время и час пришли, брату моему Гаиб-Махамет-Багатур-хану поклонились...» деп, орыс елшілігін жылы шыраймен қарсы алынғандығын жеткізеді [4, 90 б.]. Абылай сұлтанның хатын талдаудың негізінде екі ел арасындағы маңызды екі сұрақты бөліп қарастыруға мүмкіндік береді, біріншіден, жоңғарларға тойтарыс беру үшін күш біріктіру, екіншіден, екі ел арасындағы шекаралық мәселелерді оңтайландыру және сауда байланысын жаңдандыру еді. Бірінші мәселеге байланысты Абылай сұлтанның хатында: «...контайшу воевать во сте тысечех июля десятого числа поехали, и вы посылайте силы много» деген жолдары бар [4, 90 б.]. Яғни, 1711-1712 жылдары қазақтар 50 мың әскерімен Жоңғария қарсы аттанғаны белгілі [8, 49 б.]. Қытай елінің Жоңғариядағы елшісі Баожу Канси императорына жасаған баяндамаларында «1712 жылы қазақтар жоңғарлардың көптеген шекарадағы қоныстарын толығымен қиратты», - деп жазды. Сондай-ақ бұл хатта оның «Контайша – вам и нам не друг» деп көрсетуінен, орыстарды жоңғарға қарсы әскер бөлуін ол іс жүзінде іске асырғысы келді. Өйткені, бұл кезде орыс-жоңғар хандығының арасында шекаралық қақтығыстар пайда

болды. Мәселен, 1710 жылы жоңғарлар өздеріне тиесілі жерде орыс-казактары салған Бикатунский бекінісін (Би мен Қатын өзендерінің арасына орналасқан) қиратқан еді [Златкин, 226 б.]. Екінші мәселенің төңірегінде - екі елдің саяси элиталары төмендегідей шешімге келеді: татулықта өмір сүру үшін екі араға елшілік пен сауда алмасуды жолға қою; сонымен қатар өзара әскери жорықтарды тоқтату, егер мұндай жағдай орын алған болса, өз дәрежесінде жазалау шаралары қолданылатыны айтылды [4, 90 б.]. Тіпті қазақ билеушілері орыс әкімшілігінің шенеуніктерімен тығыз байланысты орнатуда «достық», «бауырлық» байланысты қалыптастыру арқылы екі елдің өзара дипломатиялық қарым-қатынасын нығайтуды көздегені анық. Мәселен, оның бір дәлелі ретінде 1712 жылы Тәуке ханның үлкен ұлы Болат сұлтанның Сібір губернаторы М.П. Гагаринге жазған хатынан аңғаруға болады. Бұл хатында хан: «А у меня в саде земля и с посаженными овощами, про твое здоровье посажено» деген жолдар бар. М.П. Гагариннің Болат сұлтанның хатына жауабы ретінде арнайы төлеңгіт Сұмалақбай арқылы жіберілген сәлемдемесін (әртүрлі тауарлар) алғандығын хабарлайды [4, 91 б.].

Қазақ хандығы Ресеймен ынтымақтастыққа негізделген одақтас ел ретінде қарым-қатынасты қалыптастыруы Еуразия кеңістігінде орын алған мәселелерді бірлесе тиімді шешуге үгіттеді. Жалпы бұл кезде қазақ-орыс қатынасы барысында толыққанды тұрақтылықтың қамтамасыз етілуіне кепілдік болмағанымен, оған алғышарттар жасалды. Оның нәтижесінде қазақ билеушілері үшін әскери күштің басым көпшілігін Жоңғар хандығының агрессиясына жауап беру мақсатында жұмылдыруға мүмкіндік туды. Мәселен, қазақтардың бірлескен шабуылдары 1713-1714 жылдары жалғасын тапқандығы тарихта белгілі [8, 49-50 бб.].

Қорыта келгенде, 1700-1715 жылдар аралығында Еуразия кеңістігінде қалыптасқан саяси оқиғаларға байланысты қазақ-орыс қатынастары барысында елшілік алмасу әрекеті болғандығын көреміз. XVIII ғасырдың алғашқы онжылдығында елшілік байланысты орнату мақсатында алғышарттар жасалғанымен, осы уақытқа дейін отандық ғылымның аясында нақты елшілік байланыстың жасалғандығы анықталған жоқ. Ал, XV- XVII ғасырлар төңірегіндегі екі мемлекеттің арасындағы елшілік байланыстарды қоспағанда, яғни XVIII ғасырдың төңірегіндегі елшілік байланыстың бастауы ретінде «1714-1715» жылдарды қарастыру зерттеушілер тарапынан бағытталған асығыс тұжырымдама сияқты. Өйткені, осы мақаланың барысында қазақ-орыс қатынасы барысында 1712 жылдың төңірегінде елшілік байланыстардың алмасқандығы анықталып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Сулейменов Б. С., Басин В. Я. Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века. Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1981. – 247 с.
2. Сулейменов Б.С. Казахстан в XV-XVIII веках (Вопросы социально-политической истории). Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1969. – 203 с.

3. Лاپин Н.С. Қазақско-руссие посольские связи в предымперский период: основные проблемы двусторонних отношений в начале XVIII века. Былые годы. 2021. 16(1): 47-55.
4. Ерофеева И.В. Эпистолярное наследие қазақской правящей элиты 1675–1821 годов. Т. I. Письма қазақских правителей. 1675–1780 гг. — Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. — 696 с.
5. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635-1758). Изд. второе. Москва: «Наука» главная редакция восточной литературы, 1983. — 335 с.
6. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII – XVIII вв.). Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 238 с.
7. Памятники Сибирской истории XVIII века. Книга первая. С-Петербург: Типография МВД, 1883.- 541 с.
8. Мұқтар Ә.Қ., Сыдықов Е.Б. XVII-XIX ғасырдағы Қазақ хандығы.- Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy, 2015. – 688 б.
9. Материалы по истории Башкирской АССР : [Ч. 1: Башкирские восстания в XVII и первой половине XVIII вв. / [ответственный редактор А. Чулошников]. - Москва ; Ленинград : издательство Академии наук СССР, 1936. - 631 с.
10. Таймасов С.У. Башкирско-қазақские отношения в XVIII веке. – М.: Наука, 2009. – 344 с. Илл. 16 с.

НОҒАЙ ОРДАСЫ ТУРАЛЫ МӘСКЕУ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ҚАСЫМ ХАН ЖӘНЕ АҚНАЗАР ХАН

Исин Амантай Исаұлы

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің профессоры

Мәскеуде сақталған еларалық қатынас құжаттары Мәскеу мемлекетінің саяси өрлеген, саяси дербестікті иеленген заманынан бастап жүйелене түседі. XV-XVII ғасырлардағы Мәскеу мемлекетінің құжаттары мен еларалық іс қағаздары Мәскеудің елшілік бұйрығында (Посольский приказ) және Патша архивінде қордаланады. XVII ғасырдағы Орал мен Сібірге қатысты бірқатар іс қағаздары Мәскеудің Қазан және Сібір бұйрығында жинақталып, архив қорына алынады. Мәскеу мемлекетінің XV-XVII ғасырлардағы халықаралық байланыстарына қатысты құжаттары бұл күнде Ресейдің мемлекеттік көне деректер архивінде (Российский государственный архив древних актов – РГАДА, бұрынғы атауы – Центральный государственный архив древних актов СССР – ЦГАДА) сақталып келеді.

Мәскеу мемлекетінің елшілік құжатнамасында «елшілік кітаптар» («посольские книги») толымды деректеме топтамалары ретінде ерекше мән-мағынаға ие. Әрбір елшілік кітап жеке елдермен саяси-дипломатиялық байланыстардың белгілі бір уақытнамалық кезеңін қамтитын құжаттар мен іс қағаздарының жинақылған көшірмесі болып табылады. Бұл қолжазба

кітаптардың мемлекетаралық қарым-қатынастарды жалғастыруда қолданбалы маңызы болған.

XVI ғасырдағы Қазақ хандығы тарихына қатысты, оның ішінде Қасым хан, Ақназар хан туралы негізгі мәліметтер Мәскеу мемлекетінің Ноғай Ордасымен, Қырым хандығымен, Осман патшалығымен қарым-қатынас кітаптарында ұшырасады.

Қазақ хандығының өзімен жасалған қарым-қатынас мәтіндерінің Мәскеуде сақталу тағдыры ауыр. Төл мемлекетіміздің біресе өрлеп, бір кезеңдерде әлсіреген жағдайлары Қазақ хандығы мен Мәскеу мемлекеті елшілік байланыстарының XVI ғасырда үш рет жанданып, арасында екі рет ұзақ кезеңдерге үзіліп қалғандығы әсер еткен. XVI ғасырдың оныншы жылдарындағы «Қасым хан тұсындағы қазақ кітаптары» Мәскеудің патша архивінде 38-ші жәшікте тізімделгені белгілі. Қазақ құжаттарының сақталуына Мәскеу мемлекетіндегі Бұлғақ («Смута») жылдары (1606-1613) кері әсерін тигізді. Ал көптеген құжаттар Мәскеудегі 1626 жылғы жойқын өртте жанып кетті. Қасым хан заманындағы Қазақ хандығының Мәскеумен байланыс құжаттар топтамасының ізі Мәскеу Кремлінде 1626 жылғы өрттен соң жоғалған.

XVI ғасырдағы Қазақ хандығымен байланыс құжаттары 1594-1596 жылдардағы Тәуекел ханның Құлмұхаммет елшілігінің және Мәскеудің В. Степанов елшілігінің материалдарымен ғана шектелді. Бұл екі елшілік деректері бұл күнде Мәскеу мемлекетінің «Қазақ («Қырғыз-қазақ» істері)» құжаттар топтамасында тұр.

XVII ғасырда екі мемлекеттің аралық аймақтарына орналасып алған және шапқыншылықтарымен мазалап отырған ойрат-қалмақтар байланыстарын өрбітуге үлкен кедергі келтірді. Алайда, Есім хан заманы және одан кейінгі жылдар тарихына қатысты орыс деректері де аз емес. XVII ғасыр соңындағы, Тәуке хан заманындағы Қазақ хандығы мен Мәскеу мемлекетінің мемлекетаралық қарым-қатынас құжаттары Ресейдің Сібір орталықтарында сақталғанмен, жеке жинаққа біріктірілмей қалған.

Қазақ хандығы туралы шашыранды деректер Мәскеу мемлекетінің Поляк-Литва мемлекетімен, Швециямен, басқа да кейбір еуропалық және Персия, Бұхара, Хиуа сияқты азиялық мемлекеттермен саяси байланыс құжаттарында ұшырасады. Ресей империясында «Ноғай кітаптары» деп құрастырылған елшілік кітаптарының көлемді мәтіндері 1791, 1793, 1795, 1801 жылдары «Продолжение древней российской вивлиофики» топтамасында баспадан шықты. «Ноғай кітаптары», «Қырым кітаптары», «Түрік кітаптары» елшілік кітаптарының бірқатар мәтіндері 1884 және 1895 жылдары жарыққа шықты. Мәскеу мемлекетінің Поляк-Литва, Швеция мемлекеттерімен қарым-қатынас қолжазба кітаптары мәтіндері де патша заманында жарияланды. Бұл топтамалар орыс тарих қоғамының көптомдық жинақтарында 1884-1913 жж. аралығында жарық көрді. XVII ғ. басындағы Ноғай Ордасына қатысты деректердің тағы бір тобының соңғысы 1918 ж. жарияланып тоқтады.

Кейін бұл іс Кеңес заманында түрлі, оның ішінде идеологиялық себептермен, саябырлап қалған. Қазақ хандығының тарихына қатысты XV-XVI

ғасырлардағы орыс құжаттарының түпнұсқаларымен XVIII ғасыр соңы, XIX ғасырлардың кейбір тарихшылары жұмыс істеген. Қазақстан тарихшылары ортағасырлық Қазақ, мемлекеті туралы орыс деректерінен Н.М.Карамзиннің, В.В.Вельяминов-Зерновтың ғылыми айналымға енгізген мәтін фрагменттерін ғана қолданып жүрді. Одан басқа еш нәрсе жоқ деп те есептелген. Кеңес заманының соңында ғана Мәскеу мемлекеті елшілік кітаптарын жариялауды Н. Рогожин жалғастыра бастады.

Мәскеудегі РГАДА (Российский государственный архив древних актов, бұрын ЦГАДА - Центральный государственный архив древних актов СССР деп аталатын) қолжазба деректерімен шұғылдananудың сәті туып, 1983 жылдың күзінде Қасым ханның дүниеден өткені туралы қолжазба құжатын көзіммен көріп, көшірмесін алдым. «Түрік №1 елшілік кітабының» қолжазбасындағы («Книги посольские турецкие №1») Қасым ханның қайтыс болғандығы және Қазақ, хандығындағы саяси жағдайы туралы 1521 жылы деректер. Мәтіндегі қысқа сөйлемдердің Қазақ хандығы тарихы үшін маңызы айқындалды: «А казатцкого царя Касыма сее зимы не стало. А его два салтана, и они еще меж собою бронят, а на царстве никто не сел» («Қазақтың Қасым ханы осы қыста қайтыс болды. Оның екі султаны өзара қақтығысуда, патшалық [тағына] ешкім отырған жоқ»). Бұл Әжітархан хандығында тұтқыннан босап Азауға (Азов) келген мәскеулік ұлы князь Василийдің тыңшысы («осведомитель - хабар берушісі») Заня Зудовтың 1521 жылы Мәскеуге жеткізген ақпарының бірі болатын. Бұл жөнінде алғашқы ақпар 1984 жылдың қаңтар айында Семейде шыққан газетте беріліп, зерттеу мақалам 1985 жылы еліміздегі академиялық басылымда жарияланды [1].

Қасым ханның дүниеден өткен уақытын З. Зудов мәліметі дәл көрсеткен болып табылады. Ол сол уақыттағы оқиғалардың куәгері, Қазақ хандығына жақын орналасқан Хажы-Тархан хандығынан Қасым ханның қайтыс болған хабарды естіген, оқиғаны өз уақытында жаңалықтың бірі есебінде көрсетіп отыр. Қасым хан, сонымен, 1520-1521 жылдың қысында, дәлірек айтқанда, 1521 жылдың басында дүниеден өткен.

Қырым билеушісі Мұхаммед-Герей хан Осман падишаһына жіберген жолдауында ноғайлардың мекендеріне көшіп келген қазақтардан қауіптенетіндігін жасырмаған. Осман сұлтанына жіберген хат 1521 жылдың көктем уақытына сәйкес келеді.


Сонымен, қазақтың ханы Қасым 1521 жылы көктемге қарай дүние салған. Мұндай жағдайды естіген Мәскеу билеушілерінің қызығушылығы арта түскен. Ресейдің Түркияға тағайындаған елшісі В.М. Третьяк-Губинге берілген нұсқаухатта елшіге «Қазақ Ордасы туралы да қазақтарда қазір патша кім деп сұрастыру керек. Және қайда көшіп жүр?» деп тапсырылған. Бұл құжат 1521 жылдың маусым айында жазылған және мазмұны З. Зудов мәліметтерін толықтыра, нақтылай түседі.

Мұндай ортағасырлық оқиғалардың болған уақыты жайында біздің 1985-1986 жылдарда жазған алғаш мақалаларымыз бен жарияланымдарымыз жете игерілмей, әлі де Қасым ханның билік жылдары көп жағдайда көпшілікке

Сурет 1. Қасым ханның 1521 жылдың басында қайтыс болғаны туралы З. Зудовтың Мәскеуге жіберген ақпарының мәтіні (РГАДА. Ф.89. Оп. 1. Кн.1. Л. 141 об.)

178

тѣмъ заако приказати надыю. Да о дрѣвѣ,
Хѣна пойдѣтѣ прѣаивѣзюмъ. Хѣтѣ о дрѣ
дрѣтѣ оубѣсти, И о дрѣтѣ оубѣсти, И о дрѣтѣ
ѡнѣ (стани чѣ ѡнѣ) тѣмъ ли ѡнѣ ѡнѣ ѡнѣ
ли о дрѣтѣ оубѣсти на (а на пѣтѣ) (товарыци,
Хѣтѣ прѣаивѣзюмъ на писати трактова нади
ѡнѣ ѡнѣ. Хѣтѣ писати ѡнѣ ѡнѣ
ѡнѣтѣ ѡнѣ ѡнѣ ѡнѣ, прѣтѣ дрѣтѣ
тѣмъ ли тѣмъ ли, И тѣмъ ли тѣмъ ли. И про
прѣтѣтѣ. прѣтѣтѣ чѣ дрѣтѣ ѡнѣ ѡнѣ
не. И дрѣтѣ ѡнѣтѣ. и ли о дрѣтѣ ѡнѣ
и (сирѣтѣ). И о дрѣтѣ ѡнѣ и (сирѣтѣ). И ѡ
ѡнѣ дрѣтѣ ѡнѣтѣ. И дрѣтѣ ѡнѣтѣ ѡнѣтѣ
И ѡнѣтѣ ѡнѣтѣ. и ѡнѣтѣ дрѣтѣ ѡнѣтѣ,
И ли дрѣтѣ ѡнѣтѣ. и ли дрѣтѣ. И ѡнѣ
тѣмъ ли ѡнѣтѣтѣ. Да ѡнѣтѣ ѡнѣтѣ
тѣмъ ли ѡнѣтѣтѣ ѡнѣтѣ ѡнѣтѣ, тѣмъ ли
ѡнѣтѣ. Да и прѣтѣтѣ ѡнѣтѣ ѡнѣтѣ
ѡнѣтѣ. И тѣмъ ли ѡнѣтѣтѣ тѣмъ ли. И тѣмъ
тѣмъ ли. Да и прѣтѣтѣ ѡнѣтѣ ѡнѣтѣтѣ,
Да и дрѣтѣтѣ ѡнѣтѣтѣ ѡнѣтѣтѣ ѡнѣтѣтѣ



Сурет 2. Мәскеу мемлекетінің қазақтарда патшалыққа кім отырды, ол қай қоныста көшіп жүр деп 1521 жылдың жазында сұрау салған тапсырма хатының мәтіні (РГАДА. Ф.89. Оп. 1. Кн.1. Л. 178.)

Мәскеу мемлекетінің деректерінде Ақназар ханның Ноғай Ордасына жорығы туралы бірнеше елшілік кітаптарында аталатын деректер кездеседі. Біздің зерттеулерімізге дейін заманында Карамзин мен Вельяминов-Зернов келтірген Мәскеу елшісі С. Мальцев деректері ғана ескерілетін. Бұл жөнінде басқа да толымды деректер бар екенін көрсеткенбіз. Ноғай Ордасын ығыстырып жіберу мақсатында 1568 ж. Ақназар хан, Шығай сұлтан мен Жалым сұлтанның біріккен қолы Еділ-Жайық аралығын басып өтті. Ноғай мырзалары 1556 жылдан бастап Мәскеу мемлекетінің қарамағында болған Астрахань түбінде бекініп, оларға Астрахань воеводалары (әскербасылары) көмекке келеді. Қазақ әскері Астрахань түбінен кері шегінеді. Сөйтіп, 1568 ж. жорық Ноғай Ордасын күйзелте жаздайды.

Ақназар хан, Шығай, Жалым сұлтандардың жорығы нәтижесінде Қазақ хандығының аумағы кеңіп, Батыс Қазақстан мен Жайық өзендеріне дейін ұлғая түсті.

Бұл жорық туралы Мәскеудің елшілік қағаздарында мәліметтер кездеседі. Мәселен, 1569 жылы поляк королі Сигизмунд-Августке елшілікке жіберілген Федор Мясоедовке дайындалған нұсқаухатта мынандай жолдар да бар: «Осы күзде ноғай адамдарына Қазақ Ордасының ханы келді де ұлы князь және астрахань воеводалары ноғай адамдарына атқыштарды беріп, ноғай адамдары мен атқыштар [«стрельцы»] қазақ адамдарын соққы беріп, ханзадаларын өлтірді». 1569 жылдың көктсмінде Литва жаушысын күтіп алуға шыққан А. Мясной пен П. Ивановқа берілген нұсқаухатта да «Қазақ Ордасының Ақназар ханы ноғай ұлыстарына келгендігі» айтылады.

Ақназар ханның Шығай, Жалым сұлтандармен жасаған біріккен жорығы туралы ең толымды деректерді Семен Мальцевтің 1569 жылы қарашасында Қырымнан Мәскеуге жеткізілген «сөздерінен» табамыз. Орыс елшісінің хабарларының басында ол алдында қазақ ханы Ақназардың, Шығай, сұлтанның, Жалым сұлтанның және тағы да жиырма қазақ сұлтандарының Ноғайға келіп шайқасқанын жазғандығын ескертіп өтеді. С.Мальцевтің айтып отырған Ақназар жорығы 1568 жылғы жорық. Оқулықтар мен ғылыми әдебиетте кейде жорық уақыты орыс елшісінің мәлімет берген уақытымен қате 1569 жыл деп қате көрсетіліп те жүр. Бұл оқиғаларды Мәскеудің бұлғақ жылдарында, 1611 жылы Үлкен Ноғай Ордасы билеушісі Естерек биге жіберілген елші П. Вржский заманында Ақназар хан жорығы кезінде ноғайларды Астрахань түбінен мәскеулік адамдар қорғап қалғандығын еске салған.

1571–1572 жж. Ақназар хан Мәскеуге өз елшілігін жіберген. Ақназар елшілігі Ажтарханды (Астрахань) алу мақсатындағы Осман империясының жалпытүркілік болып жоспарланған, бірақ іске аспаған 1569 жылғы сәтсіз жорығынан соң Қазақ хандығы мен Мәскеу ара қатынастарын реттеуді

көздеген. Бұл Мәскеудің Қырым жорығына тап болған ауыр жылдары болатын. Татулық ұсынысқа жауап ретінде Мәскеу үкіметі де қазақтарға өз елшілерін жіберді. Алайда мәскеулік елші Третьяк Чебуков Қазақ хандығына барар жолда Сібір билеушілері қолынан мерт болды.

24305
Слово с майлаи нгуа прина . и братасвое ине
Хматаингуа правду гирена милотто мухоте
онше до алае . и дирб пиондр безвигти .
и внаоста пинехоте ни хому . Хмыште вв
шурдвонгуо и по а в ммирда деро а хоти
сое до алае по томо . Ханвсиде рд а
сое до алае и рд вв . и брату своею
Хтинех хматуингуо . и по а в мирда и в
Хтпое и пина ина . тто машаина гардцр
на гациному по в лае в в ханвцрде лбо по
ло спон . и машаина гардцр сдиполо
е л в не по в лае . а дуре ни л в тте иа на та
ише мирд в ише до алае . а по в ста в и и
ло до а шры мши цре до ча приходина
ише в е и цю . а тто дре ма ина г а
цр в привла ина сдиполо . и ни о кола

Сурет 3. Ақназар ханның Мәскеуге 1571-1572 жж. жіберген елшілігі туралы дерек (РГАДА. Ф.127. Оп.1. Кн.8. Л. 273 об.).

Бұдан кейінгі жылдары Мәскеу Ақназар үкіметімен саяси байланыстарын Бұқар мен Үргенішке жіберген адамдары арқылы жалғастырған. Мәскеудің қазақтармен байланыстары Ноғай Ордасы билеушілерін қатты алаңдатып, олар өздері қолдау көріп отырған мемлекеттен қазақтармен елшілік байланыстарын үзуді талап еткен. Ноғай бегі Орыстың 1578 ж. Мәскеуге былай деп жазған: «Ақназар ханмен және оның атасы Орыс ханмен біз және біздің бабамыз Едіге би – сол жерден осы жерге дейін ұлы араздықта болдық. Олар сондай біздің дұшпандарымыз. Ал сен осындай Ақназар ханмен достықта болып, жыл сайын елші жібересің. Мұндай істі жасау жөн бе еді? Дос бола тұрып бұлай болу жөн емес. Анада менімен діні бір Дәулеткерей ханмен де мен тілдеспедім. Ал Ақназар ханның сенімен діні де бөлек. Сол іс жөн болмақ емес».

Ақназар ханның 1571-1572 жылдардағы Мәскеуге жіберген елшілігінің және XVI ғасырдың 70-жылдарындағы қазақ-орыс саяси қатынастарының мәтіндері де бізге белгісіз себептермен (Мәскеу мемлекетіндегі «опричина» жылдарындағы ішкі тұрақсыздыққа, Мәскеуді сол жылдары шабуылдаған Қырым ханы Дәулеткерей жорықтарының құжаттарға тигізген зардаптарына да байланысты) кейінгі замандарға жетпеді. 1577 ж. күзінде Мәскеудің Қырымдағы елшісі Е. Ржевскийдің оқиғалар тізбегінде Ақназар ханның Сарайшықты алғандығы туралы Дінахмет бидің Қырым ханына ақпар жолдағаны айтылады [2].

1983 жылы басталған зерттеулерім 90-жылдары қатарымен бірнеше жыл, одан соң 2004 және 2013 жылдары жалғастырылды. 1998-2008 жылдары Мәскеу мұрағатындағы бірқатар түпнұсқа мәтіндері Семейде шығатын республикалық «Абай» журналы арқылы оқырманға ұсынылды. 2005 жылы Мәскеу архиві қорларындағы белгісіз болып келген шашыранды деректердің, XVIII-XX ғасырларда Ресей архивистері жариялауға күш қосқан Қазақ хандығы тарихына қатысты құжаттарды топтастырып, «Орыс мемлекетінің елшілік материалдары» деген атпен түпнұсқа тілінде жарыққа шығардым [3]. Сонымен, бұл күнде Мәскеу мемлекетінің мемлекетаралық іс қағаздарын басып шығарған санаулы ғылыми орталықтар қатарында өз еліміздің қалалары да бар.

Мәскеу мемлекеті мәтіндері Қазақ хандығы тарихына көптеген жаңалықты деректер қосты. Олардың ішінде Қасым ханның 1521 жылдың басында қайтыс болуы, Қазақ хандығының 1521-1523 жылдардағы саяси жағдайы және ел билеушілері, Қазақ хандығының 1523 жылы Қырым хандығымен саяси байланыстарда болуы, 1537-1538 және 1581-1582 жылдардағы саяси күйзелістер жайы, Ақназар хан мен Шығай, Жалым сұлтандардың Ноғай Ордасына қарсы 1568 жылдың күзінде бағытталған жорығы, бұл жорықтың Хажы-Тарханды мұсылман жұртына қайтарып алудың жалпытүркілік жоспармен, Осман патшалығы сыртқы саясатымен байланыстығы, Ақназар ханның Қазақ хандығы мен Мәскеу мемлекеті

арасында болған алғашқы әскери қақтығыстан туған салқындықты жою мақсатында Мәскеу мемлекетіне 1571-1572 жылдары жіберген елшілігі және одан кейінгі жылдардағы Қазақ хандығы мен Мәскеу мемлекетінің байланыстары сияқты оқиғалар тізбегі, Ақназар хан балаларының Астраханға келуі және бұл оқиғаға байланысты Қазақтың Үлкен Ордасы туралы алғашқы орыс дерегінің 1616 жыл емес, одан бұрын, 1585 жылы жазылғаны туралы жаңа тарихнамалық түсініктер жарияланды. Есім ханның 1627 жылғы Ташкент жорығы туралы Мәскеу елшілік бұйрығында сақталған дерек пен құжат мәтінінің фотокөшірмесі 2005 жылғы құжаттар жинағында жарияланды. Ақназар ханның замандасы Азаулы Доспамбет жырау туралы деректерді де Мәскеу архивіндегі елшілік кітаптарынан кезіктіріп, жұртқа жеткізілді. Доспамбет жырау бірқатар әдебиетшілер жазғандай, 1523 жылы мерт болмаған. Доспамбет ағаның 1588-1589 жж. қызметі туралы тың деректерді келтірдім [3, 185, 188-бб.]. Әдебиетшілер ескі тұжырымдарды қайталай берген соң, заманындағы саяси қайраткер және жыраудың 1530-1590- жылдары өмір сүргені туралы арнайы мақалалар топтамасын 2005-2006 жылдары жариялауға тура келді [4].

Әдебиеттер тізімі

1. Новые источники по истории Казахстана первой четверти XVI в. // Известия Академии наук Каз ССР, серия обществ 1985. № 3. С.45-49/
2. РГАДА. Ф. 123. Оп.1. Кн. 15. Л. 32 об.
3. Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв.) // История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.1. – Алматы, 2005.
4. Исин А. Доспамбет жыраудың өмір сүрген жылдары // «Шәкәрім Құдайбүрдіұлы шығамалашылығын зерттеудің өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Семей, 2006. 156-159-бб.; // «Шәкәрім әлемі». 2006. №1. 140-144-бб.

ҰЛЫТАУ – ЖЕЗҚАЗҒАН Өңірінің Алтын Орда кезеңінің Ескерткіштері туризм дамуының маңызды бағыты

Искаков Айдар Шарханұлы

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайының

Аға ғылыми қызметкері

Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауға сапарында Ұлытау жерінде жерленген Жошы ханға бүкіл әлемнің назарын аудартып, оның кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру және Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу туралы айтты. «Халық бұл жерге Жошы хан, Алаша хан, Домбауыл кесенелерін, Хан ордасы мен Әулиетаудай киелі орындарды көру үшін келеді. «Азияның арыстаны» атанған атақты Ақсақ Темір де осы өңірге ат шалдырған», – деген Мемлекет басшысы Ұлытаудың ұлт ордасы екендігін

айтып, қазақ халқының тарихында алар орнының ерекшелігіне және Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығы болуы тиіс екендігіне басымдық берді.

Мемлекет басшысы сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы киелі жерлердің маңыздылығына мән арта отырып, отандық туризм индустриясын дамыту қажеттілігіне тоқталды және бұл жұмыстар Ұлытаудай қасиетті жерлерден басталуы қажет деді.[1]

Еліміздегі ірі туристік орталыққа айналу ықтималдылығы басым әрі туристік тиімділігі жоғары қазақстандық аймақтардың бірі – бай туристік әлеуетке ие Орталық Қазақстандағы осы Ұлытау өңірі. Өңірдің туристік тартымдылығының жоғары деңгейі рекреация мен туризмді дамытуға қажетті туристік ресурстардың ауқымды шоғырына байланысты. Өңірдің қолайлы географиялық орны, антропогендік фактордың әсері айтарлықтай байқалмайтын жақсы күйінде сақталған бірегей табиғи әлеуеті, осы өңірде сан ғасырлар бойы жинақталған тарихи-мәдени мұраның бай қоры туризмді дамытуға аса қолайлы үйлесім тапқан. Ұлытау – 736 археологиялық және тарихи-мәдени, географиялық ескерткіштері бар, тарихи және мәдени мұраға бай өлке. Оның 13 ескерткіші республикалық маңызға ие.

«Ұлытау» тарихи-мәдени қорық-мұражайы құрамындағы мәдени-тарихи ескерткіштер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Тұжырымдаманың «Табиғат бірлігі және көшпелі мәдениеттер» туристік кластерлеріне енген.

Осы өңірде Алтын Орда заманына тиселі, есімдері Еуразия елдеріне мәлім тарихи тұлғаларға қатысты ескерткіштер – *Жошыхан мазары, Жошы ұлысы кезеңінен – Болған Ана, Құлан Ана, Аяққамыр(Құтылық Темір) мазарлары, Алтын Орданың әмірі Едіге мен Алтын Орданың ханы Тоқтамыс жерленген Едіге шыңы, 1391 жылы Ақсақ Темір тасқа жазып қалдырған жазуы бар Алтыншоқы тауы және Жошы Ордасы(Орда Базар) қалашығы қай кезде болмасын өңірге келген туристердің қызығушылығын тудырып келеді.*

Ұлытау өңіріндегі Алтын Орда ескерткіштерінің тарихи анықтамасы, туризмдік жай-күйі.

Жошы хан күмбезі – Жезқазған қаласынан солтүстік шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошы бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбезді қайтыс болған кісінің жылдық асын беруден бұрынырақ жасайтын болған. Соған қарағанда 1227 жылы қайтыс болған Жошыға 1228 жылы күмбез тұрғызылған болуы керек. Жошы хан порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Жобасы тік бұрышты. Құрылыс материалдары – күйдірілген кірпіш, ғаныш, әк. Жобаның аумағы 9,55-7,25 метр. Көзге айрықша түсетін нәрсе – салтанатты портал. Оның маңдай алдына сүйір арқа түрінде шығарып, екі жақ босағасын үстіңгі

салмақты еркін көтеріп тұру үшін мейлінше берік етіп тұрғызған. Портал жақтауларын өрнекті кірпішпен безендіріп, киіз үйдің басқұрына ұқсатқан. Өрнекке пайдаланылған тақта кірпіштердің ауданы 45x45 сантиметр. Бұл кірпіштерде өрнекпен бірге жазу да болған. 1911 жылы Атбасар уезін билеген бір ұлық өрнекті кірпіштерді сындырып алып, музейге жібереді. Қазір кірпіштердің кейбір сынықтары ғана сақталған. Порталдың жоғарғы жиегін парапед тәріздендіріп, астынан қалақ кірпіштен фриз тартқан. Ежелгі құрылыс әдісінің бірі – күмбез орнату. Ол Жошы хан күмбезінде тамаша шешімін тапқан. Қабырғаның іш жағынан сөрелеп шығарған белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан. Ішкі күмбездің (биіктігі 7 метр) салмағын «жалған еңсе» шығару тәсілімен белдеулерге жайса, сыртқы күмбезді (биіктігі 8 метр) он алты барабанға отырғызған. Ішкі күмбезден шығарылған түнік сыртқы күмбезді орнатқан кезде жабылып қалған. Жарық кесененің екі жақ бүйірінен, барабанның астынан шығарылған терезелерден (35x35 сантиметр) түседі. Күмбез бедерлі қалақ кірпіштермен әшекейленген. Күмбезді көп қырлы барабанға орнату – оғыз, қыпшақ тайпаларға тән тәсіл. Ішкі қабырғаларында таңбадан басқа ешбір әшекей жоқ. Еденіне қалақ кірпіштер төселген.

Күмбезді қазу жұмысы кезеңінде екі қабір табылды. Қабір қабырғаларын үлкен кірпіштен өріп, астына жұқа тақша кірпіш төсеген. Бірінші қабір күмбездің күншығыс іргесіне (ұзындығы 2,2 метр, ені 70 сантиметр, тереңдігі 1,2 метр) орналасқан. Қабір ішінен тақтай табытқа жерленген адамның сүйегі шықты. Сүйектің оң қолы жоқ екендігі анықталды. Оның үстіне қабір ішінен салтанатты киім жұрнақтары, қызыл сафиян етіктің қалдығы, тұт жібегінің шіріп жатқан сілемдері, аң сүйектері мен түйенің бас сүйегі, темір қарудың сынықтары табылды. Бұл «Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді» деген халық аңызына үндес келеді. Халық аңызында «Жошының тек бір қолын тауып қойған», кейде «бір шынашағын ғана тапқан» деген әртүрлі жорамалдар бар. Екінші қабір Жошының үлкен бәйбішесі (Керей хандығының билеушісі Тоғырыл ханның інісінің қызы) Бектұмыштікі болуы тиіс. Қабір астына төселген қалақ кірпіштерде араб әрпімен «ықпал» деген сөз бірнеше қайтара жазылған. Жошы хан күмбезі республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. 1999 жылдан Жошы хан күмбезіне қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Жошы хан мазарының бүліне бастағандығы жөнінде алғашқы деректі геодезист Ю.А. Шмидт жазған.

Өткен ғасырдың соңында жергілікті халықтың айтуы бойынша мазардың алдыңғы жағындағы көк жолақ болған. Осы төрткүл жолақта жазу болады екен. Сол жазуды 1911 жылы Атбасар уезі Далалық өлкенін генерал-губернаторына көрсету үшін қопарып алған. Бұл жазулы кірпіштің қазіргі тағдыры белгісіз. Жергілікті тұрғындардың айтуынша 1927 жылы Шоң деген біреу қазына іздеп мазардың ішінде 2 қабірді қазған. Бір қабірде жерленген адамның бас сүйегінің үстіңгі жағымен, оң қолының жоқ екендігі анықталған [2] Орда-Базар. XIII ғасырдың орта шенінде Ұлытау өңірінде Орда Базар қалашығы пайда болды. Осы кезеңдегі маңызды қалалардың бірі болған ол Ұлытау өңірі ұлан-байтақ

Жошы ұлысының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық орталығы болды. Жошы мавзолейінің жанындағы Орда-Базар қаласының даңқы алысқа тарады. Бұл қала Еділ бойында 1254 жылы Сарай-Бату салынғанға дейін Жошы ұлысының ғана емес, Алтын Орданың да астанасы болды. 1237 жылғы Батудың Европаға, 1258 жылғы Құлағу мен Кетбұғының Батыс Азияға (Палестина, Сирия, Мысыр) жасаған жойқын жорықтарына дайындық осы бүгінгі Ұлытау-Жезқазған өңірінде тұрған Жошы мазарының маңында жүргізілді. Орда-Базардың географиялық жағынан алып империяның дәл кіндік тұсында орналасқандығы, Еуразиялық кеңістікке ұтымды және ықпалды геосаяси саясат жүргізуге қолайлылығы оның ұзақ уақыт бойы тарих сахнасынан жоғалмауына игі әсер етті.

Болған ана күмбезі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Жезқазған қаласынан 50 шақырым оңтүстік-батысқа қарай, Сарысу мен Қаракенгір өзендерінің құйылысында, Қаражар шатқалында орналасқан. Болған ананы XVIII ғасырда П.Рычков, 1946-1948 жылдар аралығында Ә. Марғұлан зерттеген. Кесене атына байланысты әр түрлі болжамдар айтылады. Бір деректерде онда Жошы ханның Сырдария мен Талас өзендері арасын жайлаған қаңлы тайпасының билеушісіне ұзатылған қызы Болғанның жерленгені айтылса, тағы бір аңыздарда Болған анайы Алаша ханның келіні деп те айтады. 1990 ж. Алматы архитектура және құрылыс институтының экспедициясы (жетекш. Е.Бәйтенев) зерттеген. Кесененің қасбетіндегі арқалы, порталды кірер аузының айналасы қуыстана қаланып, қабырғаның өрнегі ретінде жасалған. Бөлменің төменгі шаршы бөлігінің күмбез шеңберіне әтер тұсындағы бұрыштары арқалы тромпты тәсілмен өрілген. Тромп қолтықшалары қосарланған кірпішті қиғаштау бұрышын шығара қалау арқылы өрнектелген. Ескі сылақтың қалдығы II тәрізді порталдық арканың белдеуі мен жапсырылған әшекейлі қыш тақташалардың терракота түсті болғанын көрсетеді. Порталдың ширек бұрышты бағаналары мен басқа қабырғалары түгел ақ түсті. Көрнекі жерге салынған Болған ана күмбезі алғашқы нұсқаларында өте әдемі болғанға ұқсайды. Ол осы өңірдегі кейінірек салынған кесенелер архитектурасына (Ақтыбай, Қауқабай, т.б.) да әсерін тигізген [3].

Аяққамыр күмбезі – ортағасырлық, Алтын орда кезінен қалған, қызыл кірпіштен салынған сәулет өнері ескерткіші. Академик Ә.Х.Марғұланның пікірінше Құтылық-Темірдің моласы болуы керек. Құтылық Темір 1395-1399жж аралығында Алтын Орда ханы болған тұлға. А.И.Шренк пен Ш.Уәлихановтардың жазбаларында бұл ескерткішті бұрын ел «Қамыр ханның күмбезі»-деп атаған. Алайда ондай кісінің аты әзірге тарихтан кездескен жоқ. Қарағанды облысы Ұлытау ауданы, Жезді ауылынан солтүсік бастысқа қарай 9м қашықтықта орналасқан. Автор, құрылысшы, тапсырыс беруші, құрылу тарихы белгісіз. Кесенені алғаш рет 1946 жылы Қазақ ССР ғылым Академиясының Орталық Қазақстан археология экспедициясы зерттеді. 1973 жылы ҚазССР Мәдениет министрлігінің экспедициясы өлшеу мен фотофиксация жұмыстарын жүргізді.

Орталық Қазақстанның көрнекті ескерткіштерінің бірі болып табылады. Биіктігі 1 м тас іргетастың үстіне 8,10 м x 9,84 м көлемде тік бұрышты жобамен порталды-күмбезді пішінде салынған. Алдыңғы беті II әрпі сияқты жиектеліп, монумент портал түрінде әшекейленген. Кіретін қуыс түзу аркамен жабылған. Күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланып, жарты оюлармен әшекейленген тақталармен қапталған. Шаршы негізден бұрыштарын кеміте қалау арқылы күмбез шығарылған. Архитектура құрылымы мен безендірілуі 9-11 ғасырлардағы осындай құрылыстарға тән. Тікбұрышты құрылыс жоспары үш көлемнен тұрады: ғимараттың текшесі, порталы және күмбезі. Құрылысқа 27x27x6см өлшеміндегі кірпіштер пайдаланылды. Сақталған портал бөлігінің биіктігі - 6,75м. Ішкі периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 5,75x5,75. Сыртқы периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 8,0x10,0. Архитектуралық және конструкциялық шешім, құрылыс жұмыстарының сапасы ескерткішті ортағасырдағы Қазақстан территориясындағы тамаша ғимараттардың қатарына жатқызады [4].

Алтыншоқы. Ақсақ Темірдің тасы. КСРО ҒА-ның академигі Қ.И.Сәтбаев басшылығымен Орталық Қазақстанда жүргізілген экспедицияларының бірінде Ұлытау ауданы Алтыншоқы шоқысынан 1935 ж. тамызда табылған, екі тілде жазуы бар үлкен жартас сынығы. Таста бар болғаны екі жазу бар: үш жол арабша жазу, сегіз жол – шағатай тіліндегі жазу. Эрмитаждың ғылыми қызметкерлері – А.П.Григорьев, Н.Н.Телицын, О.Б.Фролова ұсынған нұсқасы бойынша аударманың соңғы нақтыланған нұсқасына сәйкес арабша жазудың мазмұны мынадай: «Рақымды да шапағатты Алланың атымен! Жер жүзінің әміршісі, шындықтың шамшырағы. Берік қорғаушы, бәрінен де күшті, бәрінен де күдіретті, Өмір мен өлім сыйлаушы данышпан!». Шағатай жазуы осы авторлардың аударуында былайша беріледі: «Жеті жүз тоқсан үшінші жылдың жазы, қой жылы көктемнің ортаңғы айы [1391 ж. 6 сәуір], Тұран сұлтаны Темір бек ислам діні үшін үш жүз мың әскермен бұлғар ханы Тоқтамысханға қарсы аттанды. Осы жерге жетіп, ескерткіш белгі болуы үшін ол осы қорғанды тұрғызды. Алла беріп, жаратушы әділ төрелігін жүргізсін! Жаратушы ел халқына мейірімін төксін! Бізді ескеріп жарылқасын». Бұл тамаша археологиялық олжа 1391 ж. нақты оқиғаны – Ақсақ Темірдің Алтын Орда ханы Тоқтамыс ханға қарсы жасаған жорығының жарқын куәсі болып табылады. Шараф әд-дин Әли Йездидің XV ғ. бірінші ширегінде жазған «Зафар нама» – «Жеңіс кітабы» атты шығармасында Ақсақ Темірдің Дешті Қыпшаққа жасаған жорығының осы бір уақиғасы туралы былай дейді: «Айдың (15 IV) 21-і (аталған) сәрсенбісінде олар Қыпшақтау дейтін атақты тауға жетті және одан көшіп, 2 түннен кейін жұмада Ұлытау деген жерге барып тоқтады. Сол даланы көз қуантып көру үшін Темір таудың басына шықты; бүкіл жазық дала көкпеңбек болып жатты. Ол сол күні сонда болып, (сонан соң) сол жерге мұнара тәрізді биік белгі орнатуға жауынгерлерге тас әкелу үшін жарлық берді. Шебер тас қалаушылар сол кездің белгісі қалу үшін тасқа сол күннің уақытын қашап жазды». Халық аңызы да оқиғаны осылай өрбітіп, оны Алтыншоқы шоқысымен байланыстырады. Тас табылған Алтыншоқы шоқысы Ұлытау

тауларынан солтүстік-батысқа қарай, Жезқазған – Арқалық тас жо-лынан батысқа қарай 90 км, Саят ауылынан батысқа қарай 80 км жерде орналасқан. Аласа, биіктігі бар болғаны 50 м ғана және сыртынан қарағанда, жанындағы шоқылардан ерекше де емес. Бірақ оның үстінен сонау көкжиектегі көзге әрең шалынатын ойлы-қырлы дала келбеті алақандағыдай болып айқын көрінеді. Алтыншоқыны есте қалдыратын нәрсе – оның төбесінде қиық пирамида тәрізді жасанды тас үйіндісі айқын байқалып тұрады. Бұл тастағы жазуда айтылатын қорғанның қалдығы емес пе екен? Жанынан қарағанда қиық пирамида тәрізді үйіндінің ортасында ойық бар, бұл, сірә, қазба жұмысы салдары болуы мүмкін. Осы ойыстағытастардың арасынан балқыған қождың кесектері кездеседі, бірақ оның мұнда қалай келгенін айту қиын. Жазуы бар тасқа келетін болсақ, 1936 ж. бастап қазірге дейін ол Ресейде, Санкт-Петербургтегі Эрмитажда «кат. 195.Темір аты жазылған тас. Алтын Орда. 1391» деген хаттау кодымен сақтаулы тұр. 1990-шы жж. екінші жартысында облыстық мәдени басқармасының бастамасы бойынша түпнұсқа мен ұқсайтын екі жазу да жазылған көшірме-тас дайындалған болатын. Бұл тас қазір Алтыншоқы шоқысында тұр. Олшоқының төбесіне жақын жердегі кішкене ғана тепсеңнің үстіне орнатылған. Оған үлкен трассадан жалғызаяқ жол барады. Фотосуреттен оның тек символикалық көшірмесін ғана көруге болады, ал, шын мәнінде, тастың түпнұсқасының формасы, түсі және фактурасы бойынша елеулі өзгешелігі бар [5].

Едіге тауы. Едіге (1352-1419) – Ноғай ордасының негізін қалаған әмірші, қолбасшы. Едіге маңғыт руынан шыққан, жоғары мәртебелі мырзалардың ұрпағы.

Едіге тауы Ұлытау ауданынан батысқа қарай 35 шақырым қашықтықта орналасқан. «Едіге шыңы», «Едіге биігі» атанған бұл биікте Едіге батырмен қатар Алтын Орданың атақты ханы Тоқтамыстың да сүйегі жатыр. Тоқтамыс ханның ордасында беделді би болған Едіге қасиетті Ұлытаудың биік шыңдарының бірінде жерленген. Ол шың кейіннен Едіге деп аталып кеткен. Едіге Алтын Орда ханы Тоқтамыспен қатарлас болған. Ал Тоқтамыстың 1380-1395 жылдары Алтын Орданы билегені, Сауран, Сығанақ шаһарларын орталық еткен. Едіге сол Тоқтамыспен тізе қосып, кейін Еділ, Жайыққа дейінгі жерді өзіне қаратып, Ноғай ордасының негізін қаласады. 1396 жылдан бастап Алтын Орда хандығын 15 жылдай билейді. Ноғай ордасының негізін салған Едігенің есімі қазақ, қарақалпақ, башқұрт халықтарының аңыздарында кездеседі. Кейін Тоқтамыс ханды Едіге өлтіреді. 1419 жылы Сарайшық қаласының жанында Тоқтамыс балалары әке кегін қайырып, оны өлтіреді, ел-жұрт Едіге бидің денесін Ұлытауға әкеліп жерлеген. Ол шың «Едіге тауы», «Едіге обасы» деп аталып кетті. Бұл тарихта аты қалған, әйгілі Едіге батырдың сүйегінің үстіне салынған қорған. Қорғанның кейбір жерлері бұзылуға ұшыраған. Едіге моласы ірі тастардан дөңгелете қорған түрінде салынған. Қорғанның диаметрі – 8,8 м. Биіктігі – 4,80 м. Қорғанның солтүстік жағынан таға тәрізді кішкене «коридор» жалғанған. Оның ұзындығы – 3 м., ені – 2 м. Мола биіктігі – 2 м. болатын тік жартастың шетінде орналасқан.

Бізге жеткен аңыз-әңгімелерде Едігенің хан алдында қаймықпаған қайсарлығы ақыл мен пайым-парасаттылығы турасында көп айтылады. Ел жадындағы Едіге – әрі батыр, әрі көсем, әрі шешен, әрі би, әрі ақылгөй дана. Сондықтан халық арасында «Ер қамын жеген Едіге» деген қанатты сөз бекіп қалған [6].

Ұлытау өңірінде Алтын Орда дәуірі және басқа өңірдің белгілі республикалық, жергілікті маңызға ие тарихи-мәдени, сәулет ескерткіштерін, көне заманнан қазіргі кезеңге дейінгі ескерткіштердің шоғырлануы Орталық Қазақстандағы ең тартымды туристік бағыт және ғылым мен зерттеу қызметін дамытудың тірек орталығы болуы мүмкін.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев алдағы уақытта ұлттың рухани ордасы, ұлы тарихтың куәсі болған Ұлытау мемлекет қадағалауында, қамқорлығында болады деген сөзі аясында Ұлытау аймағы Қазақстанның туристер тарту картасының алдыңғы қатарына енетіні болашақ ұрпақ үшін жасалатын жақсы қадам.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев: Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойы тойланады. <https://qazaqtimes.com/article/>
2. Марғұлан Ә.Х. Археологические разведки в бассейне реки Сарысу. Вестник АН КазССР, 1947, №7.
3. Герасимов Г.Г. Памятник архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата, 1957.
4. Сембин М.К. Мавзолей Аяк-Камыр /историческая справка/, 1977. Архив НИПМ.
5. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998 ж. 9-том
6. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.

ЖОШЫ КЕШЕНІНДЕГІ 2020 ЖЫЛҒЫ МАВЗОЛЕЙДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Искаков Айдар Шарханұлы

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайының

Аға ғылыми қызметкері

Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы

Қазақстан Республикасының президенті Қасым – Жомарт Тоқаев Ұлытауға келген сапарында Алтын Орданың негізін қалаушы Жошы ханға әлем назарын аударуға, оның кесенесі туризм нысанына айналдыруға және Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеуі туралы айтқан болатын [1]. 2020 жылдан бастап Жошы мазарының қасына Жошы хан тарихи - мәдени кешені құрлысы

басталды. Бұл кешен өңіріміздегі этнотуризмнің дамуына үлкен серпін берері анық, сонымен қатар Жошы кесенесінің қасындағы Жошы ұлысының кезеңіне жататын археологиялық ескерткіштерге де зерттеу жұмыстары өз жалғасын таппақ.

Қазіргі таңда Алтын Орданың кезеңінің ескерткіштерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі және тарихи үлесі зор.

Жошы кешені бірегей ортағасыр ескерткіштері шоғырланған жерлердің бірі. Жошы хан мазарының қасында кешенді археологиялық зерттеулер 1997-1998 жылдары Жезқазған археологиялық экспедициясы Ж.Смаиыловтың жетекшілігімен жүргізілді. Кешен некропольден және қалашықтан құралады. Қазба жұмыстарының барысында Жошы ұлысының кезеңіне жататын тұрғын үйлердің қалдықтары, екі мазар, қыш күйдіретін пеш орындары аршылды. Тұрғын үйдің жылыту жүйесі; тандыр пештер анықталды, диірмен және астық сақтайтын қойма табылды. Археологиялық қазба жұмыстарының барысында үйлерден қыш ыдыстың бөлшектері, қазан сынықтары, соқы ұштары, диірмен тасы секілді археологиялық бұйымдар табылды [2].

2020 жылы кешендегі жұмыстар Жошы хан кесенесінен солтүстік-шығысқа қарай 900 метр жерде орналасқан төбеде жүргізілді. Төбеде солтүстік-батыс -оңтүстік-шығыс осі бойынша бұзылған мавзолейлердің орындары бар, олар күйдірілген кірпіштің фрагменттері бар жер үйінділерінен тұрады. Осындай бұзылған мавзолейдің біріне қазба жұмыстары жүргізілді. Жұмыс басталғанға дейін нысана диаметрі 6 м., биіктігі 30-35 см болатын дөңгелек пішінді шағын жер үйіндісі болды.



Мавзолейдегі қазба жұмыстарына дейінгі көрініс

Қазба нәтижесінде сынған күйдірілген кірпіштің, қатты күйген кірпіш пен шлак фрагменттері анықталды. Табылған көлемі 25x25x5 см кірпіш, осы өңірдегі Алтын Орда кезеңінің құрылыстарына тән. Ә.Х. Марғұлан 1947 жылы

өзінің далалық күнделіктерінде Жошы хан кесенесінің жанындағы пештерде жүргізілген жұмыстар туралы атап өтеді, бірақ осы күнделікте пештің нақты орналасқан жері көрсетілмеген. 1947 жылы Л.Р. Кызыласова өзінің күнделігінде толығырақ жазбалар қалдырады. Орналасқан жері туралы айтқан зерттеуші: "...кесенеден солтүстікке қарай бес жүз метр жерде кірпіш күйдіруге арналған пеш бар", - деген. Табылған пештің орыны кейіннен 1998 жылы Ж.Е. Смаилов жетекшілігімен Жезқазған археологиялық экспедициясы Қаракенгір өзенінің жағасындағы шоқының етегіндегі террасасында анықталды.

Қазба жұмысы жүргізілген мавзолейде көлемі 7x7 м қазба салынды. Солтүстік-шығыс шаршысының бірінші қабатын 10 см тереңдікте алып тастағаннан кейін, өлшемі 43,5x21x13 см болатын саз кірпіштен жасалған құрылыс анықталды. Сол тереңдіктегі қалған тазарту жұмыстары нәтижесінде 5x5 м өлшемді тік бұрышты құрылымын анықтады, оның бұрыштары дүниенің төрт бұрышына бағытталған. Ғимараттың қабырғаларының қалыңдығы 70 см құрады. Құрылымдағы саз кірпіштен жасалған және сақталған биіктігі 20 см құрайды. Солтүстік-батыс қабырғада ені 87 см болатын ғимаратқа кіру жолы анықталды. Бұл құрылысты салу кезінде қолданылған формалар мен архитектуралық әдістерге қарап, бұл құрылысты ортағасырлық өңделмеген кірпіштен жасалған кесене ретінде топтауға болады.



Мавзолейдің қазба жұмыстарынан кейінгі жалпы пішінінің көрнісі

Тазарту кезінде, оңтүстік-батыс шаршыда, материкте дөңгелек пішінді мыс монетасы анықталды, екі жағынан да таңба анық байқалады.



Мыс монетасы. Аверс: Амір Тимур. 786/1384 год.

Аверс: Амир Тимур. 786/1384 жыл. Амир Тимур таңбасы. Самарқанд. Осыған ұқсас монеталар Күлтөбе қалашығының археологиялық зерттеулері кезінде 2019 жылы табылған [4].

Кесененің орталық бөлігіндегі шұңқырды тазарту кезінде ұзындығы 2,40 м, ені 1,2 м сопақ пішінді қабір орыны анықталды, онда 0,46 м тереңдікте күйдірілген кірпіш үйіндісі табылды. Одан әрі тазарту барысында шұңқырда, 30-40 см тереңдікте қабір шұңқырының ішінде қалыңдығы 10 см болатын сазды сылақ анықталды. Жерлеудің бұрын тоналғандығын жұмыстар басталғанға дейін кесененің ортасында ойықтың болуы дәлелдейді. Қабір орынын әрі тазарту барысында сазды сылақтың астында ағаш табыт анықталды. Ағаш табыт толығымен сақталмаған, қазылған қабірдің бүкіл периметрі бойынша шіріген ағаштың фрагменттері түрінде табылған. 0,90 м тереңдікте адамның қаңқа сүйектері тазартылды.



Мавзолейден табылған адам қанқасының суреттері

Табылған адамының қанқа сүйектері басы солтүстік-батысқа бағытталған. Бас сүйегінің өлшемдері және остеологиялық сипаттамалары бойынша бұл қанқа әйел адамдікі деп болжауға болады. Сондай-ақ, қанқаны тазарту кезінде аяқ сүйектері тұсында былғары фрагменттері анықталды [4].

Қазба жұмыстары мен архитектуралық нысандар барысында анықталған материалдың жиынтығы бойынша бұл құрылысты өңделмеген кесене ретінде топтауға болады және оны XIV ғасырдың екінші жартысына немесе XV ғасырға жатқызуға болады. Жұмыстар аяқталғаннан кейін объектіде қазба орнын жабу үшін консервациялық жұмыстар жүргізілді.

Әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ.: Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойы тойланады <https://qazaqtimes.com/article/>
2. Смаилов Ж.Е., Отан тарихи. 2/2002, с. 91
3. Секреты восточных монет городища Культобе: от тюргешей до Казахского ханства <https://tengrinews.kz/story/sekretyi-vostochnyih-monet-gorodischa-kultobe-tyurgeshey-406947/>
4. Отчет об археологических исследованиях 2020 году в комплексе Жоши хан

ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы

**ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, тарих ғылымдарының докторы**

Әлемдік тарихта, оның ішінде қазақ тарихында артында өшпес терең із қалдырған тарихи тұлғалар қоғам дамуының күрделі бетбұрыс кезеңдері мен аумалы-төкпелі замандарда өмір сүреді. Өйткені олар өзі өмір сүріп отырған қоғамның белгілі бір тарихи дамуындағы ірі өзгерістерге белсене қатынаса отырып, оқиғалардың даму барысының жетегінде кетпей, керісінше өзгерістердің тез жүруіне, оқиғалардың даму, өрбу бағытына өзіндік жеке рөлін қосады. Олардың қоғам дамуына қосқан үлесі неғұрлым ауқымды, неғұрлым терең болса, соғұрлым олардың есімі тарихта қалып, халықтың тарихи санасында өшпестей болып сіңеді де, уақыт өте ұрпақтар алдында тұлғалық болмысы биікке көтеріле береді. Қазақ халқының тарихында мұндай тарихи тұлғалар өте көп. Тек қана хандық дәуірдің өзінде хандар мен сұлтандар, билер мен батырлар, ақындар мен жыраулар, абыздар мен әулиелер және тағы басқа тұлғалардың есімдері ел есінде сақталып, күні бүгінге дейін жетіп отыр.

Сондай тұлғалар қатарында 1511-1521 жылдар аралығында Қазақ хандығының саяси тізгінін ұстап, хандықтың абыройын асқақтатқан Жәнібек ханның ұлы Қасым ханның алар орны ерекше. Оның хандық дәуірдегі атқарған тарихи рөлін білу үшін ол өмір сүрген заманға назар аударалық.

Қазақ хандығының біртұтас дәуірін (1458-1715 жж.) өз ішінде шартты түрде - хандықтың құрылу кезеңі; хандықтың күшею кезеңі; уақытша әлсіреу кезеңі; қайта өрлеу кезеңі; «текетірес» кезеңі; жоңғарлармен алғашқы күрестер кезеңі; белгісіз жылдар кезеңі; «алтын ғасыр» немесе Тәуке хан билік құрған жылдар кезеңі. Қасым ханның өмір сүрген жылдары – шамамен 1445/1446 жылдар мен 1521 жыл аралығы. Оның өмір жолы Қазақ хандығы құрылғанға дейін басталып, одан кейін хандықтың құрылу кезеңі мен күшею кезеңдерінде жалғасады. Тұлғаның тарихи рөлі хандықтың осы күшею жылдарында көрінеді, тіпті 1511-1521 жылдары қазақ тағын иелене отыра, күшею, нығаю процесінде басты рөлді атқарады. Біз төменде ұлы тарихи тұлғаның хандықтың күшею кезеңіндегі тарихи рөлін дерек мәліметтеріне сүйене отыра көрсетелік.

Қасым хан туралы сөз қозғасақ, бірден ойымызға ешбір жазба деректерде кездеспейтін, тек қана халық ауыз әдебиеті арқылы күні бүгінге дейін жеткен «Қасым ханның қасқа жолы» деген сөз тіркесі бірден ойға оралады. Бұл сөздің астарында үлкен мән жатыр. Ол - біріншіден, Қасым ханның өмірі, хандық билігі, сол жылдардағы Мауреннахрдағы шайбанилер әулетімен, Моғолстандағы шағатайлар әулетімен жүргізген саясаттың, қарым-қатынастың нәтижесі; екіншіден - Қазақ хандығын күшейтудегі, қазақ мемлекеттілігін нығайтудағы сіңірген енбегіне халықтың берген бағасы; үшіншіден - қазақ халқының этникалық, ұлттық территориясын қалыптастыру жолындағы атқарған жұмыстарының жемісі; төртіншіден - мемлекетті басқару ісіндегі

кейінгі ұрпақтарға қалдырған өнеге жолына өз халқының берген әрі құрметі, әрі тағзымы болса керек. Ең бастысы, қазақ халқының ауыз әдебиетінде айтылатын Қасым хан туралы «Қасым ханның қасқа жолы» деген сөз тіркесі осыдан жарты мың жылдан астам уақыт бұрын өмір сүрген ірі тарихи тұлғаның халық санасында терең де тұрақты орын алғандығын көрсетеді.

Ортағасырлық жазба деректерде Қасым ханның жеке өмірбаянын толық баяндайтын мәліметтер жоқ, тек оның сұлтандық және хандық кезеңдеріндегі өмірінен қысқа-қысқа мәліметтер әртүрлі ортағасырлық деректерде кездеседі. Олардың қатарына Әбілғазының, Қадырғали Жалайырдың, Бабырдың, Бинай мен Шәдидың, Махмуд бен Уәлидің, Хайдар Разидың, Гаффаридың, Абдаллах Балхидың, Мұхаммед Хайдар мырза Дулатидың еңбектері жатады[1, 119; 2, 258-259; 3, 32; 4, 91-127; 5, 44-90; 6, 352-353; 7, 210-212; 8, 213-218; 9, 133-134; 10, 185-231].

Қасым хан - ХІҮ ғасырдағы Ақ Орданың ханы Орыс(Арыс) ханның тікелей ұрпағы. «Орыс ханның жеті ұлының бірі – Қойыршақ. Қойыршақтан Барақ хан, Барақтан – үш ұл: Мір-Сайд, Мір-Қасым және Әбу Сайд дүниеге келеді»[11,42; 1,119]. «Әбу Сайдты – Жәнібек хан деп атайды», - деп жазылады дерек мәліметінде[11, 42]. «Жәнібек ханнан – Иренші(Жиренше), Махмуд, Қасым, Әдік, Жаныш, Қамбар, Таныш, Өснак (Осак,Ұзақ), Жадық атты тоғыз ұл таралады»[11, 42; 1, 119].

Қасым ханның аталарының бәрі өздері өмір сүрген жылдарында Дешті Қыпшақта хандық билік құрған. Орыс хан 1361-1376/1377 жылдары Ақ Ордада хан болғаны белгілі[12, 131]. Оның ұлы Қойыршақ ХІҮ ғасыр соңында аз уақыт Жошы ұлысында хан болады. Ол туралы Хайдар Рази: «Қойыршақ-оғлан – Орыс ханның ұлы. Ол да Темірдің көмегімен ұлысы мен елін биледі. Біршама уақыттан кейін қайтыс болды», - деп құнды мәлімет береді[7, 214]. Гаффарида Қойыршақ оғланның Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа қарсы жасаған екінші жорығына қатысқаны, Тоқтамыс хан жеңілгеннен кейін, Ақсақ Темір оған Жошы ұлысының билігін тапсырғаны және оны Еділ бойынан Дештіге жібергені туралы айтылады[8,212]. Қадырғали Жалайыри еңбегінде Қойыршақ «хан» деген лауазыммен кездеседі[2, 258].

Қасым ханның атасы «Барақ хан 1420/1421 жылы Мауереннахр билеушісі Ұлығбектен көмек алып, Алтын Орда тағы үшін күреседі. 1424/1425 жылы ол Ұлығ-Мұхаммедті жеңіп, Алтын Орда тағына келеді. 1428 жылы қайтыс болған»[12,196-197]. Замандастары Барақ ханды «жеңімпаз батыр, алып болған» десе[2, 251], Алтын Орда тағына үміткерлер ішіндегі «күшті бура» деп санаған[13, 210].

Қасым ханның әкесі Жәнібек хан – оны «Кіші Жәнібек хан деп атаған»[2, 251]. Жәнібек ханның ХҮ ғасыр ортасында Қазақ хандығының негізін қалаушыларының бірі болғанын[10, 195, 222; 6, 352] және Керей ханнан кейін Қазақ хандығын билегенін дерек мәліметтері дәлелдейді[5, 57; 4, 99].

Жәнібек ханның 9 ұлының екеуі: Қасым хан мен Қамбар сұлтан бір анадан, Жаған-бикеден туады[2, 251,258]. Қасым ханның туған жылы анық белгілі емес. Бірақ та оның туған жылын шамалап көрсетуге Мұхаммед Хайдар

мырза Дулати мәліметі мүмкіндік береді. Ол 1513 жылы Сұлтан Сайд ханның Шу бойындағы Қасым хан ордасына келгенін айта келе, «бұл кезде Қасым ханның жасы алпыстан асып, жетпіске жақындап қалған болатын», - деп жазады[11, 225]. Осыған сүйене отырып, 1513 жылы Қасым ханның жасы 67-68-де болған деп есептесек, онда ол 1445-1446 жылдары дүниеге келген болады. Т.И. Сұлтанов Қасым ханды 1445 жылдар шамасында туған деп санайды[13, 271]. Біз осы мәліметті негізге ала отыра, биыл, яғни 2021 жылы Қасым хан 575 жыл толып отыр деп санаймыз.

Қасым ханның өміріне байланысты мәліметтер 1470-ші жылдарға дейін, яғни Қазақ хандығының күшею кезеңіне дейін ешбір дерек мәліметтерінде кездеспейді. ХҮ ғасырдың 70-ші жылдарының бірінші жартысында Шайбани ханның маңғыт мырзаларымен одақтасып, Қазақ хандығына қарсы күресін баяндайтын деректерде алғаш рет Қасым сұлтан есімі аталады[11, 21;12, 104]. Бұл жылдар Қазақ хандығының күшею процесінің алғашқы жылдары болатын. «Шайбани - нама» авторы осы жылдардағы Қасым ханның өмірі туралы: «Бұрындық хан әскері ішіндегі атақты баһадүр және белгілі сұлтанның бірі», - деп сипаттама береді[12, 104].

Қасым хан өмірінің сұлтандық дәуірі - 1511 жылға дейін Қазақ хандығының күшеюі мен Сыр бойы үшін жүргізілген күрестер жылдарында өтеді. Бұл кездердегі оқиғаларға Қасым сұлтан тікелей қатынасып, үлкен рөл атқарады. Күрестің алғашқы кезеңдерінде ол қазақ әскерлерінің қолбасшысы болып[12. 104], үнемі Бұрындық хан қасында болады, «Бұрындық ханға бағынып, оны тыңдайды»[10, 222]. Осыған байланысты Қазақ хандығының XV ғасырдың соңғы 30 жыл ішіндегі Түркістан аймағы үшін жүргізген күрестеріне қысқаша тоқтала кетсек. Өйткені қазақ әскерінің осы жылдардағы жеңістерінде Қасым сұлтанның тікелей қатысы бар.

XV ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан бастап Қазақ хандығының саяси тарихында жаңа кезең басталады. Мұндағы ең басты оқиғаға — Қазақ хандығының Сырдарияның орта ағысы бойындағы қалалар мен қысқы жайылымды жерлерді қайтару үшін Мауреннахрдағы темір әулетінің билеушілерімен жүргізген күресі жатты. Жалпы алғанда, бұл күрес 1470-ші жылдардан 1598 жылға дейін созылды. Бір ғасырдан астам уақытқа созылған күрестің бірнеше кезеңі бар. Күрестің алғашқы кезеңі - 1470-1520-жылдар аралығында болды. Осы Сыр бойы үшін жүргізілген күрестің алғашқы кезеңінде Қасым хан өзін ірі әскери қолбасшы, әрі ірі мемлекет қайраткері ретінде көрсетіп, замандастарының жазбаларында ұлы тұлға ретінде айтылады.

1470-ші жылдар басында Жәнібек ханнан кейін хан тағын Бұрындық хан иеленеді. Бұрындық хан тұсында Қасым сұлтан өзінің ерекше қабілетіне қарай бүкіл қазақ әскерінің қолбасшысы болады. Сыр бойы үшін жүрген күрестің себептеріне әлеуметтік-экономикалық, геосаяси, мәдени, рухани, сауда-саттық, айырбас т.с.с. факторлар жатса, ал оның басталуына Әбілқайыр ханның (1428-1469) немересі Мұхаммед Шайбани ханның 1470-ші жылдар басында Самарқандағы темірлік мырза Сұлтан Ахметтің қолдауымен Түркістан аймағына келіп, орнығуы түрткі болды. Қазақ хандығы бұған бірден наразылық

білдіріп, қыс мезгіліне қарамастан, Сығанақ пен Сауран төңірегіндегі шибанилық сұлтандарға соққы береді. Қасым сұлтан басшылық еткен қазақ әскерлері осы қалалар маңында шибанилықтардың әскерін талқандап, қашуға мәжбүр етеді. Бұл шайқаста Қасым сұлтанның бауырлары: Махмұт, Жиренше, Қамбар сұлтандар бастаған қазақ жасақтары ерлігімен көзге түседі. Мұхаммед Шайбани хан болса өзінің бірнеше атақты сұлтандары мен баһадүрлерінен айырылады.

Түркістан аймағы үшін болған алғашқы ұрыс Қазақ хандығы үшін өте нәтижелі аяқталды. Түркістан аймағынан қарсылас жау қуылады және аймақтың солтүстік және солтүстік - батысындағы Созақ, Сауран және Сығанақ аймақтары Қазақ хандығының құрамына өтеді.

Кезіндегі Ақсақ Темірге арқа сүйеп, Ақ Ордаға қарсы күрескен Тоқтамыс хан секілді Мұхаммед Шайбани хан да Мауреннахрдағы Ақсақ Темір ұрпақтарынан әскери жәрдем алып, Қазақ хандығына қарсы XV ғасырдың соңғы 30 жылы ішінде бірнеше рет Түркістан аймағын басып алуға ұмтылыстар жасайды.

Мұхаммед Шайбани ханның екінші рет Түркістан өңіріне келуі 1480-ші жылдарда болды. Бұл жолы да Қазақ хандығы оған тойтарыс береді және Сыр өңірінің қалған бөліктеріне ықпалын күшейте түседі. Бұл жолғы күресте Қасым сұлтан мен оның бауырлары қол бастап, қарсыласын тағы да кейін шегінуге мәжбүр еткізеді.

Күрестің келесі, үшінші кезеңі XV ғасырдың 90-шы жылдары болады. өтті. Бұл кезеңдегі күрестер Қазақ хандығы үшін ауыр болды. Біріншіден, осы жылдардағы күреске Мауреннахр билеушілерімен қатар Моғолстан ханы Сұлтан Махмұт хан да араласып, қажет кезінде Мұхаммед Шайбани ханға әскери көмек беріп отырады. Екіншіден, Қазақ хандығының Сыр өңірін толығымен қайтарудың соңғы кезеңінде қазақ билеуші топтары арасында алғашқы қайшылықтар пайда болып, қарама-қарсы екі топтың қалыптасқандығын байқаймыз. Бірінші топқа – Бұрындық хан мен оның жақтастары жатса, екінші топты – Қасым сұлтан мен Жәнібек ханның өзге ұлдары құрайды.

Қайшылық - Жәнібек хан ұлдарының Сыр өңірінде жаңа ұлыстарды иеленуіне, сөйтіп, олардың күшейе бастауына байланысты туындайды. Болашақта өз билігіне қауіп төнетінін сезген Бұрындық хан және оның жақтастары енді Жәнібек хан ұлдарын әлсірету мақсатымен негізгі қарсыласы - Мұхаммед Шайбани ханмен жақындаса бастайды. Екі жақ бұл жақындасуын туыстық байланыстармен нығайтады. Және де шибанилық сұлтанның Сыр өңірінде бекінуіне, бірнеше қаланы иеленуіне рұхсат етіледі. Бұрындықтың бұл әрекеті – Жәнібек хан ұлдарының Сыр бойын толық иеленуіне мүмкіндік бергізбеуге және қажет болса, кешегі қарсыласымен Жәнібек хан ұлдарына қарсы одақтасуға жасаған бағыты болды. Қасым сұлтан бастаған топ қалыптасқан қиын жағдайдан оңай шығады. Өз кезегінде олар Бұрындық хан мен Шайбани хан одағына қарсы моғол ханымен одақ құрады да, оны туыстық байланыстармен күшейтеді. Қасым сұлтанның туған ағасы Әдік сұлтан моғол

ханы Сұлтан Махмұт ханның қарындасы Сұлтан Нигар ханымға үйленеді. Әдік сұлтан қайтыс болғаннан кейін әмеңгерлік жолмен оны Қасым сұлтан алады.

Қасым ханның атақ-даңқының өсуі ХҮІ ғасыр басында, Мұхаммед Шайбани ханның 1505-1510 жылдары Қазақ хандығына жасаған жорықтары кезінде көрінеді. Шайбани ханның соңғы жорығы қарсаңында Қасым хан ресми түрде хан болмаса да «оның күшінің өскендігі соншалық, Бұрындық хан туралы ешкім ойламайды»[10, 222] және «хандықты басқару мен хандықтағы бүкіл билікті өз қолына алады»[10, 222].

Бір жарым ғасырдай Орта Азияны билеген Ақсақ Темір ұрпақтарынан саяси билікті аз уақыт ішінде тартып алған Мұхаммед Шайбани хан әскерін 1510 жылы Қасым ханның тас-талқан етіп жеңуі, оның беделін бүкіл Дешті Қыпшақта өсіреді. 1511 жылы Бұрындық хан Мауреннахрға кеткеннен кейін, Қасым хан хандық билікке жеке өзі отырады.

Біз бұдан әрі Қасым хан өмірінің хандық биліктегі дәуірін, Қазақ хандығының тарихымен қатарлас қарастырамыз. Өйткені оның хандық биліктегі дәуірі Қазақ хандығының Мауреннахрмен саяси қарым-қатынастары мәселесімен тығыз байланысты.

Қасым ханның билікке келуі Қазақ хандығының оңтүстіктегі негізгі қарсыласы Мауреннахрдың саяси өмірінде күрт өзгерістермен қатар жүреді. Ол өзгерістерге – Шайбани ханның 1510 жылдың күзінде қаза табуы,[14, 19]. Бабырдың Ирандағы сефевилік әулеттің негізін қалаушы Исмайл шахтың көмегімен Самарқанды алып, Мауреннахрда 6-7 ай билік құруы[15, 127-131] және 1512 жылдың көктемінде шибанилық сұлтандардың бірігіп Мауреннахр аумағынан Бабырды қууы мен шибанилық сұлтандар билігінің Мауреннахрда қайта орнауы жатты.[15, 131-138]. Сондай-ақ Қазақ хандығының оңтүстік-шығысында шағатайлық Сұлтан Сайд хан осы жылдары Мауреннахрдағы саяси жағдайды пайдаланып, Моғолстанда шағатайлық әулеттің билігін қайта орнатуға ұмтылады[16, 281]. Осындай қалыптасқан күрделі саяси жағдайда Қазақ хандығын басқарып отырған Қасым ханға ұтымды сыртқы саясат жүргізуге тура келеді. Қасым ханның шебер дипломатиялық қасиеті осы тұста байқалады. Бәрі түсінікті болуы үшін Мауреннахрдағы саяси жағдайдан бастайық.

1510 жылдың қысында Қасым ханның Шайбани хан әскерін талқандауының бір салдарына Шайбани ханның 1510 жылдың күзінде қаза табуына алып келді. Бұл жөнінде А.П.Чулошников: «...өзбектердің қыпшақ даласында жеңіліске ұшырауы ізсіз кеткен жоқ. Шайбани ханның Мерв түбінде талқандалуы, көп жағдайда солтүстіктегі жеңілістен болды...», - деп түсіндіреді[17, 120]. Шайбани хан өлімінен кейін шибанилық сұлтандар арасында бірден бірлік орнамады. Мұндай жағдайды тез түсінген Бабыр Кабулден шығып, Мауреннахрға аттанады. Исмайл шахтың көмегімен ол 1511 жылдың күзінде Мауреннахрда 6-7 айға созылған билігін орнатады[14, 43]. Мауреннахр қалалары мен оған тәуелді аймақтарға Бабыр өз адамдарын әкім етіп тағайындайды. Мысалы, Мауреннахрдың Түркістандағы иелігі Сайрам

қаласында Қатта - бекті, ал Ташкентке оның ағасы Мір-Ахмед Қасымды отырғызады[10, 221].

1512 жылдың көктемінде шибанилық сұлтандар біріге отырып, Бабырды Мауереннахрдан қуады. Ол Хисарға кетіп, сол жақта Үнді жерін жаулауға кіріседі[14, 151]. Бабырдың Мауереннахр қалалары мен аймақтарындағы тағайындаған әкімдерінің бірі билеушімен бірге кетсе, бірі шибанилықтарға беріледі, ал кейбіреулері шибанилықтарға қарсылықтар көрсетеді. Ташкент пен Сайрамдағы билеушілер үшіншілер қатарына жатады. Шибанилар әскері Ташкентті қоршауға алғанда, қала әкімі Мір-Ахмед Қасым бір түнде қоршауды бұзып өтіп, Бабырға барып қосылады[10, 221]. Ал оның Сайрамдағы інісі Қатта-бек 1512-1513 жылдың ерте көктемінде Жетісудағы Қара-Тал деген қыстауынан жайлауға көшуге дайындалып жатқан Қасым ханға адамдар жіберіп, оның қалаға келуін өтінеді және қала кілтін ұсынады[10, 223]. Қасым хан бұл өтінішті қабыл алып, Ианги қаласы бағытында жүреді де, Сайрамға келеді.

Сайрам әкімі қаланы Қасым ханға бере отырып, оны Ташкентке жорыққа шығуға көндіреді. Бұл кезде Ташкент шибанилық Сүйініш-қожа ханның қолына көшкен еді. Мұхаммед Хайдар мырза Дулати «Қасым хан көп әскермен Ташкентке аттанды», - деп баяндайды[10, 223].

Қасым ханның Ташкентке жорыққа шығуына Қатта - бек ұсынысы тек тұрткі қана болады, ал оның арғы жағында бірнеше себебі бар. Қасым хан Ташкентті алу арқылы, біріншіден, Қазақ хандығының билігін Моғолстанның отырықшы аймағына таратпақ болды. Екіншіден, қайтадан күшейе бастаған шибанилық сұлтандардың күшін әлсіретуді ойластырады. Үшінші себепке, Ташкентті алу арқылы алғаш рет толығымен қосылып отырған Түркістан аймағының оңтүстік шекарасын қауіпсіз ету жатты. Осындай себептермен Қазақ хандығы әскері Ташкентке аттанды. Бірақ Қасым хан Ташкентті ала алмай, Сайрам өңіріне қайта оралады.

Қасым ханның Ташкент түбіндегі оқиғаларын баяндайтын дерек мәліметтері екеу, бірақ олардың мазмұндары бір-бірінен өзгешелеу. «Тарихи Рашидиде» шығармасында: «Қасым хан Ташкент қамалына тақап кеп, бір түн тұрды. Сосын Ташкент төңірегін тонап, қолға түскен мүліктердің бәрін алды да, кейін қайтты. Сонан соң Сайрам төңірегіне келіп, қолға түскен мал - мүлікті санауға кірісті», - деп жазылады[10, 223].

Екінші бір мәлімет «Зубдат ал-асарда» айтылады. Онда автор: «Қасым хан Ташкентке таянғанда, оны Сүйініш қожа хан әскерімен қарсы алды. Өте қатты қантөгіс ұрыс болды. Қасым ханның өзі жараланып, аттан құлады, бірақ оны өзбектер байқамай қалды да, ол құтылып етті. Жеңілген әскерлер далаға қайта оралды. Бұдан кейін Қасым хан жаулап алу туралы ойламады», - деп баяндайды[9, 132].

Бұл екі мәліметтің бір ортақ жері, ол – Қазақ хандығы әскерлерінің Ташкентті ала алмауы болды. Екі автор да бұл оқиғаның тікелей куәгері емес, бірақ осы жылдарда өмір сүрген. Егер де осы деректердің мәліметтеріне тарихи сын тұрғысынан қарасақ, екінші дерек мәліметі біршама күмән туғызады.

«Зубдат ал-асар» шибанилық деректер тобына жатады, ондағы көптеген оқиғалар ресми шибанилық әулет көзқарасы тұрғысынан баяндалды. Шығарма Сүйініш-қожа ханның ұлы, 1525-1533 жылдары Ташкент аймағының билеушісі болған Сұлтан Мұхаммед сұлтанның тапсырмасымен жазылған[9, 130]. Барлық шибанилық деректерге ортақ нәрсеге, олардың – «Қазақ даласы мен Сыр бойындағы оқиғалар объективті түрде баяндамауы жатады»[18, 112]. «Зубдат ал-асарды» жаздырушы Сүйініш-қожа ханның ұлы болғандықтан, автор Шайбани ханнан кейін Мауереннахр билеушісі Сүйініш-қожа хан болды деп, оқиғалардың көпшілігі соның қатысуымен баяндалады[19, 144]. «Зубдат ал-асарда» Сүйініш қожа ханды дәріптеу, мадақтау сарыны басым. Қасым ханның Ташкент түбіне келіп, Мұхаммед Хайдар мырза Дулати жазғандай «қолға түскендердің бәрін алып, кейін қайтуы», ал Сүйініш қожа ханның бұған ешқандай әрекет қолданбауы, бізше, шибанилық әулеттің ресми көзқарасына қарсы, беделін түсіретін жайт. Сол себепті Ташкент түбіндегі оқиғаның «екінші нұсқасы» пайдаланылып, онда Қасым ханның сансыз көп әскеріне қаладан билеушінің өзі қарсы шығып, ұрыс салады. Қазақтар жеңіліп, тіпті хандарынан айырылып, қала жаздайды. Бұл жерде автордың Қасым ханды төмендету, Сүйініш қожа ханды көтермелеу байқалады. Тіпті, Сүйініш қожа ханның Қасым хан артынан барып, бірнеше рет жорық жасағаны айтылады[19, 143].

«Тарих - и Рашиди» авторының көзқарасы бұл оқиғалар бойынша ешкімге тәуелді емес. Автор 1513 жылғы Ташкент түбіндегі оқиғаға қатынаспа да, одан жетік хабардар болған[10, 225]. Өйткені, ол 1512 жылдың күзінен бері Сұлтан Сайд ханның жанында болады, Сұлтан Сайд хан бұл кезде Андижанда тұрып, Ташкентке жорыққа әзірленіп жатқан еді. Қасым ханның Ташкентке жорығынан, ол да хабардар болатын. Мұхаммед Хайдар мырза Дулати бұл кезде 14-15 жастағы кезі, оқиғаның қалай аяқталғанын жақсы білген және объективті түрде берген деп санаймыз.

Қасым ханның 1513 жылғы көктем айындағы Ташкентке жорығы сәтсіз болғанымен, оның Қазақ хандығының саяси жағдайына тигізген әсері онша болмады. Осы жылдары Қазақ хандығы Дешті Қыпшақ пен Мауереннахрдағы бірден бір күшті мемлекеттің бірі болып қала берді. Мұхаммед Хайдар мырза Дулати «дәл осы жылдары Қасым ханда 300 мың әскері болды», - деп жазады[10, 223].

Ташкент түбіндегі оқиғадан кейін, арада 3-4 ай өткенде шибанилық сұлтандарға қарсы біргіп күресу үшін Қасым хан ордасына Сұлтан Сайд хан келеді. Бұл туралы «Тарих - и Рашидиде» өте жақсы баяндалады[10, 225-226]. Автордың осы баяндауындағы мәліметтерден Қасым ханның Қазақ хандығындағы беделінің зор болғандығын көреміз. «Қасым хан жасының ұлғаюына байланысты ханды қарсы алуға шыға алмады. Қалған сұлтандарға, ішінде бірнешеуі: Жаныш хан, Таныш хан (деректе Биниш хан – автор), Мамаш хан, Жан Хайдар сұлтан, Қарыш сұлтан және басқалары 50-60 жаста болды, жалпы саны Жошы ұрпағының 30-40 сұлтанына ханды қарсы алуға бұйырды», - деп жазады «Тарих-и Рашиди» авторы[10, 225].

Қасым ханның төңірегінде осыншама сұлтанның жиналып, оның бұйрығына көнуі, біріншіден, басқа да авторлардың айтқанындай, оның билігінің Дешті Қыпшаққа кең тарағанын көрсетсе, екіншіден, Қасым хан тұсында Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы тұрақты болғандығын көрсетеді.

Сұлтан Саид ханның Қазақ хандығына әкелудегі мақсаты, атап өткеніміздей, шибанилық сұлтандарға қарсы одақ құру және нақты іске, Ташкентке қарай Қасым ханды тағы да жорыққа шақыру болды[10,225]. Қасым хан шағатайлық ханның бұл ұсынысына жауапты жаздың соңына таман береді.

«Қасым хан Сұлтан Сайд ханға шибанилықтарға қарсы бұл мезгілде жорық жасаудың қиындығын айта келіп, дала тұрғындарын бұл кезде қыстау мәселелері ойландырады, сондықтан да мезгілсіз уақытта әскер жинаудың мүмкін еместігін мәлімдейді»[10, 227]. Сөйтіп, Қасым хан Сұлтан Саид ханды шығарып сап, өзі тұрақты орнына қарай көшеді. Сұлтан Сайд хан Қасым ханның көрсеткен құрметіне риза болып, күзде Андижанға қайтып оралады. Хан сарайындағы адамдардың бірі бұл кездесу туралы «Қазақтармен бейбітшілік» деген абжад құрастырады[10, 227].

Осы оқиғалардан кейін, XV ғасырдың 20-шы жылдарына дейінгі Қазақ хандығын Мауереннахрмен қарым-қатынасы тралы мәліметтер жоққа тән. Тек қана 1516/1517 жылы Мауереннахр билеушілерінің Қазақ хандығына жасаған жорығы жөнінде бір мәлімет Васифи еңбегінде кездеседі. Бұл мәліметті терең талдау - Қазақ хандығы мен Мауереннахр арасындағы саяси қарым - қатынастың барысын түсінуге жағдайлар жасайды. Сол себепті де оған тоқтала кетелік.

1516/1517 жылғы жорық Зайн ад-дин Васифидің «Бадай ал-вакай» атты естелік сипатындағы шығармасында баяндалады. Осы шығарманы зерттеп, мәліметтерін ғылыми айналымға қосқан көрнекті шығыстанушы-ғалым А.Н.Болдырев шибанилықтардың бұл жорығы 1516/1517 жылдың қыс айларында болған деп есептейді. Васифи: «Кенеттен хан(А.А.Семенов бұл ханды - Сүйініш –қожа хан деп есептесе, А.Н.Болдырев - Ұбайдаллах хан деп санайды.), Көшім хан және Самарканның басқа да сұлтандары қазақтарға жорық жасау үшін Түркістанға келді», - деп жазады[20, 183].

Васифи үшін кенеттен болған шибанилық сұлтандардың бұл жорығы, Шайбани ханның 1508/1509 жылғы жорығы секілді үлкен дайындықпен жүргізілген болуы керек. Өйткені бұл кездегі Қазақ хандығының билеушісі Қасым хан еді және оның атақ-даңқы мен күші көршілердің бәріне, әсіресе бұрыннан келе жатқан қарсыласы Мауереннахрлық билеушілерге жақсы белгілі болатын. Сондықтан да мұндай қарсыласқа қарсы тәжірибелі шибанилық сұлтандар кездейсоқ бара қоймас еді. Жорықтың қыс айында болу себебі түсінікті.

1516/1517 жылы жорықтың мақсаты Васифи айтпаса да, біз оны сол жылдардағы Қазақ хандығы мен Мауереннахрдың саяси қарым- қатынасына карап анықтай аламыз. 1510-1513 жылдар аралығында Мауереннахрда болған

саяси оқиғалар барысында Қазақ хандығының құрамына Түркістан аймағының оңтүстік бөлігі толығымен енген болатын. Осы жылдары шибанилық сұлтандар арасында бірліктің болмауы бұған қарсы ешқандай әрекет жасаттырмайды. 1513 жылдан бастап шибанилық сұлтандар арасында бірігу үдерісі басталады. Әулет билігі Сүйініш - қожа ханның қолына көшеді. Саяси жағынан біріккен Мауереннахрға Түркістан аймағының Қазақ хандығының құрамына өтуі қауіп туғызады және оны қайтарып алу үшін шибанилық билеушілер 1516/1517 жылы қазақтарға қарсы жорыққа даярланады.

Васифи жорықтың барысы және оның қорытындылары туралы ешқандай мәліметтер айтпайды. Егерде бұл жорық Мауереннахр билеушілері үшін үлкен жеңіспен аяқталған болса, онда шибанилық әулеттің ресми көзқарасы тұрғысынан жазатын авторлар бұл жеңіс туралы ресми ханды және оған қатысушы сұлтандарды мадақтап, үлкен тарихи шығарма жазған болар еді немесе жорыққа қатысушы шибанилық сұлтандардың өмірі туралы жазылған басқа шығарма мәліметтерінде мадақ сөздер айтылған болар еді. Өйткені жеңілген жау, қатардағы жай қарсылас емес – атақты Қасым ханның еді. Ондай еңбектің болмауы, тіпті Васифиден басқа барлық шибанилық авторлардың бұл оқиға жөнінде ештеңе айтпауы – жорықтың шибанилық мауереннахр үшін сәтсіздікпен аяқталғанын көрсетсе керек. Васифидің өзі де жорықтың қорытындысы туралы жазуды «ұмытып кетеді».

Сөйтіп, 1516/1517 жылғы шибанилық сұлтандардың Қазақ хандығына қарсы жасаған бұл жорығы өз мақсатына жетпеген деп есептеуге болады. Бұл жерде Қасым ханның рөлі ерекше болғанын дәлелдеп жатуды артық деп санаймыз.

Қазақ хандығы өзінің Сыр бойындағы иеліктерін сақтай отыра, оңтүстікте Мауереннахрмен Ташкент өңірінде шектеседі. Түркістан аймағы XVI ғасырдың бірінші ширегінің соңына дейін Дешті Қыпшақпен бірге біртұтас саяси, экономикалық, этникалық, мәдени кеңістік құрайды. Жетісудың, Сырдария өзенінің орта ағысы бойының Қазақ хандығы құрамына енуі қазақ халқының этникалық аумағын біріктірудегі үлкен жеңіс болды.

XVI ғасырдың 20-шы жылдарына таман Қасым хан басқарып отырған Қазақ хандығы батыс бағытта да нәтижелі сыртқы саясат жүргізеді. Орыс тіліндегі дерек мәліметтерінде және қазақ халқының тарихи жырларында 1519 жылы Қазақ хандығы Еділдің сол жағалауындағы өңірлерге де билігін таратқандығы, Еділ – Жайық аралығы қазақ тайпаларының көшіп – қонатын жеріне айналғандығы туралы айтылады[21, 106-110]. Осы кездерде Қазақ хандығы Қырым, Астрахан хандықтарымен қарым – қатынастар орнатады[22,47]. Қасым хан Сарайшық қаласын саяси орталық етеді. Осылайша, Қазақ хандығы XVI ғасырдың бірінші ширегінде Қасым ханның билігі тұсында бұрынғы Жошы және Шағатай ұлыстары аумағындағы ең күшті мемлекетке айналады. Қазақ хандығының күшеюі барысындағы Қасым ханның рөлін сол кездегі тарихшылардың өздері де түсініп, ол туралы әртүрлі мәліметтер береді.

Қасым хан туралы Бабыр: «Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде – бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде 300 мыңға жуық адам бар еді», - деп жазса[9, 32], Мұхаммед Хайдар мырза Дулати: «Ол Дешті Қыпшаққа билігін таратты. Оның әскерінде миллионнан аса адам болды. Жошы ханнан кейін бұл жұртта дәл осындай күшті хан болған жоқ», - деп мәлімет береді[10, 222]. Қадырғали Жалайыр: «Олардың арасында (Жәнібек хан ұлдары арасында – автор) аса белгілі болғаны Қасым хан еді. Ұзақ уақыт атасының ұлысында патшалық етті. Төңірегіндегі уалаяттарды өзіне қаратты. Оның хикаялары әр жерде кездеседі, көпке мәлім-мәшһүр», - дейді[2, 258]. Махмуд бен Уәли болса, «Қасым хан Дешті Қыпшақ аймақтарында өз билігінің күшейткені соншалық, оның әскерінде 200 мыңнан аса адам болды», - деп баяндайды[6, 353]. «1515/1516 жылы Қасым хан Жошы ұлысын тәртіпке келтіргендігі сондай, бұдан артықты көз алдыңызға елестету мүмкін емес, оның әскерінің саны миллионға дейін жетті», - дейді сефевилік шығарма авторы Хайдари Рази[7, 215]. Ал Гаффари болса, «Қасым хан ... Дештінің ханы болды. Онымен және Шейбак хан (Шайбани хан –автор) арасында қақтығыстар болып, 1509/1510 жылы Шейбак хан оған қарсы аттанады, бірақ жеңіліс тапты», - деп жазады[8, 212].

Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі шығыс авторларынан басқа Мәскеу патшалығына және сол арқылы Батыс Еуропа елдеріне белгілі болады. XVI ғасырдың 70-ші жылдарында құрастырылған патша архивінің тізімінде былай делінеді: «38-ші жәшік. Онда Қасым хан тұсындағы қазақтар туралы кітаптар мен қағаздар бар»[23, 23]. Өкінішке орай, бұл қағаздар бізге дейін жеткен жоқ.

XVI ғасырдың бірінші ширегінде Мәскеу патшалығының Қазақ хандығына арнайы көңіл аударып, дипломатиялық байланыстар орнатуға ұмтылуы, Қазақ хандығының осы кездерде Алтын Орданың батыс бөлігінде белсенді сыртқы саясат жүргізуіне байланысты болса керек. XVI ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақ хандығы батыста Астрахань хандығымен шектесіп, Қырым хандығына елшіліктер жібереді[20,165]. Бұрынғы Жошы ұлысының аумағында Қазақ хандығының күшеюі, Алтын Орда езгісінен енді-енді құтылған, бірақ оның салдары әлі де болса Мәскеу билеушілерінің жадында сақталғандықтан өте қорқынышты еді. Сондықтанда Мәскеуде Қасым хан туралы, Қазақ хандығы және қазақтар туралы мәліметтер арнайы жинақтала бастаса керек.

1525 жылы Мәскеу мемлекеті туралы кітап жазған итальяндық әдебиетші Иовий (Итальян әдебиетшісі, 1525 ж. Орыс мемлекеті туралы кітап жазған. Мәліметтерді Рим папасы VII Климентке келген Мәскеу князі Василий Ивановичтің елшісі Дмитрий Герасимовтан алады.) Московияның шығысындағы көршілерді жалпылама атаумен «татарлар» деп, «олардың аумағы Қытайға дейін созылып жатыр», - деп жазады[24, 123]. Ал, 1519-6 және 1526 жылдары Мәскеуде екі рет болған австрия елшісі Сигизмунд Герберштейн: «Волга бойындағы бұл патшалық / Қазан хандығын айтып оты. –

автор/ оңтүстікте және шығыста далалық аймақпен шектеседі. Шығыста олар шайбанилық және қазақ деп аталатын татарлармен араласып тұрады», - деп мәлімдейді[24, 124].

Осылайша, Қазақ хандығының Қасым хан тұсында Мауереннахрмен саяси қарым-қатынасының табысты болуы хандықтың оңтүстік және оңтүстік-шығыс бағыттарындағы аумағын кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар батыс бағытта да жемісті саяси қарым-қатынастар жүргізуіне мүмкіндіктер береді. Қазақ хандығының құрамына Еділге дейінгі жерлердің қосылуы қазақ тайпаларының этникалық аумағын біріктірудегі өзінше бір кезең болып саналады. Күшейген Қазақ хандығынан Мәскеу қауіптен бастайды. Қазақ хандығы туралы мәліметтер Мәскеу арқылы Батыс Еуропа елдеріне таралады.

Қасым ханның қай жылы қайтыс болғандығын шығыс жазба деректері әр түрлі көрсетеді. Мұхаммед Хайдар мырза Дулати мен Хайдар Рази 1518/1519 жылды көрсетсе[10, 222; 7, 215], Гаффари, Мунаджим-баши және тағы басқа авторлар 1523/1524 жылы қайтыс болған деп жазады[8, 212]. Қасым ханның нақты қай жылы және қай айда қайтыс болғандығын анықтауға орыс тіліндегі дерек мәліметтері көп жәрдем береді.

1519 жылы Қазақ хандығының шекарасы Еділге дейін жетіп, Астрахань хандығымен шектескенде, осы хандықта Занко Зудов деген рязаньдық 1520/1521 жылдың қыс айларында 3-4 ай тұтқында болады. Қазақ хандығындағы оқиғалардың бірталайын З.Зудов тұтқында жүріп естиді. 1521жылдың сәуірінде оның III Василийге жіберген хабарламасында «осы жылы қыста қазақ патшасы қайтыс болды», - деп жазады[22, 47]. Бұдан басқа Мәскеуге Қасым ханның қайтыс болғандығы туралы, бізге дейін жетпеген бірнеше хабарламалар жетсе керек.

1521 жылы маусым айында Түркияға бара жатқан бояр ұлы Василий Михайлович Третьяк-Губинге III Василий «Қазақ Ордасы туралы анықтау, қазіргі кездегі қазақтардың патшасы кім және олар қай жерде көшіп – қонып жүргенін» анықтауға тапсырма береді[22, 49]. Осы келтірілген дерек мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, Қасым хан 1518 жылы, не 1523 жылы емес, нақты 1521 жылы қыс айында, шамамен қаңтар айында қайтыс болады.

Қадырғали Жалайыри Қасым ханды Сарайшықта жерленген деп жазады[2]. Ол түсінікті де, өйткені Қасым ханның соңғы 3-4 жыл өмірі Еділ-Жайық өзендері аумағында өтеді. Қайтыс болғанда Ұлы хан 75—76 жастар шамасында болады.

Осылайша, XVI ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ хандығын күшейтіп, қазақ халқының атауын алыс-жақын елдерге таратқан Қасым хан есімі қазақ халқының тариха жадында жарты мың жылдан уақыт бойы сақталып келе жатыр. Ол туралы қазақ халқының ауыз әдебиетінде «Қасым ханның қасқа жолы» деген сөз тіркесі сақталған. «Қасқа жол» - қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдеп-ғұрып ережелері негізінде жасалған және көшпелі қазақ өміріне үйлесімді заң болды»[25, 243]. Кез келген қоғам өз дамуының белгілі бір сатысына көтерілгенде жаңадан пайда болған қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдарын шығарады. Қазақ хандығы да XVI ғасырдың бірінші

ширегінде бұған дейінгі кезеңдермен салыстырғанда аумағы, халқының саны, хандықтың күші мен қуаты жағынан анағұрлым жаңа биікке көтеріледі. Біздің пікірімізше, «Қасым ханның қасқа жолы» осы жаңа жағдайға сай жасалған, жаңа қатынастарды реттейтін заң болып табылады.

XVI ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ хандығының күшеюі Қазақ хандығы мен қазақ халқының атауларына байланысты бұрынғы ұғымдарға да өзгерістер енгізеді. «Көшпелі өзбектер», «өзбек-қазақ» этнонимдерінің орнына бір ортақ этникалық атау – «қазақ» атауы қолданыла бастайды.

Географиялық мәндегі «Дешті Қыпшақ» ұғымына қоса, этногеографиялық мәндегі - «Қазақстан» атауы қатар қолданыла бастайды. «Қазақстан» термині алғаш рет XVI ғасырдың бірінші ширегінде ортағасырлық дерек мәліметінде кездеседі [26, 180]. Кейбір зерттеушілер бұл терминнің Мұхамед Талибтың «Матлаб ат-талибин» атты еңбегінде 1512 жылғы оқиғаларға байланысты кездесетіндігін айтады [27, 252].

Қорыта келе, Қасым хан Қазақ хандығының күшею кезеңі деп аталатын 50 жылдай уақытқа созылған кезеңінің алғашқы сатыларында қазақ әскерінің бас қолбасшысы ретінде үлкен жеңістерге қол жеткізіп, темірлік әулеттен Сыр бойындағы қалалар мен қысқы жайылымдық жерлерді қайтарады, қазақ халқының этникалық аумағын қалыптастыруда үлкен еңбек сіңіреді. Хан тағын иеленген соң Қазақ хандығының батысында да жемісті саясат жүргізіп, Еділ өзеніне дейін шекараны кеңейтеді. Ішкі қатынастарды реттеу үшін «Қасқа жолды» өмірге әкеледі. Бұл жағдай хандықтың күшеюі мен нығаюына тікелей әсер етеді. Ал, сол кездегі хандықты басқарған Қасым хан есімі аңызға айналып, замандастарының бәрі Қасым ханның беделін мойындайды, оның атақ-даңқы туралы құнды мәліметтер қалдырады.

Биыл Қасым ханның туғанына 575 жыл толып отыр. Қазақ халқына сіңірген еңбегіне қарай қаншама уақыт өтсе де, халық оның есімін ешқашан ұмытпайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Көне түрік тілінен аударған Б.Әбілқасымов. Алматы, 1992.
2. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның «Жылнамалар жинағы». Алматы, 1991.
3. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. Толықтырылып, екінші басылуы. Аударған Б.Қожабекұлы. Алматы, 1993.
4. Шайбани –наме.//Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с. (Одан әрі –МИКХ).
5. Фатх-наме.//МИКХ.
6. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар.// МИКХ.
7. История. Хайдар Рази./СМИЗО.Т.ІІ.
8. Гаффари. Списки устроителя мира./СМИЗО.Т.ІІ.

9. Зубдат ал-асар. /МИКХ.
10. Тарих-и Рашиди. //МИКХ.
11. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме.//МИКХ.
12. Из «Места восхода двух счастливых звезд и места слияния двух морей» Абд-ар-Раззака Самарканди.// СМИЗО. Т.II.
13. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трехтысячелетий. – Алматы, 1992. – 384 с.
14. Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. /Письменные памятники/. Ташкент, 1985.
15. Семенов А.А. Первые шайбаниды и борьба за Мауереннахр. //МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж.ССР. – Т. XII. – Сталинабад, 1954. – С. 109-150.
16. Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. II т. Алматы, 1983.
17. Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен.–Оренбург, 1924. Ч.1. – 291 с.
18. Пищулина К.А. Казахское ханство во взаимоотношениях с Моголистаном и Шайбанидами в последней трети XV века. Мына кітапта: Казахстан в эпоху феодализма. Алма-Ата, 1981.
19. Бартольд В.В. Отчет о командировке в Туркестан. Соч., т.VIII. М., 1973.
20. Болдырев А.Н. Зайн ад-дин Васифи – таджикский писатель XVI в. /Опыт творческой биографии/. ИЯЛ АН Тадж.ССР. Столинобад, 1957.
21. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Құрастырушылар, алғы сөзін және түсініктемелерін жазғандар Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов. Алматы, 1991.
22. Исин А. Материалы Посольского приказа Русского государства о Казахском ханстве XVI- начале XVII вв. Мына кітапта: Вопросы историографии и источниковедения Казахстана(дореволюционный период). Алма-Ата, 1988.
23. Описи царского архива XVI века и архива Посольского приказа 1614 г. М., 1960.
24. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1. (V в. до.н.э. – XVIII в. н.э.). – М.-Л., 1935. – 300 с.
25. Қазақтың көне тарихы. Арап қарпінен көшірген – М.Қани. Алматы, 1993.
26. Бадай ал-вакаи. /МИКХ.
27. Абусейтова М.Х., Жапбасбаева Ж.М. Значение археографических экспедиций для источниковедения истории Казахстана XVI-XIX вв. Мына кітапта: Вопросы историографии и источниковедения Казахстана(дореволюционный период). Алма-Ата, 1988.

ҚАСЫМ ХАН КЕСЕНЕСІ

Касенов Марат Сейтжанұлы

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының аға ғылыми қызметкері

Жоба ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитетінің ғылыми жобасы аясында дайындалды. Жоба ИРН BR10164208

Сарайшық қаласында ертеден атақты тұлғаларды жерлейтін қала зираты болған. Алтын Орда дәуірінен бергі дәстүр бойынша сол кездегі тұлғаларды арнайы жерде жерлеуге (пантеон) салынған. Қала маңындағы арнайы зират ұзақ жылдар бойы ақсүйектер мен хандарды жерлеу орны болған. Сонымен бірге бұл зиратқа қала тұрғындарыда жерленген. Кейінгі кездегі оқиғалар мен уақыт кесенелердің жойылуна соқтырған. Қазіргі кезеңде осы орында XIX ғасырдан жерленген қазақтар зираттары бар [1, 180 б.].

Бұл зираттарды «қорым» деп атаған. «... Сарайчике, где погребены ханы, и кости, ханов называют заповедными» [2, с. 47].

1913 жылдары А. Руднев өз зерттеулерінде Сарайшықта Алтын Орда хандары жерленген деп көрсетеді. - «Местом погребения золотоордынских ханов считался Сарайчик, на нижнем течении Урала» - дейді [3, с. 47].

Қорық және жерлеу салты туралы В.В. Бартольд жазады. - «Место погребения золотоордынских ханов считался Сарайчик, на нижнем течении Урала; из слов Абулгазы о погребении хана Тохтогу можно заключить, что ханы хоронились здесь еще до принятия татарами ислам» [4, с. 395].

Ислам дінін қабылдағанға дейін зираттарға жерленсе әдеп-ғұрып бойынша олармен бірге қару-жарақ, асыл бұйымдар т.б. тұрмыстық заттар қойылған. Бұның өзі қала зираттарында қыруар байлық бар екені, туралы аңызды тудырған. Ислам дінін қабылдаған соң да жапайы жерлеулер жалғасқан. Бірақ мұсылмандық салт бойынша қабірлерге заттар қойылмаған.

Орыс казактары 1580 жылы қаланы тонап, сонымен бірге зираттарын тонауының себебі мол қазынаны іздеуден болған. Олар қала зираттарында мол байлық қойылған деген аңызға сенген. Сондықтан қабірлерді қопарып, қиратып тонаған.

Сарайшықта жеті хан жерленгені туралы аңыз қайдан шыққаны белгісіз. Қазақ ұғымында «7» саны қасиетті, киелі сан болған. Сондықтан жеті хан жерленген деген ұғым қалыптасқан болса керек.

Жеті хан жерленгені туралы тек Шығияз Шанайұлы ақын айтқан.

«Сарайшықта бар дейді»

«Жеті ханның моласы» - деген [5, 94 б.].

Сарайшық қорымына жерленген ханың бірі Қасым хан (1445-1521 ж.). Ол, қазақ мемлекетіне - бүкіл батыс аймағын, Каспий теңізінің солтүстік жағалауын, Еділ өзенінің шығыс өңірін, Сарайшық қаласы мен көптеген елді

мекендерді және көптеген жерлерді, қазақ хандығына қосып алды. Ноғайлардың кейбір руларыда қазақ хандығына қосылды.

1510-1521 жылдары қазақ мемлекеті өзінің күшейіп, өркендеуінің шарықтау кезеңінде болды. Қазақ хандығының негізгі алып жері, осы кезеңде қалыптасты.

Сарайшық қаласы қазақ хандығының астанасы болды. Қасым хан «астанада» тұрып елін басқарып, осында қайтыс болып, қала зиратына жерленді.

Ханның қайтыс болған уақыты мен жерленген орны туралы да әр түрлі даталар мен деректер келтіріледі. Осы талас тудырып келе жатқан деректерді көрейік.

Хайдар Дулати: Қасым хан 1518 жылы қайтыс болды деп жазады: «Ақырында 924 хижри қәмәри (1518 милади) жылы қайтыс болды» [6].

Ал, Хайдар Рази 1518-19 жыл деп қайтыс болған деп жазады.

Гаффари 1564 - 65 жылы жазылған - «Нусахи Жаханара» атты тарихи шығарма авторы Қасым ханды 1523-24 жылы өлген дейді.

Ал Тахир Мұхаммед өзінің - «Раузат-ат Тарихирин» атты еңбегінде Қасым ханның өлген уақыты 1521 жыл деп көрсетеді.

М.Ж. Көпейұлы жазбаларында: «Қасым хан хижра бойынша тоғыз жыл отызда Сарайшықта опат болды» - дейді. Хижра бойынша 930 ж. Милади жыл санауы бойынша 1523 жылмен сәйкес келеді [7].

Ал, академик Әлкей Марғұлан Кази Ахмада Гаффаридің - «Нусах - и Джанахара» еңбегіне сүйеніп Қасым хан 1524 жылы қайтыс болды дейді [8].

Т.И. Сұлтанов бойынша Қасым хан 917 - 924 хиджра жылында (1511-1518 ж.) хан болған [9. с.112].

Соңғы жылдары шықан көп томдық «Қазақстан тарихы» кітабында Қасым ханың қайтыс болғанын уақыты - «1518, 1523, 1524 жылдары» деп көрсетеді [10].

Астраханда рязаньдық Занко Зудов – 1520-21 жылдың қыс айларында 3-4 ай тұтқында болады. Қазақ хандығы туралы хабарлар алып отырған. Қасым ханың қашан қайтыс болғанын естіген. 1521 жылдың сәуірінде оның Москваның ұлы князі III Василийге жіберген хабарламасында «Осы жылы қыста (қаңтар-ақпан) айларында қайтыс болған» - дейді [11, с. 61].

Бұл хабарлама Қасым ханың қайтыс болған жылы мен айын құжаты түрде көрсеткен дәл дерек болып отыр. Қасым хан «1521 жылы қаңтар – ақпан» - айында қайтыс болды деген - Занко Зудовтың ақпараты дұрыс. Ол хабарды 3 айдан соң 1521 жылы 10 мамыр айында беріп отыр.

Қазақ хандығы мен Астрахан хандығы орталықтары, Сарайшық пен Астрахан қалаларының ара қашықтығы 300 км болған. Екі хандықта болып жатқан оқиғалар бір - біріне белгілі болған. Қасым хан Сарайшықтағы хандар зираттына (пантеонға) жерленді.

Қадырғали Жалайыр ханың Сарайшықта жерленгенін - «Шежірелер жинағында» жазады: «Ең алдымен айтылатын Қасым хан, Жаған бегімнен (бәйбішеден) туған еді. Бірақ жылдар бойы атасы басқарған ұлысында

патшалық құрды және өз тұсында әр тараптағы уәлаяттарды бағындырды. Оның хикаясы әр жерде айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» [12, 121 б.].

Шежіреші Ораз-Мұхаммед осы деректі жазады: «Әрқайсысы (Жәнібек ханның ұлдары мен немерелері) өз ордасын құрды, сонда билеуші болып, атақ-даңққа бөлене білді. Олардың есімдері әлі күнге дейін ел есінде. Солардың бірі Жаған бегімнен туған Қасым хан еді. Ол біраз уақытқа дейін әкесінің ұлысында билік құрды және көптеген көрші елдерді бағындырды, оны бүгін де барлығы есте ұстайды. Ол Сарайшықта қайтыс болды және оның зираты қазірде сонда орналасқан» [13, с.145].

А.П. Чулошников оның мазары XVII ғ. басында, дін аман болғанын баяндайды: «...он умер еще за несколько лет до этого (около 1518-20 г.), г. Сарайчике где и был похоронен, уже как повелитель и Дешт-Кипчака», (Еще в начале XVII в.в. гг., Сарайчике можна было видеть гробницу хана Касима) [14, с. 127].

XVIII ғ. зерттеушісі П.Рычковтың сипаттамасы бойынша: «Сарайшық-Жайық өзеніндегі ғаламат қала елесі, Гурьевке 50 верст жетпейді. Сарайшық қазіргі форпост. Онда жерден тіпті күні бүгінге дейін көптеген шатырлар, ғимараттар табылды. Осы арада айтулы адамдар зираттары көп», - деп жазды [15].

XVIII ғасыр ортасында Қасым хан мазары құлатылып, оның қыш кірпіштері бұзылып басқа құрлыстарға пайдаланылған.

Қасым хан кесенесін іздеуді алғаш 1861 жылы А.Е. Алексеев жүргізді. Ол, Сарайшық қаласына келіп цитадельінен хан моласын көріп, қазба жүргізеді. Бірақ Қасым хан қабірін таба алмады [16, с. 2].

1950 жылдары қалада археологиялық зерттеу жұмыстарын Ә.Х. Марғұлан жүргізді. Ол, Қасым хан кесенесін табу үшін қазба салды [2 сурет] [17].

Этнограф Ахмет Тоқтабаев Сарайшық ауылы тұрғындарынан Әлкей Марғұланың Қасым хан кесенісін іздеу туралы қызықты мәлімет алған.

Қасым ханның қабірін ұрпақтары күні бүгінге дейін ұмытқан жоқ. Бұл туралы 1913 жылы туған, кезінде Атырау облысында басшылық қызметте болған Шоқан Қаржауов былай дейді: «...Әкем Мырзағали 1937 жылы қайтыс боларда мені хан бейітіне, Қасым ханның жанына жерлеңдер. Бейіттің жанында мешіт болуға тиіс» - деп өсиет етті . Әкемнің өсиетін орындайын деп, мәйітін Гуревтен Сарайшыққа әкелдім. Сұрастыра жүріп 90-ға келіп қалған бір ноғай шалына кездестім. Ол, Қасым хан бейітінің баспалдақпен түсетін жартылай жер асты мешітінде екенін айтты. Мешіттің бір қабырғасы түгелдей шымылдықпен жабулы тұр, әрі қарай қазсаң хан бейітінің үстінен шығасың деді. Әкемді сол жерге жерлеп, моласын соқтық. Інім Қаржауов Нығмет сол бейітке жерленген, маңайы темір шарбақтармен қоршалды».

Шоқан Қаржауов: «1950 жылы Академик Әлкей Марғұлан Сарайшықта қазба жұмысын жүргізгенде, Қасым ханның қабіріне қатты қызығушылық

білдірді». Бірде Әлекеңдер жұмыс істеп жатқан жерге келсем, ол: «Мешіттің жанын қазып едік, наубайхана шықты, бұл қалай?» деп, бізден сұрады.

Сонда біз: «Ертеде мешіт жанынан наубайхананы қоса салатын болған. Себебі, намаз жаназаға жиналғандарға таба наннан дәм таттыруға дәстүрлі болған» - деп жауап беріп едік, «Ә солай екен ғой» - деп, «Әлекең жауабымызға қанағат бірдірді»– дейді [18].

1999 жылы З.Самашев, Д.Талеев Сарайшық қаласының Хандар зираты аумағында орналасқан алаңда хан қабірін табу үшін қазба салды. 70 см тереңдіктен қыш кірпіштен қаланған кесене қабырғалары мен 2 мұнараның төменгі бөлік қалдықтары ашылды. Бұл «сағана» үстініне салынған құрылыс болған.

Одан төмен қазған кезеңде жер астынан көлемі: 3х3 метр төрт қабырғалы сағана (көрхана) ашылды. Төбесі күмбезделіп жабылған, бірақ ол кейін опрылып құлаған. Солтүстік жағында есігі бар. Сақталған биіктігі 1,20 м. Сағана қабырғалары, көлемі: 25 х 25 х 5 см қыш кірпіштермен қаланған.

Саған ішінен толық сақталмаған, шашылған 2 ересек адам мен 1 бала қаңқасы табылды. Сонымен бірге ағаш табыт қалдықтары жиналды. XV-XVI ғасырмен даталанады [19].

2006 жылы З.Самашев, Мұхтар Қожа 1999 жылғы қазылға 1-ші көрхананың СШ жағанан 2 - ші көрханаға қазба салды. Оның көлемі: 2,3х2,3 метр. Сақталған биіктігі 1,15 м. Қабырға қалыңдығы 50 см. Көрхана қабырғалары, көлемі: 25 х 25 х 5 см қыш кірпіштермен қаланған. Солтүстік жағындағы есік ені көлемі: 77 см. Күмбезі бұзылған. Қатар жатқан 9 адам қаңқасы ашылды. Оның екеуі бала қаңқасы. Ағаш табыт қалдықтары жиналды. XV-XVI ғасырмен даталанады. Үстіндегі кесененеден 2 мұнара мен қабырға құландылары ашылды [20].

2020 жылдан Қасым хан кесенесін іздеуді «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы жалғастыруда. «Музей–қорық» мамандары үшін кесене орнын анықтауда, негізгі дерек 1937 жылы жерленген «Мырзағали» құлпытасының табылуы болды [21].

Сонымен бірге А.Е. Алексеев картасындағы хан кесенесі көрсетілген жобадағы кесене орнына сәйкес келуі.

Қазбадан жақсы сақталған қыш кірпіштен қаланған 2 жерасты көрхансы ашылды. Оның 1-ші көрхансы қыш кірпішпен қаланып күмбезденіп жабылған. Ұзын дәлізі бар. Ішіне ондаған адам қаңқалары қойылған. Оның толық кімнің кесенесі болғанын алдағы зерттеулер көрсетеді.

Зерттеу көрсеткендей қалада кесенелер мен көрханалардың оншақты шақты түрлері бар. Қыш кірпіштерден өріп көрханалар жасаған. Биіктігі 1-1,5 метр, көлемі: 2х3м; 1,5х2м; 1,5х3 метр. Төбелері күмбезделіп жабылған. Оларға 2-10 адамға дейін жерленген, жанұялық «сағаналар» болған. Жерлеудің әр түрлігіне қарап, мұнда әр түрлі жерлеу дәстүрі болғанын және әр түрлі ұлттар мен ұлыстар тұрғанын көруге болады.

Қала «қорымы» тұрғындардың өмірінен, діни-нанымынан, мәдениетінен хабар беретін орын. Оны жүйелі зерттеу қажет. Археологиялық қазба кезінде


ондаған сағана, жеке қабір, кесене орындары анықталып зерттелді. Келешекте олар қала туралы мол мәлімет бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. Касенов М.С. Сарайшықтағы хандар қорымы. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Орал, 2008. №1.
2. Османов. Ногайские и кумыкские тексты. СПб., 1883.
3. Руднев А. Новые данные по живой манджурской речи и шаманству. – ЗВОРАО. Т. XXI, 1913.
4. Бартольд В.В. Т. IV. - М., 1966.
5. Шыныз Шанайұлы. Алқаласа әлеумет. - А., 1991.
6. Мұхаммед Қайдар Дулат. Тарих-и Рашиди. - Алматы, 2015.
7. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1-20 томдар. - Павлодар, 2001-2010.
8. Марғұлан Ә. «Тамғалы тас» жазуы. // Жұлдыз. 1984. №1.
9. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. // Вопросы этнической и социальной истории. - М., 1982.
10. Қазақстан тарихы. - Алматы «Атамұра» 2010. 2 том.
11. История Казахстана в русских источниках. I том. Посольские материалы русского государства (XV–XVII вв.). – Алматы: «Дайк Пресс» 2005.
12. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. - Алматы, 1997.
13. Вельминов – Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Ч. 2. СПб., 1864.
14. Чулошников А.П. Очерки по истории Казак - Киргизского народа. - Оренбург, 1924.
15. Рычков П. История Оренбургская по учреждению Оренбургской губерний. Спб, 1759.
16. О развалинах татарского города Сарайль–Джадита. // Уральские войсковые ведомости. 1867. №30.
17. Марғұлан Ә.Х. Отчет. Раскопки Сарайчика. Архив И.А. Д. 763 а.
18. Тоқтабаев А. Сарайшық аққу көлі. // Егемен Қазақстан. 21 наурыз, 1998 жыл.
19. Отчет о работы Западно – Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК на территории Атырауской области РК в 1999 году. I том. Алматы, 2000.
20. Отчет о работы Западно – Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК по программе «Научно – прикладные исследования в области археологии – Культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2006 году. Алматы, 2007.
21. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының 2020 жылғы есебі. Атырау, 2020.



1 сурет. Сарайшық қаласы. 1930 жыл.



2 сурет. Ә.Х. Марғұлан. Сарайшық қаласы. 1950 ж.

О МЕТОДИКЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ПОГРЕБЕНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНА АБЫЛАЯ

Кожа Мухтар Бахадырулы– д.и.н., профессор, «Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави

В письменных источниках о местах захоронений представителей правящего дома казахов имеется скудная информация. О том, что Касым-хан похоронен в Сарайчике, Шигай-хан в Кумушкенте, Ондан-султан в г. Туркестане, Джадик-хан в Хиве сообщает в начале XVII в. Кадир-Али-би [Валиханов, 1984, с. 240-241]. Автор рукописи начала XIX в. «Кисса дастан Чингиз хан», написанный по заказу казахского султана ‘Али Акбара в г. Туркестане в 1228/1813 г., указал, что могила Есим-хана (умершего в 1628 г.) располагается в г. Ташкенте на известном кладбище Шайхантаур, в г. Туркестане похоронены Жахангир-хан (Джангир) (1644-1652), Тауккал Мухаммед Бахадур-хан (Тауке) (1672-1715), Шах Мухаммад Бахадур-хан (Семеке) (1741-1745) [Кожа, Жандарбек, 2016, с. 150-154].

Существуют различные версии о месте погребения хана Абулхаира (1710-1748) [Ажигали, 1999, с. 11-19; Кожа, 2010, с.145-150; Ерофеева, Жанаев, 2012, с. 318-335]. Трудноразрешимой проблемой для исследователей остаются вопросы определения мест захоронений и других казахских ханов. Сохранившиеся до XX в. средневековых эпитафий правителей Казахского ханства единицы. В литературе упоминается каменное надгробие хана Старшего жуза Рустема, расположенное в г.Ташкенте [Массон, 1954, с.117]. Единственным из сохранившихся в ханаке Ахмеда Ясави надгробии, связанных с правящим родом казахов является надмогильный камень Аманбике (скончалась 1519 г.) [Ахмеров, 1896, с.18-19], которая являлась дочерью одного из основателей Казахского ханства – Джанибек-хана, сына Барак-хана, т.е. родной сестрой могущественного хана Касыма (1445-1521) (рис. 1).

На наш взгляд, опыт изучения могилы Абылай-хана может представлять определенный интерес при определении мест захоронений и других исторических личностей казахского народа. Поэтому мы сочли уместным вернуться к данной теме и изложить круг вопросов, которые пришлось решать в ходе процесса изучения могилы казахского хана.

Господствовавшее в советское время негативное отношение к деятелям казахской истории - ханов, султанов, биев и батыров, боровшихся за независимость своего народа, сказалась и на состоянии погребальных комплексов, где были захоронены представители казахской элиты.

В XX в. большим разрушениям подвергся средневековый некрополь в г. Туркестане, где был захоронен Абылай-хан. В ходе многолетних реставраций ханакки Ходжа Ахмеда Ясави не учитывалось, что как внутри здания, так и поблизости от нее, были похоронены многие выдающиеся представители степной элиты. В процессе ремонтных и реставрационных работ были передвинуты со своих мест большая часть надгробных камней, происходила выемка и перемещение культурного слоя внутри здания, не были изучены и

разрушены большинство погребений, располагавшиеся под надгробиями и вокруг них. С целью благоустройства территорий вокруг ханаки бульдозерами был срезан 2 метровый культурный слой (!), была разобрана почти вся надземная часть археологических объектов, значимую часть которых составляли остатки позднесредневековых мавзолеев. Вследствии этого места захоронений подавляющего большинства представителей казахской элиты в г. Туркестане оказались уничтожены.

К середине 90-х годов XX в. в ханаке Ходжа Ахмеда Ясави в нетронутom состоянии на своем месте оставались всего две могилы. В коридоре между мечетью и китапханой располагалось выложенное из кирпича надгробие Жолбарыс хана, который по одной из версии является ханом Старшего жуза (Рис. 2). Большой надгробный камень Суйунч хана (в современной литературе существует определенный разнобой в написании имени Суйунч хана; мы последовали написанию имени принятой в современной востоковедной литературе) находился в коридоре между кабырханой – усыпальницей святого и помещением Большой Аксарай.

Необходимо сразу отметить, что работы по изучению могилы Абылай-хана заранее не планировались. В 1994 г., во время посещения ханаки Ходжа Ахмеда Ясави, выяснилось, что в ходе производившейся турецкими реставраторами работы по усилению оснований и фундаментов здания было вынесено надгробие Суйунч хана, а располагавшаяся под камнем могила была взята монолитом в изготовленный специально для этого металлический ящик (работами руководил археолог М. Мырзабаев) и перенесена в мавзолей Раби‘а Султан Бегим. К этому времени мне было известно сообщение Г.Грум-Гржимайло о нахождении могилы Абылая под надгробным камнем Суйунч хана [Грум-Гржимайло Г., 1926, с. 63]. Понимая, что появилась реальная возможность проверить информацию о месте захоронения знаменитого казахского хана автор данной статьи обратился к известному антропологу, член-корреспонденту НАН РК, д.и.н. О.И.Исмагулову за содействием. Под его руководством была организована группа исследователей, которая провела комплексное междисциплинарное изучение захоронения взятого методом монолита из-под надгробного камня Суйунч хана.

Результаты выполненной работы на конец 1999 г. были изложены на казахском языке в монографии [Смағұлұлы, Қожаев, Оразакқызы, 1999], вышедшей небольшим тиражом и ставший библиографической редкостью. В последующие годы члены исследовательской группы продолжили сбор исторической информации, касающаяся как места захоронения хана, так и внешних физических особенностей Абылая [Исмагулов, Кожа, Исмагулова, 2014; Смағұлов, Қожа, Исмагулова, 2015 Смағұлұлы, Қожа, Оразакқызы, 2016]. Примечательно, что выявленные новые исторические факты подтверждают и дополняют основные выводы сделанные в монографии 1999 г. Предварительное знакомство с некоторыми письменными источниками позволил нам уже на первоначальном этапе исследования предполагать, что в могиле под надгробным камнем Суйунч хана располагаются костные останки

Абылай хана. С целью проверки этой версии был намечен комплексный метод исследования, который включал следующие направления работ:

1. Сбор и анализ всех достоверных сообщений о месте погребения хана Абылая.
2. Археологическое изучение могилы, выявленной под камнем Суйунч хана.
3. Антропологическое изучения костяка из могилы под надгробием Суйунч хана и сопоставление полученных данных с сообщениями достоверных источников о физическом облике Абылай хана.

Работа с источниками о месте погребения Абылая. Первый пункт программы включал работу в архивах и библиотеках, где были просмотрены все доступные нам материалы, что либо сообщавшие о захоронениях в ханаке Ахмеда Ясави, в особенности о месте погребения и надгробном камне казахского хана. В силу идеологических установок советского времени проблема определения места захоронения казахских ханов вообще не рассматривалась историками и каких-либо специальных публикаций о месте погребения казахских правителей в историографии Казахстана не существовало. Обзор упоминаний о погребений или могиле Абылая в г. Туркестане на страницах советской архитектуроведческой или исторической литературы XX в. изложен в нашей монографии [Смағұлұлы, Қожаев, Оразакқызы, 1999, с.39-42].

Были просмотрены все опубликованные и неопубликованные (включая рукописи отчетов исследований, хранящиеся в фондах государственного музея-заповедника «Азрет султан») работы по погребальной эпиграфике ханаки Ходжа Ахмеда Ясави. При этом особо следует подчеркнуть, что ни в одном исследовании по погребальной эпиграфике ханаки не зафиксировано надгробие с именем Абылая или с текстом, в котором был бы как-то упомянут данный казахский хан. Вместе с тем в историко-этнографической литературе конца XIX - начале XX вв. нередко сведения о погребений Абылая в г. Туркестане.

Собранные нами данные мы условно подразделяем на три группы. Первая группа источников носила общий характер, ограничивалась сообщением о захоронении казахского хана в туркестанском некрополе. Вторую группу составили указания о захоронений Абылая внутри архитектурного сооружения Ходжа Ахмеда Ясави. Примечательна выявленная в начале XXI в. членами исследовательской группы информация о месте погребения Абылай хана на страницах «Туркестанской туземной газеты» от 14 марта 1887 г. за № 10: «представители трех жузов посовещались о том, где похоронить хана и, наконец, договорились захоронить его внутри Хазирет султана» [Исмагулова, Косанбаев, 2004, с.249-251]. Предположения о существовании отдельного, специально построенного мавзолея для захоронения Абылая не нашло подтверждение в исторических источниках. Внутри второй группы источников нами выделены сообщения, где указывается конкретное помещение ханаки.

Третью группу источников составляли сообщения, где давались конкретные данные об особенностях надгробия Абылая. Каждое сообщение этой группы проходила проверку на предмет их объективности. Учитывалось время фиксации сообщения, происхождение информации, соответствие с другими достоверными данными. Сведения людей, имеющих родственные связи с ханом Абылаем, духовных лиц г. Туркестана и описания известных русских исследователей, осмотревших ханаку Ходжа Ахмеда Ясави, являются на наш взгляд, наиболее достоверными.

Анализ как письменных, так и фольклорных источников показал, что Абылай хан был захоронен внутри ханаки Ходжа Ахмеда Ясави. Однако в исследованиях по погребальной эпиграфике ханаки, проводившие с перерывами в течение более века, не зафиксировано надгробие с именем Абылая. В то же самое время ряд русских исследователей сообщают как факт наличие на могиле Абылай хана надгробного камня Суйунч хана (Рис. 3, 4, 5, 6). Этому сообщению не противоречит анализ достоверных данных о местонахождении захоронения хана, изложенные в разное время и разными лицами. Особо следует отметить, что координаты места могилы Абылая, указанные Шади-торе в ханаке Ахмеда Ясави, точно соответствуют месту расположения надгробного камня Суйунч хана (Рис. 7).

Неоднократные прямые и косвенные указания на надгробие Суйунч хана, как надмогильного камня поставленного на могилу Абылая, потребовало проверки сообщения о перевозке «мраморного надгробного камня, привезенный с другого кладбища и принадлежавший Суюнч-ходжа». Просмотрев литературу по архитектурным памятникам Средней Азии мы выяснили, что усыпальница Суйунч хана находится в г.Ташкенте [Ратия, Воронина, 1936; Массон, 1954, с.126]. На основе сведения письменного источника известно, что строительство мавзолея Суйунч хана было закончено в 1531/32 г. [Пугаченкова, Ремпель, 1958, с.149]. И надгробие Суйунч хана безусловно должно было отмечать могилу хана в мавзолее, построенном по приказу его наследника Султан-Мухаммед-бахадур-хана в г.Ташкенте [Булатова, Маньковская, 1983, с.110]. Мы имеем только одну версию о перемещении его в г. Туркестан: «в Туркестанской мечети Азрет Султана над могилой знаменитого киргизского хана Средней Орды Абылая, умершего в 1781 г., поставлен мраморный надгробный камень, привезенный с другого кладбища и принадлежавший Суюнч-ходжа хану...» [Об исследованиях ..., 1882, с. 263]. Других объяснений появления надгробия Суйунч хана в туркестанском некрополе не существует.

Анализ большинства как письменных, так и фольклорных источников о могиле Абылая показал реальность сообщения источников в определении местонахождения могилы хана. В настоящее время мы имеем согласующихся друг с другом 7 разных по времени и происхождению сообщения о местонахождении ханской могилы. Используемые нами сообщения о могиле Абылая относятся к категории достоверных, ибо они восходят к известным русским исследователям и представителям казахской интеллигенции,

посетивших ханаку Ходжа Ахмеда Ясави и видивших воочию надмогильный камень казахского хана. Поэтому мы были обязаны проверить указанную источниками могилу взятую монолитом из-под надгробия Суйунч хана. Для продолжения наших исследований в первую очередь был важен вопрос сохранности захоронения.

Таһир хан ішкі, сыртқы тартыстардан әбден әлсіреп, 1 млн халқы 200 мыңға дейін кеміп қалған еді. Сондықтан да қырғыздардың қолдауына аса зәру болатын. Қырғыздардың көмегімен Таһир хан «Жатан» бекінісін салады. Бекіністің қай жерде салынғанын әр ғалым әрқалай топшылайды. Ғалымдардың кейбірі оны қазіргі қырғыз жеріндегі Қошқар өңірінде салынған десе [1, 52-б.], екіншілері Ыстықкөл маңында тұрғызылған [15, 250-251-бб.] деп көрсетеді, ал белгілі ресейлік тарихшы Т. И. Сұлтанов орналасқан жері белгісіз деп атап өтеді [16, с. 179]. Оның себебін деректерде дәл көрсетілмеуімен негіздейді. Расында да Жатан бекінісі туралы бізге дейін жеткен бір ғана мәлімет бар. Оны ортағасырлық автор Зайнидин Уасифи өзінің «Таңғажайып оқиғалар» (Бадаи ал-вакаи) атты еңбегінде береді [16, с. 181]. Бекіністі бір таудың етегінде Таһир хан салды деп жаза отырып, Уасифи оның сырт келбетін биіктігі ұшқан құстың қанатын, қараған жанның көзінің қарын талдыратындай заңғар екенін, ал бекініс тұрған таудың салмағы жерді мүйізімен тіреп тұрған өгіздің белін қайыстыратындай, таудың шыңы жұлдыздарға жетіп жығылатындай деп әспеттеп суреттейді. Бұл ортағасырлық тарихшының Жатан бекінісінің өз заманында айтарлықтай зәулім де берік архитектуралық құрылыс болғанын аңғартса керек. Жалпы, ортағасырларда мұндай бекіністердің Моғолстан мемлекетінде де болғанын тағы бір ортағасырлық тарихшы Мұхамед Хайдар Дулати да растап өтеді. Ол дулат руының әмірі Керімбердінің Моғолстан шекарасында Әндіжан мен Ферғана бағытында Алабұға деген жерде бір төбенің үстінде қорған салдырғанын, дулаттың тағы бір әмірі Хақбердінің Ыстықкөл маңында, Қойсу деген жерінде қорған тұрғызып, қалмақтардан қорғанғанын [6, 109-б.] баяндап өтеді.

Бекіністер ортағасырларда да, кейіндері де қорғаныс нышаны ретінде қызмет еткен. Шайбанилік Убайдулла хан мен моғол ханы Рашиддің біріккен күшіне қарсы соғыста Таһир хан Жатан бекінісіне келіп қорғанып, бекіністің беріктігі мен қырғыздардың қолдауы арқасында жаудың шабуылынан аман қалады.

Алайда Таһир ханды сын сағаттарда өз жұрты жиі тастап кетіп отырды. Оның себебін көптеген зерттеушілер ханның саяси дарынсыздығынан, қаталдығынан көреді. Дегенмен де соңғы уақытта осы мәселеге жаңаша көзқарас қалыптастыруға ұмтылған йассауиға тариқатының қазақ қоғамындағы қызметі мен орны жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген З. Жандарбек сияқты ғалымның тың пікірі көңіл аударалық екенін айтпай кетуге болмайды. «...Бұл жерде йасауиға мен нақшбандийа тариқаттары арасындағы тартыс Қазақ хандығының тағдырына кері әсерін тигізген негізгі фактор болды десек, артық айтқан болмаймыз, – деп жазады зерттеуші. – ...Қасым ханның сол кезде нақшбандийа шайхы Абу Бакр Саадтың муридi болғаны жазылған. Міне, осы кезден бастап, нақшбандийа ағымы қазақ даласына тарала бастайды. ...Таһир, Бұйдаш хандардың қазақ халқына билік жүргізе алмай, қырғыздарға барып, хан

болу себебі осыған байланысты. Мұхаммед Хайдардың да «Қазір бірде бір қазақ қалмады» деп жазуы сондықтан» [18, 228-129-бб.].

Өмірінің соңында айналасындағы сұлтандардың және халқының қолдауынан айрылып, жалғыз қалған Таһир хан қырғыздар арасына кетіп, сонда көз жұмады [6, 418-б.].

Алайда қазақ-қырғыз қатынасы Таһир ханнан кейін де жалғасын табады.

Қазақтар мен қырғыздардың біріккен әрекеттерінің нәтижесінде Шығыс Түркістанға ығысқанымен моғол хандары өздерінің шабуылын тоқтатпады. Рашид хан 1537-38 жылдары болған бір соғыста Таһир ханның туысы Тоғым бастаған 37 сұлтанды өлтіреді. Сөйтіп, қазақтардың әлсірегенін пайдаланып, Рашид хан Жетісуға баласы Әбділатифты билеуші етіп қояды. Әйтсе де қазақтар қайта ес жиып, Жетісуға өз өктемдіктерін жүргізе бастайды.

Қасым ханның баласы Хақназар (1538-1580 жж.) қазақ пен қырғызға хан болып тұрғанда Таһир хан мен Бұйдаш хан кезінде әлсіреп, бытыраңқылыққа ұшыраған елді қайта біріктіруге, хандықты нығайтуға ұмтылады. Сөйтіп, Хақназар ханның тұсында қазақ-қырғыз әскери одағы нығая түсіп, бір соғыста қазақтар Әбділатифті өлтіреді. Қытайдан батысқа баратын сауда жолдарын бақылауына алған қазақтар Ташкентке, ал қырғыздар Қашқарға қауіп төндіріп тұрады. Хақназарды ортағасырлық тарихшы, «Хайдардың тарихын» жазған Хайдар Рази «қазақтар мен қырғыздардың билеушісі» деп көрсетеді [18, с. 429].

Қырғыздар Хақназардан соң билікке келген Шығай хан (1580-1582 жж.), Тәуекел ханның (1582-1598 жж.) кезінде де саяси оқиғалар ортасынан табылады. Қазақ сұлтандары қауіпті жағдайларда көбіне қырғыздар арасына өтіп кетіп, пана тауып отырды. XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басындағы Тәуекел ханның Сыр бойындағы қалалар үшін Мауреннахрда жүргізген күресінде де қырғыздар қазақ сұлтандары жағын қолдады.

XVII ғасырдың алғашқы ширегінде Келдімұхаммедтің, кейіндері оның ұлы Ханзаданың тұсында да қырғыздар қазақтар жағында аштарханиліктермен отырықшы-егіншілік аудандар үшін күресті.

Қазақ-қырғыз шежіресінің мәліметтеріне қарағанда, қазақтың Еңсегей бойлы Ер Есім ханы (1598-1628 жж.) тұсында қазақ-қырғыз келісімі түзіліп, қырғыздың Көкім биі Ташкенттің алты қақпасын басқарып тұрады. Қырғыздың оң қанатының басшысы, өз заманындағы белгілі саяси қайраткер Көкім би Есім ханды хан көтеруге белсене қатысады және сыртқы жауларға қарсы соғыстарда баһадүр қолбасшы ретінде де танылады. Тіпті, ел аузында оның ел басқару туралы ұлғаттары болғаны да айтылып жүр.

Қырғыздың шоңбағыш руынан шыққан Көкім би Жанқораздың баласы, атақты қырғыз биі Тағайдың немересі болатын [10, 107-б.]. Қырғыз бен қатағанның соғысы» деген әңгімесінде қырғыз тарихшысы Б. Солтоноев былай деп оқиға барысын өрбітеді: «Қариялардың берген хабарында: «Еңсегей бойлы Ер Есім қатағанның ханы Тұрсынды өлтірді» дейді. ...Қырғыз-қазақтың ханы қалмақпенен Іле өзенінде қырғыз, қазақты бастап, (ол заманда қазаққа қырғыз карап тұрған қаласы болған) соғысып жүргенде Ташкентке хан болып тұрған

катағанның хан Тұрсыны келіп, Талас пенен Шудағы қырғызды шауып, малын талап, қыз-келіні олжаға кеткенде, Іледе қалмақпенен соғысып жүрген Ер Есімге хабар бергенде, Ер Есім қалмаққа қарсы әскер қойып (ол әскердің басшысы Манап болған деген мәлімет бар) өзі кері қайтып, әскерінің жартымен тоқтаусыз, күні-түні жүріп отырып ... Сарыпқұла (қырғызша – Шарткула) деген жүйрік атымен Ташкентке жақындайды» [10, 107-б.].

Талай атты болдыртып тастайтын ұзақ жолдарда Есім ханның тек бір ғана сәйгүлігі – Сарыпқұласы жүйріктігімен ел аузына ілігіп, қазақ-қырғыздың мақтанышына айналады. Оны Есім ханға екі мыңдай күрең сәйгүлігі бар досы, қырғыздың саяқ руының бай адамдарының бірі Түгел деген кісі сыйға береді. Шежірелерде бұл тұлпарды Есім ханның қалай таңдап алғаны да айтылады. Жылқыдан таңдап, қалаған жүйрігіңізді алыңыз дегенде, Есім хан Түгел байдың малшысы мініп жүрген жүдеулеу келген құлабасты атты қалайтынын айтады. Оны таңдауға Санжы деген сыншысы кеңес береді [19, 22-б.].

Есім ханның Сарыпқұла аты кейін қазақ-қалмаққа бірдей атақты болып шығады. «Есім ханның Сарып құла аты бірінші бәйгені ешкімге бермегенін көп естиміз, – деп жазады хандар шежіресінің білгірі Қ. Халид. Талай қазақ пен қалмақ оның қасиетін айтып қызығатын. Сарып аяқ ауруы, яғни жай уақытта ақсап, бәйге қосса сауығып кетеді екен» [20, 184-185-бб.].

Есім хан мен Тұрсынның арасындағы анттың мәнісін қырғыз шежіресін жазған Тоғолоқ Молда: «... Есім хан өзінің елінен мың кісі қол алып, елін хан Тұрсынға тапсырып, екі мың қолмен аттанып кетеді» [21, 54-б.], – деп көрсетеді. Бірақ Тұрсын хан антында тұрмай, Есім хан жорыққа кеткенде, қырғыз-қазақты шауып, елдің берекесін алады.

Есім хан Көкім би бастаған қырғыздардың көмегімен катағандардың бүлігін басады. Жалпы катағандар «Қатаған қырғыны» болған XVII ғасырдың 20 жылдары қазақ ханына да, моғол ханына да қараған.

Қатағандардың қырғыз ішіндегі басты рудың бірі болғаны «Манас» жырындағы мәліметтерден аңғарылады. Онда:

...Басты руы Қатаған,

Қырғыздан шығып осы ел,

Бәрі де бір атадан [22, 104-б.], – деген жолдар бар.

Ал қазақтың шежірелерінде катағандар құрама тайпа ретінде беріледі.

Қалай дегенде де, қырғыздарда, ел аузында «Қатағаннан хан Тұрсын, хан Тұрсынды ант ұрсын» деген мәтел қалған [10, 108-б.]. Есім ханның серіктерінің бірі болған Көкім биден Құттықсейіт және Иман деген екі ұл қалады. Есім хан Тұрсын ханды өлтіргеннен кейін, Ташкенттің билеушісі етіп, Көкімді тағайындайды. Бірақ Көкім би қаланың билігіне таласқан қазақтардың қолынан қаза табады. Бұған ашынған қырғыздар қазақтарды Ташкенттен ығыстырып шығарады да Бұхар ханының рұқсатымен Түлкінің баласы Тейишті (Көкім бидің бауыры Корчудың немересі) ұлық етіп қояды [10, 108-б.].

Көкім бидің ерен ерлігі мен адал қызметін ардақтай білген Есім хан Ташкентте қазақ пен қырғыздың достығының белгісі іспетті Көкім бидің көк күмбезін салдырады. Қырғыздар да Есім ханды барынша құрметтеген. Оны қырғыз шежіресіндегі «Біздің Еңсегей бойлы Ер Есім, Есен барып, сау келсе» деген жолдар байқатады. Есім хан Тұрсын ханның мал-мүлкін және қыздарын да бөліске салғанда, қырғыздарды да ұмытпайды. Тұрсын ханның бір бойжеткен қызын Сарып құла атын сыйға тартқан Түгел байдың баласы Маңғытқа береді. Одан Маңғыттың Сүйерқұл, Есіркемес деген ұлдары туылып, кейін қырғыздың бір рулы еліне айналады. Тұрсын ханның көп қыздарынан өрбіген ұрпақ қазақтың да, қырғыздың да арасында таралған.

Есім хан қырғыздармен құда-жекжаттық дәстүрді де жалғастырып отырған. Өзінің қырғыздан асырап алған бір қызы болған. Ал қарындасын Көкім бидің бауыры Корчудың немересі Қантейишке ұзатқан [10, 109-б.].

Қазақ хандығының әскери тарихында ерекше орын алатын 1643 жылғы Орбұлақ шайқасында қырғыздың батырлары да өзіндік рөл атқарды. Сонау Самарқаннан 20 мыңдық Алшын Жалантөс баһадүрдің қолы жеткенін естіген қырғыздар да қарап жатпады. Қырғыз қолы да кешікпей келіп, Салқам Жәңгір жасағының алдыңғы қатарын құрады. Қазақ батырларымен қатар тұрып шайқасқан қырғыздың Көтен және Табай батырлары бастаған қолы болатын [23, с. 49]. Бірнеше есе басым түсетін күшпен келген жоңғар басқыншыларына қарсы шайқаста қазақ-қырғыз қолы жеңіске жетеді. Бұл жеңістің қазақтар мен қырғыздар үшін тарихи маңызы зор болды. Екі жұрттың да еңсесі көтеріліп, бірліктің түбі тірілік екенін анағарды. Сонымен бірге қазақтың Салқам Жәңгір ханының тек қолбасшылық қана емес, сонымен бірге дипломатиялық көрегендігі де осы шайқаста өз жемісін берді. Орбұлақ шайқасы қазақ пен қырғыз жасақтарының өз еркіндігін қорғау жолындағы жасампаз ерліктерін алыс-жақынға паш етті.

Қазақ хандығы Тәуке ханның тұсында одан ары күшейе түсті. Сонымен бірге қазақ-қырғыз қатынастары да белсендірек жүрді.

Қырғыз тарихшысы Б.Солтоноев қырғыздар Қасым хан кезінен бастап, Тәуке ханың тұсына дейін, қырғыз қалмақтан қашып Алай, Әндіжанға қашқанға шейінгі аралықта, 1510-1685 жылдар аралығында, 170 жылдай қазақ хандарына қарап тұрды деп жазады [23, 185-б.].

Бұл әрине аз уақыт емес. Қазақ хандарының көршілес қырғыздарға қатысты ұстанымы негізінен достық, бауырластық, одақтастық сипатта өрбіді. Қазақ хандарының билігін мойындаған қырғыздар Жетісу мен Қырғызстан аумақтары үшін, өз тәуелсіздіктері үшін қазақ жасақтарымен қатар тұрып бірлескен күрес жүргізді. Бұл Қазақ хандығының нығайып, күш алуына көршілес қырғыздар да өзіндік үлес қосқанын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Жолдасбаев С. М.Х. Дулати және XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 112 б.

2. Эсеналиева Г.О. Кыргызы и казахи Могулистана в исследованиях О. Караева // Отан тарихы. – 2008. – № 4. – С. 139-145.
3. Калкан М. XIV кылымдын экинчи жарымынан XVI кылымдын аягына чейин кыргыз, казак урууларынын этникалык байланыштары. Тарых илимдеринин канд. ... авторефераты. – Бишкек, 2003. – 23 б.
4. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV – XVII вв. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 264 с.
5. Джуманалиев Т. История Кыргызстана с древности и до середины XVIII в. – Бишкек: МОН КР, 2009. – 304 с.
6. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: «Тұран», 2003. – 616 б.
7. Худяков Ю.С. Сабля Багыра Вооружение и военное искусство средневековых кыргызов. – СПб.: «Петербургское востоковедение», 2003. – 192 с.
8. Тарыхый ырлар, кошоктар жана окуялар / А. Акматалиевдин жалпы редакциясы астында. – Бишкек: Илим, 2002. – 544 б.
9. Махмуд бен Вали. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар // Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: Наука, 1969. – 649 с.
10. Солтоноев Б. Кызыл кыргыз тарыхы. – 1-китеп. – Бишкек, «Учкун» 1993. – 208 б.
11. Султанов Т. И. Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей. – Астана: «Астана Даму», 2006. – 256 с.
12. Фазаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман наме-и Бухара. – М.: Наука, 1976. – 442с.
13. Турганбаев Э. Тагай би жана Мухаммед Кыргыз bizdin.kg/elib/makala/tagai.
14. Қани М. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: «Жалын», 1993. – 400 б.
15. Султанов Т. И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – 276 с.
16. Зайн-ад-дин Васифи. Бадаи ал вакаи // Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: Наука, 1969. – 649 с.
17. Жандарбек З. Иассауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Ел-шежіре», 2006. – 256 б.
18. Хайдар ибн Али аль-Хусайни Рази. «Тарих-и Хайдари» // Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т. 2. Извлечение из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л.: , 1941.
19. Елешова З. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы ант (қазақ және кыргыз шежірелері негізінде) // Қазақ тарихы. – 1999. – № 1. – 18-25-бб.
20. Халид Қ. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
21. Тоголок Молдо. Тарых, тупку аталар // Кыргыз санжырасы. «Ала-Тоо» журналынын тиркемеси / Башкы ред. К.Жусупаев, К.Кушубаков, М.Апышев. – Бишкек: «Ала-Тоо» журналынын редакциясы, 1994. – 287 б.

22. Манас: Эпос. Сағымбай Орозбак уулының варианты боюнча. – 2-китөп. – Фрунзе, 1958. – 229 с.

23. Галиев В.З. Хан Джангир и Орбулакская битва. – Алматы: Ғылым, 1998. – 128 с.

«ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК

Айбек Тұрарұлы

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК

Жоба ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитетінің ғылыми жобасы аясында дайындалды. Жоба ІРН BR10164208

Бүгінгі Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылындағы ортағасырлық қалашық аумағында жерленген Жошы Ұлысы, Қазақ Хандығы хандары туралы ақпараттар қай кезеңде де елдің назарында болды. Оны XV ғасырдан соң қолданысқа енген тарихи деректер нақты айғақтай бастады. Дегенмен ел билеушілері арасынан біз үшін Қазақ Хандығының төртінші ханы Қасым Жәнібекұлының орны ерекше.

Қасым ханның Сарайшықта жерленгені туралы нақты алғашқы деректі қалдырған Қадырғали Жалайыри болды. Ол 1602 жылғы «Шежірелер жинағы» еңбегінде Қасым хан туралы: «Оның хикаясы әр жерде айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» деп жазады [1, 121 б.]. Қадырғали бидің жазбасы ғылыми ортада еш талассыз мойындалды. Өйткені би өзі жазғандай, оның аталары және өзі де Қасым ханның немере інісі Ондан сұлтанның баласы Ораз-Мұхаммедтің аталарына қызмет жасап: «Ораз-Мұхаммед Ондан сұлтан ұлы, Шығайханұлы, Жәдікханұлы, Жәнібекханұлы, Барақханұлы, Құйыршықханұлы, Ұрұсханұлы туралы дастан. Ораз-Мұхаммед ханның барлық ата-бабалары, туыстарымен бір дастанда жазылды. Өйткені Ұрұс ханнан Жәнібек ханға дейін төртінші буын еді» деп анықтаған болатын [1, 121 б.]. Би шежіре жазылған кезеңде Ораз-Мұхаммедпен бірге орыс жеріндегі Қасым хандығында еді. Бүгінгі зерттеушілердің пікірінше Ораз-Мұхаммед Сарайшық қаласында дүниеге келген. Ресей тарихшысы А.В. Беляков: «...Ораз-Мухаммед мог появиться на свет в ногайских улусах..... казахский султан, возможно, родился на территории Казахстана. ... один из архивных документов, в котором Ондан, отец Ораз-Мухаммеда, назван «ногайским царем». он был назначен номинальным ханом правителем Ногайской Орды бием Дин-Ахмедом (Тинехмат). Хотя можно высказать и другое предположение. Ондан-султана мог поставить ханом над частью подчинившихся ему ногайских племен

правитель Казахского ханства Хакк-Назар-хан. Став около 1551 г. верховным правителем казахского государства стал он повел активную борьбу за укрепление позиций государства, восстановление его территории в рамках времени Касым-хана и добился в этом значительных успехов. Успехам Хакк-Назар-хана способствовала и междоусобная борьба, развернувшаяся в Ногайской Орде в середине 50-х гг. XVI в. Между бием Исмаилом и детьми его брата Юсуфа. Благодаря этому Хакк-Назар-хан подчинил часть ногайских улусов и включил в состав своего государства земли Ногайской Орды. ...Но если даже Ондан-хан был ставленником ногайского бия, то логично предположить, что он, как хан, жил в столице Ногайской орды – в Сарайчике. В этом случае Ораз-Мухаммед мог появиться на свет в этом городе, который находился на территории современной Атырауской области Республики Казахстан» деген қорытындыға келеді [2, с.23]. Олай болса, Ораз-Мұхаммед те, Қадырғали би де Қасым ханның жерленген орнын көзімен көрген және басына барып талай рет тағзым жасаған деп қорытуға болады.

Міне, осындай ортағасырлық деректен соң Қасым ханның Сарайшықта жерленгені XIX ғасырдағы орыс зерттеушісі В.В. Вельяминов-Зерновтың [3], кеңестік тарихшы А.П. Чулошниковтың еңбектерінде нақтыланады. А.П. Чулошников 1925 жылы: «Хана Касима в это время не было живых, он умер еще за несколько лет до этого (около 1518-20 гг.), в г. Сарайчике, где и был похоронен, уже как повелитель и Дешт-Кипчака» дей келе, түсініктемесінде «мы говорим Дешти-Кипчака – имея в виду пространство от среднего течения реки Урала до такового же р. Сыр-Дарья. Ибо в более широком смысле Дешти-Кипчаком называлась вся степь от самого Дуная. Еще в начале XVII в. в г. Сарайчике можно было видеть гробницу хана Касима» деп жазады [4, с.127]. Ғалымның пікірін М. Тынышпаев: «По киргизским преданиям он похоронен в Сарайчике» [5, с.133], Әлкей Марғұлан 1950 жылы тамыз айында Сарайшықтағы археологиялық қазбадан соң: «Жазба қайнар көздерінен байқауымызша, XV-XVI ғасырлардағы тамаша сәулет ескерткіштері қазақ хандары Жәнібек пен Қасымханға Сарайшықта тұрғызылды... 1524 жылы Сарайшықта қазақ ханы – Қасымның қаза тауып, жерленгені қайнар көздерінен белгілі» деп жоғарыдағы пікірлерді қолдайды [6, 404, 406 б.].

Сонымен жазба деректердегі Қасым ханның Сарайшықта жерленгені туралы тұжырымдар қазақ ханының Сарайшықтағы ел билеушілері – Жошы Ұлысы хандары, Ноғай Ордасы билері пантеоны туралы тарихи деректерімен де толық үндеседі. Сарайшықтағы ел билеушілері пантеоны 1475 жылғы венециялық монах Фра Мауроның сызба картасында Жайықтың оң жағалауында көрсетіледі. Италиялық картограф оны күмбезбен белгілеп, «Билеушілер қабірстаны» деп анықтайды [7, с.510]. Картадағы деректі XVIII ғасырда П.И. Рычков: «Сей город, по объявлению яицких казаков, бывал нагайских татар. Там еще поныне в земле находят многие палатки: видно, что бывали они кладбища знатных людей, ибо во многих находят гробы и кости. Сказывают, что на строение Гурьева городка кирпича много взято из сих развалин. Да и ныне яицкие казаки, около сего места на форпостах

находящегося, на дело печей и на другие потребности кирпич из оных развалин и из тех палаток выбирают» [8, с.134], П.С. Паллас: «Могилы, которых здесь очень много, были раскладены кирпичом, и в них находят иногда достойные внимания вещицы» [9, с.37-38], XIX ғасырда А.И. Левшин: «Как ни много их вывезено, но некоторые казаки и поныне, при новых постройках, достают их, находя неглубоко от поверхности земли еще не разрушенные круглые выходы или своды, внутри которых обычно находят человеческие кости, иногда оружия, монеты, ожерелья, кольца и прочие. Подражая казакам, два дня рыл с ними погребни в развалинах. Мои страняния были вознаграждены находкой двух татарских монет» [9, с.44], 1834 жылы 14 мамырда Сарайшықта қазба жұмыстарын жасаған К.Ф. Гебель: После некоторых напрасных исследований, мы нашли еще нетронутное погребение. Копнув на полтора аршина (10 аршин 7,11 метр – Э.М.) в глубь, мы столкнулись со стенами, и после того, как почва была отсеяна, мы распознали в руинах хранилище, с выделяющимся камнем в центре, который закупоривал маленькое квадратное отверстие в полстопы в ширину. Не без труда мы его расширили до полутра аршинов в диаметре, для чего мне и нескольким казакам пришлось спуститься» [9, с.48], 1861 жылы топограф А.Е. Алексеев: «Первое, что мне бросилось в глаза, были неправильные возвышения городского вала и развалившиеся остатки когда-то бывшей тут цитадели. Местность здесь совершенно ровная и имеет грунт солонцеватый, перемешанный с обломками кирпича, камня и разной посуды. Поверхность этого неприветливого пустыря не оживляется никакой растительностью и только в двух местах виднеются деревянные с перилами ограды, сделанные в 1846 году, татарами-торговцами, по распоряжению бывшего хана Букеевской орды, Джангира, Ограды эти построены над склепами, где по словам казаков, есть несколько кирпичных гробов, залитых известью», «В западной части развалин города есть цитадель, стены которой гораздо выше описанного вала. Фигуру цитадель имеет неправильную, длина ее 200 сажень, а ширина 100 сажень. Внутри цитадели есть признаки развалившихся построек и склепов, которые, как видно, были сделаны из хорошего жженого кирпича и изразца. Из склепов сохранился только один, который называют «ханской могилой». Внутри есть гробницы, сделанные из кирпича, и имеющие шесть вместилищ, два больших и 4 маленьких, так что можно полагать тут похороненным целое семейство. Подобных еще два склепа есть в восточной части города» [9, с.55] деп нақтылай түседі.

Орыс ғалымдары пікірлерін саралап Сарайшықта 1937 жылы алғашқы кешенді археологиялық қазба жүргізген саратовтық археолог Н. Арзютов өзінің ғылыми есебінде зерттеу барысындағы міндеттерін анықтай келе: «4) сбор антропологического материала, последний пункт работ – это отыскание усыпальниц золотоордынских ханов в окрестностях, примыкающих к Сарайчику, так как, и по существующим теперь преданиям, и по указаниям источников, район Сарайчика был местом погребения золотоординских ханов (Карта Пипиогене конца XIV в.)» [9, 93 б.], 1950 жылы Сарайшықтағы қазба

жұмыстарынан соң Г.И. Пацевич Рашид-ад-дин, В.В. Бартольдтың еңбектеріне сүйене отыра, «Сарайшықты Жошы ұлысының астанасы және алғашқы Алтын орда хандарының жерленген орны болғандай»[9, 105б.] деп түйіндейді.

Сонымен ортағасырлық Сарайшықтың ел билеушілері пантеоны болғаны біздіңше еш дау туғызбайды. Дегенмен, онда жерленген Жошы Ұлысы хандарын нақтылау ыждағатты ізденісті қажет етсе, Қазақ хандығының біртуар билеушісі Қасым ханның Сарайшықта жерленгені тарихи шындық.


1521 жылы қайтыс болған Қасым Жәнібекұлының Сарайшықта жерленгені туралы жоғарыдағы Қадырғали Жалайыридың пікірін бүгінгі ғалымдар да толық қолдайды. Оны қазақстандық археолог ғалымдар З.Самашев [10, с.57-58], М.Б. Қожа [11, 29 б.], Д.А.Талеев [12, 45 б.], М. Қасенов [13, 36 б.], этнограф А. Тоқтабай [14, 36 б.] зерттеулері дәлелдей түседі.

Осындай дәлелді тарихи деректер мен пікірлерді қорыта келе, «Сарайшық» музей-қорығының ғалымдары 2020 жылы «Хан моласының» орнын іздеуді қолға алады. Алдымен, бұрын ғалымдар қолына түспеген 2018 жылы ғылыми айналысқа түскен әскери топограф А.Е. Алексеевтің топографиялық сызбасы сараланады. Сызбада цитадель ішіндегі «Әулие склеп» орны анық көрсетілген және жазба астына «1846 жылы татар саудагерлері Бөкей ордасы ханы Жәңгірдің тапсырмасы бойынша ағаштан қоршау тұрғызған» деп жазылған. Топограф цитадель ішіндегі «Склептерден тек қана біреуі, хан моласы аталыныны ғана сақталған. Оның ішкі жағы киіз үйге ұқсаған, шығысқа қараған бір есігі бар және батыс, солтүстік, оңтүстік жақтарында үш терезе бар. Ішінде кірпішпен қаланған 6 орын: 2 үлкен, 4 кіші қабір бар. Осында тұтас бір жанұя жерленгендей» деп анықтай түседі [9, 51,54 б.].



А.Е. Алексеевтің топографиялық сызбасы

Топографиялық сызба 1999 жылы З. Самашев бастаған Сарайшықтағы экспедиция тұжырымымен толық сәйкес келеді. Өйткені осы экспедиция хандар жерленген зираттың орнын анықтады және оның шамамен схемасын сызды. 1999 жылғы қазбаға қатысқан белгілі археолог З. Самашев, Д.А.Талеев: «Көптеген ғылыми проблемалардың көлеңкесінде көрінбей келген мәселенің бірі сол хандар жерленген көне қорымды тауып зерттеу еді» дей келе, «Бір айға созылған іздеу жұмыстарының нәтижесінде хандар жерленген зираттың орналасқан территориясын анықтау мүмкіндігі туды» деп жазғанды [12, 16 б.]. Қазба есебінде қалашықтың қазбалар көрсетілген жобасында «Хандар зираты» сызылған. Кейін осы сызба бойынша «Хандар зираты» арнайы қоршалған.



Топографиялық сызбадағы «Әулие склеп» «Хандар зираты» сызбасының оңтүстік батысында белгіленген. Осы белгі бойынша музей-қорық 2020 жылы наурыз-сәуір айларында цитадель ішіндегі қорымға, бейіттердің орналасуына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шамамен «Әулие склеп немесе хан моласы» орнын анықтады. Экспедиция құрамына жергілікті тұрғындар тартылады. Олар Ескі Сарайшықта тұрған ел зиялылары Мырзағали Қаржауов пен оның баласы Шоқан Қаржауовтың Қасым хан туралы естеліктерін хабарлады. Сұрастырып білгеніміздей, Мырзағали Қаржауов XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының бірі, Х. Досмұхамедовпен бірге Орал училищесінде оқып елде басшылық қызметтер атқарған, ал баласы Шоқан Қаржауов облысымыздың білім саласын ұзақ жылдар бойы басқарған белді тұлғалар екен. Өткен ғасыр соңында олардан қалған естеліктерді этнограф А. Тоқтабайдың Сарайшыққа келіп жазып алғаны, 1998 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне «Сарайшықтағы аққу көлі» атты мақалада жариялағаны белгілі болды. Ғалым мақаласында атыраулық қоғам қайраткері Ш. Қаржауовтың: «Әкем Мырзағали 1937 жылы қайтыс боларда мені хан бейітіне, Қасым ханның жанына жерлеңдер, бейіттің жанында мешіт болуға тиіс деп өсиет етті. Әкемнің өсиетін орындайын деп мәйітін Гурьевтен (Атыраудан) Сарайшыққа әкелдім. Сұрастыра жүріп 90-ға келіп қалған бір ноғай шалына кездестім. Ол Қасым хан бейітінің баспалдақпен түсетін жартылай жер асты мешітінде екендігін айтты.

Мешіттің бір қабырғасы түгелдей шымылдықымен жабулы тұр, ары қарай хан бейітінің үстінен шығасың. Әкемді сол жерге жерлеп моласын соқтық» деп еске алғанын жариялайды [9, 20 б.]. Мұндай ақпаратты белгілі журналист, өлкетанушы Ө. Әлімгерей де толық растайды. Ө. Әлімгерей 90-шы жылдардың соңында Атырау телеарнасының тапсырмасымен Сарайшыққа келіп, Жайық жағалауында Ш. Қаржауовтан сұқбат алған. Сұқбат барысында ақсақал Қасым ханның Сарайшықтағы ескі қорымда жерленгенін хабарлаған.

Жақында жоғарыдағы пікірлерді дәлелдейтін Ш. Қаржауовтың 1997 жылы жарияланған еңбегі қолға түсті. Ол еңбегінде: «Атам М. Қаржауов 1937 жылы 12 қаңтарда Бақсай ауданы, Таңқы орталау мектебін басқарып, 77 жасында қайтыс болды. Оны өсиеті бойынша 1523 жылы 70 жасында қайтыс болған Қасым хан жерленген Сарайшықтағы хан қорымына жерледім» деп жазады [10, с.9; «Сарайшық» музей-қорығы архивінен].

2020 жылы сәуір айында Сарайшық ауылының тұрғыны, Мырзағали қарттың жиені, Жанипа Құралбаева мен Ақжар ауылында тұратын Мырзағали қарттың немересі, тарихшы Серік Мырзағалиев музей-қорыққа келіп, «Атамыз Мырзағалидан бізге Қасым ханның жерленген орны аманатталған. Хан 8 метр тереңдікте жатыр. Оны сіздер табуларыңыз керек. Біз атамызды, оның айналасындағы аналарымызды, бауырларымызды жана бейітке көшіруге толық келісеміз» деп мәлімдеді. Содан олар музей-қорық қызметкерлерін ескі қорымға ертіп апарып, Мырзағали қарттың жерленген орнын көрсетті. Зират басында құлыптасы сақталған екен. Осы жолы С. Мырзағалиев музей-қорыққа Мырзағали қарттың фотосуреті мен жазбаларын тапсырды.



Осылайша Сарайшықтағы 1999 жылы сызылған «Хандар зираты», 2017 жылы табылған топографиялық сызба, картадағы «Әулие склеп», топограф А.Е. Алексеев жазбасындағы «Хан моласы», 2020 жылғы «Хан моласын» анықтау бағытында жүргізілген археологиялық қазбаның алғашқы қорытындылары, ел ішіндегі фольклорлық деректер бірін-бірі толықтыра түсті. Ең қызығы

картадағы «әулие склеп» орны М. Қаржауов жерленген орын шамасында екені анықталады. Қорытындысында М. Қаржауов жерленген жер маңынан белгіленген «Әулие склеп-Хан моласына» қазба жұмыстарын бастау үшін Сарайшықта арнайы жиналыс ұйымдастырылды. «Әулие склеп-Хан моласы» маңында жерленген құлыптасы мен эпитафиясы бар тұлғалар ағайындарынан оларды жаңа «Құлметен» бейітіне көшіру туралы арнайы қолхат алынды, хаттама толтырылды.



2020 жылы маусым айында басталған қазба барысында жер бетінен 1,20 м тереңдіктен ортағасырлық қабірхананың бір бұрышы анықталды. Ендігі жағдайда толыққанды қазба жұмыстарын жүргізу үшін алдымен оның үстіне, жанына жерленген мәйіттерді көшіру мәселесі туындады. Ол жұмыстар 2021 жылы қолға алынып, Атырау облысы әкімдігінің қолдауымен 20 адамның мәйіті «Құлметен» зиратына көшірілді. Оның ішінде 7 марқұмның есімдері белгілі боп, олардың ағайын-туыстары табылды. Ал қалған 13 мәйіттің аты-жөндері белгісіз, ағайын-туыстары анықталмады. Қабір үсті белгілері жоқ мәйіттердің көпшілігі қазба жұмысы барысында анықталған. Есімдері және ағайындары белгілі болған қабірлер Беріш-Жайық руынан Мырзағали Қаржауов және оның әйелі Бадиғұл, анасы Хамила, ұлдары Нығмет пен Шоқан Қаржауовтар. Сонымен бірге Ысық руынан Ерсарыұлы Наушабай мен оның ұлы Наушабайұлы Құбаштың қабірлері еді. Олардың барлығы ағайындарының қатысуымен, мұсылмандық салт бойынша жерленді. Төменде көшірілген арнайы белгісі жоқ қабірлердің орны көрсетілген [16, 3 б.].



Міне, осыдан соң толыққанды қазба жұмыстары басталды. Қазба жұмысын Сарайшық қалашығы қазбасына 1996 жылдан қатысушы, музей-қорықтың тәжірибелі археологы А. Тұрарұлы, археолог, т.ғ.к. М. Қасенов, жас археологтар А. Жұмабаев, Ж. Байғалиев жүргізді. «Әулие склеп-Хан моласы» атауына ие болған нысанда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде киіз үй тәрізді күмбезді төбесі толық бұзылған, үш бұрышы сақталған көрхана (қабірхана) ашылды. Ал, төртінші бұрышы, өкінішке орай, толығымен бұзылып тасталған. Көрхананың ішкі көлемі 4x4 м-ге тең. Қыш кірпіштердің көлемі 22x22x5, 23x23x5 см. Көрхана аузы дромос тәріздес, ұзын дәліз түрінде салынған. Ұзындығы 3,70 м.

Осы үлгідегі көрхана «Әулие склептен» оңтүстік-шығысқа қарай 50 м жерде, 1999 жылы ашылған болатын. 1999 жылы ашылған көрхана кірпіштерінің өлшемі де 22x22x5, 23x23x5 см болған. Осы қазбаны 2006 жылы жалғастырған ғалымдар аумақтың стратиграфиясын және табылған тиындарды есепке алып көрхананы ноғай-қазақ кезеңіндегі жерленім үлгісі және бұл «элиталық» жерлеу кешені деген қорытынды жасайды. Ғалымдар мұның бұрын Сарайшықтан кездескен көрханалардан тағы бір ерекшелігі, қаланған күйдірілген қыш кірпіштердің бүтін екенін атап өтеді [17, с.12]. З. Самашев пен Д.Талеев көрхана атауымен келіспей, оны «жер асты жерленімі» деп атайды. Олардың анықтауынша, көрхана еденіне көлемі 25x25x5 қызыл қыш кірпіш төселген және есігі солтүстікке қараған. Ғалымдар зерттеуі соңында «біз қазған жерленім кешені екі құрамдас бөлімнен тұрған. Біріншісі, – жерленім астында орналасқан қайтыс болған кісіні, немесе кісілерді қоюға арналған жер асты қабірі. Екіншісі, оның үстіне салынған кесене, яғни осында жерленген кісілерге келіп, оларды еске алып, оларға бағышталған құран түсіруге арналған ғимарат. Өкінішке орай, қабірде ешқандай жерлеу заттары сақталмағандықтан ескерткіштің этникалық тегі жайлы дөп басу қиын. Кесененің түп тегі жайлы

зерттеу оның сәулеткерлік ерекшеліктері тұрғысынан жүргізілуде. Хандар жерленген зират табылған жерден жазба деректерде аттары аталатын хандардың қабірлерінің орналасқан жері анықталған жоқ. Сондықтан келешекте бұл мәселеге қайтып оралуымыз мүмкін» деп қорытады [12, 21 б.].

2021 жылғы қазба 2 көрхана орнын толық ашып, «Хандар зиратындағы» 1999, 2006 жылғы зерттеу нәтижелерін толықтыра түсті. Бір ерекшелігі, көрхананы қоршаған кесене ізі әзірше табылмады. Көрхана көлемі, қаланған материалдар - кірпіштер, ішкі жағының сылануы, еденге кірпіш төселуі оларды қайталайды. Тіпті №3 көрхана атауына ие болған нысанда ағаш табыттың қалдықтары да шықты.



Ал №4 көрхана жобасында тік төртбұрышты. Бұрыштары жоғары қараған жебе тәріздес күмбезделген. Еденіне тас төселмеген. Түбіне алебастр ұнтақтары төгілген. Оның да ұзын дәлізі бар. Дәліз кірпіштері саз балшықты ерітіндімен бекітілген. Дәліз бен көрхананың қосылған жерінде кірпіштер байланыспаған, соған қарағанда дәліз кейінірек салынған болса керек. Мұның өзі де ойланарлық.



Сонымен 2020-2021 жылдары табылған 2 көрханада қандай ерекшеліктер бар.

Біріншіден, көрхананың ұзын дәлізі бар және ол анық сақталған. Ол турасында астрахандық археолог В. Плаховтың ойымен төменде танысасыздар.

Екіншіден, екі көрханада да адам сүйектерінің көптеп табылуы. Әрқайсысынан 10-нан аса адам сүйектері алынды.

Үшіншіден, осы жолы екі көрхананың есіктері оңтүстік-батысқа қараған (1999, 2006 жылдардағылар солтүстікке қараған).

Төртіншіден, 2021 жылы көрханалар айтарлықтай тереңнен, 1,20 м тереңдіктен ашылды. Көрхана табаны жер бетінен 2,20 м төмен.

Бесіншіден, екі көрхананың да ішкі қабырғасы ақ алебастрмен сыланған. Кірпіштерді бекіткен ерітінді де алебастрдан дайындалған.

Алтыншыдан, көрханалар ішінен түймелік бекітпе (заклепка) тәріздес мыс бұйымдардың табылуы. Сонымен қатар темір белдік тоғасы, қалпақты шегелер, т.б. темір бұйымдар қалдықтары табылды.

Жетіншіден, 2021 жылғы көрханалардағы тағы бір ерекшелік, мұндағы адам сүйектерінің анатомиялық тәртібі бұзылған. Сүйектер жан-жаққа шашылып жатыр. Яғни, көрханалар тоналған. Кірпіштерін де бұзып әкеткені анық.

2021 жылы мамыр айында біз толық ашылған №3 көрхананың фотосуреттерін осы саланың мамандары археологтар М. Қожа, ресейліктер В. Плахов, В. Пигаревтерге жібердік. Материалдармен 2021 жылы 3 маусымда танысқан белгілі археолог, 2000 жылдары Сарайшықтағы археологиялық қазбаларға қатысқан, көрханаларға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мұқтар Қожа: «Раскапываемый 2020-2021 гг. на территории участка современного кладбища с. Сарайшык сотрудниками музея средневековой корхана отличается от исследованных на участках городища в конце XX - нач. XXI века склепов. Размеры подземного сооружения (4 x 4 м), устройство специального коридора, ведущего в склеп и наличие алебастровой штукатурки на внутренних стенах внутри корханы, свидетельствуют, скорее всего, об особом статусе заказчика. По размерам он приближается к склепам степной элиты на городище Туркестан вблизи мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави. Так внутренние стены склепа мавзолея Рабии Султан Бегим покрыты цветным ганчем, имеется вход в виде сводчатого коридора» деп бағалады. 2021 жылы 5 маусымда белгілі ресейлік археолог, ортағасырлық Сарай-Бату қаласын зерттеумен айналысқан маман Е. Пигарев: «Здравствуйте, уважаемый Абильсеит Капизович! Посмотрел, присланные вами, материалы. Красивые, насыщенные раскопы! У нас гурханы есть, но очень не много. Что касается мавзолея. Действительно, очень качественное сооружение. Даже по фото и видео видно на сколько качественно и профессионально сложены стены конструкции. Очень четкие прямые углы и углы переходов. Использование известкового раствора говорит о прочности сооружения. Вероятнее всего было достаточно высоким купольным сооружением. Наличие кирпичного пола, качественно оштукатуренных стен — говорит о высоком профессиональном уровне строителей. Очень интересен входной длинный коридор. Качество строительных методов и внутренней отделки, архитектура сооружения (его планировка, отличающаяся от обычных склепов типа гурхана) может говорить о высоком статусе погребенного в мавзолее человека. Вероятно, этот мавзолей может являться центральным захоронением на этом участке кладбища. А вокруг него (как вокруг священного места) могли устраиваться погребения более позднего времени. Еще раз повторяюсь, строительные и отделочные приемы свидетельствуют о высоком статусе погребенного. Удачи вам в ваших работах! С уважением, Евгений Пигарев» деп, ал 7 маусымдағы хатында «Можно с полной уверенностью говорить о том, что мавзолей построен не ранее середины XV в и относится к постзолотоордынскому периоду» деп өз ойын бекіте түседі.

2021 жылғы қазба барысындағы фотолар мен видеоны мұқият саралаған ортағасырлық Сарайшық маманы, астрахандық археолог В. Плаховтан 2021 жылы 27 маусымда хат алынды. Хатында археолог: «Уважаемый Абилсейд Муктар! Я внимательно посмотрел материалы, которые Вы прислали. Из фотографий видно, что курхана была прорублена поздней ямой под захоронение. Части стен были выбраны. Такая ситуация стандартна и не раз

встречалась в предыдущие сезоны. Вызвано это было видимо тем, что над курханами не ставили надмогильных памятников. За весь период предыдущих раскопок каких-либо стел или остатков иных конструкций над курханами не встречено. Не встречались они и в Нижне Волжском регионе. Курхана хороша тем, что имеет длинный коридор входа – дромос. Такие длинные входные коридоры характерны для ногаев Крыма. К тому же, к северу от этого участка были зафиксированы серебряные и медные монеты Крыма 1480-1490 годов. Выделяющаяся отделка интерьера предполагает родовой склеп, возможно семьи мангытского аристократа.

Известно, что мангытские бии не связаны с династией Чингиз хана. А вот казахские ханы являются его потомками. Поэтому по установившейся в Золотой Орде традиции над ними ставились в обязательном порядке мавзолеи. И хотя иногда под поминальным залом встречаются подземные склепы схожие с курханами, но наличие мавзолея обязательно. А. Алексеев в 1861 году, описывая склеп, который называют «ханской могилой», сообщает, что «Внутренность его похожа на кибитку и имеет одну дверь! с восточной стороны и три окна! в сводах: на северной, западной и южной сторонах. Внутри есть гробницы, сделанные из кирпича и имеющие шесть вместилищ, два больших и 4 маленьких, так что можно полагать тут похоронено целое семейство. Подобных есть два склепа в восточной части города. В одном из них, который я разрыл, были две большие гробницы, сложенные тоже из кирпича и залитые известью из алебаstra, на них выведены карнизы, покрытые глянцем синего цвета» (Сарайшык – наследие предков стр. 55.). Иначе говоря, «ханская могила» представляло собой надземное сооружение в виде мавзолея или кесене с мастабами. Схожие с описанием Алексеева, остатки таких сооружений мы встречали в 2019 и 2018 годах на раскопах №2 и №4. Они, видимо приходятся на первую половину 1500-ых годов и относятся к казахскому периоду на городище. Пока нет примеров, чтобы они пересекали курханы. Под мастабами (надгробиями) в схожих объектах золотоордынского периода находятся вытянутые по длине мастабы кирпичные прямоугольные камеры со скелетами. В каждой камере по одному скелету. На Сарайчике в начале 1990-ых годов несколько таких камер было раскрыто, но отчеты по их исследованию я не встречал.

Раскрытый Вами объект очень важен, так он впервые указывает на прямую связь Сарайшыка с Крымом и показывает роль археологии в этнических процессах на постзолотоордынском евразийском пространстве. Причем при тщательном исследовании и настойчивости можно определить по политическому раскладу тот времени предположительно какой из ногайских аристократов имел отношения с казахскими ханами перед смертью. Это следует из того, что курхана не была потревожена мавзолеем хана Касима или иным сооружением, ибо о ней знали. А остатки возможного мавзолея хана Касима можно, думаю, определить по сохранившимся участкам фундамента и наличию, видимо, остатков скопления изразцов от мастабы. Но вход у него

должен быть на восток. С признательностью Вячеслав Васильевич» деп жазылған.

Сонымен қазбаның алғашқы нәтижелері мен жоғарыдағы ғалым мамандардың пікірлері біздіңше №3, №4 көрхананың ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге оның маңыздылығын дәлелдейді. Оларды ескере отыра, біз табылған көрханалар материалдарын ғылыми-зерттеуді жалғастыру қажет деп таптық. Бүгінде материалдардың уақытын радиокөміртек әдісімен анықтау мақсатында Вильнюс қаласындағы лабораторияға ғылыми үлгілер жіберілді. Мақсат жерленген адамдардың өмір сүрген кезеңін анықтау болып отыр. Одан соң, генетикалық сараптамалар жүргізіледі. Дегенмен, А.Е.Алексеевтің сызбасы мен жазбасындағы «Хан моласын» негізге алсақ, №3, №4 көрханаларды «Хан моласы» деуге келмейді. Сондықтан ізденістер жалғаса береді деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. –Алматы: Қазақстан, 1997. -128 б.
2. Беляков А.В. Ураз-Мухаммед ибн Ондан и Исинея Карамышев сын Мусаитов. Опыт совместной биографии. –Алматы: АО «АБДИ Компани», 2019. -208 с.
3. Вельминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Ч. 2. СПб.,1864. С.145.
4. Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Часть первая древнее время и средние века. –Оренбург: Киргизское государственное издательство, 1924. -291 с.
5. Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. –Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1993. -224 с.
6. Марғұлан Ә. Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. – Алматы: «Толағай групп», 2010. Т.9
7. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. / Отв. ред. М.А.Усманов. 2-изд., испр. идоп. –Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. - 764 с.
8. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. –Уфа: Китап, 1999. - 312 с.
9. Сарайшық - бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К.Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.
10. Тасмағамбетов И., Самашев З. Сарайшық. –Алматы: ОФ «Берел», 2001. -320 с.
11. Қожа М.
12. Талеев Д.А., Самашев З. Сарайшықтағы хандар зираты. // Актуальные проблемы и истории, археологии, этнологии. Астана, 2001. 14 б.
13. Қасенов М. Сарайшық қаласының тарихы. –Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2007. -80 б.

14. Тоқтабаев А. Сарайшық аққу көлі. // Егемен Қазақстан. 21 наурыз, 1998 жыл.

15. Каржауов Ш.М. О себе или воспоминания о пройденном жизненном пути. Атырау, 1997. -77 с.

16. Сарайшық зиратындағы «Хан моласы» қазбасы маңында жерленген бейіттерді «Құлметен» зиратына көшіру жұмысының есебі, 2021.

17. Отчет о работах Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК «Научно-прикладное исследования в области археолого-культурное наследие. Раздел «Городище Сарайчик» в 2006 году. – Алматы, 2007.

ҚЫПШАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ - САРАЙШЫҚ

Жеңісбек Жұпболұлы Мұстафин
тарих ғылымының кандидаты, профессор

Еліміздің терең тарихында Сарайшықтың орны, рөлі, маңызы және салдарлары сан алуан екендігіне кәсіпқой тарихшылармен қатар, ұлттық тарихымызға қызығушылар, жалпы жұртшылық мойындаған шындық!

Әрине, бұл ұзақта, өте күрделі жолға Сарайшық оңай келген жоқ. Бұған бұрынғы құшақ созсаң - кеуденді қанша керсеңде жеткіліксіз, о шетінен бұл шетіне күн мен айдың өздері талып жететін орта ғасырдың алғашқы кезеңдерінде—ақ жол жүрсең айларды- айларға ұластырып, әбден діңкелетіп зорға жеткізетін Ұлы Дала Жолы бүгінгі жыл санағымыздың ҮІІІ-Х ғасырларынан бастап тарала бастаған ислам діні мен идеологиясының әсері өлшеусіз еді.

Бұл жер өмір сүруге өте ыңғайлы, яғни мол сулы да-нулы аймақтарда елді мекендердің өркендеп, шаһарларға аса ауқымды да маңызды өркениеттерді өзара байланыстырған трансконтиненталды сол дәуірдегі бірден бір жарты әлемді таныстырып, табыстырған- «Ұлы Жібек Жолы» деп айдарланған тарихи мәні мен орны күні бүгінге дейін әлем жұртын таңдандырумен келе жатырған тұтас түсінік. Бұл түсініктің қалыптасуына Ұлы Далаға Ислам діні мен идеологиясының енуі мен біржолата орнығуы қазақ (қыпшақ) халқының өркениетінің гүлдене көркейіп, бүкіл әлемге ықпалының жайылуына пәрменді түрткі болғанын мойындаймыз. Мысалы: Жан-жақты энциклопедист ғұлама ғалым- екінші ұстаз Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Ұзлах Әл - Фарабидың өткен жылдан бастап атала бастаған 1150 жылдығына орай өтсекте болар [1]. Себебі - Әл-Фарабидың ойшылдық (философиялық) және жаратылыс ғылымдарының барлық салаларын қамтыған шығармалары аса терең, нақты түйін-тұжырымдарымен тиянақталған еңбек-трактаттарының бүгінде «ескі дүние» - деп, жалғандықпен дақталған аймақтың Италия-Франция сияқты елдерінде терең мағынасында таралып, ғылыми дәйектерімен дәріптеліп, барынша ғылымға адал және батылдар Әл-Фарабиды Аристотельден кейінгі «екінші Ұстаз» - деп шынайы дәріптеген. Себебі, жоғарыда аттары аталған дамыған

елдер «қайта дәуірлеу», яғни «эпоха возрождение» дәуірлеріне ауқымды қақпалы кезеңдерге жол ашқан. Міне, осылайша еуроазияның немесе қыпшақтар атамекені Ұлы Даласының жоғарыда көрсетілгендей сулы-нуны өлкелері – Еділ-Жайық, Сырдария-Әмудария және Жетісуларда « Дала Жолы » немесе қыпшақ далаларында «Ұлы Жібек Жолы » бойларында елді мекендер иеленіп, маңыздылары ірі қалалармен сәнді шаһарларға айналды. Әрине, бұндай үдерістер сол аймақтарды билеген хан сұлтандар, билер мен батырлардың қолдауларына байланысты жүргізілгенді...

Ұлы Жібек Жолының бұлайша атауы-күні бүгінге дейін әлемдік нарықта жоғары бағаланып келе жатырған «табиғи» жібек маталарына байланысты болатын... Қытай маталарды көп шығаруға тырысқанымен матаны өндіретін құртты өсіруші бірден-бір ел болғандықтан оны қатаң түрде мемлекеттік құпия ретінде сақтайтын.

Қыпшақ Далаларының әлемдік өркениеттегі біз айтып отырғанымыздай өскелең орнымен, әсем табиғаттарының жалпы тіршілікке жан-жақты пайдалы да, қолайлығы-аса қаһарлы әкесі-Темуджин- Шыңғыс қағанға Жошының қарсы шыққан наразылығына негіз болған шығар,...кім біліпті.

Қалай болғанда да Баһадур Жошы Қыпшақ Даласын жаулағанымен алғашқы көзі түскеннен бауыр басып, қазірше айтсақ – Ұлы Далаға жан-тәнімен берілген патриотқа айналған.

Баһадур Жошы жаулаушылық жорықтары барысында қыпшақтардың жаппай жанқиярлық ерлікпен қарсы тұрған өлкелерімен ірілі-ұсақты қалаларын ғана әкесі Шыңғыс қағанның бұйрықты тапсырмасымен аяусыз қырғын жасаған. Мысалы: Отырар т.б. қалалармен елді мекендердің бағынған Хорезм шахының Мұхаммедтің пәрменіне байланысты жақын күшке арасалмақтың тең еместігіне қарамастан туған қала – өлкелерін қорғаулары еді.

Мұндай екі жаққа да пайдасыз, тисімсіз қан төгістерінің қажетсіздіктеріне қыпшақ даласының болашағын ойлаған стратег – Баһадур Жошы түсініп, табиғаты мен сән салтанаты жарасқан қалалар мен елді мекендерді ерікті түрде салықтарын төлеп отырса, ол жерлердің билеушілері бастаған түрлі әлеуметтік жіктерінде сақтап, тіпті өзара одақтасуға дейін сан алуан байланыстар орнастылды [2].

Көп кешікпей-ақ бейбітшіліктің орнығуы-өз жемістерін бере бастады. Жоғарыда айтылғандай қыпшақ даласының өмір сүруге ыңғайлы аймақтарында елді мекендермен ұсақты-ірілі шаһарлар құлашын кеңге сермеп, Ұлы Жібек жолының бойында жер шарындағы өркениеттердің дамып, өсіп ортағасырдың маңызды орталықтарының біріне, кейде әлемге құлаш жайған әлеуетті де қаһарлы империяның мысалы Алтын Орданың ірі қаласына немесе тұтас туыстас халықтардың бірнеше тайпаларымен руларды біріктірген Ноғай Ұлыстарының орталығына, кейінірек Қазақ хандығының Астанасына айналған – Сарайшық сияқты шаһарларға жетті.

Ортағасырлық Сарайшық қаласының жоғарыдағыдай дәрежеге жетуі-географиялық, сан-салалы экономикалық және идеологиялық тарихи орнына сай болатын. Өйткені, Сарайшық орта ғасырдағы Дешті Қыпшақтағы-далалық-

Жалқы қала еді. Ол – Алтын және одан кейінгі құрылған мемлекетердің қалаларына қарағанда мүлдем өзгеше жағдайда тұр. Сарайшық шаһарының жағдайы неліктен өзгеше? Мүмкін, бұл жолында тұрып, ол жолдың үздіксіз, қарқынды жүруі үшін қызмет жасайтын далалық түкпірге орналасқандығында ма? Немесе сауда керуендерін сумен, азық-түлік және көлікпен қамтамасыз ететін қала болуы да мүмкін. Алайда, Шығыс пен Батысты байланыстырушы Сауда жолының құрлықтан теңізге ауыстырылғанда да қаланың гүлденген өмірін жалғасытырғанын немен түсіндіруге болады?

Алтын Орда ыдырағаннан кейін Дешті-Қыпшақтағы хандар мен сұлтан-бектердің, билер мен батырлардың өзара бақталас қырқыс-тартыстарынан да аман қалуын қалай түсіндіруге болады? Сарай тағы басқа қалалар Алтын Орданың ыдырауымен бірге күйресе, Сарайшық мұнан кейінде бірнеше ғасыр өмір сүріп, өз аймағына ықпал жасады.

Сарайшық шаһарының тоқырап, күйзелуіне, ақырында қала ретінде маңызының жойылуына тікелей жасалынған дүркін-дүркін қарақшылық жорықтар, үздіксіз жүргізілген аяусыз тағылық тонаулар мен оған дем беруші күшейе бастаған Орыс патшалығының жүйелі және мақсаты түбегейлі жүргізіле бастаған отаршылдық саясаттары себеп болған. Сарайшықта жасалынған қарақшылық жарықтарын ұйымдастырушылары қазақ-орыс Митя Бритоус бастаған атамандары. Бірақ, бұдан кейін де қала біршама уақыт өмір сүрген.

Сонымен, Сарайшық қаласының өміршеңдігін қандай пайымдаулармен дәйектеуге болады? Оның Шығыс Дешті-Қыпшақ даласының батыс бөлегіндегі сауда, қолөнер орталығы болғандығынан ба? Әлде, Жошы Ұлысының мәдени, әкімшілік және идеологиялық орталығы болғандығынан ба? Тарихи деректерден Сарайшықта Алтын Орда және одан кейінгі мемлекетердің, яғни Ноғай Ордасы мен алғашқы Қазақ Хандығының Астанасы екендігінде ме? Немесе белгілі хандармен бектердің жерленгендігінен бе? Бұл сияқты нақты сұрақтар орта ғасырлық Шығыс Дешті-Қыпшақ далаларымен, қалаларымен, елді мекендерінің тарихымен шұғылданушы тарихшылар мен зерттеушілердің алдарынан шығары даусыз және шешілетін, ақиқатын таппай қоймайтын аса маңызды мәселелер.

Осылардың барлығы - Сарайшық қаласымен шаһарының бүкіл тарихын тыңғылықты зерттеулердің ғылыми маңыздылығына дәлел және бүгінгі заманымыздың рухани ізденістеріне де сай, ұлттық тарихымыздың құндылықтарын жаңаша пайымдауларға да жетелеген болар еді...

Тәуелсіздігіміздің аясында Ұлттық тарихымыздың Еділ-Жайық аймағындағы маңызы ерекше елді-мекендердің түбегейлі зерттеулерге маман тарихшы-археологтарда барынша мән берді. Мысалы: З.С.Самашев Сарайшық іргесі «Ұлы Жібек Жолының» бойындағы бекеттік рөлі ҮІІІ ғасырда қаланғанын қазба жұмысы барысында жер релегімен топырағынан, лабораториялық жолмен айқындап қала тарихын кеңейте түсті.

Міне, осы кезеңнен бастап, Сарайшық Ұлы Жібек Жолы бойындағы маңызы арыта түсуіне орай жергілікті қыпшақтар, түрлі ұлыстар мен

халықтардың да мүдделеріне байланысты көпшілілер мен алыс – жақын елдердің тұрмыстық сантүрлі өмірлік мәнді де материалдық, рухани және кәсіптік өмір сүру саяттары қалыптасып, мезгіл өткен сайын ұлғайып, кеңейе берді. Бұл жағдай қала ауқымының да өсуіне негіз болды. Қаланың сыртында көшпелі халықтар өкілдерінен құралған мыңдаған егіншілер, малшылар, жол көрсетушілер тағы басқа сан алуан кәсіп иелері етікшілер біржола орнықты.

Бұл туралы ортағасыр деректері мен жылнамашы- тарихшыларының және қазіргі белгілі академиктердің дәйектері де бар [5].

Осылайша, орта ғасырлардағы Сарайшықтың ірі қала-шаһарға айналуы оны қоныстанған түрлі билеушілер бастаған әлеуметтік жіктердің «Ұлы Жібек Жолы бойындағы аса маңызды орталық» -деп бағалаулары нәтижелеріне байланысты хан-сұлтандар, ірі дін иелері, өте бай саудагерлер, би-батырлар, қолөнершілер, зергерлер, тіпті ақша соғушылар тағы басқалардың тұрақты түрде қоныстанушылардан еді. Бұл әлеуметтік жіктер көп ұлттылығы қызықты, яғни төрелер, арабтар, парсылар сан-түрлі түрік тілді халықтар, қыпшақтар және осы аймақтардың ежелден жайлаған тайпа-рулары болатын.

Кейбір тарихшылар біз сөз етіп отырған қыпшақ-қазақ тарихын ғұн-сақ және үйсіндердің Ұлы Даладағы тікелей ұрпақтары дей келе, қазақ-қыпшақ, татар, қырғыз, ұйғыр, башғұрт, алан, қарашай, балқар, маңғыт, ноғай, қарақалпақ, авар, кабар, құман, құмық, үзік, өзбек, түрік, хазар, азербайжан, бұлғар, болгар, қазақ т.басқалар деп, әріден бастап, ұлттық болмысымызды бүгінгі таңдағы әлемдік өркениеттердегі өршілдіктер мен менмендіктерге тосқауыл қойып, қазақ ұлтының таза шынайылығын жаңғыртуға шақырады. Бұл бағытты кезінде Ақынжанов Мұсатай Бекболатұлы кәсіби тарихшы ретінде қалам тартып, одан көптеген кедергілерге тап болып, зардап шеккенді....

Осы бағытты өз дәуірлерінде Рахметов Қ., тағы басқа белгілі философтар мен филолог ғалымдарда атап көрсеткен еді.

Сарайшық қаласының шарықтап өсуін бүкіл болмысын аса атақты Араб саяхатшысы – Әбу Абдуллаһ Мұхаммад Ибн Батуттада жан-жақты кең жазбаларын қалдырған. Біз ол жазбаларға толық тоқтамағанмен қысқа-қысқа үзінділермен шектелуді жөн көрдік.

Саяхатшы қала «Ұлы су» (Жайық) бойына орналасқан екен. Шаһардың бұлайша аталуы – Алтын Орданың екінші дәрежелі қаласы болуынан, яғни «жүк» деген «кіші» мағынасымен байланысты – дейді [6].

Алтын Орда қалаларын біршама зерттеген орыс ғалым-тарихшысы В.Л. Егоров Сарайлар бастаған 110 қалалар мен ірі елді мекендердің тұңғыш рет тұрғындар сандары жөнінде өзінің түйіндерін жариялап, Сарайшық сияқты екінші дәрежелерді тұрақты қоныстанушылар шамамен 45-50 мыңдай-деп, мәлемдеді.

Осыншама халықтар топтасқан ірі қалаларда жан-жақты дамыған қол өнерлерінің болуы табиғи нәрсе... Қалада қол өнерінің гүлденгені сондай су құбырлары - монша, мешіттермен, керуен сарайлар мен ауқаттылар мекендерінде қажеттерінше еркін пайдаланғандары археологиялық қазбалар негізінде дәлелденуде. Қол өнерлердің шеберліктерінің жетілгендері бүгінге

дейін сан алуан ұлттық нақыштармен әсем көмкерілген ыдыс - аяқтар, тіпті хан - сұлтандардың дастархандарында – егер қастандықпен асқа улар қосылғанда түсін өзгертетін тостағандарда болғандығы сөзімізді растайды.

Сарайшық шаһарының көркеюіне Өзбек ханның ұлы - Жәнібек (1342-1357 жж.) ханның тұсында жедел және жүйелі түрде жүзеге асырылды. Осының арқасында Жәнібек хан «әзі», яғни әулие-деп, даңқы шартарапқа жайылды. Осы кезеңдер туралы ортағасырлық деректер Муин-ад-дин Натанзидың еңбектерінде сақталған. Пұтқа табыну мүлдем жойылып, көптеген мешіт, медреселер салынып, жер-жерден ислам ғалымдарын жинатып, ұлттық әдет-дәстүрлерді арабтық тәрбиелермен кіріктіріп, оның барлығын медреселердегі оқуларға еңгізген. Әсіресе, география, астраномия мен қазақтың жұлдызшылардың тәжірибелеріне зор ықылас танытылған. Өз Жәнібек ханның бұл істері әкесі Өзбек хан өсиеттерін онан әрмен жалғастыруы екенін Әл-Фараби танушы академик-ғалым А.Машанов жазған еді.

Қол өнердің ерекше жақсы дамығандығының тағы бір дәлелі тарихшы Г.И. Пацевичтің зерттеуінше сұлтан Ильбан мен Ала Ходжалардың өз аттарынан ақша соқтырып, айналысқа түсірген. Бұл әрине, Сарайшық шаһарының Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталығы болғандығының куәсі және қаланың саудагерлік орнын, Ибн Баттута бастаған План Карпини, Гильом Рубрук, түрік саяхатшысы Сейди Әли Райс тағы басқаларда өз хабарларында жан-жақты, тіпті кейбіреулері негізгі көлік-жылқы мен түйелердің нақты бағаларын көрсетіп, бағалардың жоғарылығына қынжылатта.

Өз кезеңдерінде Сарайшық қаласына-Мәнгі Темір, Тоқтағу, Өз Жәнібек, Тәнібек, Бердібек хандарымен бірге Ноғайдың Ысмайыл Ораз бектері жерленгені белгілі.

Ноғайлар мен Маңғыт тайпалары мен рулары жөнінде көптеген белгілі тарихшылар: М.Ғ.Сафарғалиев, А.А.Новосельский, А.А.Баскаков, В.М.Жирмунский, Е.А.Понаженко, М.Г.Худяков, М.И.Ахмедзянов, Д.М.Искаков, М.А.Усманов, Р.Г.Кузеев, Т.Юлдашбаев, С.Мажитов, В.Б.Виноградов, А.Ахмедов, Б.А.Кочекаев, А.И.Сикалиев, Б.Ишболдин, Д.Девиз және В.В.Трепавалов тағы басқалардың зерттеулері нәтижелерінде ноғай-маңғыттар ордаларының тарихы жүйелі ғылыми пайымдауларымен тұжырымдар мен дәлелденді. Жоғарыда айтқанымыздай ноғай-маңғыттардың этникалық құрылымдары көрші ұлыстар мен халықтармен байланыстарының күрделілігіде ойланарлықтай.

Ноғайтануға зор еңбек сіңірген жоғарыдағы аттары аталған және күні бүгінге дейін ғылыми ізденістерін жүргізіп келе жатырған ғалымдар Ноғай Ордаларының этникалық негіздері XII-XIII ғасырларда Орталық Амур өлкесімен Алтай тауларының баурайларын жайлаған Нечин баһадур бастаған көшпелі маңғыт тайпалары екендігін бірауыздан мойындайды. Шежірелерінде: Нечин баһадур – құйылдар - Жедай Ноян тағы басқалар болып жалғаса береді. Сонымен қатар, маңғыт тайпалары Шыңғыс қағанға ерікті-еріксіз түрде көшпелілерге сай жаппай батырлықпен әуелі терістік Қытайға одан кейін XIII ғасырдың бірінші ширегенде Мәуреннахр мен түстік қазақ жерлеріне жаппай

шабуылдарға қатысқандығы туралы парсы, қазақ және араб тарихшыларының: Әбді әр Разах Самарханды, Қадір әлі Жалайри, Әбілғазы, Уәлиханов, Муин ад-Дин Натанзи, Ибн Арабиах т.басқалардың жазба деректері бар.

Жалпы, Ноғай-Ордасының құрылып, аймақтарда нығайып, қалыптасуларына Едіге бидің ерекше ықпал атқарғаны белгілі. Едіге би туралы деректерді белгілі шығыстанушы Д.Девиз 1994 жылы жарық көрген «Исламизация и исконная религия в Золотой Орде Баба-Тюклес и обращение в ислам в исторической и этнической традиций» - атты еңбегінде өте қызықты деректермен түйінделген. Автордың пайымдауынша Баба-Тюклес Едіге бидің бабасы, яғни кәрі атасы-деген, шегендеулі шежірелік тұжырым бар, демек Ноғай Ордасының негізін қалап, кеңейткен тарихи тұлғаның арғы тектері арабтық қожалардан – деп айтуға негіз жеткілікті. Өйткені, Баба-Тюклес қазақ және қарақалпақ тайпаларының арасында күні бүгінге дейін Түкті-Баба мәңгілік топырақ бұйырған Қожа Ахмет Яссауи шәкірті - Сейт Бабамен қатар аталып, Алтын Ордағы билеген Өзбек хан (1312-1342 жж.) және оның ұлы Өз-Жәнібек хан (1342-1357 жж.) тұстарында аймақты исламландыру барысындағы елдегі ең басты тұлға. «Аса қасиетті Ата жерленген жер» - деп, жергілікті халық күні кешеге дейін аумағы алты қанат киіз үйдің көлеміндей Ақтігенге садақа байланған ақматалар өте көп желбіреп тұратын. Марқұм Анам көрсеткенді: Дуалы ауызды түрік Ата туралы Ибн-Баттутаның да нақты дерегі бар. Бұл туралы ХҮІ ғасырда өмір сүрген Өтеміш қажы Ибн Маулан Мұхаммад Достының да «Шыңғыс-Наме» атты еңбегінде де деректер сақталған [7].

Сондықтан, Маңғыт тайпаларының Мауреннахрдан Еділ-Жайық бойына қоныс аударулары Бердібек ханның 1357-1360 жылдардағы билігімен одан кейінгі тақ үшін мұрагер сұлтандар арасында мысалы: Хызырдың басшылығымен жүргізілгенге ұқсайды. Себебі, өз тұстарында Өзбекте, Өз-Жәнібекте халқына өте беделді болғандығы белгілі, демек, алтын тақ үшін тартысқа түскен сұлтандар мен ақсүйек-төрелердің қай-қайсысының да өзіндік шындықтары жеткілікті еді. Сондықтанда, бұл тартыстар едеуір ұзаққа созылып елдің жалпы жағдайларын әлсіретумен қатар елдің берекесі қашты. Өйткені, әрбір сұлтанды қолдайтын нөкер-төлеңгіттері мен белгілі бір деңгейдегі батырлар, ру-тайпалардың билері мен көсемдерінің болғандығы тарихи деректерден белгілі.

Міне, осы үрдістер Хызыр ханның ноғай-маңғыт-тайпаларына арқа сүйегендерін жоққа шығармайды. Мысалы, араб тарихшылары Натанзи мен Ибн Арабшаһ. Дәл осы жылдары Қият Маңғыт Мамай Қырымға орнықты - деген Өтеміш қажының да дерегі бар.

Бұл жылдар Қырым Хандығының әбден күшейіп, тек түбекті ғана емес Днепр, Дон өзендерінің түстік далаларына да ықпал жасап, дәуірлеген кезеңі еді. Осы кезең туралы ауызша деректер Қазақтың-Ертарғын жырында да айқын кездеседі.

Қырым Хандығының әлсіреуіне Алтын Орда ханы Тоқтамыстың сыртқы көршілестердің жерімен өзімшіл саясаты, яғни 1380 жылы шабуылы барысында

Мамайды талқандауы- Жалпы Ноғай ордасының ыдырауын шапшаңдата түскені даусыз.

Едігенің әкесі – Балтышақ Орыс ханның ұлы – Темір-Мәлік тұсында оған беклер-бек, яғни бектердің бегі, немесе бас уәзір болып, ханға адал және абыройлы қызмет еткен. Сондықтан да Тоқтамыс Темір-Мәлікті талқандап, Балтысшақты өзіне қызметке шақырады, алайда беклер-бек келіспей, өл өлтіріледі. Дәл осы жылдардан бастап Едігенің саяси қайраткерлігі басталып, оның қызметі Тоқтамыс ханға ұнап, хан Едігеге не қызы не қарындасы – Жаниханы ұзатады, одан белгілі тарихи тұлғаға айналған Нұраддин туылады. Едіге би мен Тоқтамыс хан арасындағы келіспеушілік Әбілғазының дерегі бойынша Орыс ханның немересі-Темір-Құтылыққа туындап, Едіге Темір-Құтылықпен бірге Ақсақ Темірге кетеді. Алайда, Ақсақ Темірдің Алтын Ордамен жалпы Дешті-Қыпшақ далаларына қарсы әрекеттері Едігенің ашық-жасырын түрде қарсылығын күшейтеді. Мысалы: XIV-ғасырдың соңында Ақсақ Темірдің Тоқтамыс ханға шабуылын алдын-ала Едіге Ноғай-маңғыттарға хабарлап, Ноғай Ордасының бір бөлігі Еділ-Жайық аралығына, яғни Нарын құмының жықпыл-жықпылын паналап, Сарайшыққа Едіге бастаған Ноғайлар ақсүйектері орнығып, Ақсақ Темір қалаға шабуылдан бас тартады, бұған басқа да нәрселер әсер еткен сияқты...

Ал, Сарайларда Ақсақ-Темір үстемдігін мойындаған құйыршық хан Хажы-Тарханды(Астарханды) Темір-Құтылық, Қырымға жауынан қашқан Тоқтамыс бекінеді.

Әбілғазының шежіресі бойынша Берке хан ислам дініне Сарайшықта мінәжат етіп, мұсылман болған және бұл сенімен бауыры Тоқай Темір мен ұрпақтарына өсиет еткен - дейді. Демек ата өсиетіне адал Өзбек ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялап, Сарайшық шаһарында – мешіт, медреселерді көптеп салғызып, дін қасиеттері мен абыройын өзінің саяси билігімен арттыруға шебер пайдаланған. Бұл жөнінде Ибн-Баттута мәлімдейді: «Өзбек ханның үнемі сақтайтын әрекеттерінің бірі-намазын өтегеннен кейін ғана, Алтын шатырына келіп, тағына жайғасып, содан соң мемлекеттік істеріне кірісетін».

Қыпшақ-қазақ руханиятындағы Сарайшық кенті-қаласы-шаһарының парсы мәнімен маңызы арғы бергі белгілі шығыстанушы ғалымдар мен саяхатшылар тараптарынан сонау біздің жыл санауымыздан бұрынғы мыңжылдықтың ортасында-ақ Шығыс пен Батысты «Дала Жолы», «Ноғай Жолы», «Ұлы Жібек Жолы» - деген атпен Алтай - Зайсан және Қытайды Қара теңіздің терістігіндегі даламен байланыстырғанын белгілі тарихшылар: А.И.Левшин, П.И.Небольсин және Елбасы-Н.Ә.Назарбаев дәйектеп, бізге жеткізген болатын [8]. Мысалы: «Қазақ даласы мен қалаларының қаншама мәдени ықпалдарды қорытып, өзі де қаншама құндылықтарды дүниеге келтірді екен? Бұл жаңалық пен жаңғыртуға ден қойдыратын сұрақ. Дегенмен, басы ашық бір шындық - қазақ даласының мәдениеті мейілінше терең дәстүрлері бар аса күрделі және көп қыртысты құбылыс» - дейді.

Қазақ жері - адамзат өркениетінің көне жәдігерлеріне - бекзат болмысы мен қайсар қаһармандығына сай-халқымыздың марка мәдениеті мен көшелі жұрт екендігін барша әлемге танытар, бас идірер орталықтары да жетерлік. Бүгінгі ұрпақтың мақтанышпен кие тұтар ескерткіштерінің бірі - көне Сарайшық қаласы. Сондықтанда қашаннан Ата-Баба аманаттарына адал, қастерлеп көздің қарашығындай мәңгіге сақтап, келер ұрпақтарға мирас ету - парыз. Өйткені, Сарайшық шаһары - қазақ тарихының ұлт ретінде қалыптасуының бастау алар арналарының бірі және өзіндік ерекшеліктерге де толы далалық - Жалқы қала!

«Уақыт уағызы ешқашан Хас өнер өлкесіне өктемдік жасай алмайды», - дегендей, Сарайшық - сейттер мен шейхтардың, қажылар мен хафиздердің және софылар мен дәуірішдердің – тәңірия тазалық пен инабатты, имандылық жолындағы ғұмырлық насихат мекені болуымен қатар, діни-руханият жолындағылардың мәңгілік тыным тапқан киелі орны болатын.

Шаһар-ел тарихындағы ғасырлар қойнауындағы жұмбағы мол көмбелерінің бірі екені ақиқат. Әр кезеңдерде Сарайшық жөнінде әлемдік жиһангерлер: Пиано Карпини, Вильгельм Рубрук, Ибн-Баттута, Джованни Мариньоло, Бальдуччи Пеголотти, Юль, Дженкинсон, Сейди Әли Райс тағы басқалар мен жоғарыда құрметпен аттары аталған шығыстанушы ғалымдар, В.П.Юдин мен З.Қина Отұлдарының еңбектері өлшеусіз.

Міне, осылардың барлығын іс жүзіне айналдыруды қолға алған кәсіби тарихшылар, тарих ғылымының докторы, профессор Әбілсейт Хафизұлы Мұқтардың басшылығымен республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны құрылып, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы жүйелі-жоспарлы түрде жұмыс жасап жатқандары - Ұлтжандыларды шын мәнісінде қуантуда.

Әдебиеттер тізімі

1. Әл-Фараби. «Философиялық трактаттар» А.,1973.
2. Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древние города Каз-а ЦИАФ, АН Қаз.ССР. А.,1971.Сенигова Т.Н.Средневековой Тараз. ЦИАФ.АН ҚазССР. 1972. Пищулина К.А.В.Ст. «Казазстан в XV-XVII вв.». А.,1969.
3. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах.4.1.СНБ.,1863. Чулошников А.П. Очерки по истории казах-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами другими народами. М.,1934.
4. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии.Часть 1-2, СПб.,1762; Небольшин П.И. Очерки торговли России со Средней Азией.СПБ., 1855. КН 10, Лоскутов Н. Сообщение о находках в Сарайчике ТСК. Вып. XVI., О.,1906; Самойлович А.Н.Среднеазиатско-турецкие надписи на глиняном кувшине из Сарайчика.ЗВОПАО.,1912,т.вып. №1. Арзютов А. Отчет о раскопках, произведенных 1937 г. На развалинах золотоординского г.Сарайчика. Изв.АН.Каз.ССР Серия археол.1949, Вып; Маргулан А.Х.Раскопки Сарайчика Д.763а. архив ИИАФ.АН.Қаз ССР; Самашев З.С.

Исследование золотоординского города Сарайчик. Вкн: Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. А., 1998.

5. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. А., 1999; Марғұлан А.Х. көрсетілген еңбек; Ермұханов Б.Б. көрсетілген еңбек; Аманжолов Қ., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. А., 1996; Бұлда сонда; Бұлда сонда; Марғұлан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. А., 1950. Марғұлан А.Х. көрсетілген еңбек.

6. Ибн-Баттута. СМИЗО, т.1., СПб., 1884; Егоров В.А. Золотая Орда: мифы и реальность. (Новое в жизни, наука, техника). Серия, история. №9. 1990; Н.О. Артықбаев. Қазақ шежіресі. Астана, 2012; Машанов А. Әл-Фараби және Абай. А., 1994; Түркістан тарихы мен мәдениеті. Түркістан. 2000; Пацевич Г.И. көрсетілген еңбек.

7. Ал-Бирзали. СМИЗО, т.1. СПб., 1884; Бартольд В.В. К вопросу о погребальных обрядах турков и монголов. Соч., т.4. М., 1996; Утемиш-Хаджи. «Чингис-Наме». А., 1992; Сафаргалиев М.Г. Ногайская Орда в середине XV в. М., 1938; Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках. А., 1997; Левшин А.И. көрсетілген еңбек.

8. Абдиров М.Ж. Көрсетілген еңбек; Қозыбаев М.Қ. Ата тарихы туралы сөз. «Егеменді Қазақстан» 30.09.1999; Байпақов Қ.М. Көрсетілген еңбек; Федоров-Давыдов Г.А. Көрсетілген еңбек; Назарбаев Н.Ә. Көрсетілген еңбек.

РОЛЬ ДИПЛОМАТИИ ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ КАЛМЫЦКОГО ГОСУДАРСТВА XVII-XVIII ВВ.

Мустафин Фархад Маратович

Актюбинский областной историко-краеведческий музей

Аннотация. В данной статье автор рассматривает роль дипломатии в Калмыцком государстве в во второй половине XVII – первой четверти XVIII вв. На основе исторического анализа научной литературы и исторических источников автор делает выводы, что калмыцкая дипломатия XVII – XVIII вв. сочетала в себе достаточно разнородные элементы. Дипломатия Калмыцкого государства были свойственны многие атрибуты, общие для внешнеполитической деятельности государств Центральной Азии и в период позднего средневековья.

Ключевые слова: Калмыцкое государство, Казахское ханство, Россия, Джунгария, Цинская империя, Османская империя, внешняя политика, дипломатия, международные отношения.

Введение. Внешнеполитическая деятельность правителей Калмыцкого государства во второй половине XVII – первой четверти XVIII столетия была разнообразна по форме, направлению, деятельности и зависела от экономического и политического положения самого государства, а также от положения в России и других политических акторов. Несмотря на некоторую адаптацию общеевропейских принципов внешней политики к новым условиям,

тем не менее, тактика и методы калмыцких правителей в дипломатии оставались в основном неизменными. Можно также утверждать, что основными направлениями внешней политики Калмыцкого государства были русские, казахские, джунгарские, тибетские и китайские, а также и другие народы Центральной Азии.

Материалы и методы. Источниковой базой послужили большой круг опубликованных и впервые вводимых в научный оборот неопубликованных ранее исторических источников XVII – XVIII вв. архивов Российской Федерации. Для раскрытия темы статьи привлекались более важные источники хранящиеся в фондах Национального архива Республики Калмыкия, Российского государственного архива древних актов, Архива внешней политики Российской империи МИДа Российской Федерации, Государственного архива Оренбургской области, Исторического архива Омской области.

В фондах Национального архива Республики Калмыкия хранятся правительственные указы и распоряжения, доношения, отчеты, сообщения представителей местной администрации, переписка местных органов управления между собой.

В фондах Архива внешней политики Российской империи МИДа Российской Федерации хранятся документы иностранных дел с Сенатом, Военной коллегией, с Коммерц-коллегией и другими учреждениями. Наиболее значимыми для нашей статьи являются фонды: «Монгольские дела», «Калмыцкие дела», «Зюнгорские дела» и «Киргиз-кайсацкие дела».

В фондах Российского государственного архива древних актов сохранились документы Сената, затрагивавшие основные вопросы взаимоотношений российского правительства с Калмыцким государством.

При работе над научной статьей автор руководствовался требованиями современной исторической науки, включающей общепризнанные принципы [конкретность, историзм, объективность], а также историко-сравнительные и описательно-аналитические методы, включающие наблюдение, сравнение, описание и обобщение.

Обсуждение. В историографии вопроса можно четко выделить три этапа: дореволюционный, советский и постсоветский.

К дореволюционным исследователям можно отнести крупных российских исследователей: Г.Ф. Миллера, Н. Рычкова, Н.Я. Бичурина, Ф.А. Бюлера, А.М. Позднеева, В.Л. Котвича, В.В. Бартольда и др. Эти исследователи накопили огромный фактический материал для развития исследуемой темы.

К историкам исследователям советского периода можно отнести Н.Н. Пальмов, М.Л. Кичикова, У.Э. Эрдниева, И.Я. Златкина, Б.П. Гуревича и В.А. Моисеева.

В постсоветский период к изучению вопроса обращались зарубежные, советские и отечественные историки-исследователи такие, как М.М. Батмаев, В.П. Санчилов, А.Г. Митиров, В.И. Колесник, А.В. Цюрюмов, Ш.М. Сабитов,

И.В. Вишнякова, Ж.Б. Кундакбаева, И.А. Ноздрина, В.Т. Тепкеев,
О.И. Болдырева.

Результаты. В период формирования Калмыцкого государства велся активный поиск обоснований легитимности суверенитета Калмыцкого государства как самостоятельного политического субъекта. Как выразился известный американский политолог Генри А. Киссенджером о том, что: «нации формируются их историей, географией и их культурным наследием. Если нация что-то сделала за 400 лет, это указывает на определенную тенденцию; это значит, что в течение 400 лет ее поведение представлялось разумным для последующих поколений лидеров этой страны» [1. С.2].

В этом отношении показательно политическое обоснование притязаний калмыков на земли южного Поволжья. В своем труде С.К. Богоявленский писал, что: «Так, заявляя о своем праве кочевать в этих районах, калмыцкие тайши заявили, что это «искони природные их калмыцкие места прадеда их Чингисхана» [2. С.74]. Он также отмечает, что: «Во время переговоров с сибирскими представителями московского правительства калмыцкие владельцы стремились преувеличить свой переговорный статус, ссылаясь на то, что «их тайши - дети Чингисхана» и предлагали русским дать им аманатов [2. С.74] [3. С. 205].

Своеобразным сочинением теоретической геополитики калмыков является героический эпос «Джангар». Уровень историчности этого народного произведения «определяется тем, что образ эпической Бумбайской державы, локализуемой в отрогах Алтая, отражает эпоху государственной консолидации ойратских племен, возникновения Джунгарского и Калмыцкого государств (XVII - XVIII вв), заселения ойрат - калмыками Южного Поволжья в войнах с ногаями, башкирами и казаками в XVII - XVIII вв. [4. С. 12].

Основным сюжетом повествования является борьба Джангара и его друзей с врагами Бумбайской державы. При этом особое место в нем занимает концепция государя-самодержца, то есть ойратского правителя, властвующего самостоятельно, единодержавно над всей подвластной ему державой. Джангар характеризуется «владыкой Востока», который «властно расширив свои рубежи» «ханом вседержавным он стал, зваться великим и славным он стал» и поэтому «державы была нерушима его». Для богатырей характерно стремление вести активную военно-политическую экспансию. Они регулярно вопрошают: «Ужели сражений для славы нет? Сайгаков - и тех для облавы нет? Ужели для боя державы нет? Ужели врага для расправы нет?». Важное значение для понимания военно-политических взглядов калмыков (хотя бы в изначальном варианте несистематизированного самопознания) имеют калмыцкие историко-литературные памятники, в которых заключается «...историческая память нации, народа, его мировосприятие, мировоззрение, миропонимание, духовность и его самобытный менталитет» [4. С.89-90, 92].

Габан Шараб, в своем историческом очерке «Сказание об Ойратах» в смутное для калмыков время раскрывает на исторических примерах прошлого всю пагубность междоусобиц, призывает положить конец всякого рода

раздорам и все усилия сосредоточить на укреплении государства и сохранении его суверенитета. В его работах также обозначены векторы военно-политической экспансии, стратегические направления внешней политики, имеющие отношение к Калмыцкому государству – Западная Сибирь, Средняя Азия, Джунгария, Иран, Тибет и Китай [4. С.89-90, 92].

В историческом очерке «Лунный свет-история рабджамбы Зая-пандити» главной идеей является мысль о том, что деятельность Зая-Пандиты была направлена не только на распространение ламаизма среди ойратов, но и на их объединение через общую ойратскую идеологию. Формирование калмыцкого этноса, укрепление сословной системы, складывание Калмыцкого государства способствовали распространению ламаизма у калмыков. Помимо того, что буддизм был важной основой для формирования идеологии, философии, культуры и образа жизни народа, он вел в первой половине XVIII в. укрепить связи Калмыцкого государства с «идейным покровителем» - Тибетом. Для калмыцкого буддизма - это время наибольшего воздействия внешних воздействий, наиболее тесных контактов с остальным буддийским миром [5. С 150].

Естественно, теоретические основы ведения дипломатических дел в сословной Калмыкии формировались под влиянием буддизма. Одно из понятий власти, выработанное в буддизме, оказало определенное влияние на развитие калмыцкой дипломатии. В период позднего средневековья в Центральной Азии сложилась концепция «двух начал государственной власти» - духовной и светской, которую осуществляли два правителя: один руководил религией, другой – государством; оба они не имели права вмешиваться в дела друг друга, но должны были помогать друг другу по мере сил. Этот принцип был впервые сформулирован совместно юаньским императором Хубилаем и представителем школы сакьяпа, Прагма-ламой [5. С 151-152].

Практика буддийского учения также обустроивала практическую деятельность ойратских дипломатов. Искусство ведения переговоров, система аргументации посланником определенных позиций основывалась на развернутой в буддизме теории ведения споров, то есть на методах объяснения, раскрытия содержания и доказательства тех или иных тезисов. Следует иметь в виду, что не только статусу посланника, но и его личным качествам придавалось исключительное значение. Конечно, он был образованным человеком, но важны были и другие качества характера. Отправляясь по посольским поручениям, калмыцкие дипломаты не имели оперативной связи с пославшим их правителем, миссии обычно длились долго и, кроме того, они практически не пользовались правом личной неприкосновенности. В этих условиях посланники должны были обладать исключительными способностями, чтобы успешно выполнить поставленную перед ними задачу.

Больше всего подготовились к посольской миссии буддийские священники. Поэтому ламы не только возглавляли дипломатическую службу правителя, были его советниками, но и выполняли важнейшие посольские поручения. В этой связи характерно, что успеху экспедиции Ивана Петлина в

Пекин способствовала поддержка опытных дипломатов - буддийских лам Билик ГУ и Тархана. Это обеспечило безопасность российских поездок к китайским границам. В то же время ламы были проводниками в пути, помощниками в сборе информации и компаньонами, сведущими в церемониях монгольского и китайского посольств. Монгольский язык служил русским средством общения не только в Монголии, но и в Китае [6. С.71].

Для дипломатии правителей Калмыцкого государства были присущи все черты внешней политики кочевого государства. Ведение дипломатических дел было прерогативой главы государства, в международных отношениях того периода продолжал доминировать исключительно личный фактор, а смена суверена нередко приводила к изменениям во внешней политике. Естественно, тот или иной государственный лидер имеет огромное значение в том, какую роль то или иное государство действительно играет в мировой политике.

Одним из ярчайших в калмыцкой истории примеров деятельности лидера по превращению Калмыцкого государства в державу, играющую не последнюю роль в международных отношениях конца XVII в. - первой четверти XVIII в. является деятельность Аюки, который «в продолжение лет твердо правил приволжскими ойратами, или калмыками, и распростер свое влияние на все соседние турецкие племена, так что имя его стало славно и в Турции, в Крыму, в Средней Азии, в Китае и Тибете» [Мясников В.С. 1987. С. 443]. Вследствие этого, авторитет посланников Калмыцкого государства был весьма высок. В этом отношении показательна известная история конфликта Дмитрия Петричуса, бывшего толмача посольства А.П. Волынского, отправленного в Персию в июне 1719 г. с грамотами Петра I и канцлера Г.И. Головина к персидскому шаху и посланца Аюки, когда курьер русского правительства удерживал калмыцкого дипломата [7. С.43-45].

Захват калмыцкого посланника Дмитрием Петричусом был крайне негативно воспринят не только Флорио Беневени, но и бухарским послом, французским консулом, официальными шам-хальскими лицами и купцами. Более того, Флорио Беневени, как и принимающая сторона, предостерегал, что этот конфликт «Аюка-хан, яко верный поданный нашему монарху, примет себе за противно, ибо афронт ученым ему, а не посланнику его, и понеже он толико безделец здесь при очах ханских и других министров шаховых в повороте своем от двора его поделал, что сей хан не токмо учинил ему какой великий афронт, по еще даст о том знать шаху, который потом и по готову истинные причины будет иметь приносить жалобы об наших поступках» [7. С.44].

Об авторитете дипломатии Калмыцкого государства говорит и тот факт, что османское правительство рассматривало калмыков Аюки как самостоятельную политическую силу. В грамоте российскому государю, датированной апрелем 1716 г. османским великим визирем было заявлено: «... Аюка-хан из того племени, которое, не будучи ни в чьем подданстве, самостоятельно сносятся послами... Ныне, с целью заключения мира с татарскими племенами, к его превосходительству калгай-султану (первый престолонаследник в Крымском ханстве) прибыл посланник, самостоятельно

направленный Аюка-ханом. Об этом и о том, что сегодня между ними ведутся переговоры о мире Державным Вратам (то есть султану) доложено вышеуказанным ханом». Основопологающим принципом калмыцкой дипломатии была неотделимость политики от экономики. Внешняя политика Калмыцкого государства как кочевого государства, была постоянно ориентированна на обеспечение территорий для кочевий и товарного обмена с оседлыми соседями. Нет ни малейшего сомнения, что калмыцкие правители занимались так называемой «посольской торговлей», поскольку за привезенные дары полагались ответные, нередко превышающие по стоимости полученные [7. С.44], [8. С.83].

Г.С. Лыткин в своей работе «Аюки-хан калмыцкий» писал, что калмыки «изъявляя свое подданство Богдохану и поднося ему скудную дань, получали большие подарки» [9. С 56]. Так в письме Аюке китайский император писал: «...ты справляешься о моем здоровье, платишь подать, сделал своего близкого слугу Самтана послом и отправил ко мне - все это заслуживает моего одобрения. Поэтому, выражая свое благословение, я награждаю тебя мешочком позолоченного серебра весом в 50 лан, мешочком серебра весом в 50 лан, лампадкой, седлом, 30 штукаами шелка, 200 штукаами ситца, 4 упаковками чая» [4, С.443]. Более того, привоз условной «дани» позволял «данникам» осуществлять периодические приезды на средства китайского двора в столицу Китая, вести здесь торговлю, получать от китайского императора обязательное «отдаривание», жить здесь на щедром содержании в течение нескольких месяцев и, помимо того, получать щедрые подарки. «Данники» имели также право вести меновую торговлю на пограничных пунктах империи [10. С.456]. Так, в Персии «охотно покупали дорогой ценой» калмыцких лошадей и верблюдов в значительных количествах. Наместник Калмыцкого государства Дондук Даши, требуя от русского правительства отменить запрет на экспорт лошадей, писал: «запрещать калмыкам торговать скотом в Персию нельзя, ибо получая цену втрое и вчетверо, они могут себя пользоваться и скота размножить» [11 Ф 119. Оп.119/1. 1744 Д.35. Л.5 об. Д.18. Лл. 8-8 об].

Более того, калмыки покупали верблюдов в Крыму для продажи в Оренбурге, «будучи там очень дорогими» [12. С. 93]. Помимо Крыма, Кубани, Кавказа и Ирана, калмыки довольно оживленно торговали с Средней Азией, обменивая на скот одежду, а также шатры. Среднеазиатские торговцы нередко посещали калмыцкие кочевья и часто выступали посредниками во внешнеторговой деятельности Калмыцкого государства [12. С. 93].

Следует иметь в виду, что широкое использование бухарцев в качестве купцов и дипломатов [что часто было неразделимо] было обусловлено наличием бухарских диаспор в различных странах, их опытом посредничества и знанием иностранных языков. Важнейшим этапом калмыцкой дипломатии был переговорный процесс и оформление достигнутого соглашения. При всем литературном преувеличении, нельзя не признать некоторую долю правды в высказывании Н.Я. Бичурин [Иакинфа] о том, что «ойраты без кровопролития

приобрели господство над обширными странами в Азии от Алтая на Западо Каспийского моря, на Юг до пределов Индии» [13. С.44].

Наглядным примером переговоров как важнейшего средства реализации внешнеполитических задач и улаживания межгосударственных дел в сложнейших условиях мировой политики были переговоры Аюки с первым цинским посольством 1714 года. Как бы это не звучало парадоксально, но калмыцкий правитель эффективно сумел применить постулаты математической теории игр, впервые сформулированной во второй половине XX века, которая имеет целью выявление наиболее рациональной линии поведения в различных ситуациях, в том числе и в международных отношениях. Согласно этой теории, все игры делятся на два типа: а) игры с нулевой суммой, в которых выигрыш одного участника точно равен проигрышу другого, и поэтому сумма выигрышей равна нулю; б) игры с ненулевой суммой, в которых никто не выигрывает и не проигрывает, причем игроки больше выигрывают и меньше проигрывают, если они сотрудничают друг с другом [14. С.236-238].

Самый выгодный результат для участника игры получает в зависимости от того, насколько ему удастся распознать стратегию другой стороны и при этом наметить лучший вариант своей стратегии. Это продемонстрировал Аюка еще до начала переговоров - то, как идет подготовка к встрече китайского посольства, показывает, что он уже знал позиции как России, так и Китая, учитывая джунгарский фактор. Аюка выбрал форму переговоров, которая была игрой с ненулевой суммой. Аюка, умело используя противоречия среди своих более могущественных партнеров, добился на переговорах, что, несмотря на сложность отношений в треугольнике Россия - Китай - Джунгария, калмычье государство оставалось важным элементом в системе международных отношений в Центральной Азии, сохраняя для себя свободу двусторонних связей. Достигнутые соглашения были составлены на договорах и присягах, которые получили серьезное значение [15. С. 61-68].

Договоры использовались, в первую очередь, для фиксирования уступок и привилегий, что позволяло использовать письменный текст в будущих переговорах. Нередко союзнические договоры подкреплялись династическими браками. В Калмыцком государстве был исключительно развитый дипломатический этикет, свойственный традиционной культуре кочевого народа.

Выводы. Таким образом, калмыцкая дипломатия во второй половине XVII – первой четверти XVIII вв. сочетала в себе достаточно разнородные элементы, и не отличалась от других номадных государств того времени. Для дипломатии Калмыцкого государства были свойственны многие атрибуты, общие для внешнеполитической деятельности государств Центральной Азии.

Список литературы

1. Киссинджер Генри Российские и американские интересы после холодной войны//Переосмысление национальных интересов России. Вашингтон, 1994. С. 2.

2. Богоявленский С.К. Материалы по истории калмыков в первой половине XVII в.//Исторические записки. 1939. №5. С.74.
3. Кичиков А-Ш. Героический эпос «Джангар» Сравнительно-типологическое исследование памятника. Изд-е.3, репринтное М, 1997. С 205.
4. Бадмаев А.В Ойрат-калмыцкое ясное письмо и его памятники//Лунный свет: Калмыцкие историко- литературные памятники. Элиста, 2003. С. 12.
5. Бакаева Э. Буддизм в Калмыкии. Историко-этнографические очерки. Элиста, 1994. С 150
6. Мясников В С Империя Цин и русское государство в XVII в Изд-е 2, доп Хабаровск, 1987. С.71 2 2.Лунный свет. С. 443.
7. Посланник Петра I на Востоке Посольство Флорио Беневени и Персию и Бухару в 1718-1725 гг. М., 1986. С.43-45.
8. Беспрозванных Е.Л. Ранние калмыцко-китайские отношения (первая четверть XVIII в)//Геоэкономические и этнокультурные особенности хозяйственного развития Прикаспия и Приазовья в XVIII-XX вв. Волгоград, 1999. С.83.
9. Лыткин Ю.С. История калмыцких ханов. Астрахань, 1860.
10. Источники по истории ойратов. Урумчи, 1992. С.456.
11. Архив Внешней политики Российской империи Ф 119. Оп.119/1. 1744 Д.35. Л.5 об. Д.18. Лл. 8-8 об.
12. Очерки истории Калмыцкой АССР. Дооктябрьский период. М., 1967. С. 93.
13. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени. 2-е изд. Элиста, 1991. С.44.
14. Ковалев А.Н. Азбука дипломатии. М., 1988. С.236-238.
15. Митиров А.Г. Договоры, присяги и баранта. Обычаи и обряды монгольских народов. М., 1989. С. 61-68.

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

Нағымов Шахман – п.ғ.к., ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері, А. Байтұрсынов атындағы алтын медаль иегері.т.ғ.к., профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазіргі кезде Қазақстан тарихын зерттеу, зерделеу ісіне үлкен мән беріліп келеді. Ол жөнінде 2018 жылы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде болған өлкеміздің ұлы жырауы Мұрат Мөңкеұлының туғанына 175 жыл толуына байланысты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жеткілікті дәрежеде айтылды. Бұл конференцияда тарихшы ғалымдар алдына тың тұрғыдан, тың әдістерді, тың деректерді пайдалана отырып қазақ тарихының әлі де болса ашылмай жатқан жақтарын жарыққа шығару міндеті қойылды. Қазақ тарихын тың тұрғыдан зерделеу, зерттеу үшін өлкемізде өмір сүрген жыраулардың шығармашылығын пайдалану ісі кезек күттірмейтін маңызды мәселе болып табылады. Осы орайда

Шығармаларында кездесетін деректердің негізінде Сарайшық тарихи кешеніне жеті ханның есімдері таңбаланған құлпытастардың қойылуын пайдалы тәжірибе ретінде айтуға болады. Ал Мұрат шығармаларын құрастырып, 1924 жылы Ташкент қаласында жинақ етіп бастырған, профессор Х.Досмұхамедов: «Қазақ тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін айналып өте алмайды» деген болатын.

Міне, содан бері табанданған 96 жыл уақыт өтіпті. Өкінішке орай, күні бүгінге дейін тарихшы ғалымдар тарапынан ұлы жырау шығармаларындағы тұнып тұрған қазақ тарихын зерттеу, зерделеу, жариялау, көпшілік игілігіне айналдыру ісі әлі күнге дейін өз дәрежесінде қолға алынған жоқ.

Ал шындығында Мұраттың «Үш қиян», «Сарыарқа», «Шалгез», «Қазтуған», «Қарасай-Қази», «Орақ-Мамай», т.б.толғауларында қазақ халқының 5-6 ғасырлық тарихы асқан шеберлікпен баяндалады. Оның жырларындағы тарихи оқиғалар мен тұлғалар, жер, су, қоныс, жайылым, өріс, құдық аттары - әлі күнге дейін игерусіз жатқан асыл мұра. Мұрат шығармаларында 150-ге жуық жер, су, қала аттары, 300-дің үстінде адам аттары кездеседі. Солардың барлығын анықтап, кім қай жерде, қай кезеңде өмір сүрді, қандай оқиғаларға қатысты, еліне, жұртына қандай еңбек сіңірді және т.б. мәселелердің басын ашып алу – біздің тарихшылардың кезек күттірмейтін аса маңызды шаруасы болып табылады. Сайып келгенде Мұрат жырларында молынан кездесетін тарихи деректерді пайдалана отырып, өлкеміздің тарихын жазу ісімен қазірден бастап айналыспасақ, біз уақытты өткізіп аламыз. Меніңше бұл маңызды шаруаға тарихшылар, әдебиетшілер, географ мамандар, философтар мен халық педагогикасын зерттеушілер кешенді түрде араласуы керек. Себебі ұлы жыраудың көтерген тақырыптарының ауқымы өте кең. Әрине, осы кезеңге дейін Мұрат шығармаларын Қ.Жұмалиев, Қ.Сыдықов, Б.Қорқытов, Б.Омаров сынды көрнекті ғалымдар әдеби туындылар ретінде зерттеген болатын.

Енді Мұрат шығармаларын тарихи тұрғыдан зерттеудің уақыты жетті.

Бұл жөнінде әлем тарихындағы пайдалы тәжірибелер бізге үлгі бола алады. Мәселен, б.э.д. IX ғасырда өмір сүрген гректің ұлы жыршысы Гомердің «Иллиада» және «Одиссея» атты жырлары осы елдің тарихын жазу үшін аса маңызды дереккөздері ретінде пайдаға асырылды.

Ежелгі грек тарихының аса маңызды оқиғасы грек-троя соғыстары туралы деректерді тарихшылар оны «Иллиададан» алып, елдің классикалық тарих оқылығына енгізгенін бүгінде бүкіл жұртшылық жақсы біледі.

Кейін, XIX ғасырда неміс археологы Г.Шлиман Кіші Азия түбегінен Троя қаласының орнын тауып, Гомер шығармаларындағы тарихи деректердің дұрыстығын айна-қатесіз дәлелдеген еді.

Олай болса өлке, тарихын жазу үшін біз неге жырауларымыздың шығармаларындағы дереккөздерін пайдаға асырмаймыз? Бұл мәселені 2004 жылы академик З.Алдамжар да орынды көтерген болатын.

Осы жерде айтылатын маңызды бір мәселе: қазіргі зерттеушілердің Мұрат шығармаларының мұрағаттық роль атқара алатынын ескергені жөн, яғни

жырау шығармаларын зерттеу, сараптау, зерделеу барысында ондағы деректер дұрыс па, бұрыс па деп жалтақтаудың ешқандай қажеті жоқ.

Мұрат өз шығармаларындағы тарихи деректерді сол кездегі аға буын өкілдерінен, атап айтқанда Есет Қараұлы, Мәтжан сынды ақылгөй даналардан алып жырларына қосып отырған. Олар өз кезегінде өздерінен үлкен шежіреші ақылгөйлермен араласа отырып, тарихи деректерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған.

Шындығында қазақ халқының өткен тарихын жазу барысында көшпелілердің - өзге халықтардан ерекшеліктерімен, айыршашылықтарын, атап айтқанда жазба тарихының болмағанынан, ұрпақтан ұрпаққа ауыз екі мүлтіксіз жеткізіліп отырған ауызша тарихының, шежіресінің болғанын, ал оның аса көрнекті өкілі Мұрат сынды тарихшыларының болғанын ескеруге тиістіміз.

Енді Мұраттың «Үш қиян», «Сарыарқа» толғауларындағы тарихи оқиғалармен деректерге көз жүгіртіп көрелік:

Мысалы, Мұрат ақынның аталған толғауларында «жеті жұрт» ұғымы кездеседі. Сонда «жеті жұрт» дегендер кімдер? Қай кезеңде өмір сүрген халықтар? Бір ерекшелігі ақынның «Үш Қиян» толғауында «жеті жұрт» тіркесі бір емес бірнеше жерде бар. Мысалы:

«Жеті жұрт кеткен жер,
Көшіп талақ еткен жер,
Сол секілді неткен жер?
Адыра қалғыр Ақ жайық,
Көпір салып өткен жер».

Жырдағы тіркестердің бәрі ұқсас. Жеті жұрттың көшіп кетіп қалғаны айтылады. Жеті жұрт бұл-жеті хандық па? Жеті жұрт ақын жырлауы бойынша: Еділ, Жайық, Маңғыстау аралығын мекендеген. Жеті жұрт ұғымын тек осы толғауда емес, «Сарыарқа» толғауынан да кездестіреміз.

«Бұл қоныс жеті жұрттан қалған қоныс,
Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.
Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай
Біз түгіл солардан қалған қоныс»

-деп жырлайды. Ақынның осы толғауын оқып отырғанда, жеті жұрттың жетеу емес алтау деген өлең жолы да кездеседі.

«Бұл жерден дін мұсылман жеті кетті,
Біреуі екі келіп, екі кетті.
Бұл жұрт жетеу емес алтау екен,
Біреуін екі санап жеті депті»

-деген жолдардың өзінде шешілмес құпия сыр жатыр. Екі келіп, екі кеткен халық кім? Бұл өте ойландыратын сұрақ. Ақынның қай сөзін құптаймыз. Жеті жұрт ұғымын енді, алты жұрт ұғымымен ауыстыру керек пе? Қалай болғанда да бұл халықтардың барлығының да мұсылман болғаны анық.

Ақынның соңғы «алты жұрт» ұғымы, белгілі жерлес ақынымыз Шынияз Шанайұлының «Жаңа Низам» толғауында кездеседі:

«Алты жұрт Асанменен анық кетті,
Жетеу деп білмегендер жалғап еді,
Еділден қара табан қалмақ босып,
Қозғаған ноғай артын солар еді.»

Бұл жыр жолдары Еділ мен Жайық аралығын алты жұрт мекендегенін дәлелдей түседі.

Сондай-ақ Шығияз ақынның қалған жыр жолдарында да «жеті жұрт» ұғымы көп кездеседі. Мысалы:

«Көк Нарын жаман болса енді болды,
Мөр ұстап, қағаз жазған шенді болды,
Алдырып жеті жұртты бізден бұрын,
Бишара қалғандарға үлгі болды.
Соңғысы ойлап тұрсаң жалған екен,
Жеті жұрт бізден бұрын алған екен»

-деп жырлайды.

Осы жерде жеті жұрт ұғымына өлкетанушы Берік Қорқытов берген түсініктемені келтіре кетсек: «Алтын Орда хандығында мекен еткен негізгі ұлттар бүгінгі тілмен айтқанда түрікпен, өзбек, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт. Басқалары көшіп, қонған жерлерінде қалып қойып қазақтың ескі жұртына екі келіп, екі кетуі де ғажап емес. 1990 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 14-ші қыркүйектегі санында Ш. Құдайбердіұлының «Қазақтың қайдан шыққаны» деген еңбегі жарияланды. Еңбекті Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз- хәм қазақ хандары» деген 1911 жылы Орынборда басылып шыққан кітабынан алып жариялатқан жазушы-ғалым Қ. Мұхамеджанов. Сол еңбегінде Шәкәрім былай деп жазыпты: «Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда барша Жошы ұлысы өзбек атанып онан кейін Өз Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханынан бөлінгенде қырғыз-қазақ атанған елміз. Ол кезде ол атпен атанған ел жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ емес, көп ел еді. Оның көбі отырықшы өмірге кіріп, әр жерге барып, бір талайы ноғай, башқұрт атанып, бір талайы өзбек, сарт атанып кеткен. Ақырында қазақ деген ат бізде қалған». Онда Мұраттың айтқаны дұрыстыққа шығады. Дегенмен бұл әлі анығы ашылмай жатқан тың мәселе. Мұны анықтау әдебиетшілердің емес, тарихшылардың міндеті.

Қорытындылай келе, жеті жұрт біздің тұжырымдауымызша: ноғайлар, қалмақтар, башқұрттар, татарлар, өзбектер, қарақалпақтар, қазақтар. Жеті жұрт ұғымын жеті хандық ұғымымен ауыстырғанда Алтын Ордан ыдырығаннан кейін пайда болған хандықтарға сәйкес келеді. Олар: Сібір, Өзбек, Астрахань, Қазан, Қырым, Қазақ, Ноғай хандықтары. Жырда жұрттардың көшіп кеткенін, қазақтардың қалғанын айтса, жоғарыда аталған алты хандық қазақ жерінен көшіп өзге жерге өз хандықтардың іргесін қалаған.

Бұл ұғым әлі де жұмбақ, шешу үшін әлі де көп зерттеулер керек етеді.

Сонымен қатар, ақынның толғауларында кездесетін тарихи тұлғалар да аз емес. Бұл тұлғалардың барлығы тарихта болған адамдар. Осы тұлғалар жайында қысқаша мәліметтер келтіре кетсек:

«Ақтөбе мен Қорғанша

Асан қайғы бабаның
Қызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып
Әңгіме құрып кеткен жер».

Асан қайғы Сәбитұлы (14 ғасырдың ақыры-15 ғасырдың басы)- мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Ол Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы Шиелі ауданында «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі, Асан қайғы мазары делінеді. Асан қайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы кезеңі хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас-тартысты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді. Асан Қайғы қазақ халқы ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. Шу мен Арал аралығында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан Қайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады.

«Үш Қиян» толғауында Асан қайғы елдің ақылшысы ретінде айтылады. Жырда әрқашанда халықтың мұңын жоқтайды. Асан қайғының Атырау өлкесінде Қорғанша қалашығында қызыл тастан үй салдырып, он жылдай мекен еткені жырланады. Кейін жұртты бастап, Тесіктаудан өтіп жөнеледі дейді.

Қазтуған Сүйінішұлы (шамамен 15 ғасырда өмір сүрген)-жырау, жорық жыршысы, қазақ эпосын жасаушылардың бірі. Қазтуған жыраудың артынан өмір, болмыс туралы, атамекен, туған ел жайлы және әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырдан құралған мол мұра қалған. Бірақ жырларының көпшілігі сақталмаған. Бізге жеткен шығармаларынан қазіргі кезде «Бұдырайған екі шекелі», «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Белгілі биік көк сенгір» деп аталатын үш толғауы ғана бар. Алайда аталған үш шығарманың өзі-ақ Қазтуғанның қазақ әдебиет тарихынан орын алуына себеп негіз болады. Қазтуған жырлары алғаш рет Ғ.Мұштақовтың «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» деген кітабында басылған. Кейіннен «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан», «15-18 ғасырлардағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды» атты жинақтарда жарық көрген.

Мұрат ақынның «Қазтуған» жырында Қазтуғанның Жайық пен Еділ арасын, Тайсойған мен Қарабау өңірлерін, Қабыршақты мен Қарасуды, Дендерден бергі баурайды мекен еткенін айтады. Қазтуған елді өзге жұрттың алатынын, олардың Еділ мен Жайыққа қала тұрғызатынын, Еділді алғаны-елді қалғанын, Жайықты алғаны-жанды алғанын, Ойылды алса-ойды алғанын, қайғылана жырлайды. Елді ынтымаққа, бірлікке шақырады.

Шора батыр-«Үш Қиян» жырындағы Шора Ноғайлы батыры. Өз халқын жауларынан қорғаған, халықтың адал ұлы. Арғы атасы Тама-Қарабура-Нәрік-Шора болып келеді.

Шора Нәрікұлы, Шора батыр (туған жылы белгісіз – 15.8.1546, Қазан қаласы) – батыр, тарихи тұлға. Кіші жүздің Жетіру тайпалық бірлестігінің Тама руынынан шыққан. Оның шығу тегі жөнінде шежіре-аңыздар көп, сондай-ақ

“Шора батыр” және “Нәріктің ұлы Шора” атты жыр-дастандар халық жадында сақталып, хатталған. Осы әдеби мұралар мен орыс жылнамаларында 15–16 ғасырларда Тама руының Қазан қаласы маңын жайлағаны баяндалады. Туысқан татар халқы да Шора Нәрікұлы мен оның әкесі Нәрік ханды Қазан қаласының тарихында елеулі із қалдырған қаһармандар ретінде таниды. Олар өмір сүрген кезең айбынды Алтын Орда мемлекеті ыдырап, Еуразия кеңістігінде бір-бірінен оқшаулана бірнеше мемлекеттік бірлестіктер – Қазан, Ноғай, Астрахан бой көтерген бұлағай уақиғаларға тұстас келеді.

Орыс тарихшысы Н.Карамзиннің еңбектерінде ағайынды Нәрікұлдарының 1546 ж. 26 тамызда Қазан қаласын Мәскеу басқыншыларынан қорғауға қатысып, ерлікпен шайқасқандары айтылады. Жалпы Ресей құжаттарында Шора Нәрікұлы “князь” деп көрсетілген. Демек, ол Қазан хандығының ел билеу саясатына тікелей араласып, ханға тікелей ықпал еткен “қараша” атты ақсүйектер тобына жатқан. Оны Шора Нәрікұлының Шах-Әлиге қамқор болып, жаудан қорғауы, орыс патшасына елшілікке баруы дәлелдейді. Әдетте “қараша” атағы әр рудың ең таңдаулы әулет өкілдеріне беріліп, ұрпақтан ұрпаққа мирасқорлық жолмен ауысып отырған. Қазақ шежіресі бойынша Шора Нәрікұлынан Шотқара, Есенгелді, Жабал, Жөгі өрбиді. Ал Есенгелдіден Аташал, Аташалдан Торым, Одан Базарқұл, Базарқұлдан Көкі, Көкіден атақты Есет тархан туады.

Шора батыр жайлы тарихи аңыздар, әңгімелер, жырлар өте көп. Қазіргі таңда Шора Нәрікұлы атында Орал қаласында көше бар.

Жаңбыршыұлы Телағыс-ноғайлы батыры. Мұрат «Қырымның қырық батыры» жырын жырлаған жырау. Сол жырдың басты кейіпкерлерінің бірі – осы Телағыс батыр. Ол жырда, Телағыстың жасы он беске толғандығы, қалмақтарға қарсы шыққысы келетінімен басталады. Қалмақтың ханы-Бегенге қарсы Орақ пен Мамайдан басқа Мұсаның отыз ұлымен аттанады. Телағыс Бегендей қалмақтың ханын жекпе-жекте жеңіп, қалмақ шаһарын мұсылман дініне кіргізеді. Бірнеше жыл өткен соң, Жаңбыршы батыр өлуге таянадып, қасына Мамайды шақырып алады. Сонда Жаңбыршы Мамайға Телағысты тапсырады. Жаңбыршы қайтқаннан кейін, Телағыс Мамайдың қарындасын алам дегенде, Мұсаның отыз баласы қарсы болады. Телағыстың Аққозы деген жылқышысы келіп, Мұсаның балалары өлтірмек боп жүргенін, сақ болу керектігін айтады. Бұл жағдайды естіген Телағыс ертесіне Мамайға келеді. Мамай Телағысқа Боғданы талақ етіп, Еділдегі ноғайды Қырымға көшір дейді. Амалы таусылып, Асан Қайғыға келіп, көмек сұрайды. Үш күн ішінде Қырымның қырық батырын жинап, қастарына Сыпыра жырауды қосып аттандырады. Сыпыра жырау Қырымның қырық батыры мен Мұсаның отыз ұлын қырқыстырмай, тіл табыстырып, Телағыстың тойын жасайды.

Мұрат өз толғауларында аталған жырда, кездесетін деректерді ұтымды пайдаланған.

Мұраттың «Сарыарқа» жалғауының басты кейіпкерлерінің бірі – ер Есболай.

Ол - жоңғарлар мен қалмақтарға қарсы талай қанды жорықтарға қатысып, Кіші жүз территориясын жаудан азат еткен, Байұлы руларын ата жұртқа қайтадан қоныстандырған, аштық, жұт жылдары халыққа қол ұшын беріп Атымтай жомарт атанған тарихи тұлға. Бұл жөнінде Мұрат:

«Бұл жерге содан кейін қазақ қонған,
Әдірә талай жұртқа азап болған.
Бас қосып Кіші жүздің ақсақалы,
Бойына үш қиянның қарап қонған.
Екі адам қарай шыққан ауылынан,
Кеңесіп Әлімұлы, Байұлынан.
Көзіммен көргенім жоқ ешбіреуін,
Айтамын бұрынғының дабылынан.
